



**SAKEN SEIFULLIN  
UNIVERSITY**

**«СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ – 16: ЖАҢА ФОРМАЦИЯДАҒЫ  
ЖАСТАРҒЫЛЫМЫ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚҒЫЛЫМИ-  
ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**

## **МАТЕРИАЛДАР**

### **МАТЕРИАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНОЙ  
НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«СЕЙФУЛЛИНСКИЕ ЧТЕНИЯ – 16: МОЛОДЕЖНАЯ НАУКА  
НОВОЙ ФОРМАЦИИ – БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА»**

**I том, I - бөлім**



**Нұр-Сұлтан 2020**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ МИНИСТРЛІГІ  
С.СЕЙФУЛЛИН атындағы  
ҚАЗАҚ АГРОТЕХНИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО СЕЛЬСКОГО ХОЗЯЙСТВА  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
КАЗАХСКИЙ АГРОТЕХНИЧЕСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
имени САКЕНА СЕЙФУЛЛИНА**

**«СЕЙФУЛЛИН ОҚУЛАРЫ – 16: ЖАҢА ФОРМАЦИЯДАҒЫ ЖАСТАР  
ҒЫЛЫМЫ - ҚАЗАҚСТАННЫҢ БОЛАШАҒЫ»  
АТТЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ**

## **МАТЕРИАЛДАР**

---

---

### **МАТЕРИАЛЫ**

**МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ТЕОРЕТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ  
«СЕЙФУЛЛИНСКИЕ ЧТЕНИЯ – 16: МОЛОДЕЖНАЯ НАУКА  
НОВОЙ ФОРМАЦИИ – БУДУЩЕЕ КАЗАХСТАНА»**

**I том, I - бөлім**

**Нұр-Сұлтан 2020**

УДК: :631.58:633/635, 636/639:619, 637.03

ББК: 41/42я431, 45/46я431, К 36я431+41.47я431

(24 апреля 2020 года): Сб. материал. Международ. науч. - теорет. конф. - Нур-Султан, 2020, - 362 с.

ISBN: 97 8-601 -257 -209-4

В сборнике помещены материалы международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения - 16».

Том 1, часть 1. Секции: Земледелие и растениеводство, Животноводство и ветеринария, Технология производства продуктов питания, переработки и хранения сельскохозяйственной продукции.

ББК: 41/42я431, 45/46я431, К 36я431+41.47я431

ISBN: 97 8-601 -257 -209-4

© Казахский агротехнический  
университет имени Сакена Сейфуллина, 2020

ЗЕМЛЕДЕЛИЕ И РАСТЕНИЕВОДСТВО

АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ШОҚЫЛЫ-ЖАЗЫҚ АЙМАҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА  
БАСТАПҚЫ ТҰҚЫМ ШАРУАШЫЛЫҒЫНДА РҰҚСАТ ЕТІЛГЕН ЖАЗДЫҚ  
БИДАЙ СОРТТАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІГІ

*Қусаинова М.Е., аға ғылыми қызметкері  
Айдарбекова Т. Ж., ғылыми қызметкері*

*«Көкшетау тәжірибелік - өндірістік шаруашылығы» ЖШС, Көкшетау қ.*

Қазақстанда егіс алқаптарын ұлғайту мүмкіндігі бар, алайда климаттық жағдайлар өндірістің орнықтылығын және өсімдік шаруашылығын дамытудың тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін жаздық бидайдың бастапқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру қажеттілігін негіздейді [1].

Қазақстанның егін шаруашылығы қазіргі уақытта тұрақты өнімділікпен сипатталады және өсімдік шаруашылығын әртараптандыруды қолдаудың мемлекеттік шараларына қарамастан, дәнді дақылдар өндірісі басым. Ең жоғары және ең төмен өнімділік арасындағы алшақтық 10 есеге дейін жетеді, ал егіс құрылымындағы рентабельді емес дақылдардың үлесі 70% - дан асады. Бұл жағдай табиғи-климаттық факторлар ретінде, өңірлік мамандандудың болмауына, отандық және шетелдік сорттардың төзімділігінің төменділігіне байланысты [2,3].

Мамандардың бағалауы бойынша тұқым шаруашылығында дұрыс агротехника мен ұйымдастыру болған жағдайда 20% өнімділікті арттыруды қамтамасыз ете алады, бұл Ақмола облысының ауқымында қосымша 200 мың тоннадан астам жаздық бидай астығын құрайды. Алайда, қазіргі уақытта тұқым шаруашылығы жүйесінің көптеген бұзындары тиімді жұмыс істемейді.

Солтүстік Қазақстанның кәдімгі қара топырағы мен табиғи-климаттық жағдайлары осы құнды дақылды өсіруге қолайлы. Жоғарыда айтылғандарға байланысты өнімділіктің өсуін, экологиялық жағдайдың тұрақтылығын қамтамасыз ететін жаздық бидайдың бастапқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

«Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы» ЖШС базасында жаздық бидайдың алғашқы тұқым шаруашылығын дамыту үшін аудандастырылған сорттар бойынша зерттеу жүргізілді. А. И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы селекциясының жаздық бидайдың аудандастырылған сорттарын өндіріске енгізу, тұқымға пайдалану сұраныстың күрт өсуіне әкеледі.

Зерттеудің нысаны бастапқы тұқым шаруашылығы көшеттіктерінде жаздық бидайдың рұқсат етілген және жаңа сорттарын пайдалану болып табылады.


Жұмыстың мақсаты: А.И. Бараев атындағы АШҒӨО селекциясының жаздық бидайдың себуге рұқсат етілген жаңа сорттарының бастапқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыру.

Зерттеу нәтижелері. 2019 жылы бастапқы тұқым шаруашылығында дәнді дақылдардың 2 сорты бойынша зерттеу жалғастырылды [4,5]. Ақмола облысы жағдайында «Көкшетау тәжірибелік-өндірістік шаруашылығы» ЖШС-ң 100 га танабына А. И. Бараев атындағы астық шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығы селекциясының жаздық жұмсақ бидай сорттары Тәуелсіздік 20 (орташа ерте мерзімде пісетін сорт) және Асыл Сапа (орташа мерзімде пісетін сорт) 22 мамырда себілді.

Тәжірибелік танаптың топырағы ауырқұмбалшықты кәдімгі қара топырақ. Топырақтың жыртылатын қабатында гумустың мөлшері 4,01%, нитратты азот – 17,9 мг/кг (қамтамасыз етілу дәрежесі - орташа), жылжымалы фосфор - 8,6 мг/кг (төмен), алмаспалы калий – 350 мг/кг (жоғары) құрайды. Зерттеу танабында топырақтың жалпы тығыздығы 1,19 г/см<sup>3</sup>.

Ақмола облысының шоқылы-жазық аймағының климаты күрт континентальды, оның сипаты қысы ұзақ, суық және салыстырмалы қысқа жаз болып табылады. Ақмола облысының шоқылы-жазығындағы метеорологиялық жағдайлар жаздық бидайдың дамуы мен өсуінде маңызды рөл атқарады. Негізгі көрсеткіштер – жауын-шашын мен температуралық режим жаздық бидай өсімдіктерінің өсуі мен дамуы үшін жағдай қанағаттанарлық екенін көрсетеді.

1 -сурет -Метеорологиялық жағдайлардың салыстырмалы сипаттамасы, 2018-2019 жж.



Мамыр айында ауаның орташа айлық температурасы +9,5 оС құрады, бұл орташа көпжылдық деректер деңгейінен 2,2 оС төмен, ал мамырда жауын-шашын 27,9 мм құрады, бұл орташа көпжылдық нормадан 22,7% төмен.

Атмосфералық жауын-шашынның аздығына қарамастан, жаздық бидайдың сорттары егіннің орташа деңгейін қалыптастырды (1- сурет).

Алғашқы тұқым шаруашылығы көшеттіктерінде 100 га танапта Тәуелсіздік 20 және Асыл Сапа бидай сорттары көбейтілді. Тәжірибе қою алдында көктемде тәжірибелік танапта топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал 96,5 мм құрады.

Себу мерзімі 22 мамырда жүргізілді, фенологиялық бақылау нәтижелері бойынша себілгеннен кейін бидайдың көгі 7 күні, яғни 29 мамырда шықса, 10 тәулікте толық көктеді (1-кесте).

1-кесте – Жаздық бидайдың фенологиялық даму фазасы, 2018-2019 жж.

Сорт	Даму фазасы								Вегетация кезеңінің ұзақтығы
	көктеу		түптену		масақтану		пісуі		
	басы	толық	басы	толық	басы	толық	басы	толық	
2018 жыл									
Тәуелсіздік 20	27.05	31.05	06.06	12.06	17.07	25.07	06.08	03.09	99
Асыл Сапа	27.05	31.05	06.06	12.06	17.07	25.07	08.08	05.09	101
2019 жыл									
Тәуелсіздік 20	29.05	01.06	10.06	14.06	15.07	20.07	04.08	30.08	92
Асыл Сапа	29.05	01.06	10.06	14.06	13.07	18.07	01.08	27.08	89

2018-2019 жж. зерттеліп отырған жаздық бидайдың сорттары көктеу фазасынан масақтану фазасына дейін 50-52 күнді құрап, баяу дамуымен сипатталады. Бірақ одан әрі атмосфералық жауын-шашын мөлшерінің аздығына және ауаның жоғары температурасына байланысты вегетацияның екінші жартысында жаздық бидайдың фенологиялық фазалары жылдам өтті. Асыл Сапа сортының пісу кезеңі Тәуелсіздік 20 сортымен салыстырғанда 3 күн бұрын басталған және вегетациялық кезеңнің ұзақтығы есепті жылы сорттар бойынша 89-дан 92 күнге дейін жетті, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 7-11-ге қысқарды (кесте 1).

Ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігі жылдың климаттық жағдайлары, егістіктің ылғалмен қамтамасыз етілуі, топырақтың минералды қоректену деңгейі арасындағы өзара байланыстың арқасында қалыптасады.

Жазғы кезеңнің ауа-райының қиын жағдайларына қарамастан, есепті жылы жаздық бидайдың сорттары өнімнің орташа деңгейін қалыптастырды. Тәуелсіздік 20 сортының өнімділігі 14,9 ц/га құрады, бұл Асыл Сапа сортынан 2,9 ц/га артық болды (2 - кесте).

2-кесте – Жаздық бидайдың өнімділігі мен сапалық көрсеткіштері, 2018-2019 жж.

Сорт	1000 тұқымның салмағы, гр.		Дәннің көлемдік салмағы, г/л		Дән уызы (клейковина), %		Өнімділік, ц/га		Бақылаудан ауытқуы ± ц/га	
	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019	2018	2019
Тәуелсіздік 20	39,2	38,0	797	779	23,0	23,5	16,6	14,9	+4,5	+2,9
Асыл Сапа	34,3	33,1	763	758	24,3	25,9	12,1	12,0	-	-

Орташа көпжылдық нормамен салыстырғанда 1,5-1,9 0С асатын температуралық режим бойынша 2019 жылғы ауа райы жаздық бидай астығының сапалық көрсеткіштеріне оң әсер етті. Селекциялық тұрғыдан алғанда 1000 дәннің салмағы, орта жағдайының әсерінен өзгерісі төмен және ол өнімділікке іріктеу кезінде сенімді индикаторлық көрсеткіш болып табылады [6].

Тәуелсіздік 20 сортының 1000 тұқымның салмағы 38,0 г, көлемдік салмағы 779 г/л, бірақ шикі дән уызы құрамы бойынша Асыл Сапа сорты 2,4%- ға жоғары болып, 25,9 % - ды құрады (2- кесте).

### ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеулер негізінде, бастапқы тұқым шаруашылығын ұйымдастыруға бағыттау, жоғары тұрақты жаздық бидайдың өнімділігімен қамтамасыз ету үшін мынадай қорытындылар жасалды:

1. Сорттардың түптену фазасы 50 күннен 52 күнге дейін құрап, бастапқы даму кезеңінің кешігуімен сипатталды, бірақ вегетация даму кезеңінің екінші жартысында дән толысуы тезірек жүріп, есеп жылында сұрыптардың пісіп жетілу кезеңінің ұзындығы 89-92 күнді құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 7-11 күнге қысқарғаны белгіленді.

2. Жазғы кезеңнің ауа райының қиын жағдайына қарамастан, есепті жылы жаздық бидайдың сорттары өнімнің орташа деңгейін қалыптастырды. Тәуелсіздік 20 сортының өнімділігі 14,9 ц/га құрады, бұл Асыл Сапа сортынан 2,9 ц/га артық болғаны белгіленді. 100 гектар егіс алқабынан өнімді өңдегеннен кейін 40,1 тонна тұқымдық материал сақтауға қойылды, оның ішінде: Асыл Сапа-18,0 тонна элита репродукциясы, Тәуелсіздік 20 22,1 тонна суперэлита репродукциясы қойылды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Куришбаев А.К. Обеспечение устойчивости зернового производства в Северном Казахстане // Энерго и ресурсосбережение в земледелии. – Барнаул, 2000.



2. Уразалиев Р.А., Зенкова Е.М, Турешев О.Т. Севообороты в богарном земледелии // Вестник с.-х. науки Казахстана. – Бастау 7. – 2000.
3. Калиев Г.А. Актуальные проблемы развития АПК Казахстана // Вестник с.х.науки Казахстана. – Бастау 7. – 2000.
4. Методика государственных сортоиспытаний сельскохозяйственных культур. – Вып. 1. – М., 1971.
5. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. – М., 1968.
6. Hongjie L., Yang Zh., Wenli X. , Yiqin W. , Junling Zh., Lilei G. Wheat breeding in northern China: Achievements and technical advances. THE CROP JOURNAL №7 (2019).

## **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АЛЬГОТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫ СИПАТТАУ**

*О. Қ. Бизараев, бас директордың орынбасары, а.ш.ғ.к.,  
Алмасбек Дәурен, кіші ғылыми қызметкер  
«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС. Атакент кенті*

Мақта шаруашылығы еліміздің агрөнөркәсіптік комплексінің ең маңызды саласының бірі. Мақта талшығы тоқыма өнеркәсібіне қажетті өте бағалы шикізат болып табылады. Мақта өндіріп алынатын өімдерінің саны мен бағалылығы бойынша ауыл шаруашылық техникалық дақылдар арасында бірінші орынды иеленеді. Мақта өсірілетін аудандардың топырағы негізінен сұр топырақ болып келеді, оның құнарлығы жоғары болмайтыны белгілі, сондықтан да сұр топырақтың қарашірік құрамын арттыру үшін ауыспалы егіске бұршақ тұқымдас дақылдарды өсіру мен тыңайтқыштар қолдануды талап етеді. Бұл жағдайға маңызды негіз болатын егіншілік жүйесінің қарқынды буындарының бірі – бұл фитомелиорант дақылдардан тұратын ауыспалы егістер.

Мақтаның халық шаруашылығындағы маңызы орасан зор. Мақта өндірудегі негізгі мақсат – мақта талшығын алу болып саналады. Мақта талшығынан әртүрлі маталар тоқылады. Жалпы, мақтадан жасалған бұйым пайдаланылмайтын сала кемде-кем. Мақтаның талшығын бөлектеп алған соң қалған шит – маңызы зор шикізат болып есептеледі. Жоғары сапалы шитті тұқымдыққа, қалған бөлігін асханалық өсімдік майын алу үшін пайдаланады.

Жобаның мақсаты - қазіргі күні бүкіл әлемде органикалық тыңайтқыштарға қызығушылық артып отыр. Тұтынушылар азық-түліктің және мақта талшығының сапасына, оның экологиялық қауіпсіздігіне көбірек назар аударатын болды.

Өзетілігі - Қазақстан Республикасының стратегиялық экологиялық даму бағдарламасының негізгі бағыттары болып саналатын қоршаған ортаның биологиялық көптүрлілік мен ауылшаруашылық өсімдіктердің дамытуға аса көңіл бөлінген. Табиғи қорлар мен биологиялық алуан түрлілікті сақтау - жалпы мемлекеттік міндет. Осыған байланысты табиғи флораның нәсілдік қорын немесе алуан түрлілікті сақтап қалу бүгінгі күннің өзекті мәселелерінің бірі болып саналады.

Табиғи ресурстарды сақтау кезінде ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру фермерлердің қарқынды стратегияларын, тыңайтқыштарды қоса алғанда, пайдалануға деген ынталарын дұрыс түсінуіне байланысты [1].

Топырақтық балдырды зерттеу екі кезеңнен тұрады: топырақтық балдырларды нақты топыраққа енгізілуі бойынша анықтау немесе есепке алу, содан кейін оларды зерттеушінің алдағы міндеттеріне сай бағыттар бойынша зерттеу.

Топырақтық балдырларды анықтау әдістері олардың жүйелік құрамын және олардың мөлшерін анықтау әдістері бойынша бөлінеді. Мұнда топырақтық балдырларды (олардың морфологиясы, физиологиясы, биохимиясы және т.б.) сияптына қарай зерделеу әдістері талқыланды, өйткені бұл әдістер жалпы алғанда балдырларға қатысты қолданылатын әдістерден ерекшеленбейді және өсімдіктердің жалпы физиологиясы бойынша, жүйелендірудегі нұсқауларда баяндалады. Осылайша біз топырақтағы балдырлардың өмір тіршілігі мәселесімен байланысты кейбір жеке сұрақтардың шешімін табуы қарастырамыз. Басқаша айтқанда, мұнда топырақ балдырларын есепке алу әдісі қарастырылған.

Бұл әдістер топырақтық балдырларды зерттеудің деңгейіне сәйкес үш топқа бөлінеді:

- 1) топырақ үлгілерін жинау;
- 2) топырақтық балдырлардың құрамын анықтау (сапалық зерттеулер);
- 3) балдырлардың сандық есебі.

Қазіргі таңдағы топырақтық-альгологиялық зерттеулердің дамуында топырақтық балдырларға құндылықты бағалай қарау тәсілінде зерттеу топтану, немесе ценоз, биоценоз мүшелерінің арасында өзара әрекеттесу нәтижесінде айқын бір биотопқа бейімделу нәтижесінде қалыптасқан балдырлардың-табиғи топтасуы зерттеу объектісі болады. Заманауи топырақта және алгоритмде зерттелген топырақты балдырларға генетикалық көзқараспен зерттеу объектісі - биоценоз мүшелерінің өзара әрекеттесуі нәтижесінде нақты биотоптарға бейімделу нәтижесінде қалыптасқан табиғи топтар, яғни қоғамдастық немесе ценоз, балдырлар.

Топырақтық балдырлар қауымының сипаттамасы фитоценозды сипаттауға арналған геоботаникада қолданылатын бірдей белгілерден тұрады. Бұл белгілер келесідей.

1) Түрлік құрамы. Әйгілі болғандай, топырақ балдырларының құрамы әртүрлі егу әдістерінің үйлесімінде айқындалады. Бұл белгі-ең аз нақтылықта, өйткені түрлер саны зерттеу әдісіне байланысты, түрлерді анықтауда қателіктер болады.

2) доминантты түрлер - доминанттар және субдоминанттар. Доминантты түрлер жиынтығы сол топтаманың нақты сипатын береді. Кешенді айқындауда топырақтың нақты микроскопиялануы және табақшалы дақылдар болуы маңызды.

3) топтаманың сандық сипаттамасында - балдыр жасушаларының жалпы саны, жеке-леген топтардың санының және олардың биомассасының қатынасы.

4) кейбір балдырлар немесе топтардың қатысуы. Ол тікелей микроскопиямен сенімді түрде анықталады, алайда бірнеше түрлерде ғана қол жетімді. Форест арнайы әдістемелік зерттеумен табақшалы (топырақты) дақылдарда тікелей бақылау мәліметінде балдырлар топтамасының табиғилығы жайлы жақсы байланысу жиілігін көрсетеді. Форест жиілікті түрдің биомассасының дәлелді индексі деп санайды. Ескерте кететіні, тікелей санау арқылы балдырлардың кейбір топтарының биомассасын есептеуге болады. Reisigl мүмкіндігінше көптеген үлгілерді талдау арқылы көбірек сынақ санын алуға болатындығын көрсетеді.

5) арнайы түрлер немесе түрлер топтамасы .

6) Балдырларды топырақ профиліне қарай бөліп тарату, яғни балдырлар топтануын біріктіру. Бір деңгей жиектен екіншісіне ауысқанда, түрлердің саны және балдырлардың ұрықтық бас саны өзгереді.

7) маусымдық динамика, айқындау үшін сандық деректер өте маңызды.

Аталған белгілерден бөтен кез келген өсімдіктер топтамасына қатысты топырақтық балдырлар топтамасын құрылымдық тобына қарай айтуға болады.

Балдырлардың суыққа төзімділігі олардың тіршілік ету ортасында тұрақты немесе ұзаққа созылған төмен температурада кең таралуы арқылы расталады.



Диатомалардың тірі қалуы, мұзда мұздап қалып және ерігеннен кейін 10-15 минуттан кейін тіршілік қабілетін жалғастыруы сақталады. Кейде балдырлардың өзі топырақ температурасын жоғарылата алады. Алайда, аяздан кейін топырақтағы балдырлар саны азаяды.

Балдырлардың тұздың жалпы шоғырлануына төзімділікпен қатар, жеке уытты тұздар немесе иондарға да төзімділік танытты. Бұған мысал ретінде, көптеген бір жарым еселік мөлшердегі металл тотықтарында, әртүрлі өнеркәсіптік қоқыс үйінділерінде балдырлардың көп түрлерінің тіршілік етуін айтамыз. Балдырлардың өсуі тіпті мышьяк пен калий цианиді бар қоқыс үйінділерінде де кездеседі.

Бұл келтірілген деректер топырақ балдырларының қоршаған ортаның өте қолайсыз жағдайларда да бар екендігін көрсетеді. Зат алмасудың тұрақсыздығы, құрғақшылыққа қарсы жоғары төзімділік, ылғалдылық пен температураның күрт ауытқуы, жарықтың жеткіліксіздігі мен жарықтың тым шамадан артықшылығы, топырақтың тұздылығы және т.б. қажетті факторлардың қысқа мерзімдік байқалуында да топырақтық және жер бетіндегі балдырлардың кең таралуын түсіндіреді. Бұл судан тыс тіршілік ортасында органикалық заттардың жинақталуында балдырлардың маңызды роль атқаратындығын байқатады. Топырақта балдырлардың қызметі өнімділікті арттыруға жетелейтін процестердің бірі болып келеді.

Мұздату кезінде топырақ балдырларын сақтауда мұздату жылдамдығы маңызды орын алады балдырлардың мұздату кезінде тіршілік қабілетін жоюы жоғары сатыдағы өсімдіктер сияқты суды жоғалтуымен болады бірақ сол бірдей түрлерінің өзі де бір мезетте құрғақшылыққа және суыққа төзімді болып келеді.

Топырақ балдырлары биоценоздың қалған бөліктерімен өзара айқын әрекеттесуе орай жердегі биоценоздардың тұрақты бөлігі болып табылады. Табиғи ортада көптеген балдырлар және егістікте паразиттік саңырауқұлақтармен ілесе жүреді, бірақ олардың өзара әрекеттесуі соңына дейін толық анықталмаған.

Балдырлардың органикалық заттарының маңызды бөлігі қоректену тізбегіне еніп, топырақтық жануарлардың азығына айналады. Жануарлардың түрлі топтары - қарапайымдылар, кенелер, нематодтар, энхитреидтер және т.б. альгофактар болып келеді. Сонымен қатар жануарлар топырақтық балдырлардың дамуын қарқындатады, олардың топырақта таралуына ықпал етеді, жаңбыр құрттары-топырақтың бетін төгілуден босатады. Балдырлардың басқа микроағзалармен өзара әрекеттесуі антогонистік (басқыншылықты), көбінесе балдырлар антибиотикалық заттардың продуценттері болып келеді.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Bainville, S. Африкадағы жер құқығы мәселелері: Буркина-Фасодағы аграрлық жүйелерді зерттеудің үлесі. Шаруа зерттеулері журналы. № 44 (1). 2016. – Б. 261-285.

## **ИСПЫТАНИЕ СОРТОВ ДЫНИ ВЫСОКОПРОДУКТИВНЫХ И УСТОЙЧИВЫХ К КОМПЛЕКСУ БОЛЕЗНЕЙ**

*Асабаев Багдаулет, младший научный сотрудник  
Костаков А. К., ученый секретарь, кандидат с-х. наук  
ТОО «Казахский научно-исследовательский институт хлопководство», Атакент*

Внедрение в производство новых высокоурожайных и устойчивых к комплексу болезней сортов дыни при получении дополнительной урожайности на 80 ц/га даст дополнительную прибавку сельхоз производителям прибыли при цене за 1 кг плодов 80 тенге

640000 тг/га.

Основные задачи в селекции Казахского НИИ хлопководства отбор образцов по дыням урожайностью свыше 250 ц/га, с продуктивностью с 1 растения более 10-12 кг., со скороспелостью 80-90 дней и уменьшение заболеваемости фузариозом и мучнистой росой на 20-30%. Показатели сортов будут превышать высеваемые сорта по продуктивности на 15-20%, адаптированных к условиям орошаемой зоны, к среднесоленной сероземной почве, с высокой лежкостью и транспортабельностью, с улучшенной товарностью плодов.

В феврале-марте месяце проведена предпосевная подготовка семян арбуза и дыни: сортировка, протравливание препаратом «Сункар», воздушно-тепловой обогрев на солнце в течении 3 дней 20-25 марта. Воздушно-тепловой обогрев предназначен для уничтожения грибных, бактериальных возбудителей болезней, а также обогревая семена, достигается дружные всходы.

После проведения предпосевной обработки почвы ранневесеннего боронования 2 следа 18.04.2019 г., чизелевания 2 следа 19.04.2019 г., боронования 1 след после чизелевания, для выравнивания поверхности почвы 19.04.2019 г. Согласно схемы посева в селекционном процессе посев провели методом половинок 23.04.2019 г в открытый грунт селекционной сеялкой нормой высева семян 2,2-2,5 кг/га.

Полевой опыт проводился по методике государственного сортоиспытания и «Методике опытного дела в овощеводстве и бахчеводстве» В.Ф.Белика, 1992 год [1]. Методика полевого опыта Доспехов Б.А [2]. Объектом исследований являются зарубежные и отечественные (сорта ТОО «КазНИИКО») сорта дыни.

При определении урожайности дыни товарный урожай делят на стандартную и нестандартную продукцию, соответственно ГОСТу. К браку относятся плоды, пораженные антракнозом, бактериозом, фузариозом, мучнистой росой или поврежденные вредителями и солнечными ожогами.

Мучнистая роса-это воздушно-капельное заболевание дыни, которое встречается во всем мире. Это вызвано Подосферой ксантии (*Castag.*) У. Брауна и Н. Шиш и *Golovinomyces cichoracearum* (округ Колумбия) Huleta. Было идентифицировано много рас мучнистой росы (Jahn et al. 2002; McCreight 2006; Pitrat et al. 1998; Шишков 2000) [3]. Мучнистая роса может возникать в течение всего года, особенно в закрытых помещениях с ограниченной вентиляцией. Заражение патогенами может нарушить фотосинтетическую активность листьев, что приводит к потере урожайности и качества плодов. Хотя болезнь можно контролировать с помощью химических веществ (Jahn et al. 2002; Hollomon et al. 2002), использование устойчивых сортов является предпочтительным с точки зрения экономии и безопасности [4].

В коллекционном питомнике было высеяно 13 образцов, в питомнике гибридизации 4 образца в качестве материнской формы, в селекционном питомнике 6 образцов, в конкурсном питомнике 9 образцов, в питомнике предварительного испытания 9 образцов, в питомнике размножения 4 образца, семеноводство по 2 сортам. Проведены посемейные и индоотборные сборы по 7 образцам. Заложено питомник размножения и отобраны лучшие линии - 3 шт. с высокими и хозяйственно-ценными показателями и устойчивыми к болезням мучнистой росе и фузариозному увяданию - 2 шт., короткостебельных линий - 1 шт.

В коллекционном питомнике было высеяно 13 образца дыни. Преимущественно это коллекция КазНИИКО - 3 образца, КазНИИ хлопководства - 3, узбекская селекция -1, таджикская селекция-1, туркменская селекция -1, КНР - 4. Фенологические наблюдения образцов проводилась в фазе цветения, плодообразования и созревания. А также проводились оценки образцов на длину вегетационного периода, продуктивность, вкусовые качества, содержание сахара, лежкости и транспортабельности плодов.

В результате исследований 5 образцов выделены по комплексу хозяйственно - ценных признаков, 2 образца селекции КазНИИКО (СД-78, СД-75), 2 образца селекции КазНИИ хлопководства (СД-85, СД-1110), 1 образец узбекской селекции (СД-80). По отдельным признакам были выделены 2 образца к среднеспелой и позднеспелой группе были отнесены по 1 образцу. По устойчивости к болезням были выделены 3 образца, из которых 2 образца отличились устойчивостью к мучнистой росе и 1 к фузариозному увяданию (таблица 1). Выделенные по данной категории образцы преимущественно из КазНИИКО (СД-75), КазНИИ хлопководства (СД-1110) и узбекской селекции СД-80. По средним показателям на уровне стандартов, выделены – 3 образца из которых, 1 образец отличился к фузариозному увяданию, по сроку созревания 1 образец отнесен среднеспелой и 1 образец к позднеспелой группе.

Таблица 1 - Результаты оценки образцов дыни коллекционного питомника

Категория выделенных образцов	Кол-во обр.	В том числе					Содержание сухих в-в., %
		%	устойчивых	по группам созревания			
				ранние	средне-спелые	поздние	
По комплексу признаков	5	38,5	2	-	2	3	>15
По отдельным признакам	2	15,4	1	-	1	1	14-15
По средним показателям	3	23,0	1	-	2	1	12-14
Забраковано	3	23,1	-	-	2	1	<12
Всего	13	100,0	4	-	7	6	-

По общим результатам оценки образцов видно, что по всем 13 изучаемым образцам к среднеспелой группе отнесены 7 образцов, к позднеспелой группе 6 образцов. Забраковано 3 образца 2 среднеспелой группы и 1 позднеспелой группы. По устойчивости к мучнистой росе, фузариозному увяданию 2 образца, с комплексной устойчивостью к болезням бахчевых культур 2 образца.

Оценку селекционного материала проводили путем сравнения семей между собой и с образцами массового отбора этого же гибрида и того же поколения. Отмечали выравнивание семей по морфологическим признакам семей по морфологическим признакам, давая соответствующее описание, проводили учеты и наблюдения. Как только селекционный материал станет достаточно однородным и достигнет требуемой степени выражения хозяйственно-ценных признаков, близкие семьи объединяли и после предварительного размножения будут переведены в контрольно-элитный питомник для производства суперэлиты и элитных семян.

Основная поставленная цель нашей селекционной работы является, выведения сортов с разным сроком созревания, высокотранспортабельность, лежкость, высокое содержание сахара, комплексная устойчивость к болезням, солеустойчивость, внешний вид, вкусовые качества.

Как видно из таблицы 2, при определении урожайности в селекционном питомнике

по среднеспелым сортам был взят сорт Чемпионка. Из изучаемых образцов превышали стандарт по общему урожаю, СД-1113, СД-71, СД-15 на 2,5-4,2% с урожайностью 241,3-245,4ц/га. Средняя масса плода составляла в пределах 1,9-2,7 кг, что относится к мелким плодам по массе. Высокий выход товарных плодов отмечен у образцов СД-1110, СД-71, СД-15 показатель составил 94,7-95,1%.

Таблица 2 - Урожайность дыни селекционного питомника

№ сортообразцов	Общий урожай, ц/га	В том числе				Средняя масса товарного плода, кг	Содержание		Превышение стандарта, %
		товарных		2 сбора			сух. в-ва, %	% сахара	
		кол-во, ц/га	%	кол-во, ц/га	%				
Чемпионка (st)	235,4	215,1	91,4	165,2	70,2	2,3	16,1	12,2	100,0
СД-1113	241,3	223,2	92,5	172,1	71,3	2,5	16,2	12,3	102,5
СД-71	242,1	239,4	98,9	182,5	75,4	2,7	16,5	12,2	102,8
СД-15	245,4	245,2	99,9	182,3	74,3	2,3	15,1	10,8	104,2
СД-81	215,2	212,1	98,6	163,2	75,8	1,9	13,0	9,2	-
Ич-Кзыл крупноплодная.(st)	212,4	198,5	93,5	161,4	76,0	4,5	14,2	10,2	100
СДВ-16	235,6	224,3	95,2	187,7	79,7	5,2	14,0	10,3	110,9
СД-83	244,2	231,1	94,6	185,2	75,8	5,2	14,4	11,5	115,0
							НСР(05) = 27,9ц		

По позднеспелым сортам, по которым стандарт был взят сорт Ич-Кзыл крупноплодная узбекской селекции два испытываемых образца СДВ-16, СД-83 превышали стандарт на 10,9-15,0%. По выходу товарных плодов превышение составило 95,2-94,6%, средняя масса плода образцов позднеспелой группы составили 5,2 кг, превышая стандарт на 0,7 кг.

В процессе селекционной работы все изучаемы образцы разделены по сроку созревания на три группы: ранние, средние и поздние. По длине плетей образцы подразделяли на короткостебельные, среднестебельные и длинностебельные. Уход за растениями проводили в соответствии с местными рекомендациями. Отмечали следующие фазы развития: появление всходов, шатрика, цветения мужских и женских цветков, образования завязи и созревания при вступлении 10% растений в фенофазу отмечали начало ее, при вступлении 75% растений - массовое. Наблюдения и учеты проводили на одной делянке, учет урожая на всех повторностях выводя среднюю. Для ведения дальнейшей селекционной работы и создания новых сортов бахчевых культур дыни арбуза отобраны лучшие рекомбинанты с высокими показателями параметров хозяйственно-биологических признаков.

При изучении образцов дыни в селекционных питомниках были выявлены и отобраны высокоурожайные, устойчивые к комплексу болезней, транспортабельные, лежкие, с высокими вкусовыми качествами плодов.

В результате исследований в селекционном питомнике высевались 6 образцов дыни разных сроков созревания преимущественно выделенных в прошлые годы по комплексу положительных признаков, биологическим особенностям и морфологическим признакам. По комплексу признаков выделен 1 сортообразец или 16,6 % по отдельным признаком 2 образца (33,4 %) и по средним показателю на уровне стандарта 1 образец (16,6 %),

забраковано 2 образца или 33,4 %.

В ходе изучения селекционного материала дана оценка образцам в питомнике, по комплексу хозяйственно-ценных признаков выделено 3 образца дыни из которых 2 образца были отнесены к среднеспелой группе созревания и 1 к позднеспелой группе. По отдельным признакам выявлены 2 образца из которых 1 образец среднеспелой группы и 1 образец позднеспелой группы. По средним показателям выделено 2 образца 1 образец среднеспелой группы и 1 позднеспелой группы. Забраковано 5 образца, из которых 1 образец раннего срока созревания, 2 образца среднеспелой группы созревания, 2 образца позднеспелой группы.

#### **Список использованных литературы**

1. Белик В.Ф. «Методика опытного дела в овощеводстве и бахчеводстве» Москва ВО «АГРОПРОМИЗДАТ». -1992. - С. 64-228.
2. Доспехов Б.А. Методика полевого опыта. М.: «Колос». -1980. - С.169-184.
3. Jahn et al. 2002. McCreight 2006. Pitrat et al. 1998. Шишков 2000.
4. Jahn et al. 2002. Hollomon et al. 2002.

### **ЖОҢЫШҚАНЫҢ ҚҰРҒАҚШЫЛЫҚҚА ЖӘНЕ ТОПЫРАҚТЫҢ ОРТАША СОРТАНДАНУЫНА ТӨЗІМДІ СОРТТАРЫ МЕН ҮЛГІЛЕРІН ІРІКТЕУ**

*Қостақ Олжас, кіші ғылыми қызметкер, магистр,  
С. П. Махмаджанов, ауыл шаруашылығы даңылдары сорттарын трансферттеу және  
бейімдей бөлімінің меңгерушісі, а.ш.ғ.к.  
«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС Атакент кенті*

Жоңышқа өсіру – өсімдік тектес малазықтық ақуыз өндірісін арттырудың маңызды жолдарының бірі. Көк шөбі мен шөп ұнының құрамындағы қорытылатын протеин мөлшері бойынша жоңышқа құнарлы азықтар қатарына кіреді. Ақуызынан басқа жоңышқа шөбінде және одан дайындалатын мал азығында малдар мен құстардың барлық түріне қажетті қорытылатын көмірсулар, майлар, дәрумендер мен микроэлементтер бар. Дәстүрлі әдістер мен іріктеулер жеке гендермен емес, кешенді полигендермен бақыланатын сандық белгілер жөнінен өзінің маңызын әлі жоғалтқан жоқ және бүгінгі таңда бұл әдістер өзге әдістердің ішінде жетекші орынды иелейді. Қолда бар селекциялық материалдар негізінде жоңышқаның бағалы шаруашылық-биологиялық белгілері бойынша донор тасымалдаушыларына ие жаңа селекциялық үлгілер мен ұяларын шығаруға болады. Нәтижеде осы зерттеулер аясында сорға және құрғақшылыққа төзімді, өнімділік әлеуеті және белгілер көрсеткіштері жоғары жоңышқа сорттарын шығара аламыз. Азықтық өнім өндірісін арттыру жоңышқаның өнімділігі едәуір жоғары әрі жетілген сорттарын шығару есебінен мүмкін болады. Әрбір топырақ-климаттық аймаққа түрлі жағдайларға бейімделген бір-бірін толықтыратын алуан түрлі сорттар жиынтығы қажет. Осы заманғы ауыл шаруашылығы жемшөп дақылдарының жаңа сорттарына жоғары талаптар қояды. Жаңа сорттардың өнімділігі мен азықтық сапасы жоғары, көпорымды, суғаруды, органикалық және минералды тыңайтқыш енгізуге бейім, аурулар мен зиянкестерге төзімді болуы керек. Жоңышқа сортаңданған топырақтың құрамын жақсартушы қасиетке ие дақыл ретінде маңызы орасан.

Жоңышқаның көпжылдық қызметі: ылғалды стресске тұрақтылық, профильдің тереңінен ылғал алу қабілеті, климатқа бейімделу; топырақтың қасиеттерін жақсарту, жыл бойы жоғары қоректік азық өндіру қабілеті, сондай-ақ оның беріктігі жоңышқаға Жер шарының барлық қалыпты және субтропикалық климатында «Жем патшайымы» атағына лайық. Өзінің өзденістерінде Joseph G. Boonman жоңышқа-әлемдегі ең ескі азық



деп атап көрсетеді [1].

Жобаның мақсаты – Жоңышқаның жоғары өнімді, көпорымды Қазақстанның оңтүстігінің орташа сортаңданған жағдайына бейімделген сорттарын шығару және олардың үлгілерін іріктеу.

Өзектілігі: Бүгінде облысымызда бар, Қазақстанның оңтүстігінің суармалы жерлерінде қолданылып жүрген жоңышқа сорттары қажетті азықтық өнім көлемімен қамтамасыз ете алмайды. Бүгінгі таңда ауыспалы егістің енгізілу деңгейінің төмен болуының, ұсақ шаруашылықтарды ірілендіру мәселесінің, мақта шаруашылығын әртараптандыру қарқыны төмен болуының басты себебі – суармалы жоғары өнімді жоңышқа тұқымдарының болмауы.

Оңтүстіктің суармалы аудандары топырақ, климаттық жағдайлар кешенінің әртүрлілігімен ерекшеленеді және әрбір жекелеген топырақ-климаттық аймақта жергілікті жоңышқа түрлері өсіріп бапталады. Әртүрлі аудандардан алып келінген жоңышқа тұқымдарын салыстырмалы сынақтан өткізгенде, олардың өнімділіктерінде айтарлықтай айырмашылық болғаны анықталды.

Сондықтан аймақтағы мал шаруашылығын дамыту үшін жемшөп қорын жинақтауды арттыру мақсатында суармалы жоңышқаның отандық бәсекеге қабілетті жаңа сорттарын шығару және мақта-жоңышқа ауыспалы егісінде пайдалану міндеті тұр, бұл Қазақстанның оңтүстігінің суармалы аймағы үшін өзекті болып табылады.

Қазақстанның оңтүстігінің суармалы аймағы жағдайында көпорымды жоңышқаға деген сұраныстың артуы генетиктер мен селекционерлердің алдына салмақты міндет жүктейді – өнімділігі мен жапырақтылығы жоғары, құрғақшылыққа және топырақтың орташа сортаңдануына төзімді сорттары бойынша селекциялық жұмыстарда бастапқы материал ретінде пайдаланылатын жоңышқаның едәуір жоғары өнімді, жаңа сорттарын шығару жолдарын табу. Республикамыздағы шитті мақта және мал шаруашылығы өнімдер өндірісінің артуы топырақтың құнарлылығының артуымен және толыққанды жемшөп қорын қалыптастырумен тығыз байланысты. Өнімділігі мен жапырақтылығы жоғары, құрғақшылыққа және топырақтың орташа сортаңдануына төзімді жаңа сорттар шығару бойынша селекциялық жұмыстарда бастапқы материал ретінде пайдаланылатын жоңышқаның едәуір жоғары өнімді, жаңа сорттарын шығару жолдарын табу мақсатында Красноводопад ауылшаруашылығы тәжірибе станциясымен, «Қазақ мал шаруашылығы және жемшөп өндірісі ҒЗИ» ЖШС және басқа да жақын шет елдің ғылыми мекемелерімен тығыз байланыс орнатылды.

Жоңышқа құрамында ақуыз мөлшері жоғары, дәрумендерге бай құнды жемшөп дақылы. Оны шанақтау кезеңінде құрғақ шөп үшін жинап алғанда шөп құрамындағы протеин мөлшері 21-22%, ал гүлдеу кезеңінде жинағанда - 16-17% болады. Құрғақ шөп құрамында 1,5% шамасында кальций, 0,24% фосфор, 0,18% күкірт, ал 1 кг-ында 0,5 азық өлшемі бар. Жоңышқаның құрғақ шөбі құрамындағы қорытылатын ақуыз мөлшері бойынша бидай кебегіне жақын. Үшінші өсу жылының соңында ол топырақтың аударылатын үстіңгі қабатында 10-15 тонна тамыр жүйесін жинақтайды, бұл топырақ қабатында қарашірінді мөлшерін 0,4-0,5%-ға арттырады, бұл топырақтың әр гектарына 25-30 тонна шірінді көң енгізгенмен бірдей болады. Жоңышқа – топырақтың физикалық қасиеттерін - құрылымын, көлемдік салмағын, су өткізгіштігін ж.т.б. күрт жақсартатын мықты фактор. Алқапта жоңышқа егілген жағдайда ол топырақтың қайта сортаңдануының алдын алады, мақта қозасының солма ауруына шалдығуын төмендетеді және шитті мақта өнімінің айтарлықтай артуына ықпал етеді. Суармалы жерлерде топырақтың қалыпты ылғалдылығында, фосфор тыңайтқыштарының қажетті мөлшері енгізілген жағдайда, сондай-ақ өнімнің уақтылы жиналған жағдайында жоңышқа жоғары өнім береді.

«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС ҒЗЖ-ң тематикалық жоспарына сәйкес бөлім 2018 есептік жылы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Селекциялық питомникте – 33 үлгі алынды

Шаруашылық-биологиялық белгілері бойынша зерттелген ағымдағы 2018 жылғы селекциялық питомниктегі 33 үлгінің (1-кесте) көрсеткіштері стандарт Ташкент-1 сортымен салыстырғанда төмендегіше болды. Тәжірибеде жоңышқағың өсуі мен дамуының барлық есептеулері мен бақылаулары М. А. Бурнашевтің «Мемлекеттік сорттық сынақтағы жоңышқа селекциясы және тұқымшылығы мәселелері» 1977 ж. [2] әдістемелігі негізінде жүргізілді.

1-кесте – Селекциялық питомниктегі шаруашылық-биологиялық көрсеткіштер, 2018 жыл

Үлгі №	Жиілігі, дана/м2	Сабақтарының саны, дана/м2	Жапырақтылығы, %	Орымнан алдыңғы сабағының биіктігі, 2 орымда орт., см	Орымдар аралығын-дағы мерзім, күн		Өнімділік, ц/га	
					1-ші орым	2-ші орым	көк шөп, 2 орымда	құрғақ шөп, 2 орымда
Ташкент-1-St.	59	177	54	119	65-ші күні ӨЖЖ	1 орымнан кейін 56 күні	309	88,3
М-2415	63	189	60	121			321	91,7
М-2416	56	168	56	121			290	72,5
М-2417	62	186	59	117			329	94,0
М-2418	60	180	52	107			301	86,0
М-2419	57	171	51	120			316	90,3
М-2420	59	177	54	122			302	86,3
М-2421	61	183	53	118			308	88,0
М-2422	57	171	54	100			296	84,6
М-2423	57	173	55	105			291	83,3
М-2424	56	169	53	116			304	86,9
М-2425	62	187	54	119			298	85,1
М-2426	58	174	56	120			312	89,1
М-2427	63	188	57	122			299	85,4
М-2428	66	198	53	121			316	90,3
М-2429	61	185	58	115			319	91,1
М-2430	57	175	52	107			321	91,7
М-2431	55	161	53	112			324	92,6
М-2432	57	172	55	108			322	92,0
М-2433	56	167	56	115			314	89,7
М-2434	58	172	53	124			312	89,1
М-2435	63	189	58	125			321	91,7
М-2436	60	183	53	109			316	90,3
М-2437	64	192	56	125			323	92,3
М-2438	63	190	56	121			320	91,4
М-2439	55	166	54	108			230	65,7
М-2440	62	185	56	110			294	84,0
М-2441	65	194	56	119			315	90,0
М-2442	63	187	58	116			309	88,3

М-2443	64	192	53	122			306	87,4
М-2444	61	181	52	124			290	82,9
М-2445	63	183	54	126			326	93,1
М-2446	62	189	55	120			329	94,0
E=3,1 ц/га; P=3,5 %; M= 87,9 ц/га; ETEA0,05 = 2,0								

Көптеген үлгілер жоғары өнімділігін сақтап қалды. Стандарт сортының көк шөп өнімділігі 309 ц/га, құрғақ шөп өнімділігі 88,3 ц/га (2 орым бойынша орташа) болғанда, 20 үлгінің көрсеткіштері сәйкесінше 312,0-329,0 ц/га және 89,1-94,0 ц/га құрады. Өнімділік көрсеткіштері бойынша жоғары нәтижеге кол жеткізген 6 үлгі ерекшеленді, олар: М-2417, М-2431, М-2432, М-2437, М-2445 және М-2446 сорттық үлгілері, көк шөп өнімі бойынша 322-329 ц/га және құрғақ шөп өнімі 92,0-94,0 ц/га құрап, стандарт сортынан, сәйкесінше, 13,0 -20,0 ц/га және 3,7-5,7 ц/га жоғары нәтиже көрсетті.

Қорытынды. Зерттелген үлгілерден шаруашылық-бағалы белгілері және құрғақшылыққа және топырақтың сортаңдануына төзімді сорттарын бойынша жоғары көрсеткішке ие болып ерекшеленген (екі орым бойынша) конкурстық питомниктегі үлгілер: М-2404, М-2405, М-2448, М-2449, М-2451, М-2452, М-2453, М-2454 және Көксаарай, олар стандарт Ташкент-1 сортынан көк шөп өнімі бойынша 4,0-17,0 ц/га және құрғақ шөп өнімі бойынша 12,4-16,1 ц/га басым түсті.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Өсімдіктер туралы ғылым үшін есептердің бөлігі 29 кітап сериясы (ТАВС, 29 том). Joseph G. Boonman. [1]. Thomson Reuters баспасы.

2. Бурнашева М.А. Вопросы селекции и семеноводства люцерны. - Ташкент: Фан, 1977. - 38 б.

### **СОРТАҢ ТОПЫРАҚТЫ ЖЕРЛЕРГЕ, ТИІМДІ СОРШАЮ МӨЛШЕРЛЕРІ ЖӘНЕ МЕРЗІМДЕРІ**

*Үмбеттаев Ибадулла, бас директор, а.ш.ғ.д., ҚР ҰҒА академигі,  
Дүйсен Оразхан, кіші ғылыми қызметкер,  
«Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС, Атакент*

Тұздалған топырақ Қазақстанның оңтүстік және орталық бөліктерінде кеңінен таралған. Бұл аудандардағы топырақ орташа және қатты тұздалған. Ауыспалы егістіктің бұзылуы, мелиоративті жұмыстардың нашар жүргізілуіне байланысты, мақта қозасын егетін Түркістан облысында мақта өнімділігі төмен күйінде қалуда.

Жер асты суларының көтерілуі топырақтың екінші тұздануына және өнімділіктің төмендеуіне соқтырып отыр. Біздің мамандардың есебі бойынша сортаңдаған жерлердің көлемі 110 мың гектардан асқан.

Осы зерттеу аясында Қазақстан мен Орталық Азияның тұздалған топырағына жататын көптеген картографиялық материалдар қаралып, зерттелді. Топырақта, минералды жыныстарда және жер асты суларында тұз жиналудың геохимиясын, сортаңданудың типтерін және биосферада топырақ көші-қонының заңдылықтарын зерттеу жерді суландыру қызметімен аймақтарды бағалау үшін негіз болып табылады. Сондықтан тұздалған топырақты және сортаңдау процестерін зерттеу практикалық маңызы зор [1].

Соршаюдың мерзіміне келетін болсақ, көптеген ғалымдар ең тиімді соршаю мерзімдері күзгі, қысқы кезеңдер екенін және бұл кезеңдерде жер асты сулары тереңде

жататынын айтады. Олар ауыр топырақты жерлерде соршаю жұмыстары ерте, қараша айының аяғында, желтоқсан айының басында жүргізілгені дұрыс деп есептейді. [2]

Зерттеулер көрсеткендей, әлсіз сортаңданған жерлер өнімділікті 20-30%-ға, ал күшті сортаңдаған жерлер 60-70 %-ға дейін төмендетуі мүмкін. Тез еритін, физиологиялық өте зиянды NaCl, MgCl, Mg SO<sub>4</sub> тұздардың, өсімдіктің тамыр жаятын және жер жыртылатын қабаттарында, мерзімдік өте зиянды тұздар жиналып, күзге қарай бұл тұздардың көрсеткіші еселеп көбейеді.

Өсімдіктің өсіп өну кезеңінде бұл тұздар бір шаршы метрде 7-10 кг дейін жиналып, гектарына 70-100 тоннаға дейін жетеді. Ондаған тонна тұздар жер асты сулары және топырақ қабаттарынан жоғарғы қабаттарға көтеріліп, өсімдіктің тамырларын күйретіп, мақта қозасының өнімділігін күрт төмендетіп жібереді.

Бұл тұздармен күресу үшін әр түрлі агромелиоративті шаралар қолданылады, соның бірі топырақтың сорын шаю.

Топырақтағы өте зиянды тұздардың көлемі 0,3%-ға, ал хлор-ион тұзы 0,01%-ға төмендегенде ғана соршаю шаралары сапалы өтті деп есептеуге болады.

Мақта егілетін аймақтарда өте тиімді соршаю мөлшерлері мен мерзімдерін анықтау үшін ғылыми зерттеу жұмыстары жүргізілген болатын.

Бұл зерттеулердің мақсаты әр түрлі дәрежеде сортаңданған топырақтарға өте тиімді соршаю үшін суару мөлшерлерін және мерзімдерін анықтау еді.

Зерттеулер Қазақ мақта шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының зерттеу алқабында мақта қозасының алқаптық және вегетациялық тәжірибе әдісі үш түрлі сортаңдаған (әлсіз, орташа және күшті) топырақтарда, 6 түрлі соршаю мөлшерінде (1500, 2000, 2500, 3000, 3500, 4000 м<sup>3</sup>/га) 3 нұсқада, 30 гектар алқапта жүргізілді.

Топырақтың әртүрлі қабаттарындағы, әртүрлі тұздану мөлшерлерінде жүргізілген бұл зерттеулердің нәтижесі төмендегі кестеде келтірілген.

Кесте - Соршаюға дейін және соршаюдан кейін топырақтағы тұздардың мөлшерлері.

Топырақ	Жер қабаты, см	Тұздардың мөлшері ( % есебімен, құрғақ топырақ салмағынан)											
		Соршаюға дейін		Соршаюдан кейін		Тұздардың шайылуы, %		Соршаюға дейін		Соршаюдан кейін		Тұздардың шайылуы, %	
		Хлор-ион	Тұздық қалдық	Хлор-ион	Тұздық қалдық	Хлор-ион	Тұздық қалдық	Хлор-ион	Тұздық қалдық	Хлор-ион	Тұздық қалдық	Хлор-ион	Тұздық қалдық
Әлсіз сортаңдаған		Суару мөлшері 1500 м <sup>3</sup> /га						Суару мөлшері 2000 м <sup>3</sup> /га					
	0-60	0,024	0,556	0,011	0,461	54,2	17,1	0,019	0,494	0,005	0,340	73,7	31,2
	60-100	0,024	0,486	0,020	0,446	16,7	8,3	0,020	0,440	0,013	0,423	35,0	3,9
Орта сортаңдаған		Суару мөлшері 2500 м <sup>3</sup> /га						Суару мөлшері 3000 м <sup>3</sup> /га					
	0-60	0,980	0,017	0,461	67,3	53,0	0,041	0,923	0,005	0,284	87,8	69,2	
	60-100	0,722	0,037	0,516	22,9	28,5	0,036	0,839	0,007	0,225	80,6	73,2	
Күшті сортаңдаған		Суару мөлшері 3500 м <sup>3</sup> /га						Суару мөлшері 4000 м <sup>3</sup> /га					
	0-60	0,083	0,972	0,017	0,480	79,5	50,6	0,082	1,604	0,010	0,646	87,8	59,7
	60-100	0,084	0,766	0,038	0,581	54,8	24,2	0,090	1,707	0,020	0,856	77,8	49,9

Әлсіз сортаңданған топыраққа 1500 м<sup>3</sup>/га мөлшерінде соршаю жүргізілгенде, топырақтың 0 – 60 см. қабатында хлор-ион 54,2%-ға, тұздық қалдық 17,1%-ға, ал 60-100 см. қабатында хлор-ион 16,7%-ға, тұздық қалдық 8,3%-ға шайылғанын көреміз. Бұл

көрсеткіштен байқағанымыздай топырақтың жоғарғы негізгі (тамыр жаятын) қабатында, төменгі (60-100см) қабатқа қарағанда, тұздардың жақсы шайылғанын байқаймыз. Осы топыраққа суару 2000м<sup>3</sup>/га мөлшерінде жүргізілгенде бірінші нұсқаға қарағанда, екінші нұсқада топырақтың 0-60 см. қабатында хлор-ион 73,7%-ға, тұздық қалдық 31,2%-ға, 60-100см қабатында хлор-ион 31%-ға және тұздық қалдық 3,9%-ға көп шайылғанын байқаймыз.

Орташа сортаңданған топырақтарға соршаю мөлшері 2500 м<sup>3</sup>/га-ға қарағанда 3000м<sup>3</sup>/га суару мөлшері торыпақтың 0-60 см қабатында хлор-ион 87,8%-ға, тұздық қалдық 69,2%-ға, ал 60-100 см. топырақ қабатында хлор-ион 80,6%-ға, тұздық қалдық 73,2%-ға шайылғанын көреміз.

Күшті сортаңданған жерлерге соршаю шараларын 2 бөліп жүргізгенде ғана, өте жақсы нәтиже береді деп есептейміз. Себебі 3500 м<sup>3</sup>/га мөлшерін екіге бөліп суғарғанымызда топырақ қабатының 0-60 см-де хлор-ион 79,5%-ға, тұздық қалдық 50,6%-ға, ал 60-100 см қабатында хлор-ион 54,8%-ға, тұздық қалдық 24,2%-ға төмендегенін байқаймыз. Ал бұл мөлшерді 4000м<sup>3</sup>/га жеткізгенде топырақтың екі қабатында да тұздардың жақсы шайылғанын байқаймыз (0-60 см. хлор-ион 87,8%, тұздық қалдық 59,7%, ал 60-100 см. қабатта 77,8%, 49,9%-ға).

Жүргізілген тәжірибені сараптай отырып, жер асты сулары 1,5-2 м жатқан әлсіз сортаңданған жерлерге соршаю мөлшері 2000м<sup>3</sup>/га тиімді теп есептейміз. Төменде әр түрлі мөлшерде сортаңданған жер асты сулары 1,5-2 м деңгейде жатқан жерлерге ең тиімді соршаю мөлшері келтірілген.

1. Әлсіз сортаңданған топыраққа – 2000 м<sup>3</sup>/га
2. Орташа сортаңданған топыраққа – 2500 м<sup>3</sup>/га-3000 м<sup>3</sup>/га
3. Күшті сортаңданған топыраққа – 4000 м<sup>3</sup>/га

Ескеретін нәрсе, 3000 м<sup>3</sup>/га мөлшердегі соршаю бір рет, ал одан жоғары мөлшердегілер екі рет бөліп суарылғанда тиімді болады деп есептейміз.

Ал орташа топырақтарға соршаю үшін қаңтар айының басы, желтоқсан айының аяғы, жеңіл топырақты жерлерде қаңтар айы ең тиімді мерзім болып табылады.

Біздер судың кеш келуіне байланысты соршаю жұмыстарын ақпан айының екінші он күндігінде жүргіздік. Бұрынғы зертеулермен салыстырғанда қысқы соршаю көктемгі соршаюға қарағанда 10-15%-ға тиімді екені дәлелденді.

Қысқы соршаюды топырақтың тұздану дәрежесіне қарамай, өте көп мөлшерде жүргізуге болмайды.

Қорыта келгенде соршаю жұмыстарын ғылыми тұрғыдан дәлелденген мөлшерде және мерзімде жүргізгенде ғана кепілді мол өнім алуға және топырақтың сортаңдануына жол бермеуге болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Исанова Г. Т., Абудувайли Дж., Мамутов Ж. У., Қалдыбаев А. А., Сапаров Г. А., Базарбаева А. Тұздалған топырақ және Қазақстанда тұздардың жиналу облыстарын анықтау. Thomson Reuters. 2017. – Б. 243-250 баспасы.
2. Үмбетаев И. Қазақстанның мақта егетін аймақтарындағы суармалы егіншіліктің ғылыми негізделген жүйесі. – Алматы: Print-S, 2011. – б. 268.



# СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫ АЙМАҒЫНДА ҚОНАҚ ЖҮГЕРІ СОРТТАРЫН ТАЗА ЖӘНЕ НОҚАТПЕН ҚОСПА ЕГІСТІГІНДЕ КӨП БАЛАУСА ӨНІМДІЛІГІ ЖӘНЕ МАЛАЗЫҚТЫҚ ҚОРЕКТІЛІГІ БОЙЫНША САЛЫСТЫРМАЛЫ БАҒАЛАУ

*С.С. Арыстангулов, а.ш.ғ.к., доцент*

*М.Н. Сертек, а.ш.ғ., магистрі*

*Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Елімізде мал шаруашылығы өнімдеріне деген сұранысты толықтай қанағаттандыру үшін, аталған саланы мол, берік және қоректілігі жағынан теңгерімді жемшөп қорымен қамтамасыз ету қажет. Бұл мәселені құрғақ далалы аймақта шешу үшін, құрғақшылық пен тұзға төзімді жемшөп дақылдарын өндіріске кеңінен енгізу керек. Сондай дақылдардың бірі – қонақ жүгері, басқа қоңырбас тұқымдастармен салыстырғанда, жоғары өнімділігіменен, құрғақшылыққа шыдамдылығы, топыраққа бейтараптылығымен және тұзға төзімділігі, суару мен тыңайтқышқа бейімді және кезекті шабыстан кейін қайта өсе алатындығымен ерекшеленеді. Ғылыми мекемелердің, мемлекеттік сорт сынау учаскелерінің және алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжірибелері көрсеткендей, қонақ жүгері - Қазақстан үшін перспективалы жемшөп дақылдарының бірі. Ол құрғақ жерлерде, әсіресе тұзды топырақты жерлерде жоғары өнімділік қалыптастыруға мүмкіндігі зор дақыл, сондықтан оны ылғал жеткіліксіз жерлерде өсіру тиімді. Бұл дақыл ең жоғары өнімділікке өзінің өсуі мен дамуы үшін оңтайлы жағдайларда ғана қол жеткізеді. Өсімдіктер тіршілік факторларының біреуін олардың өсу кезеңдерінің бірінде жоққа шығару жасыл масса мен дәнді дақылдардың жетіспеуіне әкеледі [1,2].

Өнімділікті арттырудың сенімді тәсілі - бұл қожалықтарда бар материалдық-техникалық ресурстарды тиімді пайдалануға және соңғы ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибелерді кеңінен қолдануға негізделген қарқынды өсіру технологиясын өндіріске енгізу [3].

Қонақ жүгері (құмай) - құрғақшылыққа төзімді дақыл, ол ылғалды үнемдейді және құрғақ даланың қатал топырақ-климаттық жағдайында жемшөп өндірісін қарқындатады және тәп- тәуір дән шығымдылығын қамтамасыз етеді, сондықтан оны Қазақстанның солтүстігінде мал азығына өсіру өзекті мәселелер қатарына жатады [4,5].

Далалық тәжірибеде қонақ жүгерінің алғы егісі арпа дақылы болды. Себу мамыр айының екінші онкүндігінің аяғында жүргізілді. Тәжірибелердегі мөлдектердің мөлшері - 120 м<sup>2</sup> (4x25). Қайталануы – 3 рет.

Тәжірибелердегі есептеулер мен бақылаулар ВИК (Мәскеу, 1983) және ауылшаруашылық дақылдары сорттарын мемлекеттік әртүрлілік сынағы (Алматы, 2002) әдістері бойынша жүргізілді, онда тұқымның егістік өнімі, өсімдіктердің тығыздығы, өзгергіштігі, кірістілігі, жасыл массаның жинақталу динамикасы және жемшөп массасының және қоректік құндылығы ескеріліп анықталды [6,7].

Біз 5 сортты және қонақ жүгері будандарын таза егісте және ноқатпен қосылған қоспада сынадық (1-кесте).

1-кестеде қанттық қонақ жүгері сорттарының жалпы көк балауса өнімділігі (негізгі + алшынкөгі) келтірілген. Қантты қонақ жүгері сорттары көк балаусаға шашақтану сатысында, ал алшынкөгі –қыркүйек айының басында жиналды.

Салыстырмалы сыналған қонақ жүгері сорттары арасында аса маңызды белгілердің ішінде тез пісіп-жетілу мен өнімділік бірінші кезектегі маңызға ие. Қантты қонақ жүгері тұрақты өсірілетін аймақтардағы экологиялық сынақтардың нәтижелерін талдай отырып, тәжірибелік алқаптарда жететін және өндірістік жағдайларда іс жүзінде қалыптасқан әлеуетті өнім арасындағы айырмашылық әлі де елеулі болып қала береді.

Жекелеген жағдайларда сорттың немесе буданның әлеуеті нақты деңгейден 2,0-2,5 есе асып түседі. Бұл технологиялық операцияларға ғана емес, жыл бойынша ауа райы жағдайының ауытқуына да байланысты.

Кесте 1 – Құрғақ дала жағдайында таза егістердегі және ноқатпен қоспадағы қонақ жүгері сорттарының өнімділігі мен қоректілігі (2017-2019 гг.)

№	Сұрып, будан	Өнімділігі, ц /га			
		Жасыл масса	Абсолютті құрғақ зат	Қоректілігі	
				мал азықтық бірлік, ц / га	қорытылатын протеин кг / га
1	Ранний янтарь 161	285	75,0	199,5	1627,3
2	Кинельское 3	352	92,6	246,4	2009,9
3	Ставропольское 36	312	82,1	218,4	1781,5
4	Степной 5 буданы	406	106,8	284,2	2318,3
5	Цунами 76 буданы	381	100,3	266,7	2175,5
6	Ранний янтарь 161+ноқат	322	84,7	386,4	1838,6
7	Кинельское 3+ноқат	368	96,8	441,6	2101,3
8	Ставропольское 36+ноқат	344	90,5	412,8	1964,2
9	Степной 5+ноқат	435	144,5	522,0	2483,8
10	Цунами 76+ноқат	410	107,9	492,0	2341,1

Осылайша, біздің деректеріміз бойынша, қанттық бағыттағы қонақ жүгері сорттарының өнімділігі дақылдың сұрыптық ерекшеліктеріне байланысты 285 ц/га-дан 406 ц/га-ға дейін өзгерді. Біржылдық бұршақ тұқымдас дақылдар қосылған қанттық қонақ жүгерінің аралас егістері жасыл массаның түсімділігі таза егіс нұсқаларға қарағанда 10-15% - ға жоғары қалыптастырды. Қанттық қонақ жүгері дақылының сыналатын сорттары мен будандарының арасында жасыл массаның ең жоғары өнімі Степной 5 ( 406,0 ц/га) буданымен нұсқада алынды, ол стандарттан 121 ц/га артық болды. Қонақ жүгерінің ноқатпен аралас егістерінде ең жоғары көк балауса өнімділігін Степной 5+ ноқат нұсқасы қамтамасыз етті, онда жалпы өнімділік 435 ц/га құрады.

Қонақ жүгері сорттарын таза егістегі біржылдық бұршақ дақылы ноқатпен аралас егістегі жалпы өнімділігі (негізгі + алшынкөк) – 285-435 ц/га құрады. Сыналған сорттар арасында ең жоғары өнімділікті Кинельское 3 сорты қамтамасыз етті – 352ц/га, ал қонақ жүгері будандары арасында – Степной 5 буданы – 406ц/га көк балауса өнімділігін қалыптастырды. Біржылдық бұршақ тұқымдас дақылдармен қонақ жүгері сорттарының аралас егістегі өнімділігі – 435 ц/га құрады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Рахимбеков Т.С., Каракальчев А.С. Перспективы возделывания культуры сорго в Казахстане: Аналитический обзор. Алма-Ата, 1988. -56 с.
2. Рахимбеков Т.С., Каракальчев А.С. Интенсивная технология выращивания сорго на орошаемых землях Казахстана. Алма – Ата, 1991.- 31 с.

3. Сагалбеков У.М., Костиков И.Ф., Аленов Ж.Н. Малораспространенные перспективные культуры Северного Казахстана. Кокшетау, 2003. -107 с.
4. S.Arystangulov, D.Konysbaeva, V.Gorbulya, J.Nurkuzhaev, T.Turganbaev, B.Sadykov and Sh.Bekenova. Comparative Study and Adaptation of Promising Varieties of Safflower (*Carthamus tinctorius* L.) For the Production of Fodder and Seeds in a Desert-Steppe Zone. *Bioscience Research*, 2019 16(2):2034-2046.
5. Каракальчев А.С., Базильжанов Е.К., Арыстангулов С.С., Колесникова Л.И. Рекомендации по возделыванию смешанных посевов однолетних злаковых и бобовых кормовых культур в условиях лесостепной зоны Северного Казахстана. Астана, 2017.-22с.
6. Методические указания ВНИИ кормов им. В. Вильямса. Москва, 1983.-58 с.
7. Методика государственного сортоиспытания сельскохозяйственных культур./ Под общей редакцией Б.А.Скокбаева.- Алматы, 2002.-351 с.

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫ, БУРАБАЙ АУДАНЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЗДЫҚ АРПА ЕГІСТІКТЕРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ЗИЯНКЕСТЕР БОЙЫНША ФИТОСАНИТАРЛЫҚ МОНИТОРИНГ НӘТИЖЕЛЕРІ**

*К.С. Байбусенов, аға оқытушы, PhD  
Ж. Айдарханова, студент*

*Нұр-Сұлтан қ., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Арпа астығы халықаралық саудада да сұранысқа ие. Қазақстанның арпа экспортының 70%-дан астамы ТМД елдеріне шығарылады, оның ішінде негізгі және дәстүрлі сатып алушы ел қатарына Ресей жатады [1]. Арпаның көпжылдық шөптерге жақсы бүркемелі (жамылғы) дақыл ретінде де рөлі белгілі: шөптер жамылғыдан ерте босайды да жаздың соңы мен күзде жақсы дамиды. Арпа Қазақстанда негізінен малға жем ретінде және сыра қайнатуда пайдалану үшін себіледі [2]. Бұл дақылдың ақуызында лизин өте жоғары мөлшерде болатындықтан дән, жем және сыра қайнату өнеркәсібінде бірінші болып қолданылатын шикізат [3-4].

Ақмола облысы жағдайында арпа дақылын көптеген агроұйымдармен шаруашылықтар өсіріп келеді. Олардағы арпа егістіктерінде фитосанитарлық ахуалды және дақылды өсіру технологиясындағы өсімдік қорғау элементтерін зерттеп, салыстырмалы баға беру, зиянкестер кешеніне қарсы қорғау шараларының агробиологиялық негіздемесін жасау өзекті бағыттарының бірі болып саналады [5]. Яғни, дақылдың өсіп даму кезеңдеріне байланысты ондағы зиянкестердің түр құрамы мен өзгеру динамикасын, дақылдың зерттеу жағдайындағы зиянкестерге ең сезімтал кезеңдерін анықтап, дақылдың өнімділігіне оң әсерін тигізетін тиімді қорғау шараларын жобалау болып табылады.

2018-2019 жж. Ақмола облысы, Бурабай ауданы, «Ақылбай» АШК жағдайында арпа дақылы егістіктерінде негізгі зиянкестер бойынша фитосанитарлық мониторинг жұмыстары жүргізіліп, олардың түр құрамы және таралуы нақтыланды. Арпа егістіктеріндегі зиянкестерді есепке алу жалпыға ортақ әдістемеге сәйкес өткізілді (6-7). Мониторинг жұмыстарының нәтижесінде арпа егістіктерінде зиянды энтомофауна бойынша астық зиянкестерінің 6 түрі анықталған (кесте 1).

Кесте 1 – Арпа егістіктерінде кездескен негізгі зиянкестер (орташа есеппен 2018-2019 жж.)

Түр	Кездесуі
Швед шыбыны - <i>Oscinella pusilla</i> Meig.	++
Астық бүргелері - <i>Chaetocnema hortensis</i> Geoffr.	++
Астық цикадалары (алты нүктелі) - <i>Macrosteles laevis</i> Rib.	+
Астық егеушілер: кәдімгі - <i>Cephus pygmaeus</i> L. және қара - <i>Trachelus</i>	+
Арпа бітесі - <i>Brachycolus noxius</i> Mord.	++
Астықтың сүлікше қоңызы (қызылкеуделі) - <i>Oulema melanopus</i> L.	+
+ - әлсіз, ++ - орташа, +++ - күшті	

Кестеде бақылау жүргізген жылы арпа егістігінде кездескен зиянкестер келтірілген. Аталған түрлердің барлығы өнімділікке бірдей зиян тигізбейді. Солардың ішіндегі ең негізгілері түтікке шығу кезеңін залалдайтын зиянкестер болып табылады, сондықтан оларға үлкен көңіл бөлу қажет. Оларға ең біріншіден швед шыбынының дернәсілдері, астық бүргелері, арпа бітелері жатады. Осылардың ішіндегі ең қауіптілері швед шыбындарының дернәсілдері мен астық бүргелері жатады, себебі жұмыртқадан шыққан дернәсілдер сабақ ішіне кіріп, онда өсімдіктің нәзік негізімен қоректенеді, масақтың бастамасы мен орталық жапырақтың негізін бұзады. Мұндай жапырақтар көп ұзамай кеуіп, құрап қалады



Себу	Егін көгі	3-5 жапырақ	Түптену	Түтікке шығу	Масактану	Гүлдену	Сүттеніп пісу	Толық пісу
Астықтың жолақ бүргесі, топырақ мекендеуші зиянкестер								
			Жапырақ жегілер, сүлікше қоңыз, швед шыбыны (дернәсілдері)					
			Арпа бітесі, арпа швед шыбыны (дернәсілдері)					

1-сурет. Арпаның даму кезеңдері бойынша кездесетін негізгі зиянкестер түрлері

1-суретте фитосанитарлық мониторинг жұмыстарының нәтижесінде анықталған дақылдың даму кезеңдері бойынша кездесетін негізгі зиянкестері келтірілген. Мұнда тұқымның өнуі кезеңінен бастап Астықтың жолақ бүргесі, топырақ мекендеуші зиянкестер, түптену кезеңінен бастап жапырақ жегілер, сүлікше қоңыз, швед шыбыны (дернәсілдері), арпа бітесі зақымдайтынын байқауға болады.

Арпаның даму кезеңдері бойынша зиянкестермен зақымдануы фенологиялық бақылаулар арқылы анықталды. Жалпы арпа егістігін бақылау барысында, зиянкестердің биологиясына қарай, өсімдіктің түтікке шығу кезеңінде ең көп зақымдалғаны көбірек анықталды (2-кесте).

2-кесте – Арпаның даму кезеңдері бойынша зиянкестермен зақымдануы (орташа есеппен 2018-2019 жж.)

Даму фазасы	1м2 өсімдік саны	Жалпы заладанған өсімдік саны	Зиянкестермен зақымданған өсімдіктердің үлесі, %				Зақымданған өсімдіктердің үлесі, %
			швед шыбыны	астық бүргелері	арпа бітесі	зақымдану дәрежесі, %	
Көктеу	98,1	4,3	-	-	-	-	5,2
Түптену	91,2	10,9	5,7	5,2	-	-	12
Түтікке шығу	99,8	62,1	5,9	9,1	56,7	32,5	62,2
Масақтану	106,7	18	1,8	2,1	14,1	12,1	16,8
Гүлдеу	104,1	12,7	2,0	1,4	9,3	11,2	12,1
Дәннің қалыптасуы және пісу	101,4	0,8	0,2	0,5	0,1	10,5	0,7

Онда белгілі фенология кезеңінде 1м2 алаңдағы өсімдіктер үлгілері алынып, олардың арпаның негізгі зиянкестерімен зақымдануларының пайыз үлесі шығарылды. Кейін толық зиянкестер кешенімен зақымдалған жалпы өсімдіктер санының пайыз үлесі берілді. Швед шыбынымен зақымдану үлесі арпаның түптену және түтікке шығу кезеңдерінде көбірек байқалып, сәйкесінше 5,7-5,9 құрады. Астық бүргелерімен зақымдалған өсімдіктер үлесі түптену, түтікке шығу кезеңдерінде болып, 5,6-9,1 аралығында болды. Арпа бітесі дақылдың түтікке шығу кезеңінде 56,7% кездесіп, зақымдану дәрежесі 32,5 құраған. Құрғақшылыққа байланысты өсімдіктер көбірек зақымдалғаны анық көрініп тұр. Зиянкестермен қатты зақымданатын фазасы болып – түптенуден масақтануға дейін кезеңдері болып белгіленді (жалпы зақымдалған өсімдіктер үлесі 12-62,2 ). Осыған орай, зиянкестерге қарсы қорғау шаралары ұйымдастырылғанда, осы жағдай ескерілді.

Фитосанитарлық мониторинг жүргізілген шаруашылық жағдайында ондағы зиянкестерге қарсы жүргізілген қорғау шараларының биологиялық және шаруашылық тиімділігі анықталды. Зиянкестер кешеніне қарсы ә.е.з. (лямбда-цигалотрин, 50 г/л) «Каратэ зеон 050, с.к.» инсектициді 0,15 л/га шығын мөлшерімен қолданылды. Әсер ету спектрі - астық шыбындары, бітелері, трипстер.

Төмендегі 2 суретте арпаның вегетация кезеңіндегі жалпы кең таралған зиянкестерге қарсы жүргізілген қорғау шараларының биологиялық тиімділігі келтірілген. Бұнда «Каратэ 050» инсектицидін қолданғандағы биологиялық тиімділігі астықтың сабақ бүргесіне қарсы 70 %, швед шыбынына қарсы 61,3 %, арпа бітесіне қарсы 60,3 % деңгейінде болған.



2-сурет. Каратэ 050, к.э. препаратының биологиялық тиімділігі (орташа есеппен 2018-2019 жж.)



3-кесте – Жүргізілген қорғау шараларының шаруашылық өнімділігіне әсері (орташа есеппен 2018-2019 жж.)

Нұсқа	Өсімдік ұзындығы, см	1000 тұқым массасы, г	Тұқым өнімділігі		Шаруашылық тиімділігі, %
			ц/га	Ауытқу, +/- ц/га	
Инсектицидпен бүрку (Каратэ зеон 050, с.к.)	54,3	42,9	19,9	2,3	11,7
Бақылау (өңдеусіз)	55	40,5	17,6	-	-

Өңделген алқапта өңделмегенге қатысты сақталған өнім мөлшері бойынша бағаланады және зиянды ағзалардан өсімдіктерді қорғау құралдарын қолдану нәтижесінде бірлік көлемде алынған өнімнің қосымша саны шаруашылық тиімділігін көрсетеді. 3 кестеде арпа егістіктерінде кешенді қорғау шараларын қолданған жағдайдағы шаруашылық тиімділігі келтірілген. Осы шараларды қолданған кезде тұқым өнімділігі бақылау нұсқасымен салыстырғанда 2,3 ц/га өсіп, 19,9 ц/га құрап, шаруашылық тиімділігі 11,7% құрады. Осыған сүйеніп, алынған мәліметтер қарастырылған аймақтағы арпа егістіктерінде кездесетін зиянкестердің негізгі түр құрамын нақтылап және өсімдік қорғау шараларын өткізу үшін дақылдың зиянкестерге сезімтал кезеңін көрсетеді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Г.В. Жлоба, Р.Н. Оковитая, Н.Н. Слепкова, Г.В. Девяткина, Л.Ю. Фоменко, А.Т. Тасбулатова. Ячмень в Северном Казахстане: рекомендации / Рекомендации «НПЦЗХ им.А.И. Бараева». - Астана, 2013. – 36 с.

2 Абуғалиев А.И. Качество зерна сортов ячменя Казахстана как сырья для пивоваренных целей. // Достижения аграрной науки в области земледелия, селекции и растениеводства. // Сборник тезисов к Международной конференции. – Алматы – 2004. Стр. 123-125.

3 Yawson, D.O., Adu, M.O., Armah, F.A. Impacts of climate change and mitigation policies on malt barley supplies and associated virtual water flows in the UK (2020) Scientific Reports, 10 (1), pp. 376.

4 Leybourne, D.J., Valentine, T.A., Robertson, J.A.H., Pérez-Fernández, E., Main, A.M., Karley, A.J., Bos, J.I.B. Defence gene expression and phloem quality contribute to mesophyll and phloem resistance to aphids in wild barley (2019) Journal of experimental botany, 70 (15), pp. 4011-4026.

5 Байбусенов К.С., Алекшова А. Ақмола облысы, Бурабай ауданы жағдайында жаздық арпа егістіктеріндегі аурулардың түр құрамы және олардың 2017 жылы таралу және даму ерекшеліктері // «Қазақстандағы мегаполистердің аграрлық азық-түлік аймағы және ауыл шаруашылығының кооперациясы: мәселелері, ізденістері және шешімдері» халықаралық ғылыми - тәжірибелік конференцияның еңбектері. – Шымкент: М. Әуезов атындағы ОҚМУ, 2017. - 1 т. - Б. 24-28

6 Сағитов А.О., Дүйсембеков Б.Ә. және басқалары. Аса қауіпті және зиянды организмдердің (зиянкестер, аурулар, арамшөптер) фитосанитарлық мониторингі: (оқу құралы), 3-ші басылым. – Алматы: Қазақ өсімдік қорғау және карантин ҒЗИ, 2016. – 376 б.

7 Сулейменов С.И., Абдрахманов М.А., Сулейменова З.Ш., Камбулин В.Е. и др. Методические указания по учету и выявлению вредных и особо опасных вредных организмов сельскохозяйственных угодий. – Астана, 2009. – 312 с.

## ОҢТҮСТІК АМЕРИКАЛЫҚ ҚЫЗАНАҚ КҮЙЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРАЛУЫ

*Ш.Ш. Бекенова, а.ш.ғ.к.*

*Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Тәуелсіздік алғаннан бастап республика аумағына өзге елдерден әкелінетін, жерімізде жоқ зиянкестерден, аурулардан, арамшөптерден қорғау өзекті мәселелердің біріне айналды. Қазақстанға карантинді нысандардың ену және олардың таралу мүмкіндігі өте жоғары. Бүгінгі таңда елімізге сырттан тасымалданатын ауылшаруашылығы өсімдік өнімдерінің көлемі айтарлықтай артуда. Соның салдарынан Қазақстан аумағына бұрын болмаған немесе аздаған ошақтары бар қауіпті зиянкестер, аурулар, арамшөптер тұқымдарының шет елдерден ену қаупі де анағұрлым ұлғайды. Әсіресе, біздің еліміз қазіргі уақытта көптеген шет елдермен сауда-саттықты жандан-дырған [1].

2018 жылы Қазақстан Республикасының аумағында шектеулі таралған карантинді зиянкестердің 6 түрі бойынша мониторингтік жұмыстар жүргізілді: Американдық ақ көбелек, Шығыстың жеміс жемірі, Қауын шыбыны, Калифорниялық қалқаншалы сымыр, Жұпсыз жібек көбелегі, Комсток сымыры, Қара сүтгеннің түрлері, Оңтүстік америкалық қызанақ күйесі.

Мониторинг барысында республиканың аумақтарында оңтүстік америкалық қызанақ күйесінің жаңа ошақтары анықталды.

Оңтүстік америкалық қызанақ күйесі *Tuta absoluta* Meug. Зиянкестің шыққан отаны Орталық Америка болып табылады. Соңғы онжылда Европада және Испания фермерлері 2006 жылы өз жерлерінде кездескені туралы айтқан. Ресейдің Краснодар, Адыгей, Дагестан аудандарында. Қазақстанда Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Ақтөбе облыстарында тіркелген.

Жұмыртқалары майда, цилиндр сияқты ақ-сары, ақшыл түсті, ұзындығы 0,3-0,5 мм және ені 0,2-0,25 мм. Жұмыртқадан шыққан жұлдызқұрты алдымен басында қара дақтары бар жасыл, өсе келе қызғылт түсті, арқасының бірінші сегментінде қара ұзынша сызығы пайда болады. Үлкен жастағы жұлдызқұрттың ұзындығы 9 мм жетеді. Қуыршағы ақшыл-қоңыр, ұзындығы 6 мм–дей. Көбелегі қоңыр күміс түсті, алдыңғы қанатында қара нүктелері бар. Денесінің ұзындығы 6-7 мм, қанатын жайғанда 10-12 мм. Тұмсығы қысқа, ерін жиектерінен көрінбейді. Ерін жиектері ақшыл, мұртшалары қара ашық-қоңыр тікенді жіптектес. Басы қоңыр алдыңғы төсіне қарай түсі қоюланады. Алдыңғы қанаттары қоңыр, қара нүктелері бар сарғыш және ақ тарғылдылығымен, сарғыш-қоңыр жиектелген немесе (жиырылатын жері) сары. Артқы қанаттары қою қоңыр, төменгі жағы өңсізденген. Ішінің төменгі жағы ақшыл түсті. Аталықтары аналықтарынан шамалы қоңырлау.

Көбелектері кешкі уақытта күн отырғанда және таң ата белсенді болып келеді, олар қоректенбейді, сонда да 10 күнге дейін өмір сүре алады. Жұмыртқа салуды үшінші күннен бастайды. Жұмыртқасын жапырақтың астына, жемістерге және сабақтарға (көбіне жоғарғы бөлігіне), бір-бірлеп немесе аздаған топтен салады. Аналығының өсімталдылығы – 200-300 жұмыртқа[2].

4 – 6-шы күні жұлдызқұрттары пайда болады. Жұлдызқұрттары 4 жаспен дамып, 12-15 күн өмір сүреді. 1-ші жастағы жұлдызқұрттар жапырақты миналап, клесі жасқа жеткенде сабақтарға, жеміс түбіне еніп, түйіндер мен жасыл жемісті залалдайды. Жұлдызқұрттар бір жастан келесі жасқа түлеу барысында минаясыз жапырақтар мен жемістерде байқауға болады. Жұлдызқұрттары қорек болмаған жағдайда факультативті диapaуза кете алады. Жұлдызқұрттар жапырақ бетінде, жиырылған жапырақтарда немесе «миналарда» (жібек пілләда) немесе топырақта қуыршақтанады. Жаңа ұрпақ көбелектері екі апта шамасында шығады. Зиянкес имаго немесе жұмыртқа кезеңінде, бірақ көп жағдайда терең емес

топырақта қуыршағы қыстайды. Жыл бойы 10-15 ұрпақ береді.

Күйенің негізгі қорегі томат болып табылады, ол далалық жағдайдағы томат егістігіне де, көжетжайға да залалын келтіреді. Өнімділікті 25 тен 100% дейін жояды. Көбелектер күндіз топырақта тығылып жатады, оны өсімдікті қаққанда байқауға болады. Жұлдызқұрттары томат көшеттерін отырғызғаннан, өнімді жинағанға дейін залалдайды. Өсімдіктің фотосинтезін төмендетеді. Жапырақтар қурап, жемістері товарлық бағалылығын жоғалтады [3,4].

2018 жылы анықтау мониторингтік жұмыстары республика бойынша барлық облыс аумақтарында ашық және жабық жылыжайларда өтті. Зерттелген көлем 2891 гектар, залалданған 125,72 гектар, оның ішінде 119,04 гектар жаңа ошақ анықталып тіркелді. Залалданған көлемдер тек жылыжайлар бойынша есептелді (1-кесте).

Ақтөбе облысында 2019 жылы жоспарланған 300 гектарға облыс бойынша барлық аудандарда 15 сәуірде басталды да, қыркүйек айының басында аяқталды. Залалданған 3,0 гектар ошағы Ақтөбе қаласында орналасқан жылыжайлар (қызанақ отырызылған) және ашық егістікте анықталып тіркелді. Залалданған жылыжай көлемі 1,2 гектар, ашық егіс 1,8 гектар болды. Қызанақтың өсіп өну кезеңінде феромондық ұстағыштар қойылып, қызанақ күйесі бар екені расталып, келесі жылға химиялық өңдеуге 3,5 гектар жоспарланды.

Алматы облысы бойынша мониторингтік тексеру жұмыстары қызанақ күйесіне облыс бойынша 488 гектар тексерілді. Барлығы 38 жылыжай тексерілді. Тексеру жұмыстары сәуір айының 2-сі күнінен қыркүйек айының 6-на дейін жүргізілді. Еңбекшіқазақ ауданында Қырбалтабай ауылдық округінде орналасқан «Иссык жеміс жидек зауыты» ЖШС-да 100 гектар қызанақ алқабынан, 28-ші маусым күні Жамбыл ауданы Шолаққарғалы а/о-не қарасты «Қасымбек» ШҚ-да 0,5 гектар, «Ерлан» ШҚ- 0,5 гектар, Жамбыл а/о – де «Нуркал» ШҚ - 0,25 гектардан екі жылыжайдағы (0,5 гектар) қызанақ дақылында табылды. Алматы облыстық карантиндік зертханасының фитосанитарлық сараптамасының қорытындысы бойынша Сарқант ауданы, Қойлық ауылдық округіне қарасты «Дедиков Н» ШҚ-да 1 гектар қызанақ алқабынан және Қаратал ауданы, Бастөбе ауылдық округіне қарасты «Нам» ШҚ-да 3 гектар қызанақ алқабынан карантиндік зиянкес қызанақ күйесімен залалданған жаңа ошақтар анықталды. 2019 жылға өңдеу көлемі 105,5 гектар болжамдалды.

Түркістан облысы аумағында қызанақ күйесін мониторингтік зерттеу жұмыстары жалпы көлемі 685 гектарға жүргізілсе, оның ішінде жылыжай көлемі – 285,275 гектар, қоныстанғаны – 7,82 гектар (245 га жылыжай зерттелген, 12 га залалданған, оның ішінде 8 га жаңа ошақ), ашық егістік алқап – 399,725 гектар, қоныстанғаны – 7,4 гектар (қоныстанған 7 га жаңа, 0,4 ескі ошақтар). Мониторингтік жұмыстар 14 аудан және 2 қалада жүргізіліп, қазіргі кезде Келес, Сарыағаш, Төлеби және Ордабасы аудандарында зиянкес анықталып отыр [5].

Қызанақ күйесінің жылыжай кешендерінде және ашық егістік алқаптарда көптеп таралуына бірнеше себептер туғызады. Олар, қызанақ күйесіне қарсы күресу іс-шараларының жүйелі жүргізілмеуі, жылыжай кешендерін тиісті түрде жабдықтамауы салдарынан-майда көзді торлар орнатылмауы, ашық-шашық ұстауы, айналасындағы арамшөптерден және өсімдік қалдықтарынан тазартпауынан, тасмалдау тараларын залалсыздырмауынан, қызанақ күйесі залалдаған өсімдік жапырақтары мен жемістерін жұлып алып көміп тастамау салдары, химиялық өңдеу жұмыстарын уақытылы жүргізбеу және кейбір шаруашылықтардың қолданып жатқан препараттардың сапасы төмен болуынан және т.б.

2018 жылға оңтүстік америкалық қызанақ күйесіне қарсы химиялық өңдеу көлемі 119,04 гектар ашық аумаққа жоспарланған.

1-кесте - Оңтүстік америкалық қызанақ күйесінің таралуының 2018 жылғы мәліметі, га

№ р/с	Облыс (қала) атауы	Зерттелгені		Залалданғаны		Жылыжайлар саны	
		жоспар	нақты	барлығы	о.і. жаңа ошақ	зерттелгені	о.і. залалданғаны
1	Ақмола	10	10				
2	Ақтөбе	300	300	3,0	0,7	5	2
3	Алматы	488	488	105,5	105,5	38	4
4	Атырау	100	100	2,0	2	2	
5	Ш.Қазақстан	10	10				
6	Жамбыл	800	800			2	
7	Б.Қазақстан	100	100			3	
8	Қарағанды	90	90			12	
9	Қостанай	17	17			1	
10	Қызылорда	195	195			8	
11	Манғыстау	8	8			3	
12	Павлодар	10	10				
13	С.Қазақстан	5	5				
14	Түркістан	685	685	15,22	10,84	245	12
15	Алматы қ-сы	5	5				
16	Нұр-Сұлтан қ-сы	3	3				
17	Шымкент қ-сы	65	65			27	
	Барлығы:	2891	2891	125,72	119,04	346	18

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы. <http://mgov.kz>.
2. Urbaneja A. La potilla del tomate Tuta absoluta // Phytoma\$Espania, 2007, vol. 194, p. 16–32.
3. Fernando A.A. et al. Evaluation of the synthetic major component of the sex pheromone of Tuta absoluta // J. Chem. Ecol., vol. 27, p. 907–917.
4. А.О.Сағитов, Қ.М.Мұсынов, А.Ж.Ағыбаев, З.Ш.Сулейменова, Ш.Ш.Бекенова. Өсімдік карантині. Оқу құралы, Астана. С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ баспасы, 2018.256Б.
5. Базильжанов Н.К., Мухышов А.А, Сулейменова З.Ш., Бекенова Ш.Ш. и др. «Распространение и прогноз карантинных организмов» РГУ«МЦФДиП», 2019г. 60с.

### СРАВНИТЕЛЬНАЯ ОЦЕНКА ПРОДУКТИВНОСТИ СОРТОВ МЯГКОЙ ПШЕНИЦЫ В УСЛОВИЯХ СЕВЕРО-КАЗАХСТАНСКОЙ СХОС

*Гордеева Е.А., кандидат сельскохозяйственных наук, доцент*  
*Шестакова Н.А., кандидат сельскохозяйственных наук, доцент*  
*Жанабай А., магистрант*  
*г. Нур-Султан, Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина*

Ведущее место в зерновом балансе республики Казахстан отводится пшенице. Культура является лидирующей, среди всех зерновых. Основные ее посевы располагаются в Северном Казахстане. Учитывая, что главной задачей, на сегодняшний день, является получение высоких и устойчивых урожаев яровой мягкой пшеницы, повышение качества, расширение ее разнообразия, наиболее полное обеспечение потребностей населения в продуктах питания, исследования в данном направлении весьма актуальны. Так как результаты позволят расширить знания об адаптации сортов на Севере Казахстана.

Для получения высоких урожаев необходимо использовать более урожайные сорта, адаптированные к условиям возделывания, так как сорт - один из важнейших факторов повышения урожайности. Современные сорта должны сочетать в себе высокую продуктивность и качество зерна, устойчивость к стрессовым ситуациям, на фоне основного признака сорта – засухоустойчивости, так как основным лимитирующим фактором в условиях зоны, является влага.

Существующие сорта сельскохозяйственных культур являются сложными и основаны на многих допущениях и параметрах, мотивируя поиск более экономных моделей с более сильными теоретическими и эмпирическими основаниями[1].

Целью данной работы является изучение и подбор адаптированных сортов мягкой пшеницы, различного эколого-географического происхождения, для СХОС Северо-Казахстанской области.

Материалы и методы. С целью определения наиболее потенциального сорта, учеты роста, развития, формирования урожая проводились на опытном поле Северо-Казахстанской сельскохозяйственной опытной станции (СХОС).

Почвы на территории опытной станции черноземы обыкновенные, содержание гумуса 3.6%, pH-7.2. Объектом исследования являлись 16 сортов мягкой пшеницы Казахского и Российского происхождения. Стандартом являлся - сорт Астана.

Предшественник - первая пшеница по пару. Посев производился в оптимальные сроки 24 мая. Рядовой способ посева с нормой высева 3,2 млн. всхожих семян, на глубину 5-6 см. Учетная площадь каждой делянки в опытах 1200м<sup>2</sup>, повторность 3-кратная, расположение вариантов - последовательное.

В период вегетации на посевах проводили следующие учеты и наблюдения: - в фазу полных всходов вели учет густоты стояния растений по методике Госсортсети (2011), на пробных площадках 0,33 м<sup>2</sup>, по диагонали делянки в 3-х повторностях;

-определение структурных элементов урожая проводилось в фазе созревания с отбором пробных снопов с постоянных площадок. Определялась фактическая густота продуктивного стеблестоя перед уборкой, масса снопа, г; количество семян с колоса, шт; масса семян с одного колоса, г; масса 1000 семян, г, масса зерна с 1 м<sup>2</sup>.

- учет урожая. Уборка проведена прямым комбайнированием на учетной площади поля при помощи комбайна САМПО. Урожай приводили к 14 % влажности и 100 % чистоте.

Результаты исследования. Факторы внешней среды контролируют рост и развитие растений на протяжении всей вегетации. Условия 2019 года были весьма своеобразны. Температурный режим мая был в пределах среднесуточной нормы 12,7 °С, количество выпавших осадков составило 46% от многолетней нормы (12,8 мм). На конец мая сумма положительных температур воздуха достигла 451 оС, при среднесуточном показателе 512 °С, дефицит составил 60°С. Июнь характеризовался влажной погодой. Осадков в течение месяца выпало 56,8 мм, что составляет 129 % от нормы, распределение осадков по декадам месяца было равномерным. Среднесуточная июньская температура воздуха составила - 15,6 0С, на 3,0°С ниже многолетнего показателя (18,6°С). На начало июня пришелся период массового появления всходов пшеницы, а также сорной растительности. В данный период сумма положительных температур достигла 917 0С, с значительно выросшим дефицитом в 1520С (или 253% в сравнении с маем).



Существенный недобор осадков отмечен в июле 2019 года. Так среднемесячное количество осадков, при норме 71,0 мм, составило 23,0 мм, или 32% нормы. Выпадающие осадки в течение месяца имели слабый и непродолжительный характер, в виде морозящих непродуктивных дождей (менее 5 мм). Температурный режим был в пределах многолетних данных – 20,9°C, с отклонением в +0,90С. Суммарно за лето выпало 123,1 мм осадков, что при норме в 162, 0 мм, составило 76 % нормы. Средняя температура за летние месяцы была в пределах 18,2 °С, что холоднее нормы на 0,4 °С. Количество осадков с начала вегетационного периода 2019 года – 238,2 мм, или 115% нормы.

В сравнительном испытании массовые всходы пшеницы независимо от сорта появились 4 июня. Сдерживающим фактором в процессе прорастания являлись низкие среднесуточные температуры после посева (8-9 °С). Фаза кущения по сортам пришлось на 15-19 июня. Фаза колошения на контрольном варианте пришлось 16 июля, на остальных вариантах она наступила 18 июля. Процесс созревания протекал при пониженной влагообеспеченности посевов и среднесуточной температуре 18,7°C. Продолжительность межфазных периодов напрямую повлияли на продолжительность вегетационного периода. Длина вегетационного периода колебалась от 90 суток (контроль) до 94 суток (таблица 1).

Таблица 1 - Продолжительность вегетационного периода сортов мягкой пшеницы

Сорт	Длина вегетационного периода, дней
Астана (контроль)	90
Карагандинская 30, Карагандинская 31, Атланта	91
Карагандинская 60, Лютесценс 1879, Лютесценс 480, Лютесценс 321	92
Оскемен, Барыс, РИКС, СКЭНТ-3, Гренада	93
Лютесценс 2389, Тюменская 25, Тюменская 29	94

В сравнительной характеристике сортов особое внимание необходимо уделить процессу формирования густоты стояния растений, который включает в себя полевую всхожесть и сохранность растений (адаптационные свойства). Исследуемые сорта, находились в равных условиях, на посев использовались только первоклассные семена. Более высокими адаптационными свойствами обладал сорт РИКС, по сохранности растений к уборке отклонение от контроля составляло +18.4, у сортов Лютесценс 321, данный показатель доминировал над контролем +17.2, у сорта Карагандинская 321 + 13.9, наименьшим показателем отличился сорт Тюменская 25 отклонение от контроля -4.1 (таблица 2).

Высокопродуктивный посев возможен при продуктивном стеблестое, высокой выравненности и хорошем развитием всех растений. Продуктивная кустистость, число нормально развитых боковых стеблей, дающих урожай, в условиях Северного Казахстана играет не столь существенную роль в создании урожая как другие элементы продуктивности. Но небольшую корректировку вносит в конечный результат.

Таблица 2 - Особенности формирования густоты стояния растений мягкой пшеницы в условиях Северо-Казахстанской СХОС

Сорт	Полевая всхожесть,%	Отклонение от контроля	Сохранность, %	Отклонение от контроля,
Астана (контроль)	69.4	-	76.5	-
Оскемен	70,0	+0.6	89.3	+12.8
Барыс	68.9	-0.5	88,0	+11.5
Карагандинская 30	68,0	+1.4	79.9	+3.4
Карагандинская 31	77.7	-8.3	90.4	+13.9
Карагандинская 60	68,0	-1.4	81.9	+5.4

Лютеценс 1879	53.7	-15.7	80,0	+3.5
Лютеценс 480	58.6	-10.8	88.7	+12.2
Лютеценс 321	63.3	-6.1	93.7	+17.2
Лютеценс 2389	64.3	-5.1	89.3	+12.8
РИКС	67.7	-1.7	94.9	+18.4
СКЭНТ-3	59.7	-9.7	81.8	+5.3
Гренада	59.4	-10	84.1	+7.6
Атланта	67.1	-2.3	91.5	+15
Тюменская 25	44.6	-24.8	72.4	-4.1
Тюменская 29	50.9	-18.5	83.1	+6.6

Наибольшим показателем кущения отличились сорта СКЭНТ-3 (2,1), Тюменская 25 (2,0) и Лютеценс 480 (1,8). В сравнении со стандартом (сорт Астана) отклонения соответственно +0.5, +0.4, +0.2 (таблица 3). Наименьший показатель кущения был выявлен у сорта Лютеценс 2389 (1,2).

Таблица 3 - Формирование плотности стеблестоя мягкой пшеницы

Сорт	Число растений перед уборкой, шт/м <sup>2</sup>	Продуктивных стеблей, шт/м <sup>2</sup>	Продуктивная кустистость
Астана	186	295	1.6
Оскемен	219	311	1.7
Барыс	212	270	1.3
Карагандинская 30	191	267	1.4
Карагандинская 31	246	331	1.3
Карагандинская 60	195	290	1.5
Лютеценс 1879	151	249	1.7
Лютеценс 480	181	326	1.8
Лютеценс 321	208	303	1.5
Лютеценс 2389	201	250	1.2
РИКС	225	289	1.3
СКЭНТ-3	171	355	2.1
Гренада	175	310	1.8
Атланта	215	312	1.5
Тюменская 25	113	229	2.0
Тюменская 29	148	234	1.6

Урожайность интегральный показатель, складывающийся из различных элементов продуктивности. Характер взаимосвязи этих элементов таков, что позволяет снизить или усилить один или несколько признаков для того, чтобы получить в результате высокую продуктивность агроценоза.

Урожайность яровой пшеницы находилась в сильной зависимости от озерненности и массы зерна с колоса. Наибольшим числом зерен с колоса отличился сорт Лютеценс 2389- данный показатель составлял - 41.8 шт, незначительно уступал сорт СКЭНТ-3 -39,9 шт. с колоса. Наименьшей озерненностью колоса отличался сорт Тюменская 29- 26.3шт. Тяжеловесностью колоса отличались сорта: РИКС (1,65г), Гренада (1,61г) и сорт Лютеценс 2389 (1,44г) – (таблица 4).

Один из важных показателей, характеризующих свойства зерна - его технологическую ценность это масса 1000 зерен. Масса 1000 зёрен позволяет дать оценку запасов питательных веществ в семенах. Наибольшей массой 1000 семян обладает сорт Лютеценс 480, РИКС, Лютеценс 2389 (таблица 4).

Такое сочетание структурных элементов позволило сформировать урожайность от14,1 ц/га у сорта Тюменская 25, до 25,4ц/га у сорта Карагандинская 30.

Таблица 4 - Характеристика показателей продуктивности сортов яровой мягкой пшеницы в сравнительном испытании

Сорт	Число зерен с колоса, шт	Масса зерна с колоса, г	Масса 1000 зерен, г	Урожайность при влажности 14%, ц/га
Астана (контроль)	31,8	1.01	31.8	21.6
Оскемен	29,0	1.12	34.6	20.7
Барыс	27,7	1.08	39,0	19.6
Карагандинская 30	36,3	1.24	36.6	25.4
Карагандинская31	38,0	1.19	33.8	16.6
Карагандинская 60	31,6	1.04	32.1	20.8
Лютесценс 480	31,4	1.17	41.3	19,3
Лютесценс 321	29,2	1.13	37.2	15.2
Лютесценс 2389	41,8	1.44	34.4	16.3
РИКС	39,2	1.65	39.8	15.9
СКЭНТ-3	39,9	1.42	36.6	16.7
Гренада	39,7	1.61	37.3	17,1
Атланта	33,3	1.24	38.1	16.5
Тюменская 25	36,0	1.32	37.5	14.1
Тюменская 29	26,3	0.99	38.5	20.7
НСР <sub>095</sub>				1,54

Результаты исследования свидетельствуют о том, что наиболее высокой продуктивностью в данном опыте показали сорта среди Казахстанской селекции - Карагандинская 30, с выходом зерна 25,4 ц/га., среди сортов Российского происхождения максимальную урожайность дал сорт Тюменская 29 (20.7ц/га), наименьшая урожайность у сорта Тюменская 25, отклонение от стандарта -7.5 ц/га.

### Литература

1. Qiao, S.Wang, H.,Prentice, I.C. ,Harrison, S.P, Extending a first-principles primary production model to predict wheat yields, Agricultural and Forest Meteorology, Volume 287, 15 June 2020

## АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АЛМАНЫҢ БАКТЕРИЯЛЫҚ КҮЙІК АУРУЫНА ҚАРСЫ ВАЦИПЛАНТ ПРЕПАРАТЫНЫҢ БИОЛОГИЯЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

*А.А. Дарубаев, докторант*

*С. Сейфулин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Кіріспе. Жеміс дақылдарының бактериялық күйігі раушангүлділер (Rosaceae) тұқымдасын залалдайды. Аурудың қоздырғышы – *Erwinia amylovora* бактериясы (Burrill 1882) Winslow, Broadhurst, Buchanan, Krumwiede, Roders және Smith 1920. Синонимдер: *Micrococcus amylovorus* Burrill 1882, *Bacterium amylovorus* (Burrill) Chester 1897, *Bacillus amylovorus* (Burrill) Trevisan 1889. Қазіргі уақытта, раушангүлділер (Rosaceae) тұқымдасының 37 туысының 129 түрі осы аталған ауруға төзімділігі жоқ екені белгілі. [1]. *Erwinia amylovora* ТМД мемлекеттерінің аумағына 90-жылдардың соңында еніп (Болгария, Украина), 2000-жылдардың басында Ресей Федерациясында (130), 2012-жылы Қазақстанда (87) анықталды. Елімізде, бактериялық күйік анықталған уақыттан бастап

республикадағы алмұрттың өнеркәсіптік екпелерін іс жүзінде жойып, алма бақтарына елеулі зиян келтірді.

Алматы облысы бақтарында бактериялық күйікпен күресу шаралары ретінде патогендік бактериялардың санын азайту және патогендік инфекцияның алдын алу үшін кешенді шаралар қолданылып жүр. Жыл сайын өткізілетін агротехникалық шаралардың және Қазақстанда бактериялық күйікке қарсы қолдануға рұқсат етілген препараттардың тиімділігі қанағаттанарлық емес. Сол себептен елімізде аталған ауруға қарсы химиялық және биологиялық препараттардың биологиялық тиімділігіне зерттеу жүргізу қажеттілігі тұр.

Зерттеу құралдары мен әдістемесі. Алматы облысы климаттық жағдайында жеміс дақылдарының бактериялық күйік ауруына қарсы Вациплант, т.пс. (ламинарин) препаратының биологиялық тиімділігін анықтау үшін Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алға ауылында орналасқан «Жарық» шаруа қожалығында зерттеулер жүргізілді. Жеміс беретін «Айдаред» сұрыпты алма бағы 2001 жылы отырғызылған. Отырғызу сызбасы 6,0м x 2,0 м. Препарат әр мөлдекте 10 ағаштан 4 қайталымда зерттелді. Зерттеу әдісі – жалпыға ортақ расталған әдістер негізінде жүргізілді [2, 3].

Вациплант т.пс. – вирус, саңырауқұлақ және бактериялық ауруларға қарсы қолданылатын иммуномодуляторлыфунгицид. Негізгі әсер етуші заты – ламинарин. Ламинарин – қоңыр теңіз балдырдың полисахариді. Қоңыр теңіз балдырлары (ламинария) – біздің ғаламшардың ежелгі өсімдіктердің бірі. Олардың теңіз суынан түрлі микро- және макроэлементтерді (бор, темір, калий, кальций, фтор және басқалары) өзінің бойына сіңдіріп алау қабілеттері бар. Ламинария құрамындаағзаға сіңімділігі жеңіл формада йодтың жоғары болуымен бағаланады. Теңіз балдыры көкөніс қоспалары бар консерванттарда, агарда, ламинарин, медецинада, азық-түлік, фармацевтикалық және ауылшаруашылық өнеркәсіптеріндеқолданылатын ұнтақтарды алу үшін бағалы шикізат болып табылады [4]. Вациплант, т.пс. (ламинарин) иммуномодуляторлыфунгицидін бактериялық күйік ауруына қарсы қолдану биологиялық әдіс болып саналады.

Зерттеу нәтижелері. Тәжірибе Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алға ауылында орналасқан «Жарық» шаруа қожалығында жеміс дақылдарының бактериялық күйік ауруына қарсы жүргізілді. Әр жылы аурудың пайда болуы мен көрінісі өзгереді және тәуліктік орташа температура, ауаның салыстырмалы ылғалдылығы, ауру тасымалдаушы бунақденелілердің болуы, залалданған өсімдіктердің жалпы жай-күйі (механикалық зақымдану, физиологиялық ерекшеліктер және т.б.), сондай-ақ бақта патогендік бактериялар болуы сияқты факторларға байланысты болады (1-кесте).

1 кесте – Вегетация кезеңіндегі орташа айлық ауа температурасы, жауын-шашын мөлшері және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы (Еңбекшіқазақ ауданы, 2019 ж.)

Ай	Температура, 0 С			Осадки, мм			Влажность, %		
	2019	Орт. көпж-қ	Ауыт-қуы	2019	Орт. көпж-қ	Ауыт-қуы	2019	Орт. көпж-қ	Ауыт-қуы
Сәуір	11,74	12,08	-0,33	5,26	5,49	-0,23	70,42	58,74	11,68
Мамыр	15,3	16,85	-1,55	11,7	6,46	5,24	53,07	54,15	-1,08
Маусым	20,6	21,55	-0,95	10,3	5,00	5,30	52,33	50,09	2,24
Шілде	25,51	24,08	1,44	5,64	3,42	2,23	40,34	43,53	-3,19
Тамыз	23,03	22,65	0,38	7,54	3,58	3,96	43,61	43,34	0,27
Қыркүйек	15,76	17,51	-1,75	4,04	3,90	0,14	56,28	45,31	10,97

2019 жылғы ауа райы талдауы көктемгі-жазғы кезеңдегі ауа температурасы орташа көпжылдық мәндер деңгейінде болғанын көрсетті. Көктемде сәуір айының соңында және

мамыр айында, маусымда жауын-шашын орташа көпжылдық мәндерден жоғары болды, бұл көптеген аурулардың өршуіне ықпал етті. Жаздың ортасында және соңында жауын-шашын аз болды. Көктемгі және жазғы кезеңдердегі ауаның салыстырмалы ылғалдылығы орташа көпжылдық көрсеткіштер деңгейінде болды. Ауа райы көрсеткіштері бактериялық күйік (*Erwinia amylovora* Burrill.) қоздырғышының дамуына оң ықпал етті.

Ауру белгілері көктемде гүлдеу фазасында байқала бастайды. Гүлдері бірден солып, алдымен қоңыр түске, артынан қара түске боялады, бірақ ағашта қалады. Залалданған өркендер қармақ түрінде иіліп қалады. Ағаш діңінен, жас өркендерінен және жеміс түйіндерінен сарғыш-ақ түсті тамшылар түрінде экссудат бөлінеді. Ауа қатысында экссудат қоңыр түске айналады. Ағаш қабығы жарылып, құрғақ ара райында кеуіп, сау ұлпадан анық көрініп тұрады. Қабық астындағы сүрек залалдану орнында ашық сарғылт түсті болады. Көктемде залалданған жеміс түйіндер мен піспеген жемістер қызыл-қоңыр түсті болып, тыржиып, бұтақтарда қалады. Аурудың қарқынды дамуы көктемде гүлдеу, өркендердің өсуі және күзде екіншілік гүлдеу кезінде болады.

Тәжірибе жүргізу барысында жеміс дақылдарының бактериялық күйік ауруына қарсы Вациплант, т.пс. (ламинарин) иммуномодуляторлы фунгицидін 0,5 л/га және 1,8 л/га екі шығын мөлшері алынды. Оған эталон ретінде аталған ауруға қарсы тиімділігі жоғары Касумин (2% су ерітінді) биологиялық бактерицидті және емдік әсері бар фунгициді 2,0 л/га және 3,0 л/га шығын мөлшерімен қолданылды. Және бақылауға өңделмеген учаскесі қалдырылды. Зерттеу нәтижелері 2 - кестеде көрсетілген.

2-кесте –Алманың бактериялық күйік (*Erwinia amylovora* Burrill.) ауруына қарсы Вациплант, т.пс. (ламинарин) препаратының биологиялық тиімділігі (Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Алға ауылы, «Жарық» ш/к, 2019 ж.)

Тәжірибе нұсқалары	Биологиялық тиімділігі, (%)	Өркендердің бактериялық күйік аурумен зақымдануы, %								Өнімділік, ц/га	Өнімге қосымша, ц/га
		Таралуы				Дамуы					
		есеп				есеп					
		1	2	3	4	1	2	3	4		
Вациплант, т.пс. - 0,5 л/га	77,9	6,9	4,4	5,8	3,6	6,2	3,5	2,9	2,8	82,1	9,8
Вациплант, т.пс. - 1,8 л/га	80,3	7,5	4,9	6,3	3,8	6,0	3,2	3,0	2,5	83,7	11,4
Касумин, 2% с.е. 2,0 л/га (эталон)	81,1	7,2	4,8	6,2	3,3	6,3	3,5	2,7	2,4	82,8	10,5
Касумин, 2% с.е. 3,0 л/га (эталон)	82,6	8,1	5,3	6,7	4,4	5,7	3,9	3,2	2,2	83,0	10,7
Бақылау (өңдеусіз)	-									72,3	

Вациплант, т.пс. (ламинарин) препаратын бактериялық күйік (*Erwinia amylovora* Burrill.) ауруына қарсы қолдану 0,5 л/га шығын мөлшерінде 77,9%, ал 1,8 л/га шығын мөлшерінде 80,3% биологиялық тиімділікті көрсетті. Бактериялық күйік ауруына қарсы эталондық препарат ұқсас нәтиже көрсетті: Касумин 2л, 2% с.е. 2,0-3,0 л/гашығын мөлшерінде – 81,1% және 82,6%.

Вациплант, т.пс. (ламинарин) препаратын қолдану 0,5-1,8 л/га шығын мөлшерінде өнімділігі 82,1-83,7 ц/га, бақылаумен салыстырғанда өнімге қосымша 9,8-11,4 ц/га құрады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Farkas A., Mihalik E., Dorgai L. Floral traits affecting fire blight infection and management.



In: Trees. 2012, nr. 26 p. 47-66.

2 Методические указания по проведению регистрационных испытаний инсектицидов, акарицидов, биопрепаратов и феромонов в растениеводстве. – Алматы, 1997.

3 Правила проведения регистрационных, производственных испытаний и государственной регистрации пестицидов (ядохимикатов) в Республике Казахстан. – Астана, – 2015.

4 Никольский Б.П., Рабинович В.А. Справочник химика. Том 1. Химия, - Москва-Ленинград, 1966 -1071 с.

## **СОДЕРЖАНИЕ ЦИНКА В РАСТЕНИЯХ ЯРОВОЙ ТРИТИКАЛЕ В ЗАВИСИМОСТИ ОТ ПРИМЕНЕНИЯ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ В УСЛОВИЯХ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

*Каспхан А. , ассистент, PhD*

*г. Нур-Султан, Казахский агротехнический университет им.С.Сейфуллина*

Зерно в Казахстане считается национальным достоянием государства, первостепенным фактором устойчивости экономики, гарантией продовольственной безопасности страны. В связи с этим необходимо выращивать такое зерно, мука из которого имела бы высокие хлебопекарные качества и соответствующую ГОСТам экологическую чистоту, в первую очередь, по содержанию микроэлементов. Продуктивность растениеводства в значительной степени зависит от обеспеченности растений такими микроэлементами, как цинк.

Цинк, в отличие от кадмия, ртути и свинца, не является токсичным тяжелым металлом. Он относится к микроэлементам и играет важную роль в жизненных процессах растений, животных и человека.

В исследованиях научно обосновывается факт, что цинк среди остальных микроэлементов (Cu, Mo, Mn, Co, B) является наиболее дефицитным для растений и дает значительные прибавки урожайности под различные сельскохозяйственные культуры (яровая пшеница, кукуруза, соя, картофель). Большая биологическая значимость цинка подтверждается данными о коэффициентах биологического поглощения цинка, которые высоки у многих возделываемых культур. Исследования показали, что цинк является важным фактором, лимитирующим урожайность культур из-за очень низкого содержания в почвах его подвижных форм и большого выноса его всеми культурами [1-6].

Содержание цинка в зерне может служить индикатором его избытка или недостатка в почве.

Научная литература содержит достаточно данных по изучению содержания цинка в растениях зерновых, в частности пшеницы. Однако данных по содержанию цинка в урожае тритикале, возделываемого в условиях Северного Казахстана, практически нет. Это связано с тем, что эта культура пока не получила широкого распространения, площадь посевов не превышает 500 га. В Казахстане основным направлением работ с тритикале является создание и изучение первичных линий, улучшение и испытание полученных форм тритикале в различных звеньях селекционного процесса [7,8]. А особенности питания тритикале, ее химической состав практически не изучались.

В этой связи нами была поставлена цель выявить влияние минеральных удобрений на содержание цинка в зерне яровой тритикале и соответствие зерна физиологическим нормам при применении удобрений.

Исследования проводились в условиях сухо-степной зоны Северного Казахстана на темно-каштановых легкоглинистых карбонатных почвах с содержанием гумуса 2,9%,

очень низкой обеспеченностью по нитратному азоту – 2,0 мг/кг, средней по подвижному фосфору – 24,3 мг/кг и повышенной по обменному калию – 680 мг/кг.

Объект исследования яровая тритикале селекции Харьковского института растениеводства им. В.Я. Юрьева - ЯТХ 16-11. Площадь опытной деланки 4 м<sup>2</sup>. Повторность опытов трехкратная. В качестве минеральных удобрений использованы: аммиачная селитра (34,6%), двойной суперфосфат (46%). Схема опыта приведена в таблице 1.

Таблица 1 - Схема опыта

Варианты	Дозировка питательных веществ из удобрений, кг/га д.в.		Вегетационный период внесения питательных веществ	
	N	P	Перед посевом	Кущение
A	-	-	-	-
B	-	60	+	-
C	30	60	+	-
D	45	60	+	-
E	60	60	+	-
F	30	60	-	+
G	45	60	-	+
H	30/30	60	+	+
I	45/30	60	+	+

Концентрации Zn в образцах растений определяли с использованием оптической эмиссионной спектроскопии с индуктивно связанной плазмой (ICP-OES, Varian VistaPro, Австралия) с осевой плазменной конфигурацией (VistaPro, Varian, США).

По данным наших исследований самое низкое содержание цинка в зерне и в соломе яровой тритикале на варианте (B) с внесением только фосфорных удобрений в дозе P60 – 23,7 мг/кг и 11,8 мг/кг соответственно. Это можно объяснить тем что, фосфор является главным антагонистическим элементом многих микроэлементов. В работах А.И. Фатеева были обнаружены повышение содержания растворимых фосфатов в почве под растениями кукурузы (13–15 мг на 100 г почвы), что приводит к связыванию катионов цинка анионами фосфора ( $\text{HPO}_4^{2-}$ ,  $\text{H}_2\text{PO}_4^-$ ) с образованием труднорастворимого ортофосфата цинка [9].

Б. Рутковска с соавторами утверждают, что азотные удобрения уменьшают реакцию почвы и вызывает увеличение содержания железа, марганца, цинка и меди [10]. То есть, увеличивается содержание подвижных форм микроэлементов в почве, и в дальнейшем их поступление в растение. В наших исследованиях в вариантах, где в дальнейшем фосфорное удобрение вносится как фон и дополнительно вносятся разные дозы азотных удобрений содержание цинка в зерне и в соломе яровой тритикале по сравнению с контрольным вариантом было выше. Среди этих вариантов самое высокое содержание цинка в зерне и в соломе яровой тритикале показал вариант I, где на фоне фосфора вносится дробно азотное удобрение в дозе N45 перед посевом и N30 в фазе кущение – 33,8 мг/кг и 15,7 мг/кг.

Также, более высокое содержание цинка в растениях можно объяснить тем что, при применении удобрений развивается корневая система, что приводит к интенсивному поглощению микроэлементов растениями по сравнению с вариантом без удобрений.

Стоит отметить, что варианты с применением более высоких доз азотных удобрений также показывают более высокое содержание цинка в зерне и соломе по сравнению с контрольным вариантом без удобрения (таблица 2).

Таблица 2 - Содержание Zn в сухом веществе надземной биомассы яровой тритикале, мг/кг

Варианты	Зерно	Солома
А	24,45	13,9
В	23,7	11,8
С	27,4	13,4
Д	28,4	13,0
Е	31,9	15,6
F	29,3	13,3
G	29,6	13,4
Н	30,1	14,0
I	33,8	15,7
НСР05	3,91	2,53

### Список использованной литературы

1. Спицына С.Ф. Микроэлементы в системе: почва-растение и эффективность микроудобрений в алтайском крае: автореф. дис. ... докт. с.-х. наук. — М., 1992. — 28 с.
2. Томаровский А.А. Микроэлементы в почвах и система микроудобрений для различных культур в условиях умереннозасушливой колочной степи Алтайского края: автореф. дис. ... канд. с.-х. наук. — Барнаул, 1999. — 17 с.
3. Поспелова И.Н. Поведение цинка в системе: почва-растение на территории Алтайского Приобья и эффективность цинковых удобрений под яровую пшеницу на фоне фосфорных удобрений: автореф. дис. ... канд. с.-х. наук. — Барнаул, 2004. — 15 с.
4. Николаенко Л.А. Влияние микроэлементов на фотосимметрический потенциал (ФСП), чистую продуктивность и урожайность кукурузы: автореф. дис. ... канд. с.-х. наук. — Барнаул, 2001. — 18 с.
5. Москвитин А.С. Влияние азотных удобрений, сульфата цинка и гербицидов на урожайность и качество зерна яровой пшеницы в условиях Алтайского Приобья: автореф. дис. ... канд. с.-х. наук. — Барнаул, 2005. — 18 с.
6. Бахарев В.Г. Оценка обеспеченности почв микроэлементами и оптимизация питательного режима яровой пшеницы в условиях умеренно-засушливой и колочной степи Алтайского края: автореф. дис. ... канд. с.-х. наук. — Барнаул, 2011. — 18 с.
7. Пшаева Б.С. Селекционно-генетические исследования по тритикале // Селекция и генетика пшеницы. - Алма-Ата, 1992. - С. 145-159.
8. Уразалиев Р.А., Айнабекова Б. А., Шортанбаева С. Тритикале – ценная кормовая культура // Биологические основы селекции и генофонда растений: матер. междунар. научн. конф. - Алматы, 2005. - С. 260-261.
9. Фатеев, А.И. Основы применения микроудобрений / А.И. Фатеев, М.А. Захарова. – Харьков: Типография № 13, 2005. – 134 с.
10. Rutkowska B., Szulc W., Łabętowicz J. 2009. Influence of soil fertilization on concentration of microelements in soil solution of sandy soil. J. Elementol., 14(2): 349-355. (in. Polish)

## ВЛИЯНИЕ ЖИДКИХ МИНЕРАЛЬНЫХ УДОБРЕНИЙ НА УРОЖАЙНОСТЬ ПОДСОЛНЕЧНИКА

*Кекілбаева Г.Р., кандидат биологических наук, старший преподаватель  
Друскильддинова А.А., магистрант  
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г. Нур - Султан*

Роль масличных культур в питании растений, пищевой промышленности и в производстве многих технических продуктов огромна. Основным источником получения растительных масел служит группа полевых однолетних масличных культур.

Подсолнечник – основная масличная культура. Семена современных его сортов содержат 50-52% жира. Масло подсолнечника относится к группе полувысыхающих, оно имеет хорошие вкусовые качества и в большом количестве используется в пищу. В масле содержится жирорастворимые витамины А, D, E, имеющие важное значение для человека и животных. Из подсолнечного масла в сочетании с другими продуктами изготавливают маргарин, рыбные и овощные консервы. Оно применяется в производстве мыла и олифы.

При переработке семян на масло в качестве побочного продукта получают жмых и шрот, которые содержат в среднем 36% белка и много углеводов, широко используемого в животноводстве в качестве высококонцентрированного белкового корма. При переработке семян на масло получают в качестве отхода лузгу, из которой получают этиловый спирт, кормовые дрожжи, фурфурол.

Подсолнечник хороший медонос. Как пропашная культура подсолнечник считается хорошим предшественником для многих полевых культур. Его часто возделывают в качестве кулисного растения с целью накопления снега на полях [1].

Данное исследование является актуальными в том, что повышение урожайности подсолнечника позволит сократить посевные площади этой культуры. То, что будет способствовать экономии водных ресурсов в условиях нарастающего водного дефицита.

При этом важным является подбор агротехнических приемов, которые могут обеспечить реализацию потенциала сортов.

Удобрения оказывают кардинальное влияние на уровень обеспеченности растений минеральными элементами. Но практика показывает, что не только удобрения решают все вопросы, связанные с оптимизацией питания. Вегетационный цикл подсолнечника имеет наиболее стрессовые ситуации в начале вегетации, после применения гербицидов или при длительных засухах, когда возникает дефицит влаги из-за высокого уровня температуры. В этих случаях необходимо обрабатывать растения регуляторами роста, которые минимизируют влияние стрессовых условий и вызывают интенсивное потребление макро- и микроэлементов растениями [2].

Исследования проводили с целью оценки эффективности различных видов минеральных удобрений на основе оптимизации азотного питания сельскохозяйственных культур севооборота в условиях Тамбовской области. Основной задачей явилось изучение влияния различных доз, способов и сроков внесения макро- и микроудобрений на урожайность и качественные показатели сельскохозяйственных культур севооборота в длительном стационарном полевом опыте. В статье изложены результаты научных исследований, проведенных в 2014–2016 гг. по изучению действия жидкого минерального удобрения Мегамикс для предпосевной обработки семян и для некорневой подкормки растений подсолнечника сорта Спартак на фоне применения N30P30K30 и N60P60K60. Работа выполнена на черноземе типичном в 6-польном севообороте. В схему опыта были включены варианты с обработкой семян жидким минеральным удобрением Мегамикс и некорневой подкормкой растений подсолнечника в различные фазы вегетации как отдельно, так и в комплексе с минеральными удобрениями. Наивысшая урожайность под-

солнечника (2,94–3,14 т/га) была получена в 2015 г. В среднем за годы исследований она изменялась от 2,50 т/га в варианте с внесением N30P30K30 до 2,86 т/га в варианте с внесением N30P30K30 + обработкой семян Мегамиксом. В среднем за три года исследований самая высокая масличность семян была получена в варианте с внесением N30P30K30 – 52,6 %. Однако эта величина была не достоверна в сравнении с контролем. В остальных вариантах опыта масличность была близка к контролю. Дан анализ роли традиционных минеральных удобрений и жидкого минерального удобрения Мегамикс при возделывании подсолнечника сорта Спартак [3].

Аналогичные исследования проводили в 2018 и 2019 гг., а также планируется их проведение в последующие годы на опытных полях ФГБОУ ВО Самарский ГАУ, на агропредприятиях Самарской, Саратовской, Оренбургской областей, Алтайского края и других регионов России и стран ближнего зарубежья (сегодня это Казахстан) по общепринятым в земледелии методикам в сравниваемых вариантах по составу удобрений, их концентраций, способов внесения, на различных сельскохозяйственных культурах (в статье приводятся материалы исследования на пропашных культурах: подсолнечник, кукуруза).

Срок посева 27.05.2018 г., норма высева – 62 тыс. шт/га, тип почвы – чернозём тяжёлоуглинистый. Опыт включал пять вариантов.

I – контрольный – аммиачная селитра: внесение под предпосевную культивацию в дозе 191 кг/га ф.в. (N65 кг/га д.в.) разбрасывателем ЗА-М 1500;

II – КАС-32: внесение под предпосевную культивацию в дозе 156 л/га (201 кг/га ф.в.) N65 кг/га д.в. опрыскивателем UR 3000;

III – КАС – 32: дробное внесение: а) сплошное внесение под предпосевную культивацию опрыскивателем UR 3000, 100 л/га (134 кг/га ф.в.), N45 кг/га д.в.; б) подкормка опрыскивателем UR 3000 в междурядье в фазе «звёздочки», 50 л/га (66 кг/га ф.в.), N20 кг/га д.в.;

IV – КАС + S – дополнительное внесение серы: сплошное внесение, 182 л/га (227 кг/га ф.в.) N65 кг/га д.в. + S7 кг/га д. в. опрыскивателем UR 3000 под предпосевную культивацию;

V – КАС-32 + РПС (раствор питательный серосодержащий); дополнительное внесение серы: а) сплошное внесение КАС-32 108 л/га (139 кг/га ф.в.) N45 кг/га д.в. опрыскивателем UR 3000 под предпосевную культивацию;

б) подкормка РПС 250 л/га или 293 кг/га ф.в. (N20 кг/га д.в. + S23 кг/га д.в.) в фазе «звёздочки» опрыскивателем UR 3000.

Применение жидких азото - серосодержащих удобрений КАС + сера и РПС (раствор питательный серосодержащий) на почвах с низким содержанием подвижной серы на подсолнечнике показало преимущество в сравнении с традиционным внесением аммиачной селитры. Данная технология положительно повлияла на структуру урожая, способствовала увеличению диаметра корзинки подсолнечника на 0,5–1,6 см, высота растений составила 178,3–193,6 см, что на 6–8% больше, чем контроль. На варианте КАС + сера прибавка урожайности к контролю составила 3,5 ц/га, но максимальная урожайность – 27,6 ц/га была получена на варианте КАС + РПС, прибавка к контролю составила 5,2 ц/га. Кроме того, применение жидких азотных удобрений с добавлением серы способствовало повышению содержания масла в семенах на 2,41%, составив 48,29%, что способствовало сбору масла на 2,8 ц/га больше относительно контроля [4].

За годы проведенных исследований (2014 – 2016 гг.) самая высокая урожайность достигнута в варианте с внесением N30P30K30 + обработка семян Мегамиксом, составившая 2,86 т/га. Применение Мегамикса для предпосевной обработки семян в дозе 2,0 л/т и использование для некорневых подкормок при образовании 2–3, 4–5 листьев было неэффективным.

В среднем за три года от применения азофоски, жидкого удобрения Мегамикс для обработки семян и некорневых подкормок масличность семян относительно контроля



не изменилась. Только в 2015 г. от их применения масличность семян увеличилась на 2,7–4,9 %.

Внесение минеральных удобрений под подсолнечник на типичных черноземах с высокой обеспеченностью элементами минерального питания в условиях Тамбовской области не обеспечивает достоверного увеличения урожайности подсолнечника.

Опыты по применению в 2018 г. (год засушливый; по статистике Самарского гидрометеоцентра – 7-е место по засухе с 1936 г.) жидких азотных и азото-серосодержащих удобрений показали высокую их эффективность на подсолнечнике. Но для того чтобы рекомендовать сельхозпредприятиям применение этих удобрений в Самарской области по нормам, способам и фазам развития растений в различных погодных условиях, Самарский ГАУ, запланировали исследования продолжительностью не менее трёх лет при нормальном и повышенном увлажнении в сравнении со средними многолетними данными.

В связи с получением противоречивых результатов исследования по данной теме необходимо продолжить.

#### **Список использованных источников**

1 Савельев В. А. – Растениеводство: Учебное пособие – 2-е изд., доп., Санкт – Петербург, Москва, Краснодар, Издательство «Лань» - 2019 г. – 316 с., стр. 258.

2 E.O. Domaratskiy, V.V. Bazaliy, O.O. Domaratskiy, A.V. Dobrovolskiy, N.V. Kyrychenko and O.P. Kozlova – Influence of Mineral Nutrition and Combined Growth Regulating Chemical on Nutrient Status of Sunflower. Indian Journal of Ecology (2018) 45(1): 126-129.

3 Вислобокова Л.Н., Иванова О.М., Иванов С.В. –Влияние различных видов удобрений на урожайность и качество семян подсолнечника сорта «Спартак» в условиях Тамбовской области. Научно – технический бюллетень Всероссийского научно – исследовательского института масличных культур. Вып. 1 (173), 2018 г.

4 Милюткин В.А., Сысоев В.Н., Шахов В.А., Длужевский Н.Г. – Техничко-технологическое обеспечение эффективного внесения на пропашных культурах жидких азотных и азото - серосодержащих удобрений на базе КАС-32. Известия Оренбургского аграрного университета, 2019, - : 149-151.

## **ОҢТҮСТІК ҚАРА ТОПЫРАҚ ҚҰНАРЛЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ АНТРОПОГЕНЕЗ ЖАҒДАЙЫНДА ӨЗГЕРІСІ**

*Г.Р. Кекілбаева, аға оқытушы, б.ғ.к.*

*П.Н. Нұрғожина, магистрант*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақстанның барлық жер көлемі 2724,9 мың км.кв. Жер қорымыздың көлемі өте үлкен болғанымен оның сапасы соңғы жылдары күрт нашарлап отыр. Жерді дұрыс пайдаланбау салдарынан топырақ деградацияға ұшырап, құнарсыздану, шөлге айналу үдерістері күшейе түсуде. Соңғы мәліметтер бойынша Республика жерінің 180 млн.га. немесе 60% шөлге айналған.

Солтүстік Қазақстанның қара топырақтары республикамыздағы ең құнарлы топырақтар болып табылады. Бұл топырақтарды игеру ХІХ ғасырдың аяғында ХХ ғасырдың басында бастау алды. 1954 жылы тың жерлерді игеру барысында кәдімгі және оңтүстік қара топырақтардың 80% астам көлемі дерлік астық тұқымдастарын өсіру үшін жаппай жыртылды. Әрине бұл топырақтың негізгі құнарлылық көрсеткішінің өзгеруіне өзіндік із қалдырды. Солтүстік облыстарда тың игеру науханына байланысты және

бірегей бидай дақылын егу топырақ қарашіріндісінің 25-30% жоғалуына алып келді. Тіптен кейбір жер телімдері жарамсыз болып қалды. Жыртылған жерлер мен тұщы су қорының азаюы, тұзданған топырақ көлемінің артуы дақыл өнімділігіне кері әсерін тигізіп, экологиялық мәселелер туындатады [1,2, 3].


Антропогенез салдарынан қара топырақ қасиеттерінің өзгерісін ашып көрсету мақсатында зерттеу салыстырмалы түрде тың және егістік жерден алынған оңтүстік қара топырақтарына жүргізілді.

Оңтүстік карбонатты қара топырақтар тұз қышқылында беткі қабатынан бастап қайнайды, карбонаттардың сұр дақтар және ақкөздіктер түрінде 17-60 см тереңдікте байқалады. Тың топырақтарда А қабатының қалыңдығы 17-20 см аралығында, А+В қабаты – 42-60 см, төмен қарай ауыспалы қабат жатыр. Тың топырақтардың қарашірінділі қабатының түсі күңгірт –сұр, түйіртпектілігі шанды –кесекті, ал жыртылған топырақ қабаттары кесекті – шанды. Топырақ қабатында тілімдену сипаты айқын байқалады, жыныс сыналары жоғары 20-35см орналасқан.

Гранулометриялық құрамы бойынша зерттеу жүргізілген топырақтар негізінен ауыр құмбалшықты және жеңіл құмбалшықты. Тың топырақтардың беткі қабатында физикалық балшықтың мәні 58,8 – 69,56%. Яғни жеңіл құмбалшықты. Жыртылған қабаттарда бұл мән 49,8 – 63,2% дейін азаяды, гранулометриялық құрамы ауыр құмбалшық. Тұнба және шаң фракцияларынан әсіресе шаң бөлшектерінің (0,05 – 0,001 мм) кескін бойы басым екендігін айта кету керек - 37,7 - 59,2%. Құм фракциялар (1,0 – 0,05 мм) болмашы, көбінесе беткі қабаттарда басым. Оңтүстік қара топырақтар тілімденген, сілтілі, тың жер топырақтарының элювиальды қабаттары шанды-кесекті немесе кесекті-дәнді түйіртпекті, әлсіз тығыздалған. Жыртылған жер топырақтары тығыз, кесекті-шанды немесе майда және берік емес кесекті.

Солтүстік Қазақстан топырақтарының суға беріктігі талдау Саввинов әдістемесі бойынша, 2 рет қайталануы бойынша жүргізілді. Тың жер топырағында беткі қабаттарында суға төзімді агрегаттардың пайызы 64,38-66,46% шегінде ауытқиды, дара дақылды өсіруге қолданыстағы топырақтарда төмен. Тың топырақтың барлық фракциялар >10 мм-ден <0,25 мм-ге дейін сақталған. Егістік алқаптарында >10 мм; 10-7 мм фракциялар мүлдем жоқ; 7-5 мм фракциялар аз мөлшерде. Жыртылған топырақтағы суға төзімді агрономиялық құнды агрегаттардың мұндай күрт төмендеуі ауыр техниканың (жыртыу, себу, жинау), сулы-эрозиялық үдерістердің әсерінен (10-нан 30-қа дейін еңіс) және қоректік элементтерді өсімдіктермен шығын болуына байланысты (сурет 1,2).

Топырақ кескіні күрт білінетін тілімшелермен және топырақ түзуші жыныстың сыналарының жоғары орналасуымен сипатталады. Осыған байланысты кескін бойынша органикалық заттардың таралуы өте біркелкі емес. Тың топырақтардың беткі элювиальды қабатында қарашірінді мөлшері 4,00 - 5,04% аралығында. Жыртылған топырақта оның мөлшері күрт азаяды 2,99- 3,79%, дейін, яғни қарашіріндінің азаюы 30% дейін. Сонымен қатар, 40-60см тереңдікке дейін тың топырақтарда 1,72-2,33%, ал жыртылған жер топырақтарында 1,92%-дан 2,12%-ға дейін азайғаны байқалады.



1-сурет— Фракциялар мөлшері (тың жер) 2-сурет - Фракциялар мөлшері (егістік жер)

Тың жер топырақтарында карбонаттар 2,27 – 2,41% аралығында, тереңге қарай 1,71-тен 4,55% дейін артады. Егістік жер топырақтарында CO<sub>2</sub> мөлшері біршама төмен 1,92-2,75%, бірақ тың жер топырақтармен салыстырғанда (3,14 - 4,01%) жыртылған жер топырақтарында төменгі қабатқа қарай карбонаттар мөлшері артады 3,66 – 5,58% . Топырақтар сілтілі, беткі қабатындағы рН 8,35 – 8,58 аралығында, төменгі қабаттарды 8,45 – 8,66 дейін артқан.

Азот. Топырақтағы жалпы азоттың мөлшері топырақтың қарашіріндімен қамтамасыз етілу дәрежесіне байланысты өзгереді. Топырақтар жалпы азотпен орташа қамтамасыз етілген. Тың аз қарашірінділі оңтүстік қара топырақтардың беткі 0-20см қабатында азот мөлшері 0,154 – 0,280% - орташа қамтамасыз етілген. Егістік алқаптарындағы топырақтарда азот мөлшерінің жоғалуы тың топырақтармен салыстырғанда 19,36% құрайды. Аз қарашірінділі оңтүстік қара топырақтағы жалпы азоттың мөлшері тереңге қарай (40-70см) азаяды 0,140-0,112 (тың жер) және 0,128-0,084% (жыртылған жер).

Гидролизденетін азотпен зерттелінген топырақтар төмен қамтамасыз етілген. Азоттың жылжымалы түрінің ең жоғарғы мәні тың жер топырақтарының беткі элювиальды қабатында шоғырланған – 39,2- 64,4 мг/кг. Тереңге қарай жылжымалы азот қоры біртіндеп азаяды - 47,6- 30,8 мг/кг. Дара дақыл астындағы ұзақ қолданыстағы топырақтарда қоректік элементтердің ауыл шаруашылық дақылдарымен шығын болуы, жауын және еріген қар суларымен шайылуы, салдарынан 0-20 см қабатында азаяды – 36,4-44,6мг/кг. Жылжымалы азоттың бастапқы мөлшерінен төмендеуі 14,7%.

Фосфор. Топырақта құрамында түрлі фосфоры бар минералдар және басқа да фосфор қосылыстары кездеседі, соның ішінде гидроксил - және фторапатит, бір жарым тотықтар мен кальций фосфаттары, фосфордың органикалық қосылыстары және фосфаттардың топырақтық коллоидтармен сорбция нәтижесінде пайда болған әртүрлі күрделі қосылыстар. Топырақтың әртүрлі типтерінің құрамында фосфорлы минералдар басым. Бейтарап, негіздермен қаныққан топырақта, темір мен алюминийдің негізгі фосфаттарына қарағанда сіңілетін екіншілік кальцийлі фосфаттар басым [4]. Аз қарашірінділі оңтүстік қара топырақтар жалпы фосформен орташа қамтамасыз етілген. Ең жоғары мөлшері 0-20см қабатта шоғырланған - 0,09 – 0,12%, тереңгі қабатқа қарай жалпы фосфор мөлшері азаяды, мәні болмашы – 0,09-ден 0,07%-ға дейін.

Тың жердің оңтүстік қара топырақтары жылжымалы фосформен төмен немесе орташа қамтамасыз етілген (4,0-ден 28,0 мг/кг). Жылжымалы фосфор мөлшері 28,0-16,0аг/кг орташа қамтамасыз етілген, бұл мөлшер тек тың топырақтардың беткі қабатында ғана кездеседі.

Игерілген аз қарашірінділі оңтүстік қара топырақтар 0-20см қабатында жылжымалы фосформен төмен қамтамасыз етілген 3,0 – 9,0 мг/кг, кей кездері нде 0-11 см қабатында жылжымалы фосфор мөлшері 22,0мг/кг дейін, ал әрі кескін бойы төменгі қабатқа қарай күрт азаяды - 4,0-тен 2,0 мг/кг дейін.

Егістік жер топырақтарында жалпы және жылжымалы фосфордың жоғалуы байқалмайды, кей жағдайларда тіптен тың жер топырақтарына қарағанда мәні жоғары, бұны агрохимиялық шараларды жүргізумен түсіндіруге болады.

Калий. Топырақтарда калий негізінен алюмосиликаттарда үш түрде кездеседі – суда ерігіш, алмаспалы және алмаспайтын. Топырақта калийдің болуы синтездеу жүйелерінің жоғары қабілеттілігіне себепші болады, өсімдік тіндеріндегі тотығу үдерістерінің қарқындылығын арттырады, өнімнің сапасын жақсартады.

Аз қарашірінділі оңтүстік қара топырақтарда жалпы калий мөлшері жеткілікті (1,81 – 2,12%) тереңге қарай болмашы азаяды (1,81–2,06%). Тың және егістік жер топырақтарының кескін бойы ерекше дифференциациясы байқалмады.

Аз қарашірінділі оңтүстік қара топырақтарда жылжымалы калий мөлшері өте жоғары 550 - 1000мг/кг. Зерттелетін топырақтағы калий мөлшері оның минералогиялық

құрамымен, атап айтқанда құрамында калий бар минералдардың болуымен түсіндіріледі: гидрослюд, дала шпаттары және т.б. [5,6].

Жыртылған жер топырақтарында жылжымалы калийдің болмашы шығын болғаны байқалады 450-800мг/кг құрайды. Ұзақ мерзім ауыл шаруашылығында пайдаланыстағы топырақтарда жылжымалы калийдің азаюы 19,36 %, құрайды, дегенмен де бұл шығын мөлшеріне қарамастан топырақтар жеткілікті қамтамасыз етілген.

Сіңірілген негіздер. Алмаспалы негіздер жиынтығы тың және егістік топырақтарында болмашы ерекшеленеді. Бұл топырақтарда мәні 29,26 – 29,4 мг/экв құрайды, кескін бойы өзгерісі болмашы, тереңге қарай 40 – 70 см қабатта 28,4 – 38,91 мг/экв жетеді. Алмаспалы негіздер құрамы магнийлі - кальцийлі, сирек жағдайда кальцийлі.

Кей жағдайда аламспалы магнийдің жоғары мәні байқалады. Алмаспалы натрийдің мәні жалпы негіздер жиынтығының 0,7 – 1,12% құрайды .

Топырақтың тұздануы. Топырақтарда жеңіл еритін тұздардың мөлшері болмашы, топырақтар тұзданбаған. Кескін бойы тұздардың жиынтығы 0,056-0,08%-ға жуық. Көбінесе тұздану химизмі кальцийлі, хлоридті – сульфатты – кальцийлі, хлоридті – кальцийлі.

Сонымен карбонатты оңтүстік қара топырақтарды ауыл шаруашылығында дара дақылдар егуге ұзақ мерзім пайдалану салдырынан суға төзімді агрегаттарының 2 есеге дейін төмендеуіне алып келген. Антропогенді факторлардың әсерінен топырақтың беткі қабатында қарашіріндінің азаюы байқалады. Орташа қарашірінділі оңтүстік қара топырақтарды зерттеу ұзақ мерзім пайдаланылған топырақтардың беткі қабаттарының тығыздалуы, су-физикалық қасиеттері мен химиялық қасиеттерінің нашарлауы, ауылшаруашылық дақылдарымен шығын болуы салдыранан азоттың жалпы түрі -19,4 - 41,0% және жылжымалы түрлерінің – 14,0-16,0 мг/кг дейін айырылғанын көрсетеді

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Токсеитова Г.А. Микроморфология целинных и освоенных черноземов южных карбонатных Северного Казахстана // Почвоведение и агрохимия. -№2, 2008,-С. 36-42.
2. Хусаинов А.Т., Сейдалина К.Х. Мониторинг гумусового состояния черноземных почв Северного Казахстана // Почвоведение и агрохимия. -№2, 2008,-С. 45-48.
3. Munir, Neelma; Abideen, Zainul; Sharif, Nadia. Development of halophytes as energy feedstock by applying genetic manipulations// Frontiers in life science, -Том: 13 -Выпуск: 1 Стр.: 1-10. Опубликовано: JAN 1 2020.
4. Хейфец Д.М. Методы определения фосфора в почве. В кн.: «Агрохимические методы исследования почв». М.: 1965, -С.83-128.
5. Султанбаев Е.А. Минералогические исследования тонкодисперсной части почв Казахстана. В ст. «Успехи почвоведения в Казахстане», изд:«Наука» КазССР, Целиноград, 1974 -С. 65-77.
6. Боровский В.М. Геохимия почв Казахстана.- М.: Изд-во «Наука», 1978 -192с.

## НЕИНФЕКЦИОННЫЕ ЗАБОЛЕВАНИЯ ТЮЛЬПАНОВ В УСЛОВИЯХ БОТАНИЧЕСКОГО САДА ГОРОДА НУР-СУЛТАН

Конысбаева Д.Т., к.б.н., доцент

Аралова А.Н., магистрант

Казахский агротехнический университет им. С. Сейфулина, г. Нур-Султан

Успешное развитие цветочно-декоративных растений во многом зависит от правильного выращивания. Повреждение тюльпанов болезнями снижает их декоративность и может вызвать гибель. Чтобы правильно решать вопросы защиты растений, нужно уметь распознавать симптомы болезней тюльпанов и знать их причины возникновения.

Причина возникновения неинфекционных заболеваний чаще кроется из-за влияния биотических и абиотических факторов, а так же в несоблюдении правил ухода за растениями. Нами выявленные неинфекционные заболевания поражают отдельные кусты тюльпанов [1,2,3].

Исследуемые сорта: Tulipa L.: BlackHero, Littlebeauty, Sundowner, TexasGold привезены из Голландии.

*Antonette*. Тюльпан Антуанетта относится к многоцветковым сортам. У этого сорта на одном стебле обычно расцветают 4-6 цветков. Цветет тюльпан этого сорта в мае, образуя букет шикарных высоких бокалов высотой 6-8 см. Цвет тюльпана Antoinette из желтого, белого и розового оттенка. Продолжительность цветения: 10-15 дней.

*BlackHero*. Тюльпан (махровый поздний) – БлэкХироу. один из самых необычных, сортов махровых поздних тюльпанов. Оригинальность этого сорта в цветебутоне, который имеет насыщенно-бордовый окрас. Сам цветок небольшой – 8 см в диаметре и высоте. Стебель крепкий, устойчивый. Листки некрупные, гладкие.

*LittleBeauty* относится к видовой разновидности тюльпанов, зацветает в мае, обычная длительность цветения 10-12 дней. Бутоны пурпурные с фиолетово-синей серединкой, диаметр 6-8 сантиметров, форма бокаловидная, раскрытая. Цветоносы вытягиваются 20-30 сантиметров в высоту.

Sundowner - принадлежит группе поздних махровых. Цветок окрашен в два цвета – золотисто-желтая окраска лепестков с красным обрамлением. В процессе вегетации цвет перетекает в огненно-красный. Высота стебля взрослого растения достигает 50 см. Цветет Sundowner во второй половине мая.

TexasGold. Тюльпаны попугайные. Форма: бокаловидная. Окраска: ярко желтая. Высота бокала: 10 — 11 см. Диаметр бокала: до 8 см. Высота растения: до 45 см. Сроки цветения: начало — середина мая.

### Неинфекционные болезни тюльпана

К часто встречаемым неинфекционным болезням тюльпанов можно отнести: опрокидывание цветков, замирание бутонов, известковые пятна на луковицах, пестролепестность тюльпана, бактериальная гниль тюльпанов, фузариозное увядание тюльпана, ризоктониозная гниль тюльпана, серая гниль тюльпана, сине-зеленая гниль тюльпана.

В период одногодичного исследования 5-ти сортов тюльпанов нами были выявлены следующие неинфекционные болезни: вымерзание луковиц, бактериальная гниль тюльпанов, серая гниль тюльпанов, камедетечение луковиц (таблица 1).

Камедетечение луковиц. На мясистых чешуях луковиц появляются пузырьки, наполненные светлой или коричневой жидкостью, которая вытекает через трещины коры. Позднее жидкость затвердевает. При посадке слабо поврежденных луковиц растение развивается нормально.

Причиной появления этой болезни является высокая влажность почвы в конце вегетации. Заболевание усиливается при наличии механических повреждений на луковицах и при их хранении в больших группах, т.к. в этом случае выделяется большее количество



этилена.

Таблица 1 - Учет переносимости болезнями

Сорт	Повторность	Дата учета	Фаза развития растений	Название болезни	К-во учетных Растений, луковиц, шт.	Степень поражения (балл)					К-во пораженных растений, шт	Распространенность, %	Интенсивность поражения, %
						0	1	2	3	4			
Little Beauty	1	16.06	вегетация	Вымерзание луковиц	150			2			8	5,3	5
Black Hero	3	16.06	вегетация	Бактериальная гниль тюльпанов	150			2			25	17	17
Sondower	1	19.06	вегетация	Серая гниль тюльпана	150			2			20	13	13
Texas Gold	2	19.06	вегетация	Вымерзание луковиц	150		1				10	7	7
Antoinette	3	19.06	вегетация	Камедетечение луковиц	150				3		61	41	41

Меры борьбы. Неинфекционные болезни тюльпана можно ограничить строгим соблюдением правил выгонки, при которой используются хорошо вызревшие и правильно хранившиеся луковицы.

**Бактериальная гниль тюльпанов.**

**Симптомы.** Луковицы повреждаются как во время хранения, так и в период вегетации. На них развивается мокрая пятнистость со специфическим неприятным запахом. Сначала пораженные луковицы светлого цвета, затем становятся темно-бурыми и превращаются в мягкую слизистую гниющую массу. Основание листьев и цветоносов ослизняются, края листьев желтеют, закручиваются и засыхают, а бутоны не раскрываются.

**Возбудитель.** Бактерия *Curtobacterium flaccumfacien spv. Oortii* (Saaltink&Maast Geesteranus) Collins&Jones – грамположительная, относящаяся к так называемым разветвленным бактериям (класс *Thallobacteria*). Цикл развития. Инфекция сохраняется в растительных остатках, находящихся в хранилищах. Распространение инфекции происходит каплями воды и водой для полива. Развитие болезни зависит от условий развития растений и условий хранения луковиц (высокая температура 25-30оС) усиливается при уборке луковиц, из за механических повреждений усиливающее проникновение бактерии.

Необходимо, обеспечить сбалансированный водный режим, а хранить луковицы – при низких положительных температурах.

**Фитофторозная корневая и базальная гнили тюльпанов**

**Симптомы.** Внешние признаки болезни проявляются в быстром увядании и гибели растений. На базальной части стебля или на корнях развиваются темные, вдавленные пятна, которые постепенно разрастаются вверх. Чаще они локализованы на подземных частях растения. На пятнах часто развивается нежный серый налет гриба.

**Возбудитель.** Возбудителями заболевания являются грибы *Phytophthora cryptogea&Lal.* и *Pherythrosetica Pethybr.* Конидиеносцы длинные, одноклеточные и бесцветные. Конидии обратногрушевидные, одноклеточные, 24-50 x 17-30 мк. Ооспоры шаровидные, темно-бурые, около 25 мк в диаметре. Грибы широко распространены.

**Цикл развития.** Возбудители фитофторозной корневой и стеблевой гнилей тюльпана сохраняются в зараженных остатках в почве в виде ооспор.

Условия развития болезни. Замедленное развитие механической ткани- густая посадка и этиолирование растения, переувлажнение, высокая температура, обильное органическое удобрение и т.д., провоцируют сильное развитие фитофторозной корневой и стеблевой гнили. При наличии разницы в температуре воздуха и субстрата более чем 6-8 градусов считается сильное развитие болезни.

Меры борьбы. Выбор легких, фильтрующихся почв и проветриваемых мест для выращивания тюльпанов и обеспечивающего растениям хорошую аэрацию. Обязательно обеззараживание почвы и почвенной смеси базамидом Г (500—600 кг/га) или формалином – 2 % (1500-2000 л/га). Поддержание оптимальных воздушного и водного режимов при выращивании культуры. При появлении болезни полив прекращается, а растения подсыпаются сухой почвой. Рекомендуются полив фунгицидами: ридомил МЦ 72 СП 0.25 превикур 607 СЛ 0.15 %, проплант 0.1 %, которые, в зависимости от влажности почвы, используются в дозе 3-5 л/кв.м.

Серая гниль тюльпана

Симптомы. Признаки болезни развиваются на всех частях растений. На листьях образуются мелкие, водянистые пятна, которые быстро разрастаются и приобретают бурую окраску. Цветки часто перестают расти и не раскрываются. На лепестках образуются мелкие бесцветные, затем буреющие пятнышки. Возбудитель является Гриб *Sclerotium tulipae* Lib. С конидиальной стадией *Botrytis tulipae* (Lib.) Lind. образует конидиеносцы, вертикально направленные вверх, единичные, расширенные у основания, буро-серые, постепенно приобретающие более светлую окраску, а наверху бесцветные. Верхняя часть конидиеносцев разветвлена и завершается вздутием. Конидии шаровидные или эллипсоидальные, серые, 9-22 x 8-13 мк. Склероции сначала белые, затем темнеют, 1-2 мм.

Цикл развития. Гриб сохраняется на растительных остатках в виде конидий и склероциев, образующихся на основании стебля, черешках листьев, листьях и в почве в течение 1-2 лет. Конидии и склероции прорастают паразитическим мицелием. Распространение патогена совершается по воздуху, с каплями дождя, зараженными растительными остатками и почвой.

Условия развития болезни. Интенсивное развитие болезни наблюдается при повышенной влажности воздуха или при сильном поверхностном увлажнении растений при поливе, листовой подкормке микроэлементами или при обработке регуляторами роста. Благоприятной для развития патологического процесса является температура от 0 до 30 градусов, с оптимумом 20-23 градуса.

Меры борьбы. Необходимо проведение всех агротехнических мер, гарантирующих оптимальные водный, воздушный и температурный режимы растений, а также избежание переувлажнения. Сбалансированное удобрение, особенно фосфором и калием. При появлении первых признаков болезни и благоприятных условиях для развития патологического процесса можно проводить обработки фунгицидами, такими как ронилан ФЛ 0.15 %, ровраль 50 СП 0.15 %, сумилекс 50 НП 0.1 %, фундазол 50 СП 0.1 %. Обеззараживание луковиц в течение 30 мин в растворе фундазола 50 СП 0.15 % или топсина М 70 СП 0.15 %

### Список литературы

1. Wang Huimin Zhao Yaping Wang Siyuan Yu., Comparative physiological and metabolomic analyses reveal natural variations of tulip in response to storage temperatures: 22 January 2019
2. Иващенко А.А. Тюльпаны и другие луковичные растения Казахстана. - Алматы: 2005 - 192 с
3. Коньсбаева Д.Т., Мусынов К.М., Абильдинов А.З., Горбуля В.С., Утельбаев Е. А., Шаймуханбетов Б.Т. Растения реакционно-декоративных местообитаний Г.Астаны и меры их защиты от болезней и вредителей: КазАТУ им. С. Сейфулина, 2018. - 230 с.

## ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА КҮРІШ ӨНІМІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНА ТОПЫРАҚ ЖАҒДАЙЛАРЫ МЕН ТЫҢАЙТҚЫШТАРДЫҢ ӘСЕРІ

*Р.Ш. Кузданова, аға оқытушы*

*Н. Жайлаубайқызы, студенті*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр Сұлтан қ.*

Күріш – ауыл шаруашылығының ежелден келе жатқан дақылы, дәнділер класына жатады. Жер бетінде өндірілетін күріш егілетін ауданы және өнімділігі бойынша екінші орында. Күріш жер шарындағы адамдардың жартысының азықтық қорегі болып табылады.

Күріш өнімділігін арттырудың басты жолдарының бірі - күріштің ауыспалы егіс айналымында қолайлы гидромелиоративтік жағдайын реттеп, топырақты өңдеудің оңтайлы мелиоративтік тәсілдерін және себу тәсілдерін анықтау [1].

Қазақстандағы күріш өсіру бойынша ең үлкен аймақтың бірі – Сыр өңірі. Сыр өңірі өте ерте дамыған суармалы егіншілік аймағына жатады. Б.з.б. 5000-4000 жылдарда егін шаруашылығы дамыған, оны ежелгі антик, грек, парсы ғалымдары өз зерттеулерінде дәлелдеген. Қызылорда облысында күріш шаруашылығын дамыту туралы оның тарихы жөнінде мағлұмат берген белгілі тарихшы, ғалым М.К. Кереев болды. Оның «Город на Сырдарье» атты кітапшасында күріш шаруашылығына қысқаша тоқталып өтеді [2].

Зерттеу жүргізілген Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты Қызылорда қаласынан 8 шақырым қашықтықта орналасқан.

Тәжірибе танабының топырағы шалғынды-батпақты топырақ типіне жатады. Бұл топырақтар төмен рельефті жерлерде, қамыс өсімдігінің басымдылығы жағдайында топырақ түзуші жынысы пайда болған. Механикалық құрамы жағынан жеңіл құмбалшықтан ауыр балшық аралығында аллювий (1-кесте).

1- кесте - Тәжірибе танабы шалғынды-батпақты топырағының механикалық құрамы

Топырақ қабаты, см	Фракциялар мөлшері, %					Качинский бойынша гранулометриялық құрамы
	Физикалық құм		Физикалық балшық			
	0,25-0,05 мм	0,05-0,01 мм	0,01-0,005 мм	0,005-0,001 мм	<0,001 мм	
0-20	7,4	25,1	17,1	37,7	21,8	Орташа балшық
20-30	5,6	19,3	16,0	36,8	24,6	Орташа балшық
30-60	9,2	32,6	7,7	13,1	18,0	Орташа құмбалшық
60-80	2,4	32,0	20,1	22,7	31,1	Орташа балшық

Топырақ құнарлылығының маңызды көрсеткіші – гумус мөлшері. Ол өсімдіктер мен топырақ микроағзаларының көпшілігінде қоректенудің негізгі көзі болуымен қатар, топырақтың физикалық-химиялық қасиеттеріне оң әсерін тигізеді [3]. Тәжірибе танабы шалғынды-батпақты топырағының агрохимиялық көрсеткіштері: карашірінді мөлшері жоғары қабатта 1,09%, жалпы азот 0,012% және фосфор 0,24%, топырақ қабаты төмендеген сайын олардың мөлшерлері 0,65; 0,005; 0,12%-ке кемиді

Тыңайтқыштар бір және екі кезеңде қолданылды: фосфорды - егістік алдында, азотты - егу алдында және түптеу кезеңінде. Фосфор тыңайтқыштары суперфосфат және фосфорит ұны түрінде, ал азотты тыңайтқыштардан аммоний сульфаты қолданылған. Топырақтағы азот құрамы жоғары дәрежеде жылы кезеңнің метеорологиялық жағдайларына және агротехникалық іс-шараларға байланысты екендігі белгілі. Топырақтағы минералды азоттың көбеюінің ең басты тәсілі тыңайтқыштарды енгізу болып табылады [4,5].

Зерттеу нәтижелері, №1 тәжірибе бойынша топырақтағы жеңіл ыдырайтын азоттың мөлшері күріштің түптену фазасында тәжірибе варианттарында 36,3-52,3 мг/кг аралығында өзгеретінін көрсетті. Бақылау ретінде алынған N120K90 вариантында жеңіл

ыдырайтын азот 36,3 мг/кг болды, бұл топырақтың осы формадағы азотпен өте төмен дәрежеде қамтамасыз ететіндігін көрсетеді. Күріштің бүкіл вегетациялық өсу кезеңінде бақылау вариантында топырақтағы жеңіл ыдырайтын азот мөлшері төмен күйінде қалды. Мысалы, «Азофос» тыңайтқыштарының NP-11:11 және NP-10:10 маркаларының N90P90 және N120P120 нормаларын қолданғанда топырақтағы жеңіл ыдырайтын азот мөлшері 45,5-51,2 мг/кг жоғарыласа, аммофосты қолданған варианттарда 47,6-52,3 мг/кг және фосфорит ұны варианттарында 42,4-46,7 мг/кг көтерілді. Бақылаумен салыстырғанда әртүрлі тыңайтқыштарда қолданған варианттарда жеңіл ыдырайтын азоттың мөлшері - 6,1-16,0 мг/кг жоғарылайтындығы анықталды.

Фосфор органикалық және минералды қосылыстар түрінде болатын өсімдіктер өмірінің маңызды элементі [6]. Топырақтың жылжымалы фосформен қамтамасыз етілуі оның құнарлылығының басты белгілерінің бірі болып саналады.

Тәжірибе жүргізілген 2015-2019 жылдары топырақтағы жылжымалы фосфордың мөлшері қолданылған тыңайтқыштардың түрлері мен нормаларына тікелей байланысты болды. Мысалы тәжірибенің бақылау вариантында күріштің түптену кезіңінде жылжымалы фосфор мөлшері 20,3 мг/кг болса, ал тыңайтқыштардың әртүрлі формаларын қолданған варианттарда 25,0-33,2 мг/кг аралығында жоғарылады. Күріштің келесі түтіктену, сүттеніп-қамырланып пісу және толық пісу кезеңдеріне қарай өсімдіктің пайдалануына сәйкес оның мөлшерлері айтарлықтай төмендейді.

Түптену кезеңінде жылжымалы фосфордың ең жоғарғы 33,0-33,2 мг/кг мөлшерлері тыңайтқыштардың нормаларын N120P120K90 қолданған варианттарда, яғни «Азофостың» NP-10:10 және аммофос түрінде қолданған кезде қамтамасыз етілді. Ең төменгі 25,0-28,5 мг/кг мөлшерлері фосфорит ұны вариантында анықталды.

Күріштің өнімін жинау кезеңінде жылжымалы фосфордың мөлшері айтарлықтай төмендейді. Оның мөлшері бақылау вариантында 16,5 мг/кг құраса, ал әртүрлі тыңайтқыштарды қолданған варианттарда 19,1-26,2 мг/кг аралығында өзгереді. Тыңайтқыштарды қолданған варианттарда оның түптену кезіндегі заңдылықтары сақталады. Бұл кезеңде ең жоғары 25,7-26,2 мг/кг мөлшерлері Азофостың NP-10:10 және аммофос қолданған варианттарында болды. Басқа варианттарда бұл варианттармен салыстырғанда біршама төмендеу болатындығын байқалды (2-кесте).

2-кесте - Топырақтағы жылжымалы фосфордың өзгеруіне фосфориттен өндірілген тыңайтқыштардың әсері (Тәжірибе №1)

№	Тәжірибе варианттары	Жылжымалы фосфор мөлшері, мг/кг			
		Түптену	Түтіктену	Сүттеніп-қамырланып пісу	Толық пісу
1	N120K90/Na, KCl (бақылау)	20,3	18,1	18,5	16,5
2	N120P120K90/NP-11:11	32,5	29,0	30,5	25,4
3	N90P90K90/NP-11:11	27,8	25,3	26,7	22,2
4	N120P120K90/NP-10:10	33,2	29,6	30,8	25,7
5	N90P90K90/NP-10:10	28,4	26,0	27,4	22,6
6	N120P120K90/ Рамф	33,0	30,0	31,3	26,2
7	N90P90K90 / Рамф	28,1	25,5	27,0	22,4
8	N120P120K90/ Рм	28,5	25,9	27,4	22,7
9	N90P90K90 / Рм	25,0	22,3	23,7	19,1

Тәжірибедегі күріш дақылдың өнімділігі қолданылған азот және фосфор тыңайтқыштарының нормалары мен қолданылған тыңайтқыштардың түрлеріне тікелей тәуелді болды (кесте 3).

3 кесте - Күріштің Маржан сортының өнімділігіне фосфориттерден өндірілген

тыңайтқыштардың әсері, ц/га (Тәжірибе №1, екі жылдық орташа)

№	Тәжірибе варианттары	Өнім, ц/га	Қосымша өнім	
			ц/га	%
1	N120K90/Na, КСІ (бақылау)	38,0	-	-
2	N120P120K90/NP-11:11	53,0	15,0	39,5
3	N90P90K90/NP-11:11	45,0	7,0	18,7
4	N120P120K90/NP-10:10	55,0	17,0	44,7
5	N90P90K90/NP-10:10	48,0	10,0	26,3
6	N120P120K90/ Рамф	54,0	16,0	42,1
7	N90P90K90 / Рамф	46,0	8,0	21,1
8	N120P120K90/ Рм	50,0	12,0	31,6
9	N90P90K90 / Рм	43,0	5,0	13,2
	ЕЕА05,ц/га/Р,%	2,77 2,19		

Қорыта келгенде, қолданылған минералдық тыңайтқыштар күріш өсімдігінің биіктігін, түптену өнімділігін, масақ ұзындығын, 1000 дәннің салмағын айтарлықтай жоғарылатып, жоғары өнімділіктердің қалыптасуына септігін тигізді. Бірінші тәжірибеде бақылау вариантымен салыстырғанда күріш өнімділігінің биіктігі 6-18см, түптену өнімділігі 0,2-0,9 дана/өсімдік, масақ ұзындығы 0,5-6,3 см, негізгі және жанама масақтардағы дән саны 1-9 және 8-19 дана, масақтағы дән салмағы 0,38-0,98 г және 1000 дәннің салмағы 2,0-4,0 г аралығында өзгерді. Бұл көрсеткіштердің ең жоғарғы шамаларын тыңайтқыштардың N120P120K90 нормаларын «Азофос» NP-10:10 маркасы мен аммофос түрінде қолданылған варианттар қамтамасыз етті.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Боровой Е.П., А.А. Душкина А.А. Влияние мелиоративных приемов обработки почвы и способов посева на урожайность риса в условиях сарпинской низменности. - Волгоградский государственный аграрный университет. - №3 (39), 2015. – С. 37-43
2. Қозыбаев М. Казахстан – арсенал фронта. - Алматы: Қайнар, 2013. – 180 б.
3. Гумбаров А.Д., Долобешкин Е.В. Динамика запасов биомассы почвы и ее стабилизация в процессе перехода с биоценоза на агроценоз // Научная жизнь 2019. – С. 204
4. Васильева В.А., Филиппова Н.В. Справочник по органическим удобрениям. - М: Росагропромиздат, 1988. - 255 с.
5. Wang, Y., Shi, P., Ji, R., Min, J., Shi, W., Wang, D. Development of a model using the nitrogen nutrition index to estimate in-season rice nitrogen requirement. - Field Crops Research. - Volume 245, 1 January 2020, 107664
6. Панников В.Д., Минеев В. Г. Почва, климат, удобрение и урожай. - М.: Колос, 1977. - 416 с.

#### АҚМОЛА ОБЛЫСЫ АУДАНДАРЫНЫҢ ТОПЫРАҚТАРЫН АГРОХИМИЯЛЫҚ БАҒАЛАУ

*С.М. Кульжанова, г.ғ.к., қауымд. профессор  
А. Әшірбекова, магистрант*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Елбасы Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 5 қазандағы Қазақстан Халқына жолдауында агроқешенге ерекше мән беріп, агроөнеркәсіп кешенінің әлеуетін толық іске асыру ке-



рек деп тапсырма берді. «Негізгі міндет - еңбек өнімділігін және қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімінің экспортын 2022 жылға қарай 2,5 есе көбейту. Мемлекеттік қолдаудың барлық шараларын елімізге заманауи агротехнологияларды ауқымды түрде тартуға бағыттау керек. Біз икемді әрі ыңғайлы стандарттарды енгізу және ауыл шаруашылығы саласындағы беделді шетелдік мамандарды - «ақылды адамдарды» тарту арқылы саланы басқарудың үздік тәжірибесін пайдалануымыз қажет. Ауыл кәсіпкерлеріне шаруашылық жүргізудің жаңа дағдыларын үйрету үшін жаппай оқыту жүйесін қалыптастырған дұрыс. Үкіметке алдағы 3 жыл ішінде осы мақсаттарға жыл сайын қосымша кемінде 100 млрд теңге қарастыруды тапсырамын» деп тапсырма берді [1].

Егер деректерге қарайтын болсақ, бүгінде елімізде 120 млн гектар жер ауыл шаруашылығына пайдалануға берілген. Оның 40 млн гектары егістік алқап, қалған 80 млн гектары - жайылымдық жерлер болып табылады [2]. Топырақ және ауыл шаруашылығы өнімдерінің арасында химиялық байланыс азық-түлік сапасын бағалау үшін маңызды құралы болып табылады [3]. Сондықтан ауылшаруашылығы дақылдарының өнімділігі биотикалық және физика-химиялық ортада топырақ құнарлығының дәрежесіне, яғни ондағы қоректік элементтер, ауа және сумен қамтамасыз етуіне байланысты [4]. Ауыл шаруашылығында дақылдарды жеткілікті қоректік элементтермен қамтамасыз етіп, аз материалдық шығын шығарып, агроэкожүйедегі дәстүрлі табиғи пайдаланудың негізінде топырақ құнарлығын сақтау негізгі міндет болып саналады. Топырақ құнарлығын арттыруда оның физикалық, химиялық, биологиялық және агрохимиялық қасиеттері ерекшеліктері сараланады. Ал оларды талдау үшін топырақ жамылғысына үнемі агрохимиялық бағалау жүргізіліп отыру қажет.

Агрохимиялық бағалауға топырақтың механикалық, химиялық құрамын қышқылдық дәрежесін, топырақ құрамындағы қарашірік мөлшерін, макро-микро элементтерін және органикалық заттармен қанығу дәрежесін және т.б. зерттеу жатады. Сонымен қатар бағалауда топырақтың физикалық, химиялық, биологиялық және агрохимиялық қасиеттері мен ерекшеліктерін жай-күйін жете зерттеу қажет. Топырақтың агрохимиялық талдауы топырақтың сіңіру қабілетін, ауыр металдардың болуын және қандай да бір тыңайтқыштарды пайдалану қажеттілігін анықтауға мүмкіндік береді.

Гумус немесе қарашірік - топырақ құнарлығын анықтайтын басты көрсеткіштердің бірі болса, ал топырақта азоттың жалпы мөлшері оның құрамындағы органикалық зат, яғни қарашіріндінің мөлшеріне байланысты. Топырақтағы қарашіріндінің 1/20 немесе 5%-ы ғана азоттың үлесіне тиеді. Фосфорлы тамақтандырумен толық қамтамасыз ету өсімдіктердің жедел дамуына, ылғалдың үнемді жұмсалыуына ықпал етеді. Май түзуші процесс өсімдіктерді фосформен жеткілікті қамтамасыз ету кезінде жақсы жүреді. Топырақтағы фосфор мөлшері оның механикалық құрамы мен органикалық заттардың қорына байланысты 0,01-0,2% аралығында болады [5]. В. К. Морозовтың (1978) айтуынша, калий көмірсуларды жапырақтардан тұқымға тасымалдауда белсенді қатысады. Калий жетіспеушілігі сабақтарының өсуін тежейді және жапырақтарының ерте солуына әкеледі.

Ақмола облысының жалпы аудан шаруа қожалықтарында 2002 жылдан 2014 жылға дейінгі агрохимиялық зерттеудің бірінші кезеңі 253,9 мың га немесе 100% егістік алқабында жүргізілді, оның ішінде 2007 жылдан 2014 жылға дейінгі кезеңде 136,4 гектар немесе егістік жерінің 7% жерлерінде жүргізілді. 2015 жылы агрохимиялық зерттеудің екінші кезеңі 142,3 мың га немесе 56,0% егістік жерлерде жүргізілді. Зерттеу нәтижесі бойынша, гумустың аз мөлшері бар топырақ егістік алқаптарының 88,2%, орташа - 11,6% және жоғары - 0,2% егістік жерлер тіркелді. Жалпы облыс аудандарындағы шаруа қожалықтарының топырағы калиймен жақсы қамтамасыз етілген. Ауылшаруашылық дақылдарының құрылымында айырбасталатын аз мөлшерлі калийлі топырақ жоқ. Орташа мазмұндағы топырақ 3,4% және егістік жерлердің 96,6%-ында жоғары болып келеді.

Топырақта жылжымалы фосфордың аз мөлшері 25,2% құрайды. Орташа қамтамасыз ету - 50,2% және жоғары - 24,6%. Топырақты агрохимиялық тексерудің бастапқы кезеңінің нәтижелері облыс егістігінің топырақ құнарлылығының одан әрі төмендегенін көрсетеді. Жалпы облыстың шаруа қожалықтарының егістік топырағындағы гумустың орташа өлшенген мөлшері 3,4% құрайды. Топырақтағы гумус құрамының айтарлықтай төмендеуі топырақтың сулы-физикалық және биохимиялық қасиеттерінің нашарлауына алып келді. Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемінің азаюымен бірге 2005 жылдан бастап 2015 жылға дейінгі кезеңде алқаптарындағы өнімділік 1980-2000 жылдарға қарағанда 4,3 ц/га төмендеді [6]. Топырақты зерттеу және әртүрлі жылдарда жүргізілген топырақ құндылығына негізделген гумустың мазмұнының динамикасын талдау барлық топырақ субзондарында тұрақты төмендеу үрдісін көрсетеді. Біз қарастырған Шортанды ауданының 2019 жылғы жүргізілген зерттеулер нәтижесінде егістік алқаптарының жалпы ауданы 205,49 мың га болды және ондағы гумус мөлшерінің 4 %-ға жетпейтін үлесі 97%, жеңіл гидролизденетін азот мөлшері 18,5% төмен, орташа -27,3 %, фосфор 62,6% төмен, калий 0,31% болып отыр. Салыстырмалы облыстың басқа аудандарының топырақтағы гумус құрамы Егіндікөл (28,1%), Астрахань (26,3%) және Қорғалжын (22,9%) аудандарында соңғы 20-25 жылда айтарлықтай төмендеу байқалды. Ең төмен нәтиже көрсеткен Целиноград (10,8%) және Сандықтау (11,5%) аудандарында болып табылады. Облыстың басқа аудандарында бұл көрсеткіш 14,1% -18,2% аралығында. Соңғы 20-25 жылдары облыстың жер аумағы бойынша алынған мәліметтерді талдауда байқағанымыз гумустың мөлшерінің төмендеуі негізінен антропогендік факторлармен, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологиялық процестерін бұзумен байланысты [7,8].

Минералды тыңайтқыштарды қолдану көлемінің азаюынан өнімділік мөлшерінің төмендеуіне әкеліп отыр. Сондықтан республикамыздың барлық аудан шаруа қожалықтары егістік немесе жайлым жерлерін толыққанды агрохимиялық бағалау жүргізіп отыру қажеттігі туындап отыр. Қорыта айтқанда, егістік топырақтардағы агрохимиялық көрсеткіштердің жай-күйі ұсынылған талдау элементтердің өзара, құрылымдарының іс-қимыл нәтижелерін анықтауға ғана емес, сондай-ақ осындай күрделі және жеткілікті зерттелмеген табиғи объект қызметінің функционалдық аспектілерін белгілеуге сонымен қатар топырақ түзілу процесінің мәселелерін объективті және тиімді қарауға және алынған нәтижелерді практикада ұтымды қолдануға мүмкіндік береді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. «Егемен-ақпарат». Аграрлық университетте өткен кеңес 17-сәуір, 2015.
2. «Алаш айнасы» басылымы, шығарылған мерзімі 16-мамыр, 2015. «Жайылымдық Жерлер» туралы жеке заң қажет атты Нұрғиса Елеубеков мақаласынан
3. Pisciotta A, Tutonel, Saiano F. Distribution of YLOID in soil-grapevine system (Vitivinifera L) as tool for geographical characterization of agro-food products. // A two years case study on different grafting combinations. Т.221-С.1214-1220.
4. 125. Романова Т.А. Плодородие и продукционная способность почв // Матлы Международ, научн.- практ. конф., посвящ. 80-летию основания ин-та, «Плодородие почв и эффективное применение удобрений». Минск, 2011. С. 106-108.
5. Е.Т.Нұрманов/Агрохимиялық зерттеулер: Оқу құралы. – Астана, 2009., 92-101 б.
6. Web портал, районных акиматов и государственной учреждений Акмолинской области, шығарылған мерзімі 08-тамыз, 2016. «Агрохимическое состояние плодородия почв района» атты В.Бурыков мақаласынан.
7. «Акмолинская правда» басылымы, шығарылған мерзімі 30-желтоқсан, 2015. «Забота о плодородии почв» атты Қарыбай Шалабаевтың мақаласынан.
8. Республиканское государственное учреждение «Республиканский научно-методический центр агрохимической службы» «Содержание элементов питания и гумуса в ос-

новых типах почв в северном регионе Республики Казахстан по результатам агрохимического обследования за 2007-2016 гг.».

## **АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ҚЫЗЫЛСУАТ ЕЛДІ-МЕКЕНІНДЕГІ КҮҢГІРТ ҚАРА-ҚОҢЫР ТОПЫРАҒЫНЫҢ АГРОФИЗИКАЛЫҚ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ФИТОМЕЛИОРАЦИЯ ӘСЕРІ**

*С.М. Кульжанова, г.э.к., қауымд. профессор*

*А.Б. Муканова, магистрант*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақстанның барлық аймақтарында топырақтағы қарашірінді, қоректік заттар мен өсімдік өнімділігінің төмендеу тенденциясы байқалады. Соңғы 60 жылда топырақтағы қарашірік мөлшері суарылмайтын аймақта оның бастапқы құрамының үштен біріне азайды. Ауылшаруашылық дақылдарының түсуімен қоректік заттар жыл сайын топырақтан бөлініп шығады, ал оларды алу тыңайтқыштар енгізгеннен жүздеген есе асып түседі.

Республикалық агрохимиялық қызмет ғылыми-әдістемелік орталығының соңғы агрохимиялық зерттеулерінің нәтижелері бойынша суарылмайтын жерлердегі гумус мөлшері төмен топырақтар 63% құрайды.

Қазіргі уақытта Ақмола облысында тозу және антропогендік шөлдену процестері күннен-күнге күшейе түсуде. Топырақтың құнарлылығы төмендейді, екінші кезекте сортаңды және ластанған жерлер өсуде. Мұның бәрі топырақтың мелиоративті күйінің нашарлауына, олардың құнарсыз жерлерге айналуына және топырақ құнарлылығының төмендеуіне және егістік жерлердің өнімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Бастапқы өсімдік жамылғысын қалпына және өздігінен қалпына келтіру қабілетін жоғалтқан жерлерді фитомелиорация–деградацияланған экожүйелердің көпжылдық шөптерді өсіру арқылы қалпына келтіру шарасы қолданады.

Фитомелиорацияның топырақ қасиеттеріне әсерін зерттеуді Ресей ғалымдары жүргізді. Зерттеу жұмыстары Туртова Л.Н., Костенкова Н.М., Киселева И.В., Емельянова А.В. Приморье агрогендік топырақтарында фитомелиоранттардың екпелері агротехникалық қарашірік қосалқыларының құнарлылығына оң әсер ететіндігін көрсетті.

Сонымен қатар өз жұмысында Макаричев С.В. фитомелиорацияның әсерінен топырақ құрылымы жақсарды деген тұжырымға келді, өйткені жаңадан пайда болған гумин қышқылдары суға төзімді агрегаттардың пайда болуына ықпал етті. Сонымен, сидеральды жұптағы осындай агрегаттардың саны 74% болды, бақылауда тек 34% болды.

Қазіргі таңда біздің және ресей ғалымдарының фитомелиорациялық зерттеулер жайылымдық жерлерде кеңінен жүргізіліп жатыр. Сонымен қатар фитомелиорация шөлейттенуге қарсы шара ретінде қолдануда. Мысалы, Ресейде Қалмакия республикасының Яшкөл ауданының аумағында жүргізілген зерттеу бойынша *Calligonum arhyllum* көшеттерінің өсу мен тамырлануының бастапқы кезеңінде құмдардың қозғалуына механикалық тосқауылдар жасау арқылы шөлейттенуге, жайылымдардың антропогендік деградациясына қарсы тұру мәселелерін шешуге бағытталған. Бұл әдісті қолдану *Calligonum arhyllum* көшеттерінің өмір сүру деңгейін едәуір арттырды (30-дан 70% -ға дейін), және, сәйкесінше, фитомелиоративті жұмыстың тиімділігін арттырды.

2015 жылдан бастап біз Ақмола облысы Целиноград ауданының қара-қоңыр топырақ жамылғысында зерттеу жүргіздік. Ақмола облысының дала зоналары ауылшаруашылық өндірісінің ұзақ мерзімді әсеріне байланысты табиғи ландшафттардың антропогендік деградациясының ең жоғары деңгейімен сипатталады. Қазіргі уақытта аймақтың дала аймақтық табиғи-аумақтық кешендерінің агроландшафтқа айналуы байқалды. Бұл процесс жағымсыз процестердің белсенділігімен қатар жүреді: топырақ құнарлылығының төмендеуі, ландшафттардың табиғи ресурстық әлеуетінің төмендеуі, даланың табиғи

биоалуантүрлілігі жоғалды, фитоценоз деградацияланған жерлерде 4-5 өсімдік түрлерімен жиі кездеседі. Деградацияға ұшыраған топырақтың беті құрылымын жоғалтады, тегіс емес, жел мен су эрозиясына оңай ұшырайды.

Зерттелетін топырақтың қасиеттерін жақсарту үшін дәнді және бұршақты шөптердің көпжылдық шөп қоспаларын егумен далалық тәжірибе жүргізілді. Қызылсуат елді – мекеніндегі күңгірт кара-қоңыр топырақ құрылымының құрылуына көп жылдық шөптер, әсіресе қуатты тамыр жүйесі бар бұршақты-дәнді және дәнді шөп қоспалары қолдану үлкен әсер етеді. Бұл ретте су өткізбейтін және агрономиялық құнды агрегаттардың мөлшері 0,25-10 мм және топырақтың құрылымдылық коэффициенті жоғарылайды. Топырақ тығыздығының жоғарылауы шөптердің тығыздығы мен ұзақтығына байланысты. Топырақ тығыздығының өзгеруі топырақтың жоғарғы қабатында байқалады және 1,1-1,3 г/см<sup>3</sup> шегінде ауытқиды. Топырақтың төменгі қабаттарында (20-40 см) 1,4-1,5 г/см<sup>3</sup> дейін күшті тығыздылықты көрсетті. Топырақтың кеуектілігі көктемде 47-55%, ал күзде 46-52% өзгерді. Ол топырақтың төменгі қабаттарында әлсіз өзгергені байқалды. Биологиялық үгілу нәтижесінде қатты тау жыныстарынан қопсыған, ылғал сіңіргіштік, су өткізгіштік қасиеті бар ұнтақталған жыныстар пайда болады. Осы қопсыған, ұнтақталған жыныстарға тірі организмдер қоныстана бастаған уақыттан бастап олардың денесіне керекті заттар өсімдіктер мен микроорганизмдердің таңдамалы сіңірулерінің нәтижесінде көлемді геологиялық айналымнан кіші биологиялық зат айналымына көшеді. Органикалық заттар суда нашар еритін болғандықтан, бұл заттардың қоры жыл сайын молая береді. Сонымен қатар құрамында қоректік заттары жоқ тау жынысы тірі организмдер мекендегеннен кейін қоректік биофильді минералды және органикалық азотты заттардың қорына айналады. Басқаша айтқанда, құнарсыз тау жынысының орнына құнарлы топырақ пайда бола бастайды. Топырақтың агрофизикалық қасиеттері де өзгеріске ұшыра бастады. Яғни, топыраққа енгізілген көп жылдық шөптесін өсімдіктердің маңызы орасан зор.

Қазіргі кезеңде жерлердің жүйесіз пайдалану мен басқа да келеңсіз жағдайлардың салдарынан жерлердің тозуы белең алып, соның салдарынан олардың өнімділігі төмендеуде. Сондықтан да жарамсыз жерлерді қайта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу қажет. Әрине, ол адамзаттың басты қағидасының бірі болып табылады. Ауыл шаруашылық алқаптың жерлеріндегі топырақтың құнарлылығын жоғарлату мақсатында түрлі зерттеу мекемелері жұмыс жасап, ат салысуда. Сол себептен де, біз келешекте жасыл экономикаға бет бұрған ел ретінде айқын, сауатты бағыт-бағдар құра білуіміз керек. Бұл ретте жерлерді тиімді пайдалану, көпжылдық шөптер себу, тозған жерлерді қалпына келтіру маңызды шара болып табылады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Казбеков А. Охрана и рациональное использование земельных ресурсов. – Кокшетау, 2005. – 210 – 215 с.

2 Горчаков Я.В., Дурманов Д.Н. Мировое органическое земледелие 21 века. Монография,- М.: 2002 г., 402 с.

3 Пуртова Л.Н., Костенков Н.М., Киселева И.В., Емельянов А.Н. Влияние фитомелиорации на показатели плодородия агрогенных почв Приморья // Современные проблемы науки и образования. – 2015. – № 5.;

4 Макарычев С.В. Влияние на улучшение теплофизического режима солонцовых почв сухостепной Алтайского района / Вестник Алтайского государственного аграрного университета. №9 (143), 2016.

5 N LTsagan-Mandzhiev. Agrobiological method of phytomelioration of degraded pastures using the cuttings of calligonum aphyllum and roll coulisses. - 2020 IOP Conf. Ser.: Earth Environ. Sci. 422 012130



## АНАЛИЗ ФИТОСАНИТАРНОГО РИСКА ВРЕДНОГО ОРГАНИЗМА - КОРИЧНЕВОЙ ЩИТОВКИ (*CHRYSOMPHALUS DICTYOSPERMI*)

*Поклонская Э.А., докторант  
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г.Нур-Султан*

С развитием международных связей, а также различных видов транспорта, особенно торговли продукцией сельскохозяйственного и лесного производства, основной задачей фитосанитарной службы является предотвращение проникновения и распространения опасных вредителей и возбудителей болезней, представляющих опасность для сельского хозяйства Республики Казахстан.

N90	46,7	41,5	46,1	44,8	11,5	34,5	12,8
N90+30	47,0	40,8	46,0	44,6	11,3	33,3	9,4
ЕАЕА, ц/га		3,8	4,3				

Күздік бидайдың өнімділігі N30 және N60 нұсқаларында бақылаумен салыстырғанда 3,7 және 6,4 ц/га-ға өсіп, сәйкесінше 11,1 және 19,2 % құрады, ал бақылау нұсқасында өнімділік 33,3 ц/га. N90 кг/га мөлшерінде өсім 11,5 ц/га немесе 34,5 % құраса, тыңайтқыш мөлшері 120 кг/га енгізілгенде, 90 кг/га-ға қарағанда тиімсіздігін көрсетті.

Қорытынды. Қазақстанның оңтүстік-шығыс тау бөктеріндегі суармалы ашық кара-қоңыр топырақтарда азот тыңайтқыштарының біртіндеп жоғарылаған мөлшерлерін енгізу топырақтың азот режимінің жақсаруын қамтамасыз етеді. Бақылау нұсқасында нитратты азот 20,3 мг/кг құраса, түптену фазасында N30 енгізілген нұсқадаоның мөлшері 5 мг/кг-ға артты. Осы фазада азот тыңайтқышын N60-N120 мөлшерінде енгізгенде 11,5-19,7 мг/кг-ға артып, жоғары қамтамасыз етілу дәрежесіне дейін жеткенін көреміз. Тыңайтылған нұсқалардағы нитраттың орташа-маусымдық мөлшері 22,6-31,8 мг/кг, ал бақылау нұсқасында 17,7 мг/кг. Тыңайтқыш мөлшері артуымен қатар топырақтағы нитрат мөлшері мен қорының арту заңдылығы байқалады.

Азот тыңайтқыштарын қолдану күздік бидай дақылының биомасса қалыптастыруын ынталандарды. Түптену кезеңінде биомасса түзілуінің жалпы деңгейі бақылау нұсқасымен салыстырғанда 50 өсімдік салмағы N30 мөлшерінде 17,7 г-ға, N60 мөлшерінде 23,9 г, N90 мөлшерінде 28,4 г-ға артты, яғни биомасса түзілу азот тыңайтқыштарын қолдану есебінен 1,5-1,7 есе артты.

Күздік бидай дақылының құрамындағы негізгі қоректік элементтер мөлшері азот тыңайтқышын N60, N90 және N120 енгізген нұсқаларда жеткілікті мөлшерде болды.

Суармалы ашық кара-қоңыр топырақта күздік бидайдан орташа есеппен 44,8 ц/га өнім алуға мүмкіндік беретін нұсқа – азот тыңайтқышын N90 мөлшерде енгізу.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. A suitable rotational conservation tillage system ameliorates soil physical properties and wheat yield: An 11-year in-situ study in a semi-arid agroecosystem, Yu, Q.a,b, Wang, H.a,b, Key Laboratory of Crop Physi-ecology and Tillage Science in Northwestern Loess Plateau, China, Volume 199, May 2020, Номер статьи 104600
2. Басибеков Б.С. Влияние азотных удобрений на качество урожая озимой пшеницы на орошаемых землях Казахстана. Доклад Конференции факультета агрохимии и почвоведения. - Алма-Ата, 1973.-С.-76-78.
3. Кореньков Д.А. Превращение азотных удобрений в почве при внесении их под различные сельскохозяйственные культуры // Агрохимия.1973.- №3- С.3.
4. Минеев В.Г. Химизация земледелия и природная среда.. - М., 1992. 271 с.

## **ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ НҰРА АУДАНЫ ЩЕРБАКОВ АУЫЛДЫҚ ОКРУГЫ «ҚАЙНАР» ЖШС-НІҢ ҰЗАҚ УАҚЫТ АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚТА ҚОЛДАНЫЛҒАН КҮҢГІРТ ҚАРА-ҚОҢЫР ТОПЫРАҒЫНЫҢ ҚҰНАРЛЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ**

*А. Амангелді, магистрант*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Агроөнеркәсіптік кешенді тұрақты дамытудың басты шарты және ауыл шаруашылығы өндірісін кеңейту көзі – ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығын сақтау, қалпына келтіру және ұтымды пайдалану. Ауыл шаруашылығы алқаптары жерлерінің құнарлылығы мен өнімділігінің жай-күйін болжау және есепке алу үшін оның уақыт пен кеңістікте топырақтың жай-күйін сипаттайтын негізгі көрсеткіштерінің мониторингі тұрақты түрде жүзеге асырылады [1].

Бүгінгі таңда әлем елдері бойынша топырақтың әлеуеттік құнарлылығын сақтау және жоғарылату – мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде талқыланып отырған басты мәселенің бірі.

Дамушы елдердегі ұсақ фермерлер жағдайында жер өңдеу мен жерді пайдаланудың ұзақ мерзімді жүйелерінің топырақ қасиеттеріне және қоректік заттардың қорларына әсері туралы шектеулі мәліметтер бар [2].

Қазіргі кезде Қазақстанның құрғақ дала аймағының жер ресурстарын шаруашылық басқару әдістерін түбегейлі қайта құру қажеттілігі туындады. Қазақтың ұсақ шоқыларының орталық бөлігі биоклиматтық жағдайлардың алуантүрлілігімен және жер бедерінің күрделі құрылымымен, соған байланысты топырақ жамылғысының және оның генетикалық қасиеттерінің біртекті болмауымен сипатталады. Дала аймағы органикалық заттар динамикасының ерекшелігі антропогендік әсерге төтеп беруі әлсіз табиғи орта болып саналады. Топырақтың табиғи құнарлылығын жоғалту қаупі дала аймағының құрғақ климаты жағдайында бұзылған экожүйенің қайта қалпына келуі өте баяу жүруіне байланысты [3].

Топырақты ұзақ уақыт ауыл шаруашылық пайдалану морфологиялық белгілері мен физикалық-химиялық қасиеттерінің, топырақ кескінінің жоғарғы бөлігінің қарашірінді қуаты мен қоректік режимінің өзгеруін тудырады. Әртүрлі қарқындылықтағы агроценоздарда топырақты ұзақ уақыт пайдалану топырақ кескінінің жоғарғы бөлігіндегі қарашірінді қорының өзгеруі мен қабаттарға әртүрлі таралуына ғана емес, сонымен қатар фосфор мен алмаспалы калийдің жылжымалы формаларының мөлшерінің өзгеруіне де алып келеді [4].

Біздің зерттеу жұмысымыздың мақсаты: Қарағанды облысы Нұра ауданы Щербаков ауылдық округы «Қайнар» ЖШС-нің ұзақ уақыт ауыл шаруашылықта қолданылған күңгірт қара-қоңыр топырағының құнарлылық көрсеткіштерінің өзгеруін зерттеу.

Тассуат (Щербаков) ауылдық округінің аумағы күңгірт қара қоңыр топырақ астындағы құрғақ дала аймағында орналасқан және Орталық Қазақстан провинциясына жатады.

Жыртылған жерлердің басым топырағы күңгірт қара қоңыр топырақты және гумус қабатының қуаты, гумус құрамы, қоректену элементтері, тұздану дәрежесі, механикалық құрамы бойынша ерекшеленетін олардың карбонатты аналогтары болып табылады.

Ауданның топырақ жамылғысының өзіндік ерекшеліктері бар. Жұқа қабатты, қарашірігі аз, қиыршық тасты, құрамында суға тез еритін тұздары көп болғандықтан, сортаңды келеді. Топырақ қиыршық тасты болғандықтан, бойында ылғалды ұзақ ұстап тұра алмайды. Ол жер астына сіңеді, не тез буланып кетеді. Сондықтан қарашірік жасайтын шіру процесінің жүргізуіне қажетті ылғал жетіспейді. Булану көп болғандықтан, тұз топырақтың жоғары қабатында (горизонтына) көтеріледі де, сорға айналады [5].

Жартылай стационарлы экологиялық алаң (ЖСЭА) құру үшін Қарағанды облысы Нұра ауданының ауылдық округтеріндегі басым топырақтарды анықтау бойынша мәліметтер негізге алынды. №24 ЖСЭА учаскесінің шаршы пішінді 1 га ауданына «конверт» әдісі бойынша тереңдігі 1,0 метр болатын 5 негізгі кескін қазылды. Кескіннен үлгілерді алу генетикалық қабаттарда ленталық әдіспен, ал жыртылатын қабатта 10 см аралықпен жүргізілді. Алынған топырақ үлгілерінталдау жұмыстары жалпыға бірдей қабылданған мемлекеттік стандартқа сай жүргізілді.

Топырақ кескінінің морфологиялық құрылымына толығырақ сипаттама беру үшін «конверттің» ортасынан алынған №1 кескінінің сипаттамасын ұсынамын: Алқап – тәлімі егістік. Тұз қышқылында қайнауы 30 см-ден басталады.

$$\langle\langle A_{\text{жырт}} \rangle\rangle \frac{0-24}{24} \text{ см}$$

Қоңырқай-сұр, ылғалды, ауыр саздақты, кесекті, әлсіз тығыздалған, кеуекті, тамырлары көп, келесі қабатқа ауысуы анық.

$$\langle\langle B_1 \rangle\rangle \frac{24-34}{10} \text{ см}$$

Сұр-қоңыр, ылғалды, ауыр саздақты, кесекті, тығыздалған, кеуекті, аз тамырлары, келесі қабатқа ауысуы анық емес.

$$\langle\langle B_2 \rangle\rangle \frac{34-53}{19} \text{ см}$$

Қоңыр, ылғалды, жеңіл саздақты, кесекті, тығыздалған, әлсіз кеуекті, тұз қышқылы әсерінен қатты қайнайды, сирек тамырлары, келесі қабатқа ауысуы анық емес.

$$\langle\langle BC \rangle\rangle \frac{53-81}{28} \text{ см}$$

Қоңыр, ылғалды, жеңіл саздақты, кесекті, тығыз, тамырлары аз, қатты қайнайды, дақтар түрінде карбонаттар кездеседі, келесі қабатқа ауысуы біртіндеп

$$\langle\langle C \rangle\rangle \frac{81-120}{39} \text{ см}$$

Ашық қоңыр, ылғалды, жеңіл саздақты, құрылымсыз, тығыз, қатты қайнайды.

Орташа қуатты кебірленген сортаңданған күңгірт қара-қоңыр топырақтар құрғақ дала аймағының зональды топырақ типіне жатады. Бұл топырақтар құрғақ құрлықтық климат жағдайында қалыптасады. Жер асты сулары тереңде (6 метрден тереңде) орналасып, аталмыш топырақтардың даму үрдісіне әсерін тигізбейді.

«Ажырт» қабатындағы қарашіріндінің орташа мөлшері 3,19%, «B1» қабатында 1,46%, ал «B2» қабатындағы қарашіріндінің орташа мөлшері 0,74%-ды құрайды. Қарашіріндінің мөлшері аз, оның мөлшері кескін бойымен төменгі қабаттарға қарай азаюы, сәйкесінше қоректік элементтер – азот, фосфор, калийдің де мөлшерлерінің біртіндеп азаюы байқалады.

Осы аумақтың орташа қуатты кебірленген сортаңданған күңгірт қара-қоңыр топырақтары механикалық құрамы бойынша ауыр саздақты болып келеді, «Ажырт» қабатындағы физикалық балшықтың мөлшері – 58,26%. >3мм фракциялардың мөлшері бойынша «Ажырт» қабаты қаңқасыз (қаңқалы фракциялардың мөлшері 3,00%-дан төмен) болып келеді.

10% тұз қышқылында осы топырақтар үстінгі қабатынан бастап қайнайды.

«Ажырт» қарашірінді қабатының топырақ ерітіндісінің реакциясы (рН мөлшері – 6,10). «B1» қабатында Топырақ кескіні бойынша төменгі қабаттарға қарай ерітінді реакциясының сілтілігі арта түседі.

Жеңіл еритін тұздар мен гипс топырақ кескінінде «B2» қабатында, кейде «BC» қабатында кездеседі. «B2» қабатындағы тұздар мөлшері 0,118-0,196%, тұздану типі – сульфатты-хлоридті, натрийлі, тұздану дәрежесі – әлсіз, топырақтар сортаңданған, яғни тұздар 80 см тереңдікте кездеседі, кейбір кескіндерде тұздар 30-80 см тереңдікте кездеседі.

«Ажырт» қабатының көлемді салмағы 0,88г/см<sup>3</sup> құрайды, «B1» қабатының көлемдік салмағы 1,02г/см<sup>3</sup>, «B2» қабатында осы көрсеткіш – 1,14г/см<sup>3</sup> тең.



ЖСЭА №24 топырақтары жерлердің жарамдылығы бойынша I категорияға жатады (егістікке жарамды жерлер), 8-класс – әлсіз кәрізделген, қысқа уақыт ылғалданған саздақты және құмбалшықты карбонатты. Аридті жағдайларда сортаңданумен қатар әлсіз тұздану да кездеседі [6].

1 - кесте – жерді мониторингілеудің жылдар бойынша көрсеткіштері, ЖСЭА№ 24.

Бақыланатын көрсеткіштер	Деректеркөзі		
	2009	2013	2019
Қарашірінді қабатының қуаттылығы, Аж+В1, см	34	34	34
Қарашіріндімөлшері, Аж/қабат 0 - 30см, %	3,40	3,10	3,36
Жалпы азот, Аж/қабат 0 - 30см, %	0,234	0,200	
Жалпы фосфор, Аж/қабат 0 - 30см, %	0,10	0,120	
Жылжымалы фосфор, Аж/қабат, мг 100г	0,98	3,14	2,36
Жылжымалы калий, Аж/қабат, мг 100г	36,93	43,97	44,39
Сіңірілген натрий В1, мг-экв/100г	4,32	1,24	2,36
Көмірқышқылы карбонаты, Аж/қабат,%	2,68	1,65	
Суда еритін тұздардың таралуының жоғарғы шекарасы, см	24	54	55
Жоғарғы тұзды қабаттың тұздылық химиясы	Хлорлы-сульфатты	сульфатты-хлорлы	сульфатты-карбонатты

Ұзақ жылдар бойы бақылаудың нәтижесінде ЖСЭА №24 топырағындағы қарашіріндінің 2009, 2013 және 2019 жылдар аралығындағы ең жоғары мөлшері 2009 жыл, яғни ауыр саздақты орташа қуатты кебірленген сортаңданған күңгірт қара-қоңыр топырақтың қарашірінді мөлшері 2009 жылы 3,40% мәнге ие болды. Ал 2013 жылы бұл көрсеткіш 3,10%-ды құрады, 2009 жылмен салыстырғанда 0,3%-ға төмендеді. 2019 жылы 2013 жылға қарағанда 0,26%-ға жоғарылап, 3,36%-ды құрады. Жоғарыда көрсетілген мәліметтер бойынша қарашірінді мөлшері айтарлықтай өзгешеліктер байқалмайды. Ұзақ жылдар бойы бақылаудың нәтижесінде ЖСЭА №24 топырағындағы жылжымалы фосфор мөлшері 100 г топырақта 2009 жылы 0,98 мг, жылжымалы калий 36,93 мг құраса, 2013 жылы сйкесінше 3,14 мг, 43,97 мг шамасына тең болды. Ал 2019 жылғы талдау нәтижесінде 2,36 мг, 44,39 мг құрады. Кесте мәліметтеріне сәйкес, жоғарғы қабаттың тұздылық химиясы 2009 жылы хлорлы-сульфатты болса, 2013 жылы сульфатты-хлорлы типке ауысып, 2019 жылы сульфатты-карбонатты болып өзгерген.

Қорытынды. Жартылай стационарлы экологиялық алаң (ЖСЭА) құру үшін Қарағанды облысы Нұра ауданының ауылдық округтеріндегі басым топырақтарды анықтау бойынша мәліметтер негізге алынды.

ЖСЭА №24 топырақтары жерлердің жарамдылығы бойынша I категорияға жатады (егістікке жарамды жерлер), 8-класс – әлсіз кәрізделген, қысқа уақыт ылғалданған саздақты және құмбалшықты карбонатты. Аридті жағдайларда сортаңданумен қатар әлсіз тұздану да кездеседі

Егістік алқаптар ретінде пайдалану үшін күрделі емес тұздануға және дефляцияға қарсы іс-шараларды қажет етеді.

Осылайша №24 ЖСЭА орташа қуатты кебірленген сортаңданған күңгірт қара-қоңыр топырақтарының құнарлылығы жеткіліксіз мөлшерде. Бұл топырақтардың кескінінде токсинді тұздар бар, яғни суда еритін тұздардың токсинділігі құрғақшылық жылдары топырақта ылғал қоры жеткіліксіз болған жағдайда пайда болады, демек осы топырақтардағы барлық іс-шаралар ең алдымен қар және жаңбыр суларын топырақ бойында ұстауға арналуы тиіс. Сонымен бірге тұзға шыдамды дақылдарды (арпа, түйежоңышқа, қияқ) таңдау да үлкен маңызға ие [6].

Сонымен бірге ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін көтеру және топырақтардың құнарлылығын арттыру үшін органикалық және минералды

тыңайтқыштар енгізілуі керек.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

Изменение основных показателей плодородия почвы в оренбургской области, А.П.Березнёв, кандидат сельскохозяйственных наук, директор ФГБУ гЦас «Оренбургский», Достижения науки и техники АПК, №1-2014, стр 11-13

Variation in soil properties under different cropping and other land-use systems in Dura catchment, Northern Ethiopia, Tesfahunegn, G.B.a, Gebru, T.A.b Department of Soil Resources and Watershed Management, College of Agriculture, Aksum University, Shire-Campus, Shire, Volume 15, Issue 2, 2020, Номер статьи e0222476

Почвы и почвенный покров Центральной части Казахского мелкосопочника, О.Г. Ерохина, К.М. Пачикин Казахский научно-исследовательский институт почвоведения и агрохимии им У.У. Успанова, Алматы

Изменение агрохимических показателей плодородия почвы при длительном окультуривании, М.А. Мазиров д.б.н., Н.С. Матюк д.с.-х.н., В.Д. Полин, к.с.-х.н., Н.В. Малахов — Российский государственный аграрный университет – МСХА имени К.А. Тимирязева Системы земледелия и плодородие почв, № 1 (79) 2017, стр 15-19

Стороженко Д. М. «Почвы Карагандинской области», Алма-ата, 1970 г

«Рекомендации по системе ведения сельского хозяйства», Карагандинская область, Алма-ата, 1982 г.

## **ШАЛҒАМ ДАҚЫЛЫНЫҢ ТҰҚЫМ ҚАЛЫПТАСТЫРУЫНА НАТРИЙ ГУМАТ ӨСУ РЕТТЕГІШІНІҢ ӘСЕРІН БАҒАЛАУ**

*А.Н. Анарқұл, магистрант*

*Н.Ж. Жанбыршина, а.ш.ғ.к., аға оқытушы*

*Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті*

Өсімдіктердің өсу реттегіштері ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылып келе жатқан жаңа бағыттың бірі болып саналады. Өсу реттегіштер арқылы дақылдардың өсуі мен дамуын қадағалап, қажетіне қарай адамзат өзіне қажетті бағытқа қарай бұра алады.

Минералды тұздарға қарағанда, топырақтағы құнарлылықты сақтау барысында, дақылдарға натрий гуматты органикалық заттарды пайдаланған дұрыс болып келеді. Шалғам дақылына қажетті деген микроэлементтерді сіңіруге және тұзды мен құрғақшылықты агроэкожүйедегі органикалық заттар ретінде қолдану маңызды [1].

Шалғам дақылы үлкен аумақта қайталамасыз әдіспен өсірілетін ауыл шаруашылығының тез пісетін тамыржемістілер тұқымдасына жататын дақылы. Шалғам – ұзақ күннің өсімдігі [2].

Шалғам бағалы тамыржемісті, көкөністі дақылдардың бірі болып табылады. Оның тамыржемістерінің құрамында С, В дәрумендері, фитонцидтер, каротиндер, сахаридтер мен әр түрлі минералды заттардың мөлшері табылған [3].

Шалғам дақылын өсіруде өндіріске тиімді енгізу үшін оның биоөнімді процесін ескеру қажет, соның негізінде экологиялық қауіпсіз гуматты өсу реттегіштерді (препараттар) пайдалану арқылы іске асыруға болады [4].

Зерттеу жұмысының мақсаты – шалғам дақылының тұқым қалыптастыруына натрий гумат өсу реттегішінің әсерін бағалау.

Тәжірибелік жұмыстарға шалғам дақылының тұқымдары ашық танаптарда себіліп,

вегетациялық кезең бойына зерттеуге алынды. Зерттеу жұмысының вегетациялық кезеңі 114 күнді құрады. Зерттеу объектісі ретінде алынған натрий гумат өсу реттігішінің әсері бағаланды. Натрий гумат өсу реттегіші шалғам дақылы өскін шығарғаннан бастап, гүлдену кезеңіне дейін қолданылды. Өсу реттегішнатрий гумат әр бір фенологиялық кезеңдерге өту барысында бүрку жұмыстары арқылы шалғам дақылына шашылды.

1-кесте. Шалғам дақылының өсу кезеңіндегі өсімдіктер саны, дана (орташа көрсеткіштер)

Нұсқа/ кезеңдер	Себу мөлшері, кг/га	Өскіннің пай-да болуы	Жебелену	Гүлдену	Пісу
Бақылау	20 кг/га	14	19	20	21
Натрий гуматтың әсері 5 мл – өсімдіктерді өңдеу	20 кг/га	14	20	18	18
Натрий гуматтың әсері 10 мл – өсімдіктерді өңдеу	20 кг/га	14	22	25	25
Натрий гуматтың әсері 20 мл – өсімдіктерді өңдеу	20 кг/га	12	19	20	21

Ескерту: кестедегі мәліметтер әрбір нұсқалардың орташа көрсеткіштері

Кестеде көрсетілгендей, бастапқы кезеңде өсімдіктердің санында айырмашылықтар байқала қоймаған. Бақылау нұсқасында 14 дана көрсетсе, ең төменгі көрсеткіш натрий гуматтың әсері 20 мл өңдеу нұсқасында байқалады. Жебелену кезеңіндегі ең жоғарғы көрсеткішті натрий гуматтың 10 мл нұсқасында байқауға болады, 22 дананы құрайды. Гүлдену процесі кезінде бақылау нұсқасына қарағанда, натрий гуматтың 10 мл нұсқасында 5 данаға артық. Пісу кезеңінде ең жоғарғы көрсеткішті натрий гуматтың 10 мл нұсқасында – 25 дана өсімдікті құрайды.

Өсімдіктердің саны көп болған сайын, оның беретін тұқымдың өнімділік мөлшері де көбейе түспек. Осының нәтижесі 2-ші кестеде толығымен көрсетілген.

2-кесте. Шалғам дақылының тұқым қалыптастыруына натрий гуматтың әсері (орташа көрсеткіштер)

Нұсқа/ кезеңдер	Себу мөлшері, кг/га	Өскіндер		Тұқым берген өсімдіктер	
		кг/га	%	кг/га	%
Бақылау	20 кг/га	15	75	10	50
Натрий гуматтың әсері 5 мл – өсімдіктерді өңдеу	20 кг/га	11	58	5	28
Натрий гуматтың әсері 10 мл – өсімдіктерді өңдеу	20 кг/га	17	88	13	68
Натрий гуматтың әсері 20 мл – өсімдіктерді өңдеу	20 кг/га	12	60	9	49

Кестеде көрсетілгендей, натрий гуматтың тұқымдық өнімділіктің нәтижесі берілген.

Бақылау нұсқасында тұқымдық өсімдіктер 50%-ды құрайды. Ең төмен нәтижені натрий гуматтың 5 мл ерітіндісінде көрінді, ол 28%-ды құрады. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда, натрий гуматтың 10 мл ерітінді нұсқасы жоғары көрсеткішті байқатты, ол бақылау нұсқасынан 18%-ға артық, яғни 68%-ды көрсетті.

Қорытынды. Дақылдарды алғашқы өскін шыққаннан бастап натрий гуматты өсу реттегішпен бүркеу жұмыстары басталады: әрбір бірінші, екінші, үшінші, нұсқаға сейкесінше 5 мл, 10 мл және 20 мл натрий гуматымен өңделеді. Бақылау нұсқасында ешқандай өңдеу жұмыстары жүргізілмейді. Шалғам дақылының тұқым қалыптастыруна натрий гуматтың әсері байқалды. Натрий гумат өсу реттігішінің 10 мл ерітіндісі жоғары

нәтиже көрсетті. Тұқым қалыптастырған өсімдіктер 68%-ды құрайды. Ол бақылау нұсқасымен салыстырғанда, 18%-ға көп. Шалғам дақылдың жоғары өнімділігін алу үшін өсу реттігіштер – натрий гуматты қолдануға болады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Ondrasek G., Romic D., Rengel Z. – Interactions of humates and chlorides with cadmium drive soil cadmium chemistry and uptake by radish cultivars // Science of the Total Environment, 702, 134887, 2020 – <https://doi.org/10.1016/j.scitotenv.2019.134887>
2. Павлов Л.В., Шило Л.М., Баранова Е.В., Степанов В.А., Заячковский В.А.--- Стандарт организации на типовой технологический процесс производства семян редиса (беспересадочная культура)// №4 Профессиональный взгляд овощи России – научно-практический журнал, 2017 – 78-79стр.
3. Щепетова С.В. – Продуктивность редиса и дайкона в зависимости от приемов возделывания на черноземных почвах Саратовского правобережья// автореферат, Пенза, 2000 – 21стр.
4. Лавруков М.Ю. – Влияние органо-минерального удобрения «Стимулайф» и гумата натрия на рост и развитие сортообразцов змееголовника (*Dracoserphalum L.*) в условиях Ленинградской области// автореферат, Санкт-Петербург –Пушкин, 2012 –24 стр.

## **СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚҰРҒАҚ ДАЛАЛЫ АЙМАҚ ЖАҒДАЙЫНДА ЖҰМСАҚ БИДАЙ СОРТТАРЫН САПАСЫНЗЕРТТЕУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ**

*Н. Әбдірахман, магистрант*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақстанның ауыл шаруашылығын дамытуда бидай өндірісі ең тартымды сала болып табылады. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қатты бидайдың маңызы айтарлықтай. Оның астығынан жоғары сапалы мәнней жармасын, құнды макарон, кондитер өнімдерін өндіреді. Сыртқы саудада оның астығы жұсақ бидайдан жоғары бағаланады, бәсекеге қабілеттілігі даутудырмайды. Агроөнеркәсіп кешенінде және еліміздің экономикасында бидай өндірісі алдыңғы орындардың бірін иеленеді. Мұнда дәнді дақылдардың егістік аумағы бүкіл егістіктің 80% астамын алып жатса, оның ішінде бидайдың үлесі 65-70% жетеді[1].

Бидай сұрыптары құрамындағы эндосперманың (80-84%) мөлшеріне байланысты бағаланады. Жұмсақ бидайдың сорттарын өсірудегі негізгі мәселелері сорттардың өнімділігін арттыру және технологиялық элементтерін жақсарту болып табылады. Бидай тағамдық, нан өнеркәсібі шикізатына жоғары талаптар қояды. Бидай дәнінің барынша құнды бөлігі – ақуыз және дән уызы. Ең сапалы клейковина ол бидай астығында болады. [2].

Жаздық жұмсақ бидайдан жоғары өнімді алу үшін дақылға қолайлы ауа-райы жағдайымен және де агротехникалық шаралар дұрыс сақталған жағдайда алуға болады. Жалпы айтқанда, Солтүстік Қазақстан климаты тұрақсыздықпен, шұғыл континенттігімен ерекшеленеді. Соған қарамай бұл жерде күшті және бағалы бидайдың жоғарғы өнімдерін алуға болады[3]

Жер шары халқының жартысынан көбі негізінен бидаймен – нан, макарон, кондитер өнімдері т.б. қоректенеді. Аталған өнімдердің қоректілігі жоғары болып, халық мұқтажын

қанағаттандыру үшін оларда бағалы сапа көрсеткіштері мен қасиеттері болған абзал[1].

Жоғары сапалы өнім алудың маңызды шарттарының бірі - жоғары сапалы тұқым, өндіріске өнімділігі жоғары жаңа сорттарды, суыққа төзімді, құрғақшылыққа, аурулар мен зиянкестерге жоғары төзімділікке ие сорттарды енгізу. Әр сорттың өзіндік биологиялық және шаруашылық маңызы бар екені белгілі және өсіру жағдайларға байланысты әр түрлі талап қояды [4]. Жаздық жұмсақ бидай сорттарының өнімділігімен сапасы көрсеткіштері 1 – кестеде көрсетілген.

1 - кесте - Жаздық жұмсақ бидай сорттарының өнімділігімен сапасы көрсеткіштері, ц/га, 2019 жыл

№	Сорт атауы	Өнімділік ц/га	Ақуыз мөлшері,%	ИДҚ, %
1	Шортандинская 2014st	25,3	21,5	76,8
2	Эритроспермум 35	28,4	20,0	78,6
3	Казахстанский раннеспелая	24,5	17,6	74,4
4	XN-15	23,1	25,8	82,4
5	XN-19	15,4	22,5	72,4

Стандарт сорт «Шортандинская 2014» пен салыстырғанда отандық сорттардың өнімділігі жоғары болды. Ең жоғарғы көрсеткіш Эритроспермум 35 сортында 28,4 ц/га. Ал ең төменгі өнімділікті XN-19 сорты 15,4 ц/га көрсетті.

Талдау нәтижелері бойынша жұмсақ бидай сорттарының тұқымының құрамындағы ақуыз мөлшері қытай селекциясынан сынама ретінде алынған XN-15 сортында жоғары көрсеткішке ие болғаны байқалды – 25,8%. Ал салыстырмалы түрдегі төменгі көрсеткіш Эритроспермум 35 сортында белгілі болды – 17,6%

Жұмсақ бидай сорттарының клейковина, ақуыз көрсеткіштері бидай сапасын көрсететін негізгі көрсеткіштер. Бидай белогінің көптігі, ұзының жиырымдылығы және созылымдығы жағынан көзге түседі.

Ұн мен судан қамыр илеп, кішкене тұрғызсақ, содан кейін ақырын сумен жуатын болсақ, крахмал жуылғаннан соң ақшыл сұр түсті тығыз эластикалы масса қалады. Бұл клейковина болып табылады. Бидай ұнының наубайханалық қасиеті клейковина мөлшері мен сапасына байланысты[1].

Қазіргі таңда азық-түлік мәселесін шешу бүкіл ғаламшардағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету негізі, бірінші кезекте ауыл шаруашылығының оның негізгі саласы – өсімдік шаруашылығының тиімді жұмыс атқаруына байланысты болып келеді. Астық дақылдарын өсіру Қазақстанның ауыл шаруашылығының дамуының әлеуетті бағыты болып табылады. Ал бидай тек стратегиялық дақыл болып қана қоймай, сондай-ақ, халық шаруашылығында маңызы бар, ұлтымыздың ең негізгі байлығы болып табылады. Ол елімізді қаншама жылдар бойы нан өнімдерімен қамтамасыз етіп келеді[1].

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Өсімдік шаруашылығы./ Қ.К.Әрінов, Қ.М.Мұсынов, А.Қ Апушев, т.б.- Амаы:- ЖШС РПБК «Дәуір»,2011 – 632 б.

2. Қазақ энцикопедиясы. 9-том

3. Al-Toby, A.L.J., Al-Taher, F.M.M.Use of different treatments to increase the efficiency of flag leaf and the parts of the spike on the dry matter production of wheat crop *Triticum aestivum*L.PlantArchives19, с. 1344-1348. 2019

4. Четвериков, Ф.П. Влияние абиотических факторов на урожайность озимой пшеницы в сухостепной зоне Заволжья [Текст] / Ф.П. Четвериков, Е.П. Денисов, А.П. Солодовников и др. // Зерновое хозяйство России. – 2012. – № 6. – С. 50-58.



## **ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ МЫРЗАШӨЛ АЙМАҒЫНДА МАҚТА-ЖОҢЫШҚАЛЫ АУЫСПАЛЫ ЕГІСТІГІНДЕ МАҚТА КӨБЕЛЕГІМЕН КҮРЕСУ ШАРАЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ**

*А. Әкбар, магистрант*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Мақта техникалық дақыл ретінде жоғары маңызға ие және сан түрлі өнімдер өндіріледі. Мақта ежелгі мәдени дақыл. Ең алғаш Үндістанда мақтаны теріп, одан мата түрлерін дайындауды үйренді. Қазіргі таңда мақта Антарктидадан басқа барлық континенттердетаралған. Қазақстанда мақта тек Түркістан облысында ғана өсіріледі. Халық арасында мақтаны “Ақ алтын” деп те атайды. Елімізде негізінен орта талшықты сорттардан Киргизский-3, С-4727, С-6524, С-4908, 108-Ф, Пахтарал-3031 және 3044 сорттары аудандастырылған. Бұл сорттардың орташа өнімділігі 22-23ц/га-ны құрайды. Мақта шаруашылығында мамандар мақта танаптарының егіс көлемін кемітіп, мақтаның өнімділігін 350 мың тоннаға дейін ұлғайтуды жоспарлап отыр. Қазіргі таңда елімізде өзекті мәселелердің бірі топырақты мелиорациялау. Мақта танаптарындағы топырақтың құнарлылығы орташа, бұл бізге мақтадан жоғары өнімділік алуға мүмкіндік жасамайды. Сондықтан топырақ құнарлылығын арттыратын шаралар жүйесін ұйымдастыруымыз қажет. Тағы да айта кететін мәселе – тұқым мәселесі. Шаруалардың көпшілігі сұрыпты емес тұқымдарды себеді. Бұл өз кезегінде өнімділікке оң әсерін тигізбейді. Мақта маңызды тауарлық дақыл болып табылады және көптеген шаруаларды табыс көзін қамтамасыз етеді. Алайда технологиялар мен жабдықтарға қол жеткіліксіздік, ауыл шаруашылығы білімін тарату жөніндегі қызметтер көлемінің жеткіліксіз және табиғи ресурстардың кемуі мақта өнімділігі, оның рентабельділігін төмендетеді[1,2].

Мақтада әртүрлі ағзалардың 200-ден астам жәндіктер, кенелер, омыртқасыз жануарлар және өсімдіктерде аурулар тудыратын микроағзалар түрлері кездеседі. Мақта егістіктерінде негізгі зиянкестердің мынадай түрлері: кәдімгі өрмекші кене, біте (бақша, үлкен мақта), темекі трипсі, күздік көбелек, мақта көбелегі және карадрин зиян келтіреді. Бұл зиянкестермен зақымдану тұқымдар мен өскіндердің өсіп келе жатқанынан бастап, бүкіл вегетация кезеңінде байқалады. Аталған зиянкестердің ішінде мақта көбелегінің зияны жоғары болып келеді. Мақта көбелегін мақтаның көсек құрты деп те атайды. Оның бірінші жастағы жұлдызқұрттары гүл бүршіктері мен өсімдіктің жоғарғы бөлігінің жас гүл қауыздарын зақымдайды. Жұлдызқұрттар өскен сайын сабақтың орта және төменгі бөліктеріне түсіп, гүл қауызы мен гүлдердің ішін зақымдайды. Соңғы жастағы жұлдызқұрттар қалыптасқан қораптардың ортасында олардың қатаюына дейін тұқымдарымен қоректенеді. Бүлінген қауашақтар шірі бастайды. Бір жұлдызқұрттың өзі жеміс органдарының көбін залалдайды, оның ішінде 2-3 қауашақты. Мақта көбелегінің салдарынан шығын вегетациялық кезеңнің аяғында үлкен болады, себебі қауашақтар жаңадан пайда болған кездің өзінде өнім бере алмайды. Мақта көбелегінің зияны жоғары болғандықтан олармен күресу шараларын міндетті түрде ұйымдастыру қажет[3-5].

Мақта танабында зиянкестермен күресу шараларын ұйымдастырғанда ең алдымен зиянкестің түр құрамын, олардың сан динамикасын және келтіретін зияндылық дәрежесін анықтап алу қажет. Ол үшін егістіктерді мерзімінде тексеру, аса қауіп бар телімдер бақылауға алынады. Бұл жүргізілген жұмыстар зиянкестерге жасалған болжамды нақтылауға, қорғау шараларын жүргізу мерзімдерін айқындауға және өңдеуге жатқызылатын алқаптарды анықтауға мүмкіндік жасайды.

Мақта көбелегін анықтау үшін феромон ұстағыштарды қолданамыз. Көбелектің алғашқы ұшып шығуы маусым айының бірінші онкүндігінде байқалады. Сол мерзімнен бір жұма алдын егістіктерде мақта көбелегін анықтау үшін әрбір 10 га сайын феромон

аулағыштары ілінеді, бір көбелек ұсталған жағдайда аулағыштардың санын әрбір 5 га-ға арттырады. Ауланған көбелектердің саны (4-5 данадан жоғары) зиянкестің егістікте дамуын және жұлдызқұрттардың пайда болу мерзімін болжауға мүмкіндік жасайды.

Зиянкестерінің қор орындарын тексеру. Күз айларында келесі жылға профилактикалық өңдеуді анықтау мақсатында мақта, жүгері, көкөніс-бақша егістіктерінде, сондай-ақ жоңышқа, егістіктердің арасында күздік, мақта көбелегі және карадринаның санын есепке алу жүргізіледі. Топырақтағы жұлдызқұрттар мен қуыршақтар санын есепке алу үшін 20 га дейінгі егістікте жыртылмаған алқапта 10 см, жыртылған алқаптарда 20 см тереңдікте 0,25 м<sup>2</sup> (50x50 см) өлшемде 20 сынама алынады. Алынған сынамалар бойынша зиянкестің санын есептейді.

Танаптарды тексеру. Гүлдену кезеңінен бастап егінді жинауға дейін мақта көбелегін анықтау үшін әрбір алқапта екі диагональ бойынша тең қашықтықта орналасқан 100 өсімдік қаралады және жұмыртқалар мен бөлек кіші (I, II, және III) және үлкен жастағы жұлдызқұрттардың саны есептеледі. Мақта көбелегінің зияндылық шегі : мақтада- 100 өсімдікке 9 жұмыртқа және жұлдызқұрт, ал жүгеріде- тәулігіне 1 тұзаққа 8-10 көбелек. Зақымданған өсімдіктердің %-на байланысты экономикалық зияндылық шегі 1 кестеде көрсетілген.

1- кесте - Мақта көбелегінің экономикалық зияндылық шегі

Зиянкес атауы	Зақымданған өсімдіктердің %-на байланысты экономикалық зияндылық шегі			Көрсеткіші
	5 %	10%	20%	
Мақта көбелегі	30	17	10	10 зақымданған өсімдікке жұлдызқұрттар саны

Танаптарды мақта көбелегінен қорғау үшін түрлі күресу шаралары ұйымдастырылады. Ең алдымен қоршаған орта мен экологиялық қауіпсіздік үшін шаруашылық, агротехникалық және биологиялық шаралар қолданылады, зиянкестің экономикалық зияндылық шегінен асқан жағдайда химиялық шараларға сүйенеміз. Зиянкестің сан мөлшерін төмендету үшін мынадай агротехникалық шаралар жүргізіледі: мақта егіс танаптарын қозапаядан тазарту; жерді сүдігер терең жырту- арамшөптерді құрту үшін 30 см, көпжылдықтар үшін 35см тереңдікте жүргізіледі; қыста суару – топырақ жағдайларын жақсартып, топыраққа ылғал жинақтау арқылы өскіннің өміршеңдігі мен зиянкеске төзімділігін арттырады; ауыспалы егіс жүйесін енгізу; шіріген көңдерді және фосфор тыңайтқыштарын жер жыртудың астына норма бойынша беру; егіске жақын игерілмей қалған жерлерді игеру; мақта танаптарының аралығында бос жатқан жерлердің, канал, арық бойларындағы арамшөптерді жинап өртеу; тұқымдық шиттерді тазартып, залалданбаған шиттермен алмастыру; көбелектердің өсіп дамуын бақылау мақсатында феромон ұстағыштарды пайдалану және т.б. Бұл агротехникалық шаралар қыстап шыққан зиянкестерді қорегінен айырады, сан мөлшерін азайтады және топырақ жағдайын жақсартады. Биологиялық шаралар зиянкеске қарсы энтомофаг, яғни табиғи жауларын пайдалануға негізделген. Мақта егісіндегі мақта көбелегінің табиғи жаулары қатарында паразиттік және жыртқыш жәндіктердің 22 түрі кездеседі. Олардың арасында зиянкестердің санын азайтуда аса маңыздылары трихограмма, габробракон, апантелес, рогас, аниласта, амблителес, жыртқыш қандалалар, алтынкөздер. Трихограмма полифаг болып табылады. 266 жәндіктердің жұмыртқаларын зақымдайды. Олардың сан алуандығына қарамастан, негізгі және басты иелері ажыратылады, оларға физиологиялық ыңғайлылық неғұрлым айқын көрінеді[6].

Трихограмма маусымдық отарлау әдісімен қолданылады, ол зертхана және табиғи жағдайларға жақын инсектарий жағдайында, қосымша иесінің жұмыртқаларында және т. б. көбейеді. Мақта егістерінде мақта көбелегімен күресу үшін биологиялық шараларды қолдану пайдалы. Сондықтан, мақта танаптарында зиянкеске қарсы энтомофагты

ересек жәндік фазасында 1 га 200 мың дарақты үш рет шығару жолымен трихограмма қолдану ұсынылады, яғни зиянкестердің жұмыртқалаудың басында 60 мың/га, бірінші шығарғаннан кейін 5-6 күннен кейін – 80 мың/га және үшіншісінде 60 мың/га. Габробракон мақта көбелегінің санын барлық кезеңдерде азайтудың ең кең тараған және тиімді паразиттерінің бірі болып табылады.

Химиялық шараларды тек зиянкестердің сан мөлшері экономикалық зияндылық шегінен шығып кеткен жағдайда ғана қолға алынады. Зиянкестердің препаратқа төзімдік қалыптасуын болдырмау үшін шығын мөлшерін сақтаған дұрыс. Пестицидтермен жұмыс істеу барысында техникалық қауіпсіздік ережелерін, регламенттерді қатаң сақтау мен Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығында рұқсат етілген тізім бойынша өңдеу жүргізу керек. ҚР рұқсат етілген тізім бойынша мақта көбелегіне қарсы мынадай препараттар қолданылады: Гунсяо 10%, э.к. (лямбда-цигалотрин, 100 г/л) 0,25 л/га мөлшерінде жұлдызқұрттардың жаппай көбеюі кезеңінде; Дессенлин 48%, с.к. (дифлубензурон, 480г/л) 0,1 л/га мөлшерінде жаппай жұмыртқа салу кезеңінде; Децис эксперт, э.к. (дельтаметрин, 100г/л) 0,175 л/га мөлшерінде вегетация кезінде; Димилин 48% с.к. (дифлубензурон, 480 г/л); Комбат 550, э.к. (хлорпирифос, 500 г/л +циперметрин, 50 г/л); Марленоприда 70%, с.д.г. (имидаклоприд, 700 г/кг); Матч 050, э.к. (луфенурон, 50 г/л); Моспилан, 20% е.ұ. (ацетамиприд, 200 г/кг).

Ұсынылған пестицидтер мақта плантацияларында жоғары биологиялық тиімділіктерімен ерекшеленді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер**

1. <http://www.fao.org/agriculture/>
2. Үмбетов И. Қазақстан Республикасының оңтүстігінде қоза баптау жүйесі. –Алматы, 2000. -204 б.
3. «ИУВР-Фергана». Борьба с вредителями и болезнями хлопчатника. Ташкент, 2005.-221с.
4. Әрінов Қ.К., Мусынов Қ.М., Серекпаев Н.А., Апушев А.К., Шестакова Н.А., Арыстангулов С.С. Өсімдік шаруашылығы. Оқулық. Алматы, 2011. -536б.
5. Сагитов А.О., Дүйсенбеков Б.А. және басқалар. Өсімдік қорғау анықтамалығы. Алматы, 2015. -360б.
6. Методические указания по учету и выявлению вредных и опасных вредных организмов сельскохозяйственных культур. Группа авторов. Ответственный за выпуск: Сулейменова З.Ш. Астана, 2009. -312с.
7. A.S. Mendiqaliyeva, Kh.K. Torybayev, S.S. Arystanqulov. Nocuity of the Ansilopia Austrica in seed wheat sows and measures to fight with them in conditions of Western Kazakhstan. Eco. Env.& Cons. 24(4): 2018.pp.(1970- 1975).

*Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.к., доцент Арыстангулов С.С.*

## ЭФФЕКТИВНОСТЬ ВОЗДЕЛЫВАНИЯ ЯРОВОЙ ПШЕНИЦЫ НА ОСНОВЕ СО-КРАЩЁННОЙ И НУЛЕВОЙ ТЕХНОЛОГИИ В УСЛОВИЯХ АО « АҚМОЛА-ФЕНИКС» АҚМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

*Д.Р. Бакиров, магистрант  
Р.Х. Каринов, к.с.х.н., доцент*

*г. Нур-Султан, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина*

Аннотация: Приведены результаты научных исследований по выявлению эффективности сокращенной и нулевой технологии возделывания яровой пшеницы в сухостепной зоне Северного Казахстана, а так же проведена оценка эффективности химических мер борьбы с сорной растительностью, с применением в различные сроки на фоне сокращенной и нулевой технологиях обработки почвы. Полевые опыты проводились в четырехпольном плодосменном севообороте на темно-каштановых почвах.

Установлено, что сочетание нулевой технологии обработки почвы и систем применения гербицидов существенно снижает засоренность посевов яровой пшеницы как мало-летними, так и многолетними сорняками. Так же в агроэкологических условиях сухостепной зоны Северного Казахстана установлено, что сокращенная технология обработки почвы имеет преимущество перед нулевой технологией по накоплению почвенной влаги органического вещества, интенсивности биологических процессов, сохранению плодородия почвы.

Ключевые слова: сокращенная технология, нулевая технология, яровая пшеница, темно-каштановая почва, химические меры борьбы, сорная растительность.


В Казахстане накоплен большой практический материал по минимизации обработки почвы. Многие научно-исследовательские институты выявили высокую эффективность замещения механической обработки гербицидами [1]. Применение гербицидов в сравнении с механической обработкой почвы повышает содержание почвенной влаги, особенно в засушливые годы. Так же на гербицидных парах количество семян сорных растений выше, чем в механическом пару, что уменьшает потенциальные запасы их в почве. Кроме того, при использовании современных гербицидов подавление и устранение многолетних сорняков сильнее, чем при подрезании культиватором их корневой системы [2]. В связи с целью сохранения плодородия почвы придается большое значение минимизации механических обработок почвы. Согласно утверждениям В.Г. Холмова [3], с уменьшением интенсивности обработок почвы в севообороте, увеличивается накопление растительных остатков в пахотном слое, что обуславливает снижение процессов минерализации азота и способствует сохранению гумуса [4]. В этот же период многие исследователи и фермеры обеспокоены тем, что без надлежащего использования фитосанитарной экспертизы и отсутствия компенсирующего действия других приемов защиты растений при необоснованном применении сокращенной и нулевой технологий обработки почвы существенно увеличивается опасность массового размножения вредных организмов обитающих или сохраняющихся в почве и на растительных остатках [5].

Среди элементов современной технологии возделывания яровой пшеницы в сухостепной зоне Северного Казахстана большое значение имеют рациональные энергосберегающие методы обработки почвы и системы химических приемов борьбы с сорной растительностью на важнейших этапах развития растений. Многие отечественные ученые были вовлечены во внедрение этих элементов в производство в различных почвенно-климатических условиях Республики Казахстан [6]. Тем не менее, было проведено недостаточно комплексных исследований для оценки эффективности способов основной обработки почвы и систем применения гербицидов с целью контроля засоренности посевов сельскохозяйственных культур и оптимизации агрофизических и биологических

свойств почвы.

В данной статье приведены результаты научного исследования, проведенного в 2019 году. Изучались две технологии обработки почвы с тремя различными сроками применения гербицидов: минимальная с осенним глубоким рыхлением + предпосевная химическая обработка, минимальная с осенним глубоким рыхлением + химическая обработка по вегетации, минимальная с осенним глубоким рыхлением + предпосевная химическая обработка + химическая обработка по вегетации; нулевая с полным исключением механической обработки + предпосевная химическая обработка, нулевая с полным исключением механической обработки + химическая обработка по вегетации, нулевая с полным исключением механической обработки + предпосевная химическая обработка + химическая обработка по вегетации.

Опыты проводились на тёмно-каштановой среднесуглинистой почве среднесуглинистого механического состава с содержанием гумуса в почве в пределах 3,8-4,1 %. Средневзвешенный балл бонитета составляет 32. Почва опытного участка характеризуется низким содержанием легкогидролизуемого азота, умеренным содержанием подвижного фосфора и высоким содержанием калия. На конкретный видовой состав сорняков в определенной степени оказывает влияние плотность почвы, так как разные виды сорной растительности по-разному реагируют на сложение пахотного слоя. Перед посевом яровой пшеницы между вариантами опыта существенных различий по плотности почвы не было: при минимальной технологии обработки в слое почвы 0-20 см объемная масса составила в пределах 1,14 г/см<sup>3</sup> - 1,16 г/см<sup>3</sup>, при нулевой технологии обработки - 1,20 г/см<sup>3</sup> - 1,21 г/см<sup>3</sup>. Ввиду вышеизложенного следует отметить, что различия в объемной массе на фоне технологий обработки почвы незначительны. Также следует отметить, что состояние увлажненности почвы оказывает существенное влияние на количественный и видовой состав сорняков. В свою очередь оно не в меньшей степени зависит от способов обработки почвы. В среднем мощность снежного покрова на вариантах опыта составила 31,1 см и 34,0 см. (рис. 1)



Прорастание семян сорняков в предпосевной период и дальнейшее их развитие во многом зависят от наличия влаги в почве. Наибольшая глубина промачивания и запасы продуктивной влаги в почве наблюдались при минимальной технологии обработки почвы 89,8 см и 113,7 мм., тогда как при нулевой технологии не превысила 78,3 см и 73,9 мм. (рис. 2)






Рис. 2 - Запасы влаги в почве

Видовой состав сорной растительности в посевах яровой пшеницы состоял из многолетних двудольных (бодяк полевой, вьюнок полевой, молочай лозный), однолетних злаковых (овсюг обыкновенный и куриное просо, щетинник зеленый) и двудольных сорняков (липучка обыкновенная). Общая численность сорняков перед проведением предпосевных обработок по причине холодной весны и их запоздалого прорастания составила по вариантам опыта в среднем в пределах 7,6 – 12,8 шт./м<sup>2</sup>, что соответствует средней степени засоренности. На опытном поле по численности преобладали малолетние сорняки. Так, перед посевом яровой пшеницы количество малолетних сорняков составляло 5,6 – 9,2 шт./м<sup>2</sup>, а многолетних – 1,8 – 3,2 шт./м<sup>2</sup>. Соотношение многолетних сорняков к малолетним было 1:2,8 – 1:3,3. На вариантах с глубоким рыхлением и механическими предпосевными обработками семена сорных растений в достаточно большом количестве обнаруживаются и в слое почвы 10-20 см. Перед уборкой яровой пшеницы в среднем за три года на вариантах опыта насчитывалось 7,5 – 15,6 шт./м<sup>2</sup> сорняков, что значительно ниже экономического порога вредоносности. При этом на варианте с только лишь предпосевной химической обработкой было в два раза больше сорняков, чем на варианте с комплексными мерами борьбы. Это объясняется тем, что по причине запоздалой весны семена сорняков прорастали недружно, и часть их продолжала всходить после посева яровой пшеницы, и не попали под действие глифосатсодержащего препарата. Наиболее полно истреблялись сорняки гербицидами по вегетации. На этих вариантах к уборке культуры насчитывалось в среднем 7,5-7,7 сорняка на 1 кв. метре. Вместе с тем биологическая эффективность испытываемых сроков применения гербицидов оказалась достаточно высокой. Гибель сорняков по вариантам опыта в среднем составила 51,9 – 85,8 %. Экономический порог вредоносности доминирующих сорняков на опытном поле при применении различных методов борьбы с ними колеблется от 2-3 многолетних сорняков и 8-16 малолетних сорняков.

Наибольшее количество продуктивных стеблей яровой пшеницы имелись на варианте с применением пестицидов перед посевом и в период вегетации и составило в среднем 143,9 шт./м<sup>2</sup>. На вариантах разница с предпосевной химической обработкой составила

24,2 стеблей. Имеются незначительные различия между вариантами опыта по озерненности колоса и массе зерен с 1 колоса. Среднее число зерен при комплексном способе борьбы с сорняками составило 28,3 шт. против 25,4 шт. на варианте с предпосевной химической обработкой и 28,6 шт. по варианту с химической обработкой по вегетации. Менее эффективным оказался вариант с предпосевной химической обработкой при нулевой технологии обработки почвы (рис. 3).




Рис. 3 - Урожайность яровой пшеницы, ц/га

#### Список использованной литературы:

1. Колмаков Г.Н., Нестеренко А.М. Минимализация обработки почвы. М.: Колос. 1981. С. 151-155.
2. Кененбаев С.Б., Киреев А.К. Исследования в земледелии - системный биоэкологический подход // Вестник с.-х. науки Казахстана. № 6. 2004. - С. 26-29.
3. Холмов В.Г., Юшкевич Л.В. Роль удобрений и минимальной обработки почвы в повышении продуктивности зерновых культур при интенсификации земледелия // Земледелие. № 9. 1988. С. 6-8.
4. Чекалин С.Г., Солодовников В.Н., Лиманская В.Б. Актуальные проблемы земледелия Западного Казахстана и некоторые пути их решения // Экология и степное природопользование. Сб. науч. тр., посвящённых 90 - летию со дня образования Уральской опытной станции и 100 - летию со дня рождения Башмакова Н.И. Уральск. 2005. - С. 146 - 153.
5. Прокуратова М. Особенности защиты зерновых культур от вредителей и болезней в Северном Казахстане // Агроинформ. № 5. 2008. С. 19-21
6. Каскарбаев Ж.А., Седов Г.В. Особенности агротехники яровой мягкой пшеницы при нулевой технологии возделывания // Сб. докладов международной конференции «НОУ - ТИЛЛ и плодосмен - основа аграрной политики поддержки ресурсосберегающего земледелия для интенсификации устойчивого производства». - Астана – Шортанды. 2009. - 354 с.

## ҚАРАБАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕ СТАНЦИЯСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ТЫҢАЙТҚЫШ ЕНГІЗУДІҢ МАЙЛЫ ЗЫҒЫР DAҚЫЛЫНЫҢ ӨСІП-ДАМУЫ МЕН ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ

*Ж. Бауыржан, магистрант*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Зығыр - әр түрлі мақсатта пайдаланылатын (май, талшық, күнжара) құнды ауылшаруашылық дақылдарының бірі [1]. Зығыр дәндерінен алынатын май биологиялық құндылығы жөнінен азықтық майлар ішінде бірінші орын алады [2]. Соңғы кезде дүние жүзінде бұл пайдалы дақылға деген қызығушылық артып, нарықтағы сұранысы жоғарылады. Соңғы 15 жыл ішінде, Қазақстандағы зығыр өндірісі рекордтық қарқынмен өсіп келеді. Мысалы, 2005 жылы елімізде 1,1 мың гектар жерге зығыр егілсе, 2010 жылы бұл көрсеткіш 230,3 мың гектарға көбейді, ал 2019 жылы 869,7 мың гектарға себілді [3].

Г.А. Мичкинаның және Г.А. Попованың [4] зерттеулері бойынша, зығыр топырақ құнарлығына жоғары талап қоятын дақыл. Басқа дақылдармен салыстырғанда ол қоректену элементтерінің дұрыс қатынасы мен тыңайтқыштардың танаптағы біркелкі таралуын талап етеді. Азотпен жақсы қамтамасыз етілген топырақтарда N:P:K 1:3:4 қатынасында, ал азот жеткіліксіз топырақтарда- 1:2:2 қатынасында болуы қажет.

2016-2018 жылдар аралығында жүргізілген зерттеулер нәтижесі көрсеткендей [5], В.Г. Черненко және тағы басқалар тұжырымынша топыраққа тыңайтқыш 60-210 кг/га әсер етуші зат мөлшерінде енгізген кезде, топырақтағы фосфор мөлшері 22,8 - 39,5 мг/кг аралығында артады. Тыңайтқыштарды енгізу барысында өсімдігінің қоректенуі жақсарып, зығыр өсімдігінің өсу процестері жандана түседі.

Өсіп-даму кезеңінде дақыл өнімін қалыптастыратын құрғақ заттардың жиналуы үшін, бірінші кезеңде фосфор тыңайтқыштары негізгі рөлді атқарады және ол өсіп-даму кезеңінде өте маңызды болып саналады. Аталған зерттеушілер көрсеткендей, тыңайтқыштар майлы зығырдың өнімділігін 81% дейін жоғарлатады және топырақтағы фосфор элементінің сіңімді күйдегі мөлшерін 23,9 мг/кг дейін арттырады.

А. Гринецтің мәліметтері бойынша [6], Қостанай облысы жағдайында майлы зығыр өсіретін танапқа азот-фосфор тыңайтқышын себуге дейін немесе себу кезінде енгізу өсімдіктің қолайлы өсіп – дамуын қамтамасыз етеді. Майлы зығыр танабына фосфор тыңайтқышын 15-20 кг/га әсер етуші зат есебімен гектарына пайдалану тиімді болып саналады және оларды енгізудің тиімді әдісі - тұқымның себу тереңдігінен де терең енгізу саналады [7].

Жоғарыдағы зерттеулерде көрсетілгендей, майлы зығыр дақылдың өнімділігін қалыптастыруды тыңайтқыштардың басты орын алатынын ескере отырып, Қостанай облысы, Қарабалық тәжірибе станциясы жағдайында құрамында күкірт элементтері бар тыңайтқыштардың майлы зығырдың өсіп-дамуына және өнімділігін қалыптастыруына әсері зерттелді.

Зерттеу жағдайы мен әдістемесі. Зерттеу жұмыстары 2019 жылы кәдімгі қара топырағы жағдайында жүргізілді. Облыстың климаты тым континентальді – қысы суық, жазы ыстық, ылғалдың түсу мөлшері аз. Зерттеу жүргізілген жылы, яғни майлы зығыр дақылдың өсіп-даму кезеңінде 157,8 мм жауын – шашын түсті, бірақ түскен жауын шашынның 60 пайызы 5 мм төмен болды. Яғни, мұндай аз мөлшердегі ылғалдың топыраққа әсері өте төмен.

Зерттеу нысаны ретінде майлы зығырдың Кустанайский янтарь сорты алынды. Тәжірибе жұмыстары 7 нұсқада, 3 қайталыммен жүргізілді. Зерттеу қойылған танап - сүриден кейінгі 4 - дақыл. Топырақ өңдеу технологиясы – аймаққа тән. Аймақтың

топырақ климат жағдайларын ескере отырып, танапқа әртүрлі мөлшерде және нұсқада тыңайтқыштар енгізілді. Мысалы. Амиак селитрасы – 130 кг/га, аммофос-185кг/га, сульфоаммофос-450кг/га, аммонийсульфаты -210кг/га, аммофос + аммоний сульфаты -210кг/га, аммофос+ амиак селитрасы-130кг/га. Тыңайтқыш енгізу егін себерден он күн бұрын жүргізілді.

Дақылдың өсіп-даму барысында фенологиялық бақылау; биометриялық талдау және өсімдіктің дамуына қашықтан мониторинг жүргізілді.

Зерттеу барысында пайдаланылған тыңайтқыш түрлеріне байланысты майлы зығырдың өсіп-даму кезеңі 98 күннен 106 күн аралығында болғандығы анықталынды. Оның ішінде бақылау нұсқасында 98 күн, аммоний сульфаты 100, аммиак селитрасы 106, аммофос 101, аммофос + аммоний сульфаты 102, Аммофос + аммиак селитрасы -103, сульфоаммофос 103 күн құрады. Тыңайтқыш енгізілген танаптардағы зығыр дақылының өсіп-даму кезеңінің ұзақтығы бақылау нұсқасына қарағанда біршама ұзағырақ болды. Ең ұзақ өсіп-даму кезеңі аммиак селитрасы енгізілген танапта байқалды. Тыңайтқыш енгізген танаптарда бақылау нұсқасымен салыстырғанда өсіп-даму кезеңі 2-8 күнге артық болды.

Зерттеу нәтижелері бойынша, енгізілген тыңайтқыш түрлеріне байланысты майлы зығыр өнімділігінің әртүрлі деңгейде болатындығы дәлелденді (кесте 1). Қалыптасқан ауа-райы жағдайларына байланысты зығыр дақылының өнімділігі зерттеу нұсқаларында 8,41-11,35 ц/га аралығын құрады.

Кесте 1. Тыңайтқыш түрлеріне байланысты майлы зығыр өнімділігі, ц/га

№	Нұсқалар	Өнімділік, ц/га	Жалпы өнім, ц
1	Бақылау	8,41	126,2
2	Аммоний сульфаты	9,96	149,4
3	Аммиак селитрасы	12,39	185,8
4	Аммофос	10,29	154,4
5	Аммофос+Аммоний сульфаты	10,28	154,2
6	Аммофос+Аммиак селитрасы	11,35	170,25
7	Сульфоаммофос	10,80	162
ЕТЕА 05		0,27	

Тыңайтқыш енгізілген танаптарда бақылау нұсқасымен салыстырғанда өнімділік біршама көбірек болды. Салыстыратын болсақ, ең жоғары өнімділік аммиак селитрасы енгізілген нұсқада 12,39 ц/га құрады. Бұл көрсеткіш бақылау нұсқасындағы өнімділікпен салыстырғанда 3,98 ц/га артық. Бақылау нұсқасымен салыстырғанда ең төмен өнімділік аммоний сульфаты енгізілген танаптан алынды (9,96 ц/га). Кешенді тыңайтқыштар енгізілген танаптарда өнімділік бақылау нұсқасымен салыстырғанда артық болғанымен аммофос және аммиак селитрасы енгізілген нұсқадан 2,9 ц артық өнім алынды.

Қорытынды. Фосфор элементі бар тыңайтқыш енгізілген танаптардың барлығына тән қасиет өнімділіктің аса көп бола қоймағандығын оңай аңғаруға болады. Себебі, жоғарыда көрсетілгендей, жауын – шашын деңгейінің аз болуына байланысты фосфор сіңімді күйге айналуы өте төмен болып, өсімдікке әсері бола қойған жоқ. Бұдан шығатын қорытынды, жауын шашын аз түсетін жылдары майлы зығыр танабына фосфор тыңайтқыштарын енгізудің тиімділігінің өте төмен деңгейде болады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Перспективная ресурсосберегающая технология производства льна-долгунца: Метод. рекомендации. М.: ФГНУ «Росинформагротех», 2008. - 68 с.
Н.И.Вавиловтың ойынша, әлемдік коллекция ауыл шаруашылығы селекциясы үшін шексіз қор болып табылады. Оның маңызы жергілікті жағдайларға байланысты арта түседі. Жаңа, өнімділігі жоғары және жергілікті жағдайларға бейімделген сорттарды алу үшін әлемдік коллекцияны зерделеп, бағалы қасиеттерге ие жаңа бастапқы материалды іздеу селекцияның маңызды әрі басты бағыты болып табылады [4].

Белгілі бір экологиялық факторларға бейімделген сорттарды құру– ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын одан әрі арттырудың маңызды және қажетті шарты және тұрақтылық белгісі[5].

Дәнді дақылдардың құрғақшылыққа төзімділігін анықтауда екі түрлі әдіс қолдануға болады: танаптық және зертханалық. Танаптық әдістер де кеңінен қолданылады: құрғақ аудандарда, құрғақшылықтарда, құрғақ қондырғыларда сорттар мен ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру. Бұл әдістер ұзақ уақытты, материалдық шығындарды талап етеді. Көптеген зерттелетін дақылдар үшін өсу жағдайлары қуаңшылық аудандарда олардың биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес келмейді, бұл алынған нәтижелердің бұрмалануына әкеп соғады.

Далалық дақылдардың қуаңшылыққа төзімділігін бағалаудың көптеген физиологиялық әдістерінің ішінде салыстырмалы қуаңшылыққа төзімділікті жаппай бағалау үшін қарапайым жанама әдістер тұқымдардың өсіп-өнуін және ылғалдың жетіспеушілігін қолдан жасау осмостик ерітінділерде өскіндердің өсуін анықтауға негізделген, өйткені қуаңшылыққа төзімділік пен тұқымның осмотик ерітінділерде өсу қабілеті арасындағы оң корреляция бұрыннан белгілі. Зерттеу жұмысында осы әдістерді қолдана отырып, Ақмола облысы жағдайында жақсы өнім беретін және құрғақшылыққа төзімді сорттарды іріктеу жұмыстары жүргізіледі.

Осылайша, арпаның құрғақшылыққа төзімді сорттарын іріктеуге бағытталған ғылыми зерттеулер өзекті және Солтүстік Қазақстан үшін басым бағыттардың бірі болып табылады. Селекция үшін жаздық арпаның әлемдік коллекциясын зерттеу және біздің топырақ – климаттық жағдайларға неғұрлым бейімделгенін іріктеп алу қажет.

1. GAIN Report Number: KZ-1903;
2. Х.Васим, А. Ф. Туманян, Н.В.Тютюма. Засухоустойчивость сортообразцов ярового ячменя-Вестник РУДН, серия Агротехника и животноводство, 2010, № 2 - 43-46 б.;
3. Е.В.Ионова. Устойчивость сортов и линий пшеницы, ячменя и сорго к региональному типу засухи, <https://www.dissercat.com/content/ustoichivost-sortov-i-linii-pshenitsy-yachmenya-i-sorgo-k-regionalnomu-tipu-zasukhi> - 2011
4. Н.И.Вавилов. Теоретические основы селекции. М.: Наука, 1987. 506 б.
5. Голова Т.Г., Ершова Л.А. Особенности метеоусловий и эффективность селекции ячменя в Каменной Степи. /Достижения науки и техники АПК». 2014.- № 7.- Т. 28. – б. 14- 18.

## ГЕЛЬМИНТОСПОРИОЗ – КАК ПРОГРЕССИРУЮЩАЯ БОЛЕЗНЬ ПШЕНИЦЫ

*Д. Енбеков, магистрант*

*г.Нур-Султан, Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина*

По долгосрочному прогнозу ОЭСР (Организации экономического сотрудничества и развития) и ФАО к 20-тым годам производство зерновых в мире будет достигать отметки в 770-780 млн. тонн, соответственно в последующих годах прогнозируется увеличение. В рейтинге стран-производителей пшеницы, Казахстан занимает 14 место. Свыше ¾ посевов Казахстана, занимает яровая пшеница. При такой концентрации посевов, риск возникновения болезней крайне велик, при недостаточном фитосанитарном внимании, прогресс развития и распространения болезней будут возрастать [1].

На сегодняшний день среди множества грибных заболеваний яровой пшеницы, большое значение занимает гельминтоспориоз. Поражают два вида гельминтоспориозных пятнистостей: темно – бурая (возбудитель *Bipolaris sorokiniana*) и желтая (возбудитель *Drechslera tritici – repentis* Shoem; сумчатая стадия (*Phygenophora tritici – repentis*). А также чернота зародыша и гельминтоспориозная корневая гниль (*Bipolaris sorokiniana* Sacc. – *Helminthosporium sativum* P.K.et B.). Болезни широко распространены в Казахстане и других странах в частности, в зависимости от погодных условий. Желтая и темно – бурая пятнистость стала все чаще появляться на территории России, нанося заметный ущерб качеству зерна. Вредоносность болезней состоит как в потере урожая из-за снижения фотосинтеза и в ухудшении качества, что делает ее непригодной для производства муки [3].

Темно – бурая пятнистость проявляется на листьях в форме округлых буроватых пятен, которые с повышением температуры образуют налет оливкового цвета. Возбудитель болезни способен поражать корневую часть растения, вызывая корневую гниль [2].

Желтая пятнистость, или Пиренофороз проявляется на листьях с обеих сторон и листовых влагалищах пшеницы в виде мелких пятен овальной формы, желтой или светло – коричневой окраски, диаметром 2-2,5 мм. Со временем пятна разрастаются по направлению листа и приобретают темный цвет, от 15-20 мм в длину, иногда становятся ромбовидной формы или чечевицеобразной. Пятна могут быть в виде полос и занимать 40 – 45 % листовой поверхности. К концу сезона, как лист полностью иссохнет, появляется налет оливково – бурого цвета конидиального спороношения. Максимальное развитие и распространения болезни приходится в период колошения – молочной спелости зерна, при высокой влажности воздуха развиваются мицелий и спороношение серовато – белого цвета. Возбудитель болезни *Drechslera tritici – repentis*, гриб имеет сумчатую стадию –



*Puccinia tritici – repentis* Drechs. которая формируется на поживных остатках [4].

Сравнительно молодая болезнь также вредоносна в условиях Узбекистана, возбудитель зимует на листьях пшеницы в виде покоящихся мицелий, а также на послеуборочных остатках. Источником инфекции являются семена. Заражение растений возможно при температуре 5°C, а для спороношения необходим температурный порог от 20 – 25 °C, при этом высокая влажность способствует быстрому развитию болезни. Для прорастания конидий *Helminthosporium*, *Drechslera* необходим порог температур от 20 – 30 °C [2,6].

Пиренфороз широко распространен в других странах мира, как в США и Канаде, так и в странах Европы. В Канаде желтая пятнистость встречается в комплексе; первое заболевание в засушливой зоне, второе – в увлажненной зоне. Активное развитие данной болезни связано с использованием пестицидов, внедрением нулевой технологии возделывания. Практически во всех регионах потери урожая от гельминтоспориоза составляют 15-25%. На сегодняшний день желтая пятнистость активно поражает посевы пшеницы в Австралии и обуславливает потери урожая от 5 до 20%. В России и других странах СНГ наблюдается та же картина. В 2003-2009 годах, в разных зонах Таджикистана показал, что болезнь является доминирующим видом, так как в период с 2004 по 2005 год ее соотношение с желтой ржавчиной достигала 50%, а в период с 2006 по 2009 год и вовсе превышает 90% (по данным Рахматова). Заметное развитие в северном Казахстане наблюдалось на яровой пшенице в 2001, 2007 и 2019 году, особенно по стерневому фону. Широкое развитие связано прежде с минимальной обработкой и с монокультурой пшеницы, сохранением стерни.

Большой и актуальной проблемой на посевах зерновых во многих регионах стран последние годы стала гельминтоспориозная корневая гниль. Является наиболее распространенной болезнью во всех регионах, где возделываются зерновые культуры. Возбудитель болезни – *Bipolaris sorokiniana* Sacc. (*Helminthosporium sativum* P. K. et B.). Проявляется на первичных и вторичных корешках, эпикотиле, подземных междоузлиях, у основания стебля пшеницы наблюдается проявление темно – бурых пятен вытянутой формы. При сильном развитии происходит побурение одного или двух междоузлий. Пораженная часть приобретает оливковый налет, состоящая из мицелий и конидий гриба. Наблюдается отставание в росте, снижении общей и продуктивной кустистости, полегание и отмирание побегов, образование мелкого колоса со щуплым зерном. Возбудитель сохраняется в почве на растительных остатках и на поверхности и внутри семян [6]. Активность заражения и развития болезни зависит от метеорологических условий. Особенно значима высокая влажность воздуха, около 95-97% и наличия осадков в период формирования зерна. Возбудитель развивается при температуре от +5 +6°C до +35+37°C, оптимум – +20+25°C. Повышенная температура оказывает положительное влияние развитие болезни. При +8+10°C грибница способна не гибнуть, а также не теряет способности к развитию, хотя темп развития значительно снижается.

В странах с теплым и влажным климатом, в частности, в Южной Америке и Юго-Восточной Азии гриб *Bipolaris sorokiniana* является возбудителем ожога листьев пшеницы. Его прогресс в развитии связан с широким внедрением пшенично – рисовых севооборотов, где создаются благоприятные условия для накопления инфекции. По данным фитопатологических исследований средний процент поражения семян грибом *Bipolaris sorokiniana* варьировался от 3 до 14%, максимальный составил 41,5%.

В Акмолинской области в 2019 году на зерновых культурах выявлено 18 видов болезней, в том числе на пшенице более 9 видов. Самым распространенным являются гельминтоспориозы пшеницы.

Темно-бурая пятнистость – Коныркай дактар -*Helminthosporium sativum* P.K. et B., *Bipolaris sorokiniana* Shoem. При широкой специализации возбудители *Bipolaris sorokiniana* Shoem изменяющиеся под влиянием субстрата, условий среды, позволяют пара-

зиту проявляться на всей территории области с различной интенсивностью поражать, как у пшеницы, так и у всех злаков, зерно, всходы, корни, листья и основания стеблей. Поражение зерновых культур гельминтоспориозными пятнистостями связано с наличием инфекционного начала в почве и на растительных остатках, с недостаточной физиологической устойчивостью растений к инфекции, нарушением агротехники.

Распространение и развитие темно-бурой пятнистости отмечено на посевах яровой пшеницы, ячменя, овса.

Заболевание ежегодно начинает проявляться в фазу всходов – начале кушения зерновых культур в первой, в начале второй декады июня. В прошлом году начало проявления темно-бурой пятнистости в виде удлиненных темно-бурых штрихов и пятен с 5-14 июня на посевах яровой пшеницы раннего срока сева в шести районах области: Астраханском, Атбасарском, Буландынском, Бурабайском, Зерендинском и Сандыктауском и позже с 17-21 июня в остальных районах. Распространение составляло 1,0-15,0%, развитие 0,3-5,0%.

Дальнейшему развитию болезни способствовали: осадки, повышение температур до оптимальных и запас инфекции. Возбудитель *Helminthosporium sativum* P.K. et.

В с послеуборочных остатков, с почвы и сорной растительности распространялся конидиями, которые прорастали после прошедших дождей. Слабая степень развития темно-бурой пятнистости отмечена с 21-24 июня. Интенсивность развития составила от 0,01 до 11,4%, распространение от 0,03% до 57,0%.

В июле наблюдалось увеличение развития заболевания. Интенсивное развитие темно-бурой пятнистости произошло после прошедших дождей и повышение температур до оптимальных для патогена. На листьях нижнего яруса пятна были ярко выражены.

В фазу колошения, которая началась со второй декады июля, среднесуточные температуры были оптимальные для дальнейшего развития инфекции +19-22°C, а также усиливались прогрессирующие болезни частые осадки. К фазе колошения средний ярус листьев был поражен в слабой и средней степени, на верхних листьях отмечались единичные пятна.

Проведенные фунгицидные обработки, которые хозяйства проводили в июле, несколько сдержали и приостановили развитие болезни.

На посевах средних и поздних сроков сева болезнь продолжала свое развитие, этому способствовали погодные условия конца июля, второй и начало третьей декад августа, единично отмечалось поражение колоса и стебля.

Болезнь отмечалась на всех зерновых культурах, к концу вегетации отмечалось поражение всех надземных органов растений. Распространение достигло до 100,0%, развитие до 30,0%.

В сентябре проходило накопление инфекции на отмирающих листьях, сорной растительности, растительных остатках.

В 2020 году распространение и развитие гельминтоспориозных пятнистостей будет зависеть от погодных условий в период вегетации, наличия инфекции, соблюдения севооборотов, сроков сева, качества посевного материала и от своевременно проведенных агротехнических и химических мероприятий. [7]

### Список литературы

- 1 Производство продовольствия в мире. – [Электронный ресурс]. – URL://www. www. fao.org/worldfoodsituation/ru (дата обращения 25.02.2020)
- 2 Койшыбаев М. Болезни пшеницы. – Анкара, 2018
- 3 Шилова К.М. Современное фитосанитарное состояние сельскохозяйственных угодий и оценка эффективности защитных мероприятий. - Астана: Фолиант, 2012. – 204 с
- 4 Кремнева О. Ю. Развитие желтой пятнистости листьев пшеницы и расовый состав возбудителя изолятов *Phygenopora tritici – repentis* в Северо-Кавказском регионе. – Имму-

ногенетическая защита сельскохозяйственных культур от болезней: Теория и практика. – Большие Вязьмы, 2012. – С.394-397.

5 Дорофеева Л.Л., Шкаликов В.А. Болезни зерновых культур Байер КропСайенс, 2007. - 96 с.

6 Овсянкина А.В. Корневые гнили зерновых. – Москва: Российский аграрный университет, 2012. – 6 с.

7. Данные годового отчета Акмолинского филиала РГУ «Республиканский методический центр фитосанитарной диагностики и прогнозов» КГИ в АПК МСХ РК

*Научный руководитель: Сулейменова З.Ш., старший преподаватель*

## **РЕГУЛИРОВАНИЕ ЧИСЛЕННОСТИ ВРЕДИТЕЛЕЙ НА СТАРОВОЗРАСТНЫХ ПОСЕВАХ СЕЯНЫХ МНОГОЛЕТНИХ ТРАВ ПУТЕМ ПРИМЕНЕНИЯ АГРОТЕХНИЧЕСКИХ МЕР БОРЬБЫ В УСЛОВИЯХ АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ**

*Ф. Ерзара, магистрант  
КазАТУ им.С.Сейфуллина, г.Нур-Султан*

Многолетние травы имеют фундаментальное значение в сельском хозяйстве, сохраняя и повышая устойчивость агросферы и биосферы. Они занимают ведущее место среди возобновляемых источников получения белковых и энергонасыщенных кормов, средств биотической мелиорации сельскохозяйственных земель. Многолетние травы - лучшее биологическое средство предупреждения эрозионных процессов и борьбы с опус-тыниванием, их наличие является мощным средообразующим и средовосстанавливающим фактором[1,2].

Однако вместе с тем многолетние травы подвержены опасности повреждения многими вредителями.

На посевах многолетних трав встречается более 100 видов вредных насекомых. Наличие такого количества вредителей в отдельные годы снижает урожайность на 50-70 %. Поэтому борьбе с вредителями необходимо уделять особое внимание [3,4].

Цель исследований заключалась в изучении вредных и полезных насекомых на посевах многолетних бобовых трав и разработке приемов регуляции их численности в условиях Акмолинской области.

Для достижения цели нами были поставлены следующие задачи:

- изучить видовой состав и биоэкологические особенности вредителей на посевах многолетних бобовых трав;
- исследовать влияние расположения, формы, способов, возраста и фазы развития посева на численность вредителей многолетних бобовых трав;
- выяснить влияние различных доз инсектицидов на динамику численности и вредоносность основных фитофагов;
- на основе проведенных исследований разработать агротехнические приемы регуляции численности вредной энтомофауны многолетних бобовых трав;

Для условий Аршалынского района установлена целесообразность посевов люцерны и донника и снижения численности и вредоносности фитофагов без применения и с применением пестицидов. Исследования выполнялись с использованием полевых, лабораторных и статистических методов.

Исследования проводились в 2018 – 2019 гг. в Акмолинской области на территории ТОО «Аршалы». Климат места проведения исследований – резкоконтинентальный, проявляющейся в резких колебаниях температуры и относительной влажности воздуха, не-

равномерном распределении осадков в течение года и по годам.

Полевые исследования проводились на посевах люцерны и донника. Объектами исследований были фитофаги многолетних бобовых трав и ряд инсектицидов.

Численность вредителей устанавливали как с помощью рамки (размером 50X50 см), так и методом кошени сачком. Использовали стандартный энтомологический сачок. Делали по 10 взмахов в 4-х местах по диагонали делянки. Учёты проводили один - два раза в неделю в течение вегетации в теплую погоду. Данные по численности насекомых, полученные методом кошени энтомологическим сачком, пересчитывали также в количество насекомых на 1 м<sup>2</sup>. Степень повреждения листьев фитофагами определяли по пятибалльной шкале: 1 - объедено 1-5 % листовой поверхности, 2 — объедено 6-25 %, 3 - 26-50 %, 4 - 51-75 %, 5 - 76-100 % листовой поверхности, рассчитывая среднюю интенсивность повреждения растений(%) [5,6].

Проведённые исследования показали, что наиболее распространёнными вредителями посевов многолетних бобовых трав в наших условиях были: на люцерне - клубеньковые долгоносики: люцерновый (*Sitona humeralis* Steph.), малый люцерновый (*Sitona inops* Gyll.), полосатый (*Sitona lineatus* L.) и щетинистый (*Sitona* Hbst.), листовой люцерновый *crinitus* долгоносик/фитономус (*Phytonomus variabilis* Hbst.), люцерновый клоп (*Adelphocoris lineolatus* Goeze.), жёлтый тихиус-семеед (*Tychius flavus* Beck.), люцерновая толстоножка (*Bruchophagus roddi* Guss.); на доннике - клубеньковые долгоносики: эспарцетовый (*Sitona callosus* Gyll.), полосатый (*Sitona lineatus* L.), люцерновый клоп (*Adelphocoris lineolatus* Goeze), гороховая тля (*Acyrtosiphon pisum* Harris.), эспарцетовая толстоножка (*Eurytoma onobrychidis* Nik.) [7,8,9].

Проведенные нами исследования также показали, что особенностью динамики численности комплекса вредителей на посевах является приуроченное к определенной фазе развития многолетних бобовых трав появление вредящих стадий насекомых на посевах. Основные вредители появляются на посевах многолетних бобовых трав уже в фазы «отрастание» «стеблевание», а в фазы «бутонизации» и «цветения» численность большинства видов вредителей достигала максимума.

Поскольку особенностью динамики численности комплекса вредителей является приуроченное к определенной фазе развития многолетних бобовых трав появление вредящих стадий фитофагов на посевах их численность можно регулировать изменением условий возделывания многолетних бобовых трав, одним из которых является применение пестицидов. В связи с этим, нами было проведено изучение влияния инсектицидов на численность вредителей в посевах многолетних бобовых трав по фазам их развития.

Исследования показали, что на разных стадиях развития многолетних бобовых трав инсектициды оказывали различное воздействие на численность популяций основных видов вредителей. Так, в фазу стеблевания в зависимости от дозы наблюдалось наибольшее снижение численности клубеньковых долгоносиков (7-39%), фитономусов люцернового (17-34%), и показали высокую биологическую эффективность.

В период исследований нами было отмечено, что многочисленность и разнообразие видового состава вредителей, а также длительность вегетационного периода многолетних бобовых трав привлекает большое количество полезных насекомых, из которых регулирующее влияние на вредителей оказывают энтомофаги.

#### Список использованных источников

1. Андриянов Н.И. Новые энтомофаги клубеньковых долгоносиков / Н.И.
2. Антонова В.П. Биологические особенности корневого люцернового долгоносика в Молдавии / В.П. Антонова // Защита растений от вредителей и болезней. - Кишинев, 1978. - С. 37-42.
3. Артохин К.С. Биоценотическое обоснование элементов интегрированной защиты семенной люцерны от вредителей на Нижнем Доне: Автореф. дис. ... канд. биол. наук /

К.С. Артохин. - Л., 1984. - 23 с.

4. Артохин К.С. Энтомоценоз люцерны: мониторинг и управление / К.С. Артохин. - Ростов-на-Дону, 2000. - 199 с. Артохин К.С. Экологические основы защиты люцерны от вредителей: Автореф. дис. ... докт. с.-х. наук / К.С. Артохин. - Л., 2001. - 46 с.

5.Палий В .Ф. Методика изучения фауны и фенологии насекомых.Воронеж-1970г.

6.Доспехов Б.А. Методика полевого опыта.-Колос,1978г.

7.Определитель вредных и полезных насекомых однолетних и многолетних трав и зернобобовых культур. Великань В.С, Голуб В.В и др.;Колос-1983г.

8. Экономические пороги вредоносности главнейших вредных видов насекомых и клещей.-Москва-1986г.

9.A.S.Mendigaliyeva, Kh.Torybayev and S.S.Arystangulov.Nocuity of the AnsilopiaAustriaca in seed wheat sows and measures to fight with them in conditions of Western Kazakhstan,Eco .Env & Cons.24(4):2018;pp.(1970-1975) Copyright@ EM International ISSN 0971-765X.

*Руководитель: Арыстангулов С.С., к.с.х.н., доцент*

## **МАҚТА-ЖОҢЫШҚА АУЫСПАЛЫ ЕГІСІНІҢ МАҚТА ӨНІМДІЛІГІНЕ ӘСЕРІ**

*Б. Ермекбаев, магистрант*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Елде «Ауыл жылдары» бағдарламасы жүзеге асырылғаннан кейін және ауылшаруашылықтың кең және терең реформаларына байланысты фермерлерді бәсекеге қабілетті 50 елдің қатарына кірудің стратегиялық бағыттарына бағыттау қажеттілігі туындағаннан кейін, ауылшаруашылық технологиясын және оны техникалық жаратқандыруға жүйелі көзқарас қажет болды, ауылшаруашылық өндірісіне жаңа және перспективалы технологияларға негізделген машиналар жиынтығын енгізу қажет. Отандық фермалар мен фермалар мен шетелдік тәжірибе тамақ өнеркәсібіндегі түбегейлі өзгерістер ауылшаруашылық саласының қалыптасуымен тікелей байланысты екенін көрсетеді. Қазіргі уақытта импорт технологиясын алмастыру және өнімнің негізгі түрлерін экспорттау арқылы отандық тамақ өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы өндіріс технологиясының басым рөлі туралы түсінік бар. Сонымен, жоғары технологияны қолданатын өнімді технологияларға көшу ауылшаруашылық өндірісінің негізгі стратегиясы болуы керек. Тазарту және қайта өңдеу өнеркәсібінің өнімділігі деңгейіне және техникалық, материалдық, энергетикалық, ақша қаражаттарына және т.б. байланысты, жылдам және жоғары технологиялардан түсетін кірістер мен кірістердің жоғалуы салада қолдануға байланысты [1].

Іс-тәжірибе Түркістан облысы, Мақтарал ауданында орналасқан «Ауыл шаруашылығы машиналарына (СХМ) сервис-орталығы» өндірістік кооперативінде өтті. «СХМ сервис-орталығы» өндірістік кооперативі негізінен өздерінің техникасына, басқа шаруа қожалығының ауыл шаруашылығы техникасына техникалық қызмет көрсету және жөндеу жұмыстарымен және меншігіндегі 1475 га жерде ауыл шаруашылығы өнімдерін, соның ішінде мақта өсірумен айналысады. «СХМ сервис - орталығы» өндірістік кооперативі шаруа қожалықтары негізінде 2002 жылы құрылған [5]. Материалдық – техникалық базаны қалыптастыру бойынша несие алынған және бұрынғы шаруа қожалықтарының меншігіндегі жабдықтар сақталынған. Өндірістік кооператив ұжымы негізінен мақта,



көкөніс дақылдарын, мал азығы өнімдерін өндірумен айналысады.

Қазіргі таңда оңтүстіктің ашық сұр топырағында өсімдік шаруашылығын әртараптандыру бағытымен топырақтың қарашірінді құрамын қалпына келтіру мақсатында, яғни айтқанда Мақтаарал ауданында мақта кең қалыптасқан, ашық сұр топырақты аймағында, сондай-ақ ауыспалы егіс жүйесіне немқұрайлы көзқарасты оңтайландыруда, қысқа танапты ауыспалы егістік тізбектеріне бұршақ тұқымдас дақылдардың топырақ қабатындағы құнарлылыққа келтіретін қарқындылық және белсенділік әсерлері төмендегі нәтижелермен баяндалады [2].

Ауыспалы егістікті қолдануда - әртүрлі дақылдардың топырақтан алған қоректік заттарын кері қайтару қабілеті бірдей болмайды. Мақта қозасын өсіргенде топырақтан алынған қоректік элементтер кері қайтарылмайды, олар жалпы мақта қоза-өсімдігімен, шитті мақтамен өндіріс орындарына кетіп отырады. Осы жағдайларды, яғни қажетті қоректік элементтер тапшылығын, минералдық және органикалық тыңайтқыштарды қолдану арқылы ғана толтыра аламыз [7]. Ал жоңышқа, соя сияқты дақылдарды өсіргенде топыраққа, осы дақылдардың тамырларында шоғырланған түйнек бактериялары арқасында, биологиялық қоректік заттар топыраққа қайта оралады. Сондықтан осы сияқты дақылдарды өзара алмастырып егіп отыру тиімді болатыны сөзсіз. Дақылдарды алмастырып егудің осы топ себептеріне, жалпы бұршақ тұқымдас дақылдардың тамырында селбесу (симбиоз) түрінде өмір сүретін түйнек бактерияларының іс-әрекетін жатқызуға болады. Сонымен қатар, жоңышқаны алғы дақыл ретінде 2-3 жыл өсіргенде, түйнек бактерияларының көмегімен, топырақтың жыртылатын қабатындағы қоректі азотын гектарына 300-400 келідей ұлғайтады. Жалпы атқарылған ауыспалы егіс тізбектерін 2017-2019 жылдары, яғни бір ротация бойынша қорытындысында, бастапқы ротация басындағы вегетация кезегінің басында, топырақтың 0-20 см терең қабатындағы қарашірінді мөлшері, мақтаның бірегей егісінде 0,768% көрсеткіште болса, ротация соңында монодақылды алқапта, бұл көрсеткіш орнықты дәрежеден төмендейді, яғни 0,738%, себебі бұл бақылаулы нұсқадағы топырақтағы қарашірінді мөлшерінің төмендеуі, мақта қозасы бір жерде қайта-қайта өсірілуі нәтижесінде, топырақтың құнарлылығы орнықты дәрежеден төмендеп отырады [3]. Ауыспалы егістің 2 жыл жоңышқа: 1 жыл мақта тұратын тізбегінде, топырақтың құнарлылығы ротация басында, яғни 0-20 см қабатта – 0,809 болса, ротация соңында – 0,863% көрсеткішке өзгереді, бұл тізбектегі топырақ құнарлылығының артуы, жоңышқа дақылының екі жылғы тұрағы топырақтың агрохимиялық қасиетіне едеуір оңтайлы қарқындылық танытатыны байқалады. Ал (1:1:1) - 1 жыл мақта, күзде үстіне бидай егу, агромелиоративті алқаптан тұратын бидайдың 1 жыл тұрағы + 1 жыл мақта тұратын тізбекте, ротация басындағы топырақтың 0-20 см қабатта – 0,755% болса, ротация соңында қарай бұл көрсеткіш 0,776 пайызға өзгереді. Бұршақ тұқымдас дақылдар, яғни 1 жыл үрмебұршақ : 2 жыл мақта қозасынан тұратын тізбекте, топырақтың терең 0-20 см қабатында ротация басында орташа есеппен 0,788% болса, ротация соңында бұл көрсеткіш топырақтың терең 0-20 см қабатында орташа есеппен 0,818 жоғары көрсеткіште орын алғаны байқалады, ал тағы да бұршақ тұқымдас дақылдар, яғни 1 жыл қытайбұршақ : 2 жыл мақта қозасынан тұратын тізбекте топырақтың терең 0-20 см қабатында орташа есеппен ротация басында 0,792 пайыз көлем көрсеткішінде болса, жалпы ротация соңында бұл көрсеткіш тәжірибе жүзінде топырақтың терең 0-20 см қабатында орташа есеппен 0,831 пайыз болып, топырақтың құнарлылығы едеуір артады. Бұршақ тұқымдас дақылдардан кейін мақта қозасы топырағына гектарына N120P60 мөлшерде тыңайтқыштарды үйлестіріп қолданғанда, қарашіріндінің құрамы күзге қарай құрамды дәрежеде сақталады [4].

Қорытындылап айтқанда жоңышқаның 2 жылдық тұрағы, бұршақ тұқымдас дақылдар және агромелиоративті іс-шаралар жиынтығы топырақтың жыртылатын қабатындағы топырақ құнарлылығына оңтайлы әсер етеді. Топырақ құнарлылығының негізгі көрсеткіштері – бұл мақта өнімділігі болып есептеледі. Осы аталған тізбектің мақсаты

біріншіден, жердің мелиоративтік жағдайларын жақсарту [6]. Бұл үшін оңтүстіктің қарашірінді құрамы төмен топырақтағы жүргізіліетін ауыспалы егістікке жоңышқа дақылын өсірудің маңызы өте айрықша. Кезінде мақта өсірілетін шаруашылықтарда мақтаға егістіктің 70%-ын, ал қалған 30%-ы жоңышқаға ажыратылатын еді. Жоңышқаның қалың өсуі және жапырақтарының мол болуы арқасында топырақтың қызып кетуін тоқтатып, соның есебінен тұздалған жер асты суларының жоғары қабаттарға көтеріліп булануына тосқауыл болатын бірден бір өсімдік, ол жұмыс істеуін тоқтатқан тік дренаждардың да рөлін атқарады. Ауыспалы егіс тізбектеріне алғы дақыл ретінде бұршақ тұқымдас дақылдарды енгізіп, кейінгі жылғы өсірілетін мақта қозасына минералды тыңайтқыштардың үйлесімді мөлшерін қолданып, оны түбегейлі айқындау мақсатында ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп келеді. Осы ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы ауыспалы егістердің су жетіспеушілік пен қолайсыз су-тұз жүйесі жағдайында шитті мақтаны тұрақты өндіруді қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ топырақтың құнарлылығын орнықтыру мақсатында, осы қысқа танапты мақталық-жоңышқалық ауыспалы егіс тізбектері зерттеліп келді, яғни 2:1 тізбегі -2 жыл жоңышқа+1 жыл мақта. Ауыспалы егіс тізбегінде жалпы жоңышқаның екі жылдағы жалпы өнімділігі орташа есеппен гектарына 200,7 центнерден құрғақ шөп алынды. Жоңышқаның екі жылғы тұрағынан кейін мақтаны бірінші жыл өсіргенде, яғни 2 жыл жоңышқа және бір жыл мақтадан тұратын тізбектегі (2:1) нәтижелерге сүйенсек, мақта өнімділігі гектарына шаққанда 34,1 центнерге жетіп, бірегей егіспен салыстырғанда 11 центнерге өнім артып отырады.

Мақта өсірілетін аймақтардағы жерлерге мақта қозасы өнімі жиналғаннан кейін бидай егіп, келесі жылы бидай өнімінен кейін агромилиоративтік іс-шаралар жүргізіп, топырақты құнарлылығын арттыру мақсатында, ауыспалы егіс тізбектеріндегі, 1 жыл мақта, күзде үстіне бидай егу+1 жыл бидай + 1жыл мақтадан тұратын ауыспалы егіс алқабында, бірінші жылы мақта қозасы өнімі жиналғаннан кейін, жерді жыртпай, қопсыту іс-шаралары жүргізіліп кейін мақта қозасы үстіне бүркемелеп бидай дақылы себуге мүмкіндіктер туады. Үш жыл ішінде топырақ құнарлылығын төмендету арқылы өнімділікті арттыру үшін қысқа мерзімді ауыспалы және үйлесімді минералды тыңайтқыштар қолданылды. Осы әртүрлі егу схемаларының тиімділігін анықтаған кезде 1 кг шикі мақтаның орташа бағасы нарықта орташа алғанда 83 теңгені құрайды.

Зерттеу нәтижелері бойынша тізбектегі бірегей егіс үлгісі гектарына 80333,3 теңгені құрады, орташа өнімділік гектарына 24,4 центнерді құрады. Үш жылдық зерттеулердегі есеп бойынша 2:1 – 2 жыл жоңышқа:1 жыл мақта тұратын нұсқадағы мақта егістігінен жоғары өнім алынды, яғни гектарынан 34,1 центнер өнім алынып, таза пайда 243000 теңгені құрады. Зерттеулердің нәтижесі бойынша, жоғары табыстың мөлшері ауыспалы егіс тізбектеріндегі фасоль-бұршақ тұқымдас дақылдардан кейінгі егілген мақта қозасының 1-ші және 2-ші жылғы өнімді алу үшін кеткен қаржы 98000 теңгені құрады, таза табыстың көлемі салыстырмалы түрде 223180-218800 теңгені құрап отыр. Қытайбұршақ дақылынан кейінгі егілген мақта қозасының 1-ші және 2-ші жылдары өнімділікте, кеткен қаржы 98000 теңгені құрап, таза табыстың көлемі салыстырмалы түрде 231260-225500 теңгенің арасында ауытқыды. Қысқа тұйықталу Түркістан облысының мақта алқаптарын пайдаланған кезде тиімді. Негізгі және оңтайлы оқиға - әр түрлі тұзданған сұр-ашық топырақ түрінде оңтүстікте суармалы егіншілікте қысқа тұйықталу консервациясы. Тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, мақта саласындағы агроқұрылымдарды (фермерлер мен өндірістік кооперативтер) монокультурада өсіруге, мақта құнарлығын бірнеше рет өсіруге және топырақтың құнарлылығы мен өнімділігін төмендетуге болатындығын мәлімдейміз. Ұзақ мерзімді ғылыми нәтижелерге сүйене отырып, шаруашылықтарға топырақтың құнарлылығын арттыратын және бұршақ дақылдары мен дәнді дақылдардың өнімділігін арттыратын өсімдік сорттарының қысқа мерзімді өзгеруін ұсынамыз: - (1:2) 1 жыл қытайбұршақ : 2 жыл мақтамақтаның үлес салмағы 66,6%, мақта қозасына үйлесімді гектарына N120P60 мөлшерде тыңайтқыштарды қолданғанда, мақта қозасы өнімділігін

бірегей егіспен салыстырмалы түрде 8,05 центнерге арттырады; - (1:1:1) 1 жыл мақта : 1 жыл бидай : 1 жыл мақта, мақтаның үлес салмағы 66,6%, мақта қозасына үйлесімді гектарына N120P60 мөлшерде тыңайтқыштарды қолданғанда, мақта қозасы өнімділігін бірегей егіспен салыстырмалы түрде 6,4 центнерге арттырады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Қоныспай Қ., Қозыбай А. Ауыл шаруашылығында мәшине агрегаттаудың теориялық негізі. - Алматы, 2000.
- 2 Система технологии и машин для комплексной механизации растениеводства Республики Казахстан на период до 2005 года. - Часть 1 и II. - Алматы: РНИ «Бастау», 1998.
- 3 Фортуна В.И., Миронюк С.К. Технология механизированных сельскохозяйственных работ. - М: Агропромиздат, 1982.
- 4 Рекомендации по технологическому, техническому оснащению и обслуживанию крестьянских (фермерских) хозяйств Республики Казахстан. - Алматы: РНИ «Бастау», 1997.
- 5 Pettigrew, W.T., and W.R. Meredith. 2009. Seed quality and planting date effects on cotton lint yield, yield components, and fiber quality. J. Cotton Sci., 13:37-47
- 6 Гурьевич А.М. и др. Тракторы и автомобили. –М.:Агропромиздат, 1999г.
- 7 Карпенко А.Н., Халанский В.М. Сельскохозяйственные машины. –М.:Колос, 1989г.

### **С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ АҚ ҚАТУ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КАМПУСЫ ЖАҒДАЙЫНДА ЖАЗДЫҚ ҚАТТЫ БИДАЙ ӨНІМДІЛІГІНЕ СЕБУ МӨЛШЕРІНІҢ ӘСЕРІ**

*А. Жақсыбай, магистрант  
Нұр-Сұлтан қ., С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ*

Жаздық қатты бидай - өсудің және дамудың барлық кезеңдерінде, жаздық жұмсақ бидайға қарағанда, ауылшаруашылық техникасына, топыраққа және жылуға көбірек талап қоятын дәнді дақылдың түрі. Ауылшаруашылығы өндірісінің шешуші факторларының біреуіне технологиялық әдістер жатады, атап айтқанда егу мерзімдері мен тұқым себу нормалары [1,2,3,4].

Әрінов Қ.К. Ақмола облысының құрғақ даласының күнгірт қоңыр топырағында таза сүрітанабында егіншілік мәдениеті жоғары шаруашылықтарда жаздық қатты бидайдың себу мөлшерін ұсынылған кепілдемелерден 25%-ға төмендетуді ұсынған. Бұл ертеректегі ұсынған осы кепілдемелер қазіргі кезеңде де күшін жойған жоқ [5].

Аймақтың күнгірт-қоңыр топырағында себу мөлшерінің астық өніміне әсері туралы ғылыми деректер, әрі себу мерзіміне байланысты оның өзгеруі жөнінде ғылыми мағлұматтар жасалынған. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде анықтағаны: Солтүстік Қазақстан аймағында жаздық бидайды суармалы жағдайда 2,5-3,0 млн/га өнгіш тұқыммен 15 – 20 мамырда себу жұмыстарын жүргізгенде жоғары астық өнімі жиналған, әрі оның егістік сапа көрсеткіштері (зертханалық өнгіштігі, өну қуаты ж.б) мен өнімділік қасиеттері де жақсы болған [6].

1991-2010 жылдары тұқымның себу мөлшері жаздық қатты бидай сорттарына астық өніміне әсеріне зерттеу жұмыстары жүргізілді. Танаптық тәжірибелер шаруашылықта өсірілетін Безенчукская 139 сортымен күнгірт-қоңыр үш себу мөлшерімен 2,5; 3,0 және 3,5 млн/га өнгіш тұқым салынды. Ғылыми зерттеу жұмыстарының нәтижелерінде де

жаздық қатты бидайдың астық өнімі жұмсақ бидай сорттарынан кем түспейтіндігі тағы да дәлелденді, әрі бұрынырақ белгілі болғанындай, күңгірт-қоңыр топырақтарда қатты бидайдың себу мөлшері жұмсақ бидай сияқты 2,5-3,0 млн/га өнгіш тұқым болып қала беретіндігін көрсетті. Қазіргі кезеңде өндіріске жаздық қатты бидайдың жаңа жергілікті жерге бейімделген сорттары ұсынылуда, алайда олардың өсіру технологиясы, әсіресе тұқымдық алқаптарда, түпкілікті жасалған жоқ [7,8,9].

2003-2005 жылдары Ақмола облысының «Агро-фирма Родина» және «Мария ЖШС»-да күңгірт-қоңыр топырақтарда арнаулы зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу объектісіне аймақта өсіруге ұқсат етілген Дамсинская 90 және келешекті Омский корунд сорттары алынды. Зерттеу нәтижесінде төмендегідей қорытындылар жасалып, өндіріске кепілдемелер берілді. Жаздық қатты бидай астығының жоғары өнімі 22-мамырда 2,5-3,5 млн/га өнгіш тұқыммен себілген егістіктен жиналды – 20,2-21,3 ц/га. Көпшілік жағдайларда Омский корунд сортында өнімнің артуы байқалған. Мамыр айының соңында себіліп жиналған қатты бидай астығының технологиялық сапа көрсеткіштері жоғары болған. Дамсинская 90 және Омский корунд сорттарында тиісінше клейковина мөлшері – 32,5-32,8 және 31-31,6 %, натуралық массасы – 795-807 және 807-816 г/л, шынылығы – 86-дан 90%-ға дейін; тұқымның зертханалық өнгіштігі МҮҚ талаптарына сәйкес келген [10,11].

2019 жылы С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің кампус жағдайында жаздық қатты бидай өнімділігіне себу мөлшерінің әсеріне бақылау жүргізілді. Себу жұмысына Дамсинская 90 сорты таңдалып алынды. Зертханалық зерттеулер барысында тұқым өнгіштігін жоғары дәрежеде көрсетті. Өнгіштігі – 99%, өсу энергиясы 90%. Егін себу жұмыстары топырақтың 10-11 см тереңдікте температурасы 10 градусқа жеткенде, яғни мамырдың 19 жұлдызында жүргізілді. Себу жұмыстары қолмен жүргізілді. Тұқым себу тереңдігі топырақ ылғалдығы ескеріліп 4-6 см тереңдікте жүргізілді. 1 кестеде жаздық қатты бидайдың себу мөлшеріне байланысты өнімділігі, өсімдіктер биіктігі және сақталуы көрсетілген.

1-кесте - Себу мөлшеріне байланысты жаздық қатты бидай сортының өнімділігі, биіктігі және сақталуы, 2019 жыл

Егудің нұсқалары, нормалары, өнімділігі 1 га млн	Өнімділігі, ц / га.	Өсімдіктердің биіктігі	Өсімдіктердің сақталуы, дана
2 млн	8,8	57	175
2,5 млн	9,3	57	181
3 млн	10,6	58	188
3,5 млн	11,8	58	190
4 млн	9,1	57,5	197

Себу нормалары гектарына ретімен 5 вариантта 1) 2 млн; 2) 2,5 млн; 3) 3 млн; 4) 3,5 млн; 5) 4 млн; тұқым санымен себілді. Өсімдіктердің биіктігінде айтарлықтай айырмашылық болған жоқ. Тәжірбиедегі ең ұзын өсімдіктер себу мөлшері 3- 3,5 млн/га болғанда байқалды. Өсімдік биіктігі 58 см. Өсімдіктердің сақталуы бойынша көрсеткіш 175-197 аралығында болды. 4 млн/га тұқым енгізілген нұсқада ең көп өсімдік сақталған-197 өсімдік. Ең аз көрсеткіш 2 млн/га тұқым енгізілген нұсқада 175 дана өсімдік.

Жаздық қатты бидай сорттарының тұқым себу нормалары өсу мен даму ерекшеліктеріне әсер етеді. Вегетациялық кезеңнің ұзақтығы әр нұсқада әр түрлі болды. Себу мөлшеріне байланысты ең аз мөлшердегі 1 нұсқада (2 млн) өнімділігі 8,8 ц / га болды. Себебі арамшөптердің өсіп дамуына қолайлы жағдай болып саналады. Ал ең көп мөлшердегі 5 нұсқада (4 млн) тығыз орналасуына байланысты өнімділігі аздау көрсеті, яғни бұл экономикалық жағынан тиімсіз болып табылады. Жақсы өнімділік көрсеткен 3 (3 млн) және 4 (3,5 млн) нұсқалары экономикалық жағынан тиімді болып саналады. Себу нормасының ұлғаюымен бидайдың өсімдік массасының көбеюі және арамшөптер

массасының азаюы байқалады. Дамсинская 90 сортының ең аз өнімділігі 2,5 млн. дана/га (8,8 ц / га) тұқым себу нормасының нұсқасында болды, себу нормасының ұлғаюымен өнімділік артты және ең көп мәндерге себу нормасы 3,5 млн. дана/га (11,8 ц / га) болғанда жетті, бұл бақылауға қарағанда 20,5% - ға жоғары болды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Гутова Т.Н. Влияние сортовых особенностей, норм высева и сроков посева на формирование продуктивности яровой твердой пшеницы в условиях лесостепной зоны Кемеровской области / Т.Н. Гутова// Исследовательская и инновационная деятельность учащейся молодежи: проблемы, поиски, решения: сб. тр. - Кемерово, 2006. - С. 153 - 158.
2. Obuchowski W. Ocena przyda t no sci ziarna odmian prizenicy twardei I zwyc-zajnej do produkcjiA makaronu/ Rachon Leszek. Dziamba Szymon/ W. Obuchowski / Kotodziejczyk Piolz // Ann. UMCS. - 2002. - P. - 77 - 86.
3. Patil S.P. Grain protein content of some new aestivum and durum wheat genotypes under limited water supply// S.P. Patil, S.V/ Damame, A.R. Dhage,S.S. Ka-dam//Agr. Univ. 2003. - № 1. - P. - 44 – 46.
4. Колев Т. Проуѓбапе на някой елементи от агротехнолята на твърдата пшеница сорт възход/ Т. Колев, М. Янев // Растениевъд. науки. — 2002. — № 1/2. — С.-31 -35
5. Әрінов Қ.К. Монография. «Солтүстік Қазақстан бидайы». Астана, 1998.-211 б.
6. Гордеева Е.А. «Агротехнические приемы и качество семян яровой твердой пшеницы при орошении в зоне сухостепной зоны Северного Казахстана». Диссертация. Ақмола. 1996 ж.-115 б.
7. Мұсынов Қ.М. Монография. «Озимые зерновые культуры на Севере Казастана». Астана, 2007 ж.-136 бет.
8. Аринов К.К., Мұсынов Қ.М., Тютенов А.Х. Предшественник, сорт, урожай и качество зерна яровой пшеницы// С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми жаршысы. 2003.-Т.3, №8.- Б. 51-60.
9. Әрінов Қ.К., Мұсынов Қ.М., Әрінов Б.К. Сравнительное изучение новых по скороспелости сортов яровой мягкой пшеницы Карагандинской селекции//Алтай мемлекеттік аграрлықуниверситетінің ғылыми жаршысы. 2007. №6(32).-Б. 9-11.
10. Мұсынов Қ.М., Әрінов Б.К. Утельбаев Е.А. Әртүрлі сепкіштерді қолдануда фосфор тыңайтқышының жұмсақ бидай сорттарының өнімі мен технологиялық сапа көрсеткіштеріне әсері// С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің ғылыми жаршысы. 2012. № 2 (73).- Б. 119-123.
11. Яцюк С.В. «Формирование урожая и качества семян сортами яровой твердой пшеницы в условиях сухостепной зоны Северного Казахстана». Диссертация. Астана. 2008 ж.-140 б.



## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ КӘДІМГІ ҚАРА ТОПЫРАҒЫНДА ДАҚЫЛДАРДЫ ОҢТАЙЛАНДЫРЫП МИНЕРАЛДЫ ҚОРЕКТЕНДІРГЕН ЖАҒДАЙДАҒЫ ЖАЗДЫҚ БИДАЙДЫҢ ӨНІМДІЛІГІ МЕН САПАСЫ

*А. Ильясова, магистрант*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Аннотация: Мақалада келесі өзекті мәселелер қарастырылған: Солтүстік Қазақстанның құрғақ далалы аймағында кәдімгі қара топырағы жағдайында жаздық жұмсақ бидайдың жоғары өнімді әрі сапалы астығымен ерекшеленетін Новосибирская-38 сұрыпы минералды тыңайтқыштармен оңтайландырып қоректендіре отырып, дақылдың өнімділігі мен сапасын жоғарлату. Зерттеу нәтижелерінде танаптық өңгіштігі және өсімдіктің сақталуы, өнімділік құрылым элементтері, өнімі мен сапа көрсеткіштерінің салыстырмалы бағасы келтірілген.

Кілттік сөздер: Жаздық бидай, тыңайтқыш, танаптық өңгіштігі, өнімділік құрылым элементтері, өнім сапасы, аммофос.

Табиғи ресурстарды экстенсивті пайдалану Қазақстан топырақтарының айтарлықтай деградациясына алып келді. Әсіресе топырақ деградациясы мәселесі дәнді дақылдар егіншілігі аймағы болып саналатын Солтүстік Қазақстанда айрықша байқалады. Тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңінен бастап жел эрозиясы мен биологиялық эрозия нәтижесінде топырақтағы гумус құрамы 20 % дейін кеміді [1]. Қазіргі уақытта топырақ өңдеу жүйесіндегі технологиялық саясат біртіндеп минималды, нөлдік технологияға, екпе өсімдіктерді бір жерге кезектестіріп өсіру әдісі бойынша сүрі жерсіз ауыспалы егіске ауысуда. Батыс елдерінде негізінен минералды тыңайтқыштарды қолдануға басты көңіл бөлінетін жоғары интенсивті (нақты) агротехнологиялар қолданылады, бірақ бұл өзгеріске ұшыраған топырақтағы қоректік заттар құрамына, дозаларына байланысты [2].

Өлемдік егіншілік тәжірибесі көрсетіп отырғандай Қазақстанға тән тыңайтқышсыз экстенсивті егіншілік біртіндеп топырақтың қайтарымынсыз құнарсыздануы мен ауыл шаруашылық дақылдардың өнімділігінің төмендеуіне әкеледі. Егер өсімдіктің азотты қоректену мәселесін органикалық тыңайтқыштар мен техникалық және биологиялық азоттың ұтымды үйлесуі арқылы шешетін болсақ, фосфор мен калий мәселесін фосфор мен калийдің табиғатта басқа көздері болмағандықтан, тек минералды тыңайтқыштар арқылы ғана шешуге болады [3].

Минералды тыңайтқыштардың өте төмен мөлшерін қолдану, органикалық тыңайтқыштарды қолданудың төмендеуі, топырақтың эрозиясының жалғасуы, сілтілі топырақтарды гипстеу жұмыстарының тоқтауы топырақтың деградацияға ұшырау үрдісін күшейтеді, кейбір жағдайда олардың құнарлығы шекті деңгейге жетеді. Қоректік элементтермен төмен деңгейде қамтамасыз етілген аумақтардың ауданы артуға [4].

Егіншілік әрдайым қоректік элементтер және қарашіріндінің теріс балансы жағдайында жүргізіледі. Ал бұның соңғы нәтижесі ауыл шаруашылық өнімнің тиімділігіне толықтай теріс әсерін тигізеді. Минералды тыңайтқыштардың құнын айтарлықтай дәрежеде олардың ауыл шаруашылық өндірушілеріне қолжетімділігін анықтайтыны белгілі [5]. Ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол өнім алу үшін, топырақта оларға қажетті минералды және органикалық заттар жеткілікті мөлшерде болуы керек. Минералды тыңайтқыштарды мерзімінде, тиісті мөлшерде пайдаланса, дақыл өнімділігі мен сапасының анағұрлым артатыны белгілі [6]. Өсімдіктердің қоректенуіне қажетті элементтердің физиологиялық рөлі, топырақтың агрономиялық көрсеткіштері, фотосинтез үдерісі, сондай-ақ тыңайтқыштарды қолданудың негіздері тәжірибе жүргізу және агрохимиялық зерттеу арқылы анықталады [7]. Бидай өндірісі - Қазақстандағы ауыл шаруашылығын дамытудағы басты басымдық. Агроөнеркәсіптік кешенде де,

тұтастай алғанда республикадағы жетекші орында. Республикада барлық егістіктің 90% -ы дәнді дақылдардың есебінде, оның 82-84% -ы бидайдың егістік алқабы. Сыртқы нарықтағы Қазақстандық бидай баға мен сапа тарапынан бәсекеге қабілетті болып саналады. Біздің елімізде астық егістігі ауыл шаруашылығының барлық өндірісінің негізі болып табылады, ол халықтың жоғары сапалы азық-түлікке деген сұранысын толық қанағаттандырады. Қазіргі заманғы тауарлы ауыл шаруашылығын тыңайтқыштарды пайдаланбастан дамытуды елестету қиын, олар жоғары сапалы өнім алудың кілті болып табылады. Бұл, өз кезегінде, химия өнеркәсібінің ең ірі қосалқы саласы - минералдық тыңайтқыштар өндірісін дамытуды алдын-ала белгілейді [8]. Солтүстік Қазақстанның ғылыми мекемелері жүргізген зерттеулерге сәйкес, топырақ қорғау жүйесі арқылы ауыл шаруашылығы дақылдарының минералды тыңайтқыштарын (фосфатты) төрт және бес ауыспалы егістің барлық айналымына немесе фосфорлы тыңайтқыштардың шағын мөлшерін егістік қатарына енгізуді ең перспективалы әдіс деп тапты [9].

Зерерттеу алаңы Батыс-Сібір ойпатының оңтүстік бөлігінде, Солтүстік Қазақстанның орманды дала аймағында орналасқан. Бұл облыс Қазақстанда ең Солтүстік жағдайға ие. Облыстың беті тегіс, солтүстікке қарай шағын еңістікпен орналасқан. 2019 жылғы метеожағдайлар жаздық бидайдың өсуі мен дамуы үшін өте қолайлы болды. Маусым мен шілдеде түскен жауын-шашын орташа көпжылдық көрсеткіштерден 25-60% -ға артық болды, ал тамыз айында нормадан біршама аз болды. Ауаның жоғары температурасы және топырақтың жоғары ылғалдылығы біркелкі өскіндердің пайда болуына және өсімдіктердің өсуінің күшеюіне ықпал етті. Өсімдіктердің өскіндері кезеңінде (маусым айында) топырақтың метрлік қабатындағы өнімді ылғал қоры 129-151 мм шамасында болды. Бұл кезеңде өнімді ылғал қоры 142-146 мм құрады. Айдың соңына оның қоры 90-99 мм дейін төмендеді. 2019 жылғы метеожағдайлар, сондай-ақ өткен жылдағыдай, жаздық бидай үшін өсуі мен дамуы үшін айтарлықтай қолайлы болды. Мамыр-тамыз айларында түскен жауын-шашын орташа көпжылдық көрсеткіштерден 20-72% артық болды. Мамыр айының соңында-маусым айының басында ауа температурасы нормадан 3-5 градусқа төмен болды. Дәнді дақылдардың барлық өсу барысында жауын-шашынның біркелкі түсуі топырақта өнімді ылғалдың жоғары қорын сақтауға ықпал етті. Одан әрі дақылдардың өсуі мен дамуына қарай өнімді ылғалдың қоры біршама төмендеді. Маусым айының соңында және шілдеде ол 96-113 мм құрады, ал тамыз айында тәжірибе нұсқаларына байланысты 78-93 мм. 26 мамырда және маусым айының басында көп жаңбыр жауды, және өнімді ылғалдың қоры 148-154 мм дейін көтерілді. Маусым, шілде және тамыз айының барлық келесі онкүндігінде ауа температурасы шамамен 0,5-4,4 0С нормадан жоғары болды, Ал түскен жауын-шашын мөлшері біркелкі емес. Маусым мен тамыз айының II және III онкүндігінде жауын-шашын болған жоқ. Мұның барлығы дақылдардың өсуі мен дамуына теріс әсер етпеді.

Қорыта айтқанда, топыраққа далалық және өндірістік тәжірибе жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу ауыл шаруашылығы ғылымын алға дамытуда маңызды рөл атқарады. Дақылдардың ауыспалы егісте дұрыс кезектесуі, мерзімді ауысуы, дұрыс және сапалы агротехникалық жұмыстар өткізу, жоғары сұрыпты тұқымдармен уақтылы және сапалы себу, егістіктерді тиісті күту, зиянкестер мен ауруларға қарсы күресу, топырақты органикалық және минералдық тыңайтқыштармен қоректендіру сияқты агротехникалық іс – шаралардың барлығы өзара байланысты және олардың біреуінің бұзылуы өсімдіктердің өсу жағдайларының өзгеруі мен нашарлауына әкеп соқтырады, сәйкесінше өнімнің төмендеуіне әкеледі.

Осылайша, зерттеу жұмысы барысында жаздық бидайдың сапалы астығын алу үшін минералдық тыңайтқыштардың жеткілікті мөлшері N60 P60 нұсқасы екені анықталды. Топырақтағы қоректік элементтердің төмен деңгейде екендігі айқындалды, сол себепті, минералды тыңайтқыштарды қарқынды қолдану және агротехникалық шараларды дамытуды талап етеді.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Оразғалиұлы, А. Жерді қадірлей білейік/ А. Оразғалиұлы, // Қазақстанның жер ресурстары, 2015 - №4 - 12-15 б.
- 2 Тайжанов Ш.Т. Топырақтану. Павлодар 2004.
- 3 <http://www.turkystan.kz> Автор: Анар Лепесова.
- 4 Прянишников Д.Н. Агрохимия. М.: Изд-во с.-х. Лит-ры, 1952. С.93-97.
- 5 Иванова Т.И. Прогназирование эффективности удобрений с использованием математических моделей. М.: Агропромиздат, 1989. С.55-94. Журнал «Агрохимия», 2003г №9. С.42.
- 6 Рылушкин В.И. Плодородие почв Северного Казахстана. В кн.: Плодородие почв Северного Казахстана и эффективность удобрений.-Алма-Ата: Кайнар, 1977, с. 6-36.
- 7 Wu G. Responses of higher plants to abiotic stresses and agricultural sustainable development / G. Wu, C. Zhang, L. Chu and H. Shao // Journal of Plant Interactions. 2007. №2. P. 135–147.
- 8 Ошақбаева Ж.О. , Джаланкузов Т.Д. Современное состояние черноземов Северного Казахстана. Алматы: Тетис,2001. – с. 46-50.
- 9 Уланкина А.В. Сравнительная характеристика фульвокислот выделенных методом Тюрина и Форсита // Автореферат. Москва. 2002. -24 с.
- 10 Рюбензам Э., Рауэ К. Земледелие. Перев.с нем.- М.: Колос, 1969.—520с.

### ТОПЫРАҚ ЗИЯКЕСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ПЕСТИЦИДТЕРДІҢ ӘСЕРІ

*Ж. Исатаева, магистрант*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Таза топырақ - азық түлік жүйесінің іргетасы. Біздің топырағымыз ауыл шаруашылығы үшін және тамақ өнімдерін өндіру үшін пайдаланылатын, барлық өсімдіктер өсетін орта үшін негіз болып табылады. Бұдан басқа, топырақтың сапасы азық түлік сапасы мен санына тікелей байланысты.

Энтомологтардың айтуы бойынша, зиянды бөжектердің 90% - дан астамы топырақпен тығыз байланысты. Топырақ көптеген жануарлардың (нематодалар, бөжектер, кенелер) мекендейтін ортасы ретінде олардың тіршілік әрекеті мен санына үлкен әсер етеді.

Топырақ зиянкестерінің таралуы және олардың ошақтарының қалыптасуы топырақ жағдайларына байланысты, олардың негізгілеріне – топырақтың ылғалдылығы, температурасы, аэрациясы және қышқылдығы жатады. Олар, өз кезегінде, топырақтың механикалық құрамына байланысты. Демек, топырақта тіршілік ететін бөжектердің таралуына осы топырақтың құрылымы мен олардың механикалық құрамы әсер етеді. Бөжектер тығыз немесе жеңіл топырақтарды да мекендей алады. Саз балшықты ауыр топырақтарда зиянкестер жеңіл құмды және құмайт топыраққа қарағанда аз қоныстанады. Жеңіл топырақта бөжектер фаунасы әртүрлі және көп кездеседі. Олардың орналасуы топырақтың температурасына, ылғалдылығына және аэрациясына байланысты [1].

Көптеген зерттеу нәтижесінде топырақ зиянкестеріне буынаяқтылар (Arthropoda) және сақиналы құрттар (Annelida) типтеріне жататын омыртқасыз жануарларды жатқызуға болады. Буынаяқтыларға: өрмекші тәріздестер (Arachnida), көпаяқтылар (Myriapoda) және бөжектерді (Insecta) жатқызуға болады. Бөжектерге теңқанаттылар (Homoptera), жартылайқаттықанаттылар (Hemiptera), жарғаққанаттылар (Hymenoptera), екіқанаттылар (Diptera) және қаттықанаттылар (Coleoptera) топтары кіреді. Қаттықанаттылар тобы: Барылдауықтар (Carabidae), Стафилинидтер, (Staphylinidae), шыртылдақ қоңыздар

(Elateridae), бізтұмсықтар (Curculionidae) және тақтамұрттылар (Scarabaeidae) туыстарын қамтиды[2].

Изучение динамики изменения биохимического состава и физиологических показателей масла семян в процессе хранения показывает, что с увеличением срока хранения, масличность семян горчицы сарептской снижалась, в следствии их дыхания. При сравнении с исходными показателями у горчицы потеря в масличности около 1,5%, а через 12 месяцев изменения произошли следующим образом: с поля - 27,5%, у семян прошедших дозревание – 27,57% и не прошедших созреванию - 26,03%, а у семян не прошедших послеуборочное дозревание, наоборот в первый день хранения масличность была 41%, но в 360-й день она спала до 38,8% [6].

В опытах Жуйкова А.Г., которые проводились в условиях орошения урожайность семян горчицы увеличивался, и вместе с этим содержание жирных масел в семенах значительно было больше, чем эфирного. Например, в семенах сарептской горчицы без орошения жирная масличность равнялась 37,5% в среднем, а при орошении в среднем 39%, но у белой горчицы в первом случае 27,7%, а во втором 29%. Этот показатель значительно повышает качество семян [7].

При анализе масличности в разных почвенно-климатических зонах выявлено, что за 2016 год в условиях Омской области масличность семян горчицы была равна 47,2%, а в Ростовской области - примерно 48-49% (сорт 741). Независимо от изменений почвенно-климатических условий у сортов горчицы наблюдалось самое высокое содержание масла [8].

Применение в семенах белой горчицы регуляторов роста Экосил в комплексе с минеральными удобрениями, повышало содержания жира на 0,35%, массовый сбор жира был больше на 0,28 ц/га, но наибольшая масличность, наблюдалась при применении комплекса микроудобрений с регулятором роста Басфолиар 36 Экстра – 26,9%, а сбор жира – 4,2 ц/га [9].

По исследованию Кондракова З.Ж., при повышении доз минеральных удобрений масличность семян возрастает от 42 до 44% и соответственно выход масла повышается с 4,2 до 6,2 ц/га [10].

На формирование качественных показателей семян горчицы, очень сильно влияют климатические и агротехнические условия. Исследования по изучению горчицы белой в семенах из-за обилия влаги масличность составила с 27,3 до 29,4%, когда как в году, когда была нехватка влаги, она снизилась до 24-27% [11]. В ходе исследований, проведенным Кубраковым, было установлено, что в период с сверххранним сроком посева масличность варьировалась от 40-42%, при раннем от 41 до 43% [12].

Горчица хорошо отзывается на применение минеральных удобрений. Она интенсивно развивается и хорошо ветвится. При изучении эффективности действия минеральных удобрений на урожайность и качества семян горчицы белой, можно заметить, что при питании (NP)90 семена были с наибольшим содержанием жира при посеве в мае и июне, что составляла 30,8% [13].

### Список использованной литературы

1. «Результаты селекции безруковых сортов горчицы Сарептской во ВНИИМК» Н.Г. Коновалов, кандидат с-х наук, ВНИИ масличных культур. Научно-технический бюллетень Всероссийского научно-исследовательского института масличных культур 2005, вып. 1 (132).
2. <http://www.proagro.com.ua/periodical/basic/as94/2698.html>
3. Шарапов Н.И. Повышение качества урожая сельскохозяйственных культур. Д.: Колос, 1973. - 223 с.
4. Умбетов А.К., Рамазанова Р.Х. «Повышение продуктивности масличных культур коротковегетационного плодосеменного севооборота при биологизации земледелия» Вестник науки Агротехнического университета им. С.Сейфуллина (междисциплинарный). Специальный выпуск: «Международная научно-практическая конференция «Органическое сельское хозяйство в Республике Казахстан: настоящее и будущее». – 2016. –С.130-133.
5. Жуйков Г.А. «Эффективность инкрустирования семян и внекорневых подкормок при выращивании горчицы в неорошаемых условиях Юга Украины», Научный журнал «Вестник Курганской ГСХА» №4, 2014. - 16-19.
6. <http://doi.org/10.29235/1817-7204-2018-56-3-366-381>  
Z.V. Lovkis, A.V.Pchelnikova, V.N.Bahodey, K.I.Zhakova «Stydying the effect of post-harvest ripening on the quality parameters of rape and brown mustard oilseeds during storage», Proceedings of the Ntional Academy of Sciences of Belarus, agrarian series, 2018, vol. 56, no. 3, PP. 366-381.
7. Жуйков А.Г. «Влияние орошения на количественно-качественные показатели урожая семян горчицы разных видов», Вестник Курганской ГСХА, №3, 2014. - С. 27-29.
8. DOI 10.25230/2412-608X-2019-1-177-24-30  
Трубина В.С., Горлова Л.А., Сердюк О.А., Шипиевская Е.Ю., Картамышева Е.В., Агафонов О.М. «Результаты экологического испытания перспективных сортообразцов горчицы сарептской в различных условиях Российской Федерации», ISSN 24-12608X Вып. 1 (177), 2019.
9. Мастеров А. С., Караульный Д. В., Плевко Е. А. «Урожайность и качество семян горчицы белой в зависимости от применения микроудобрений и регуляторов роста», Вестник Белорусской сельскохозяйственной академии, №3 2014, - С. 64-68.
10. Кандроков З.Ж. «Продуктивность и качество семян горчицы сарептской в зависимости от способов посева и минерального питания», Современные наукоемкие технологии №6 2009, - С. 24-26.
11. Зотова Е.Ю. «Формирование урожая и качества семян горчицы белой на дерно-подзолистых почвах Верхневолжья», автореферат, Балашиха 2005.
12. Остриков А.Н., Горбатова А.В., Копылов М.В., Аникин А.А. «Показатели качества рапсового масла холодного отжима», УДК 664.3, Контроль качества продукции, Пищевая промышленность 9/2017, - С. 52-55.
13. Зотова Е.Ю. «Эффективность действия минеральных удобрений на урожайность и качество семян горчицы белой и рапса ярового», Современные тенденции в научном обеспечении АПК Верхневолжского региона, 2018. - С. 223-231.

## ИССЛЕДОВАНИЕ ЭЛЕМЕНТНОГО СОСТАВА СКОРЛУПЫ ГРЕЦКОГО ОРЕХА И СКОРЛУПЫ СИБИРСКОГО КЕДРОВОГО ОРЕХА

*Оразханова М.А., магистрант 2-курса  
Полежаев С.Н., инженер-исследователь,  
Ибатаев Ж.А. к.х.н., старший преподаватель  
ВКГТУ им. Д.Серикбаева, г.Усть-Каменогорск  
Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина, г.Нур-Султан*

Орех грецкий – вид деревьев рода Орех семейства Ореховые. Грецкий орех – плод дерева, которое может достигать высоты 25 метров и жить до 400 лет. Родина точно не установлена, дикое растение встречается на территории Кавказа, Закавказья, Средней Азии, Средиземноморья, предпочитают теплый климат [1].

Плоды грецкого ореха представляют собой округлые крупные одиночные односемянные костянки. При наступлении зрелости внешняя толстая зелёная кожура подсыхает, трескается, отделяется от косточки, лопается и раскрывается. В процессе подсыхания коричневая скорлупа косточки становится жёсткой и хрупкой [2].

Скорлупы грецкого ореха содержит более чем на 60% клетчатки, вещества экстрактивного типа, также занимают солидный объем в ее составе - более 35%, белки - 2,5%, жиры - 0,8%, около 2% занимают зольные соединения. Кроме этого, в состав кожуры входят аминокислоты, стероиды и алкалоиды, кумарины, фенол, карбоновые кислоты, протеины растительного происхождения, витамины (А, В, С, Е) и микроэлементы (цинк, магний, железо, йод, калий), дубильные вещества [3].

В народной медицине широко распространено использование скорлупы грецкого ореха в отварах и настояках, а также в косметологических средствах.

Зола из ореховой скорлупы – отличный природный абсорбент, помогающий выводит из организма всевозможные токсины, попадающие с питьем или пищей. Здесь средство работает как знаменитый активированный уголь, практически не уступая ему по эффективности. Чистая, просеянная зола из скорлупы ореха в народной медицине славится как ранозаживляющее средство, способное помочь при язвенной болезни, а также дерматологических проблем. Чтобы состав лучше держался, золу смешивают с растительным или репейным маслом.

Кедр сибирский относится к семейству сосновых (Pinaceae), роду сосна (Pinus). Правильное ботаническое название этого растения – сосна кедровая сибирская (Pinus sibirica). Настоящими кедром ботаники называют южные вечнозеленые хвойные деревья, произрастающие в Малой Азии и Северной Африке (ливанский и атласский кедр) и в Центральной Азии (гималайский кедр). На территории РФ сосредоточены значительные запасы кедровой сосны (занимаемая площадь около 40 млн га). Основная часть из них расположена в Сибирском регионе, что может давать ежегодно 10-12 млн тонн кедрового ореха [4].

Сибирский кедр – ценнейший представитель сибирской тайги. В Главным достоинство сибирского кедра – это его семена – орехи, высококалорийные, питательные и целебные.

Созревшие шишки кедра цилиндрические, яйцевидные или удлинённо-яйцевидные, длиной 5-13 см и шириной 4-8 см. По окраске они сильно варьируют в зависимости от степени зрелости. Недозревшие шишки красновато-бурой окраски, засмолены, довольно крепко сидят на дереве. Зрелые шишки светло-бурой окраски с пепельным сероватым налетом на чешуйках, легкие, свободно срываются с дерева при ударе или сильном ветре. Созревают шишки обычно в сентябре, на южной границе ареала – в конце августа. Кедровые орешки, туповершинной формы, темно-коричневого цвета, длиной 8-14 мм,

шириной 6-9 мм с толстой деревянистой кожурой, тонкой внутренней оболочкой и маслянистым ядром [4].

Наряду с ценностью в качестве пищевого продукта кедровые орехи являются не менее ценным техническим сырьем. При заготовке и переработке 1 т кедровых орехов в качестве отходов остается более 2 т стержней и чешуек от шишек, которые могут быть использованы в качестве сырья для выработки фурфурола, смолы, таннидов и красящих веществ. Скорлупа кедрового ореха содержит дубильные вещества и может дать стойкую коричневую краску для кожевенной промышленности. При сухой перегонке кедровой скорлупы можно получать метиловый спирт, уксусную кислоту и уголь с высокими адсорбирующими качествами.

В состав скорлупы кедровых орехов входят клетчатка, красящие вещества, лигнин, незначительное количество дубильных веществ, белки и жиры, витамины (А, Е, В) [5, 6]. Кедровая скорлупа отличается характерным аминокислотным и макро - микроэлементным составом, имеет повышенное содержание глутаминовой кислоты, а также содержит микроэлементы: титан, олово, барий и ванадий [7]. Скорлупа кедрового ореха содержит 16 важных аминокислот, являющихся строительным материалом для клеток. Скорлупа кедрового ореха (мульча) помимо этого обладает приятным неповторимым запахом, а при увлажнении приобретает блеск.

С целью определения пригодности скорлупы в производстве в пищевых продуктов нами было проведено химический анализ по определению элементов присутствующих в составе скорлупы грецкого и кедрового орехов. Скорлупы орехов предварительно подверглись озолению сухим способом, после чего был проведен химический анализ (таблица 1,2).

Таблица 1- Элементный состав золы скорлупы грецкого ореха

Ru	<0.001	Ho	0.007	Eu	0.034	Te	<0.2	Nb	0.91	Rb	9.22	Mn	414.70
Rh	<0.001	In	0.01	Sm	0.049	La	0.251	Ag	0.91	Ni	11.70	Na	417.8
Pd	<0.001	Dy	0.015	Hf	0.056	U	0.317	Pb	9.98	Cr	12.18	Fe	583.80
Re	<0.001	Tb	0.018	Pr	0.079	Nd	0.349	Sc	1.15	B	29.38	Mg	5707
Ir	<0.001	Er	0.022	Tl	0.09	Co	0.38	Ga	1.20	Cu	36.30	P	5834
Pt	<0.001	Bi	0.024	Sb	0.12	Mo	0.41	Sn	1.45	Al	64.55	Ca	61850
Au	<0.001	W	0.025	Cs	0.12	Ce	0.442	V	1.66	Sr	100.40	K	78990
Hg	<0.001	Ta	0.031	Gd	0.144	Y	0.55	Cd	2.02	Ti	101.00		
Tm	0.004	Yb	0.032	Ge	0.10	Se	0.53	Li	6.36	Zn	108.60		
Lu	0.005	Th	0.032	Be	0.18	As	0.68	Zr	7.49	Ba	159.90		

Таблица 2- Элементный состав золы скорлупы сибирского кедрового ореха

In	0.00	W	0.004	Pr	0.026	Nd	0.103	Ag	0.45	Pb	10.91	Na	283.2
Ru	<0.001	Lu	0.005	Ta	0.030	Ce	0.161	As	0.77	Cr	12.05	Mn	338.60
Rh	<0.001	Eu	0.006	Tl	0.04	Te	<0.2	Sc	0.96	Rb	17.35	Fe	406.90
Pd	<0.001	Ho	0.007	Ge	0.05	Mo	0.22	V	0.98	B	19.47	P	7232
Re	<0.001	Er	0.010	Hf	0.056	Y	0.25	Ga	1.13	Sr	50.50	Mg	8900
Ir	<0.001	Dy	0.010	U	0.063	Be	0.26	Sn	1.14	Ti	58.00	Ca	18910
Pt	<0.001	Sm	0.010	Gd	0.082	Se	0.27	Cd	2.63	Al	60.94	K	81710
Au	<0.001	Tb	0.011	Sb	0.09	Nb	0.27	Zr	4.09	Zn	73.80		
Hg	<0.001	Yb	0.016	Bi	0.091	Cs	0.29	Li	6.68	Cu	77.00		
Tm	0.004	Th	0.025	La	0.102	Co	0.32	Ni	10.11	Ba	111.00		

Фактические цифровые показатели элементов в составе золы представлены в единицах с расчетом 1 мг на килограмм вещества. Элементы расположены в порядке увеличения их содержания в золе.

По приведенным данным, скорлупа грецкого ореха и скорлупа сибирского кедрового ореха содержат в больших количествах калий, кальций, магний, фосфор и другие элементы. Эти элементы играют важную роль в физиологии человека: калий нормализует ритм сердца и сокращение мышц, уменьшает аллергические реакции и улучшает работу головного мозга.

Кальций является одним из важнейших химических элементов, необходимых организму человека.

В человеческом теле магний регулирует уровень сахара в крови, снижает повышенное артериальное давление, обеспечивает формирование костной ткани, усиливает работу кишечника и желчеотделение.

Фосфор - это микроэлемент, необходимый для нормального функционирования организма, а именно почек, печени, сердца и мозга. Также этот микроэлемент принимает участие в регуляции уровня гормонов.

Эти данные показывают, что богатый элементным составом скорлупа грецкого ореха и скорлупа сибирского кедрового ореха является природным мультинутриентом и может насытить организм необходимыми макро- и микроэлементами.

Доброкачественность – соответствие лекарственного сырья требованиям нормативных документов. Используя данные элементного состава золы скорлупы грецкого ореха и скорлупы сибирского кедрового ореха можем судить о доброкачественности материала для дальнейшего использования в производстве пищевых продуктов, в частности колбасных изделий [8, 9].

Таким образом, анализ элементного состава показывает, что скорлупы грецкого и сибирского кедрового орехов содержат своеобразный макро-микроэлементный состав, которые считается полезным и необходимым для поддержания здоровья организма человека.

### Список использованной литературы

- 1 <https://www.kp.ru/putevoditel/eda/orekhi/gretskij/>
- 2 Walnut: (англ.). Agriculture - Transport Information Service. Association for German Insurance (2010). Дата обращения 6 февраля 2015.
- 3 Темирханов Б.А., Темердашев З.А., Елецкий Б.Д., Шпигун О.А. Оценка эффективности использования некоторых сорбентов при очистки поверхностных вод от нефти и нефтепродуктов// Защита окружающей среды в нефтегазовом комплексе.-2005.-№5.-С.22-23.
- 4 Бех И.А., Кривец С.А., Бисирова Э.М. Кедр - жемчужина Сибири.- Томск: Изд-во «Печатная мануфактура», 2009.- 4 с.
- 5 Бех И.А., Таран И.В. Сибирское чудо-дерево. Новосибирск, 1979.126 с.
- 6 Queiros, Carla S. G. P., Cardoso, S., Lourenco, A., Ferreira, J., Miranda, I., Lourenco, V., Pereira, H. Characterization of walnut, almond, and pine nut shells regarding chemical composition and extract composition // Biomass conversion and biorefinery. - V: 10(1)/, P.: 175-188. - DOI: 10.1007/s13399-019-00424-2
- 7 [http://www.24kedr.ru/catalog/pinus\\_sibirica/530.php](http://www.24kedr.ru/catalog/pinus_sibirica/530.php)
- 8 Коренская И. М., Ивановская Н. П., Измалкова И. Е. Фармакогностический анализ лекарственного сырья. Учебное пособие. – Воронеж: 2006, - С. 5.
- 9 Общая фармакопейная статья ОФС.1.5.3.0009.15. Определение содержания тяжелых металлов и мышьяка в лекарственном растительном сырье и лекарственных растительных препаратах. С. 13.



**ВЕТЕРИНАРИЯ ЖӘНЕ МАЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ**

**ЖИВОТНОВОДСТВО И ВЕТЕРИНАРИЯ**

---

---

**СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДА АБЕРДИН-АНГУС  
ТҰҚЫМЫ БУДАН ТӨЛДЕРІНІҢ ӨСП-ЖЕТІЛУІ**

*Кажғалиев Н.Ж., а.ш.ғ.к., доцент*

*Ибраев Д.К., PhD, аға оқытушы*

*Абдоллаев М.К., 2-курс магистранты*

*Әкімжан Н.Қ., 2-курс магистранты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақстан Республикасының аграрлық секторының маңызды проблемаларының бірі – халықты тамақ өнімдерімен, атап айтқанда сиыр етімен қамтамасыз ету болып табылады, оның шешімі етті ірі қара мал санының өсіріп, өнімділігін арттыру және етті ірі қара мал шаруашылығын дамыту қажеттілігін алдын ала айқындайды. Қазақстанда етті ірі қара малының санын көбейту ішкі ресурстарды пайдалану арқылы өсірілетін тұқымдардың табындарын кеңейту, сондай-ақ шетелдік гендік қорды импорттау жолымен жүзеге асырылуда.

Соңғы жылдары елімізде шет елдерден асыл тұқымды сүтті, етті ірі қараларды әкеліп жергілікті малдың өнімділігін жоғарылатуға айрықша көңіл бөлінуде. Мысалы, АҚШ-тан, Австралиядан әкелінген голштин-фриз, герефорд, абердин-ангус тұқымының малдарын жергілікті малмен будандастырып, өнімділігі жоғары табындар қалыптастырылуда. Осының нәтижесінде асыл тұқымды мал зауыттарында сауын сиырлардан 8-10 мың кг-ға дейін сүт алуды жоспарлап, бордақыланатын малдардың тәуліктік салмағын 1000-1500 грамға жеткізу межеленіп отыр[1].

Қазіргі уақытта Қазақстанда және әлемнің басқа да елдерінде өнімділігі аралас бағыттағы тұқымдарды мамандандырылған етті тұқымдармен будандастырудың әртүрлі нұсқалары негізінде алынған будан малдардың селекциялық-технологиялық, өсімін молайту және басқа да ерекшеліктерін зерттеу бойынша ғылыми зерттеулер жүргізілуде. Олардың арасында қазақтың ақбас, абердин-ангус, герефорд, әуликөл және т.б. тұқымдары кеңінен пайдаланылады. Етті тұқымды ірі қара мал ұзақ уақыт бойы бұлшық ет ұлпасын өсіретін физиологиялық қабілетке ие, мықты конституциясы бар, жем-шөп талғамайды, жайылымды жақсы пайдаланады [1,2].

Ұлттық ауқымда Қазақстан үшін жергілікті аз өнімді малдарды жоғары өнімді малға айналдыру өте маңызды, өйткені республикаға бұрыннан герефорд, абердин-ангус, санта-гертруда, шароле, джерсей, латвиялық қоңыр түсті, голштин және т.б. сияқты шетелдік мал тұқымдары әкелінген. Мәселен, импорттық ірі қара малдың жергілікті тұқымдарын шетелдік түрімен будандастыру негізінде Алатау ет-сүтті тұқымы, қазақтың ақ бас тұқымды малы, Әуликөл тұқымдары алынды [3].

Отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша, етті тұқымды бұқалармен өнеркәсіптік будандастыру арқылы алынған будандардың ет өнімділігінің жоғары қарқынымен сипатталады. Алайда Қазақстанның Солтүстік өңіріндегі аралас және етті тұқымды сиыр мен бұқалардан алынатын таза және будан төлдердің өсу ерекшеліктері, ет өнімділігі мен бейімделу қабілетінің қалыптасу ерекшеліктері әлі де толық зерттеуді

қажет етеді[4,5].

Осыған орай «Сыбаға» бағдарламасы шеңберінде түпкілікті жақсартуды қажет ететін төмен өнімді малдың өнімділік және асыл тұқымдық сапасын жақсарту мақсатында сіңіре будандастыру жолымен Солтүстік Қазақстан облысы «СТАН» ЖШС жағдайында абердин-ангус тұқым өндіруші бұқаларынан алынған будан төлдердің өсіп-жетілуі зерттелді. Жұмыстың экспериментальды бөлігі Солтүстік Қазақстан облысы «СТАН» ЖШС-да жүзеге асырылды.

Зерттеу тәжірибесінің мақсаты – «СТАН» ЖШС жағдайында абердин-ангус тұқым өндіруші бұқаларынан алынған будан төлдердің өсіп-жетілуін зерттеу.

Зерттеу жұмыстары Солтүстік Қазақстан облысы, Мамлютка ауданының «СТАН» ЖШС шаруашылығында 2019 жылғы 15 қаңтар мен 15 қазан айлары аралығында жүргізілді.

Будан II буын ұрпақтары шаруашылықта белгіленген технология бойынша, 7 айлық жасқа дейін сиырлардың қасында ене сүтін ему арқылы ұсталды. Қысқы кезеңде ауыспайтын терең төсеніште болды. Ал жазғы кезеңде жайылымда қосымша азықтандырусыз жайылған. Тәжірибелік бұзаулардың өсуі мен дамуын сипаттау үшін өсу кезеңдері бойынша өлшеу нәтижелерін пайдаланылды. Өсудің қарқындылығын анықтау үшін орташа тәуліктік өсімі, абсолюттік, салыстырмалы және тірі салмағының өсімі есептелді.

Малдың сырт пішінін бағалау негізгі өлшемдерді өлшеу жолымен жүргізілді (шоқтық биіктігі, құйымшақ биіктігі, кеуде тереңдігі, тұрқының қиғаш ұзындығы, денесінің тік ұзындығы, жауырынның артындағы кеуде орамы, кеуде ені, сербек аралық ені, бөксе аралық ені, сирақ орамы, тұрқының қиғаш ұзындығы). Өлшеулер нәтижелерінің негізінде дене бітімі индексі (сирақтылық, созылықылығы, толықтығы, кеуделілігі, жамбас-кеуде сәйкестігі, бойшаңдығы, сүйектілігі, кеуде енділігі, жұмырлығы, еттілігі) есептелінді. Алынған сандық материал Microsoft Excel бағдарламасын есептеу үшін қолдану арқылы Крючкова А.В., Маракулина И.В. [6] бойынша биометриялық өңделген.

Төл дене бітімінің дұрыс дамуы мал өнімділігіне тікелей әсері бар. Дегенмен, малдың бітімі туралы өлшемдер келесі зоотехникалық маңызы бар мәселелерді шешуге мүмкіншілік туғызады: малдың жасына сәйкес өсіп-жетілуі, дене пішінінің өзгеруін талдау; нақтылы бір малдың немесе мал тобын түр-тұлғасы бойынша бір-бірімен немесе сол мал тұқымы стандартымен, әлде басқа мал тұқымымен салыстыруға болады; әртүрлі ұрпақ өкілдерін, яғни атасымен баласын түр келбеті бойынша салыстыруға болады.

«СТАН» ЖШС шаруашылығы «Сыбаға» бағдарламасы аясында 10 бас таза тұқымды абердин-ангус тұқымының өндіруші бұқаларын сатып алып, жергілікті тұқымсыз сиырлармен сіңіре будандастыру арқылы селекциялық асылдандыру жұмыстарын жүргізуде. Бүгінгі күні шаруашылықта 60 бірінші буын ұрпақ сиырлары, екінші буын 40 ұрпақ қашарлар мен 14 асыл тұқымды өндіруші бұқа және 111 бас 2019 жылы алынған будан төлдер бар, оның ішінде 54 бас II буын будан төлдері.

Осы мақсатта шетелден әкелінген абердин-ангус тұқымының өндіруші бұқаларынан алынған II буын будан ұрпақтарының дене құрылымының сыртқы пішінін бағалау үшін, дене өлшемдері алынды. Бұзаулардың дене өлшемдері туғаннан кейін және 6 айдан кейін жүргізілді (1-кесте).

1-кесте – Абердин-ангус тұқымының будан II буын ұрпақтарының дене бітімі өлшемдері, см

Дене өлшемдері	Еркек бұзаулар		Ұрғашы бұзаулар	
	Зерттеу мерзімі			
	Туылғандағы	Туылғаннан кейінгі 6 айлығында	Туылғандағы	Туылғаннан кейінгі 6 айлығында

Шоқтық биіктігі	68,5±1,76	102,0±1,41	65,0±0,69	97,8±0,52
Құйымшақ биіктігі	70,3±2,21	112,3±0,98	66,7±0,17	110,3±0,47
Кеуде тереңдігі	32,1±1,90	49,7±0,62	30,2±0,20	45,6±0,60
Жауырын артындағы кеуде орамы	92,0±3,11	149,7±1,45	83,1±1,15	141,5±0,65
Кеуде ендігі	19,7±1,60	35,6±1,57	18,5±0,51	30,4±0,82
Тұрқының қиғаш ұзындығы	79,6±6,07	114,2±1,19	76,2±0,54	112,8±1,93
Сербек аралық ені	22,3±1,02	39,8±0,76	18,9±0,17	35,8±0,35
Тұрқының қиғаш ұзындығы	22,7±0,26	30,8±0,83	22,3±0,55	29,3±0,92
Сирақ орамы	11,1±0,28	17,6±0,18	10,8±0,31	17,3±0,10

Туғаннан кейінгі будан бұзаулардың дене өлшемдерін талдау көрсеткендей, будан ұрпақтардың өсу қарқыны біркелкі екенін көрсетті, бірақ биіктік өлшемдері бойынша еркек ұрпақтары ұрғашы ұрпақтарынан шоқтық биіктігі бойынша 3,5 см және құйымшақ биіктігі бойынша 3,6 см-ге (8,4%) бойшаң болатыны байқалса, ал ұзындық өлшемдері бойынша айтарлықтай айырмашылық жоқ деуге болады, кеуде тереңдігі бойынша 6 айлығында 9,28 %, енділігі бойынша туғанда 8,16 %, 6 айлығында 7,03-17,10 %, ал кеуде және жіліншік орамдары бойынша 4 % артық болды.

Тәжірибе жүргізілген малдардың сырт пішінін салыстырмалы түрде толық бағалау үшін тұлға индекстері есептелді. Алынған нәтижелер 2-кестеде берілген.

2-кесте – II буын будан төлдердің дене бітімі индекстері, %

Индекстер	Еркек ұрпақтары (n-26)		Ұрғаш ұрпақтары (n-28)	
	Туғанда	6 айында	Туғанда	6 айында
Дене толықтығы	134,0±0,49	147,0±0,42	128,0±0,65	145,0±0,44
Сирақтылығы	53,0±0,49	51,0±0,42	54,0±0,65	53,0±0,44
Тұрқы сипаты	116,0±0,04	112,0±1,15	117,0±1,31	115,0±0,96
Кеуделілігі	61,0±2,09	72,0±2,73	60,0±2,11	67,0±1,95
Дене жұмырлығы	116,0±0,24	131,0±0,94	109,0±1,43	125,0±0,88
Сүйектілігі	15,9±1,10	17,0±0,53	16,0±1,01	17,6±0,63
Кеуде-бөксе сәйкестігі	83,0±4,73	85,4±2,51	85,7±2,38	88,0±1,92

Зерттеу жүргізілген нәтижелерден будан бұзаулардың дене бітімі индекстерін салыстырмалы түрде зерттеу нәтижесінде барлық туғандағы және 6 айлық жас кезеңдерінде еркек және ұрғашы бұзаулардың тұлға индекстерінде аса көп ауытқушылықтар жоқ екенін көруге болады. Зерттеуге алынған еркек бұзаулардағы айырмашылық кеуделілігі бойынша (5,01-8,67 %), кеуде-бөксе сәйкестігінде (5,59-9,42%), қалған дене индекстері тең дәрежеде екендігін байқауға болады. Ал, ұрғашы бұзаулар сүйектілігі мен кеуде бөксе сәйкестілігі бойынша жастастарынан 6,19 % және 10,7 %-ға артық болады. Бұл будан бұқашықтардың еттілік пішінінің біркелкі жақсы дамығандығын көрсетеді.

Төлдің өсімталдылығы малдың ет өнімділігіне үлкен әсерін тигізеді және етті ірі қара шаруашылығында басты селекциялық белгі болып саналады. Шаруашылықтағы абердин-ангус тұқымы малының будан төлі ұзақ өсіп жетілгіштігімен, қарқынды өсіп, ауыр салмақ қосуымен ерекшеленеді.

Будан төлдер шаруашылық жағдайында ауыр салмақ тартып, I класс талабына сай қарқынды өсуімен ерекшеленетінін байқатты (3-кесте).

3-кесте - Төлдердің тірілей салмағы, кг

Малдың жасы, ай	n	Тірілей салмағы ,кг	
		Еркек бұзаулар	Ұрғашы бұзаулар
Туылғанда	26	23,7 ± 0,78	22,3± 1,6
3	26	105,1± 3,4	96,7± 4,7
6	26	175,3 ± 4,6	167,3± 5,4
8	26	209,5 ± 6,3	195,6± 5,8

Жоғарыдағы кестеден көріп отырғанымыздай, бұқашықтардың тірілей салмағының өсу қарқындылығы тұқымдық стандарттар класына сәйкес және қашарлармен салыстырғанда тірілей салмақ көрсеткіштері бойынша 6 айлығында – 7,1 %, 8 айлығында 209,5 кг құрап – 9,2 %-ға артық болды. Яғни тұқым мал стандартынан 8 айлығында бұқашықтар 9,5 кг, ал қашарлар 5,6 кг басым болды.

«СТАН» ЖШС шаруашылығында абердин-ангус тұқымының өндіруші бұқаларынан алынған II буын будан ұрпақтарының өсуін талдау барысында олардың 22,7-23,0 кг туылған кездегі аз салмағына қарамастан, одан әрі олардың өсу қарқыны біркелкі жоғары екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелерін қорыта келе абердин-ангус тұқымының II буын будан ұрпақтарының өсуін және дамуы бойынша біршама қарқынды өсіп-жетілгіштігі, етті ірі қара малына тән біркелкі жақсы дамыған еттілік пішінін және сыртқы келбетінің ата-тегіне тән қара түстілігі 98,7% болып анықталды.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қажғалиев Н.Ж., Садыкова Л.У., Құлмағамбетов Т.И., Нұргүлсім Қ. Етті бағыттағы ірі қара малдарының жаңа жағдайда өсу және өнімділік қабілеттілігі // С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Ғылым жаршысы. – 2013. – №4 (79). – Б. 56-61.
- 2 Аманжолов Қ.Ж., Ахметов Е.М. Ет сапасын арттыру жолдары // Жаршы. – 2012. – № 11. – 46-49 б.
- 3 Кажғалиев Н.Ж., Матакбаев Д. Адаптация завезенных пород мясного скота в условиях северного региона Казахстана //Теоретический и научно-практический журнал «Вестник мясного скотоводства». – 2016. – №1 (93). – С. 27-33.
- 4 Kazhgaliyev N., Shurkin A., Bekkozhin A., Aubakirov Zh., Zumagazieva S. Growth and development of crossbred bulls obtained by breed transformation in the northern region of Kazakhstan // Bioscience Research. – 2019. — V. 16 (2). – P. 1412-1422.
- 5 A.S. Jump, J. Penuelas. Running to stand still: adaptation and the response of plants to rapid climate change // Ecol. Lett. - 2005. - Vol. 8. – P. 1010-1020.
- 6 Крючкова А.В., Маракулина И.В. Биометрия: Учебное пособие. — Киров: ВятГУ, 2011. – 87 с.

## АҚМОЛА ОБЛЫСЫ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ СҮТТІ БАҒЫТТАҒЫ ЗААНЕН ЕШКІ ТҰҚЫМЫНЫҢ СҮТ ӨНІМДІЛІГІ

*Сәденова М.Қ., а.ш.ғ.к., аға оқытушы*

*Қалқаманов Б., 2-курс магистранты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Ешкі шаруашылығы – көптеген елдердің мал шаруашылығы ішінде перспективті салалардың бірі. Әлемдік нарықта тұрақты сұранысқа ие және өнімдері жоғары бағалы болып келеді. Біздің елде тек бірнеше ірі шаруашылықтар бар, ешкі өсіру экономика жағынан тиімді, әсіресе шағын және жеке шаруашылықтарда тиімді болып келеді. Сондықтан қазіргі уақытта Қазақстанға Европа мен Ресей елдерінен ешкі сүті мен өнімдерінің көп бөлігі әкелінуде. Осы байланысты 2017-2021 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін (ары қарай - АӨК) дамыту мемлекеттік бағдарламасындағы ең маңызды бағыттардың бірі отандық өнім өндіруде АӨК бәсекеге қабілетті өнімдерді өндіру және «Made in Kazakhstan» брендтегі экологиялық таза (органикалық) өнім алу болып табылады [1].

Ешкі шаруашылығы – мал шаруашылығының ішіндегі тез дамитын бағыттарының бірі. Қазақстан Республикасының статистика мәліметтеріне сүйенсек Қазақстандағы қой мен ешкі саны 2018 жылдың 1 ақпанында 18 298,5 мың басты құраса, оның ішінде ешкі саны 2439081 басты құрады [2,3].

Қазіргі уақытта сүтті ешкі шаруашылығына қызығушылық көбеюде, оған себеп ешкілердің жоғары өнімділігі мен ешкі сүтінің бірегей қасиеттеріне байланысты. Жоғары өнімді сүт-ешкі салмағынан 15-25 есе көп сүт алуға болатындығы анықталды. Ешкі сүті минералды заттардан, дәрумендерден, ферменттерден, гормондардан тұрады. Қазір уақытта ешкі сүті мен оның өнімдері халық сұранысына ие болуда. Сауда желісіне негізінен пастерленген ішуге арналған ешкі сүті жеткізіліп отырады, ал оның айран, сүзбе, ірімшік, простокваша, йогурт сияқты өнімдері мүлдем тапшылық болып саналады [4,5].

Шамамен 150-ге жуық негізгі ешкі тұқымдары және оның көптегені тұқымдық түрлері (тұқымішілік типі) бар. Әлемдегі ең өнімді және кең таралған тұқымдардың бірі, оның ішінде Қазақстанда шет елден әкелінген заанен ешкі тұқымы болып саналады. Бұл тұқым 500 жыл бұрын Швейцария елінде шығарылған. Бұл тұқым жақсы жағдайлар жасап өсіру кезінде ірі және тез жетілгіш тұқым ретінде жоғары төлдегіштігімен, денсаулығының мықтылығымен және ұзақ өмір сүруімен ерекшеленеді.

Шетелден әкелінген асыл тұқымды ешкі малы жергілікті жерге тез бейімделуде. Жергілікті ешкілер көбіне жайылымда болса, олар бір жерде тұрып азықтанады.

Кейбір малдар жаңа жерге тез үйренеді, ал кейбір малдар баяу үйренеді немесе адаптацияға қабілетсіз болады. Мұндай реакция негізіне малдың барлық тіршілігі мен жеке даму процесін анықтайтын биохимиялық процесстер жатады. Бүгінгі таңда адаптация мәселелерін және тіршілік жағдайының өзгерісіне ағзаның реакциясын зерттеу өзекті мәселе болып отыр [6]. Солтүстік жағдайына шет елден әкелінген заанен тұқымы ешкілерінің жерсініп кетуін және өнімділігінің қалыпты болуын зерттеудің өзектілігі жоғары.

Автор мақалада Заанен ешкілерінің қан анализі көмегімен ауру түрлерін анықтап отырудың олардың өнім сапалылығын қамтамасыз етуде маңызы зор екенін айтады [7].

Қазақстанда ешкі шаруашылығын дамыту аграрлық саланы өте тиімді саласы және халықты диеталық өніммен қамтамасыз етеді. Осыған байланысты Қазақстанда сүтті бағыттағы ешкі шаруашылығының басым бағыттарын айқындау және зерттеу жұмыстарын жүргізу өте қажет.



Зерттеу жұмысының мақсаты: Қазақстан республикасында Ақмола облысы жағдайындағы сүтті бағыттағы заанен ешкі тұқымының сүт өнімділігін анықтау.

Ақмола облысы жағдайындағы сүтті бағыттағы заанен ешкі тұқымының сүт өнімділігін анықтау бойынша жұмыс 2017-2019 жылдар аралығында ТОО «ПХ Зеренда» шаруашылығында орындалды. Жүргізілген бақылау сауу негізінде саулықтардың тәуліктік сауыны, 300 күн сауын кезеңіндегі ешкі сүтіндегі май мен ақуыз мөлшері анықталды. Зерттеуге барлығы екі топқа 60 ешкі қатысты. Айлық сауын мөлшерінің, сүттегі май мен ақуыз мөлшері есебі он айлық сауын кезеңінде жүргізілді: наурыз-1-ші ай; сәуір- 2-ші ай; мамыр-3-ші ай; маусым-4-ші ай; шілде -5-ші ай; тамыз-6-шы ай; қыркүйек-7-ші ай; қазан-8-ші ай; қараша-9-шы ай; желтоқсан – 10-шы ай. Сүттегі май мен ақуыз мөлшері С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіндегі «Сүт сапасын анықтау» зертханасында ешкі сүтінің химиялық-физикалық қасиеттерін анықтау ультрадыбыстық «Клевер-2» сүт сапасын талдайтын аппарат көмегімен жүзеге асырылды.

Ақмола облысының Целиноград ауданы Қажымұқан ауылында 5000 ешкіге арналған сүтті тауарлы ферма «Зеренда» асыл тұқымды ешкі шаруашылығы» Голландиядан 334 бас сүтті бағыттағы заанен тұқымы ешкілерін әкеліп, қазіргі таңда 1100 бас шамасына жеткізді. Шаруашылық максималды сүт өнімділігін алу үшін үздік генетикадағы ешкілерді өсіру орталығы болып табылады. Алдағы уақытта кәсіпорын толық қуатына шыққан кезде төл басын 5000-ға дейін жеткізу жоспарланған. Шаруашылықтың қазіргі заман талаптарына сай шет елдік технологиямен жабдықталған, компьютермен басқарылатын орталықтандырылған 72 ешкіге арналған сауын алаңы бар. Италия мамандарымен жылдық қуаты 4 мың тонна, сағатына бір тоннаға дейін ешкінің сүті мен сүт өнімдерін қайта өңдейтін сүт зауыты іске қосылып, мемлекеттік стандарттарға сай сұранысқа ие ешкі сүті мен өнімдерін, яғни айран, қатық, май, қаймақ, сүзбе, брынза, ірімшіктің бірнеше түрлерін, сулунгуни, құрт, йогурт және сүт сары суы сияқты өте пайдалы 40 түрлі сүт өнімдерін саудаға шығарып, халқымызды құнды отандық ешкі сүті және оның өнімдерімен қамтамасыз етумен қатар шетелге экспортқа шығару жоспарлануда. Қазірдің өзінде Италия және Қытай елдері болашақта шаруашылықтан шығарылатын сүтке қызығушылық танытып отыр.

Ақмола облысындағы бұл жас ешкі шаруашылығындағы ешкілердің тірілей салмағы жасына байланысты 48-60 кг арасында құрайды. Туылған лақтардың тірілей салмақтары -3 кг, ал 2 айлық кезінде 9-10 кг тартады. Шаруашылық бойынша ешкінің орташа тәуліктік сауын сүті бір басқа шаққанда бірінші лақтаған ешкілерде 0,9-1,0 кг болса, екінші лақтаған ешкілер 2,1 кг дейін құрайды. Сүттің майлылығы – 4,02%, ақуызы – 3,50% көрсетті. Шет елден әкелінген заанен ешкі тұқымы жерсіндіріліп, өз төлінен көбейтілуде.

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетіндегі «Сүт сапасын анықтау» зертханасында ешкі сүтінің химиялық-физикалық қасиеттерін анықтау ультрадыбыстық «Клевер-2» сүт сапасын талдайтын аппарат көмегімен жүзеге асырылды.

1 кесте -Шикі ешкі сүтінің органолептикалық сипаттамалары, (n=60 үлгілері)

Көрсеткіштің атауы	Сипаттама
Сыртқы көрінісі	Шөгіндісіз майсыз сұйық. Араластырумен бірге жоғалып бара жатқан майдың аздап шөгугі бар
Консистенция	Біртекті, жабыспайды, ақуыздың және майдың түйіршіктері жоқ
Дәмі мен иісі	Таза, сыртқы иістер мен дәмсіз, ешкі сүтінің ерекше дәмі бар
Түсі	Сүтті-ақ, біркелкі массасы бойынша

Ешкі сүтінің органолептикалық сипаттамалары мемлекетаралық стандарт МЕМСТ 32259-2013 талаптарына сәйкес келетіндігін көрсетті. Сыртқы түрі, дәмі мен иісінің сипаттамасы 1-кестеде берілген көрсеткіштері стандартқа сәйкес келетінін, нормадан ауытқымайтынын көреміз.

Қазақстан Республикасында сүтті ешкі шаруашылығын дамыту біздің еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін және шикізатпен қамтамасыз ететін басым бағыттарының бірі болып саналады. Сонымен қатар, генетикалық тұрғыдан анықталған ешкілердің сүт өнімділігін арттыру үшін отандық және шетелдік тәжірибені есепке ала отырып, қолда бар ешкі малымен селекциялық - асыл тұқымды жұмыстарын дамыту керек, қазіргі заманғы технология талаптарына жауап беретін ешкілерді күтіп бағу және азықтандыру технологияларын жетілдіру қажет.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Государственная программа развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2017-2021 годы: Утверждена Указом президента Республики Казахстан от 14 февраля 2017 года, №420 // [http://www.kaznau.kz/page/content\\_link/common/UkazRK.pdf](http://www.kaznau.kz/page/content_link/common/UkazRK.pdf) (дата обращения: 18.10.17).

2 Қазақстан Республикасы статистика агенттігі. – [www.stat.kz](http://www.stat.kz)

3 Алешина М.Н., Шувариков А.С. Технологические свойства молока зааненский коз голландский и отечественных популяции // Овцы, козы, шерстное дело. – 2013. – №4. – С. 23-25.

4. Фатихов А.Г., Хаертдинов Р.А. Технологические свойства козьего молока // ученые записки Казанской государственной академии ветеринарной медицины им. Н.Э. Баумана. – 2016. – Т. 226. – 217 с.

5 Нуралиев М.Т. Арынгазиев С.Ж.. Кенжебаева Т.Е.. Багжаева С.С. Продуктивные качества новой создаваемой казахской молочной породы коз // Современные аспекты развития сельского хозяйства юго-западного региона Казахстана: матер. междунар. науч.-практ. конф., посвящ. 60-ю д.с.-х.н., проф., акад. АСХН РК Паржанова Ж.А. – Шымкент, 2018. – С. 172-175.

6. Dzhakupov I.T., Yeszhanova G.T., Zhamantaev D.S. Development in the indicators of metabolism in cows' blood in conditions of adaptation // Science Review. – 2012. – Volume 1 (9). – P. 27-31.

7. Voinova A., Nikitin G., Anipchenko P. Hematologic indices in infertile and fertile goats of the Zaanen breed // 11th Biennial Conference of the Association-for-Applied-Animal-Andrology (AAAA) - Current Perspectives and Concepts in Andrology / ANIMAL REPRODUCTION SCIENCE. – New Orleans, LA – JUL 2018. – Т. 194, P. E15-E15.

## ҚАЗАҚТЫҢ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚҰЙРЫҚТЫ ЖӘНЕ БУДАН ҚОЗЫЛАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІ

*Ибраев Д.К., PhD, аға оқытушы*

*Долдашева Г.К., 3-курс докторанты*

*Әбдіманат Е.Ә., 2-курс магистранты*

*Жумахметова Б.Ж., 2-курс магистранты*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақ халқы дегенде және оның дәстүрлі шаруашылығын айтқанда бірінші орында мал шаруашылығы тұратыны сөзсіз. Көшпелі халық малдың күйін өте жетік білген. Төрт түліктің бәрін қамтысада қазақ халқы үшін қой түлігінің алар орны ерекше. Жеріміздің кеңдігі мен климаттық жағдайының ерекшеленуімен қойдың тұқым түрлері де соған сәйкес өсірілген. Кәзіргі дамыған әрі жолға қойылған ата кәсібіміздің ішінде құйрықты қой шаруашылығы ерекше орын алады, ол Қазақстандағы мал шаруашылығының жетекші, әрі ерекше саласы болып табылады. Еліміздің кең алқап табиғи жайылымдарын тек жергілікті қой түлігі ғана толығымен тиімді пайдалана алады. Жайылым жерлерінің мол болуы – республикадағы етті-майлы бағыттағы қой шаруашылығын экономикалық тұрғыда тиімді салаға айналдыру мүмкіндігін барынша арттырады. Бұл бағытқа жататын қой тұқымдарының негізгі ерекшеліктерінің бірі – олардың тез жетілгіштік қасиеті мен қатаң табиғи- климаттық жағдайларға бейімділігі [1].

Бүгінгі таңда Қазақстанда өсірілетін қой тұқымдарының ішінде әртүрлі табиғи-климаттық жағдайларға ең төзімді, еті мен майы бойынша мол өнімді, төлі тез жетілгіш, т.б. шаруашылыққа пайдалы қасиеттері жағынан нарық экономикасының сұранысына толық жауап беретін қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары болып саналады.

Елімізде құйрықты қой шаруашылығы мал шаруашылығының ертеден қалыптасқан саласы, негізгі бағыты – сапалы, биологиялық құнарлы, экологиялық таза ет, сүт, май өндіру болып саналады. Сонымен бірге бұл қой тұқымдарынан тұрмысқа қажетті заттар жасау үшін қылшық және түбіт аралас жүн, ішіктік, тондық тері шикізаттары өндіріледі.

Қазірде республикадағы барлық қой санының 80% астамы етті-майлы бағыттағы қойлар және де барлық қой малы жеке шаруашылықтарда шоғырланған. Халық құйрықты қойларды басқа қойларға қарағанда өздеріне жақын санайды. Оларды өсіру тиімді, қоршаған орта әсеріне төзімді келеді деп есептейді. Себебі құйрықты қойлардың төлдері туған жылы жоғары қарқынды өсіп жетіліп, тауарлық мақсатқа ертерек пайдаланылады [2,3].

Қой шаруашылығын нарық заманына экономикалық жағынан тиімді етіп өсірудің кілті-ғылым мен озат тәжірибенің берік бірлігінде. Соңғы жылдарда, дүние жүзінде ауыл шаруашылық ғылымдары сан алуан жаңалықтармен, жаңа технологиялармен, селекция әдістерімен байытылды [4].

Зоотехникалық көзқарас бойынша малдардың, оның ішінде қойлардың өсіп-жетілуін тірі салмағы көрсеткіштері негізінде талдаумен бірге олардың әр айдағы сүйек қаңқасының, яғни скелетінің өзгеруін, демек экстерьерін зерттеу де ерекше орын алады.

Экстерьер - малдардың нақтылы өсу өңіріне, жағдайына бейімділігін, денсаулығын және конституция мықтылығын бағалауға мүмкіндік беретін көрсеткіш.

Зерттеу жұмысының негізгі тәжірибелік және ғылыми-ізденіс бөлімі «Табыс» шаруа қожалығында жүргізілді. Шаруа қожалығы Ақмола облысында ауданында орналасқан. Қазіргі кезде бұл шаруашылықта қазақтың қылшық жүнді құйрықты қойлары өсіріледі. Біздің тәжірибемізге 4 айлық жастағы қылшық жүнді құйрықты және будан еркек тоқтыларының дене өлшемдері, тұлға индекстері және ет өнімділігін зерттеу үшін 4

айда енесінен ажыратылған еркек тоқтылар алынды. Қозылардың ет өнімділігін есепке алу таразымен өлшеу арқылы іске асырылды [5,6].

Ауыл шаруашылығы малдарының экстерьерінің олардың өнімділігімен тығыз байланысын зоотехния ғылымының классиктері П.Н. Кулешов және Е.А. Богданов ертеден зерттеп анықтаған. Малдардың дене-құрылысы мен конституциясын зерттеу, анықтау бүгінгі уақытқа дейін маңыздылығын жоғалтқан жоқ, керісінше қажетті ізденіс болып табылады [7]. Сондықтан біздер де тәжірибедегі қазақтың қылшық жүнді құйрықты қой тұқымы мен оның будандарының экстерьеріне баға беру үшін олардың әр айдағы дене өлшемдері мен дене-қалыптасу индекстерін анықтау арқылы олардың өсіп-жетілуін зерттедік. Тәжірибедегі 30 бас қозы-тоқтылардың төмендегі дене өлшемдері алынды (1-кесте).

1-кесте - Қазақтың қылшық жүнді құйрықты қозыларының дене өлшемдері

Өлшемдер, см	Жасы	Тегі, жынысы			
		Таза тұқымды қозылар		Будан қозылар	
		♀	♂	♀	♂
Шоқтығының биіктігі	Туылған мерзімде	36,8±0,34	37,4±0,29	37,2±0,40	37,5±0,36
	4 - 4,5 ай	53,7±1,02	56,5±1,16	54,6±1,22	57,7±0,97
Дененің қиғаш ұзындығы	Туылған мерзімде	30,1±0,33	30,8±0,35	31,2±0,24	31,9±0,40
	4 - 4,5 ай	52,6±0,92	59,8±1,14	58,2±1,08	60,4±1,18
Кеуде ені	Туылған мерзімде	8,1±0,08	9,1±0,10	8,2±0,07	8,6±0,13
	4 - 4,5 ай	16,3±0,48	17,0±0,62	16,8±0,55	17,6±0,52
Кеуде тереңдігі	Туылған мерзімде	13,1±0,46	13,2±0,55	13,0±0,37	13,5±0,41
	4 - 4,5 ай	25,3±1,05	26,1±0,96	25,3±1,14	26,2±0,89
Кеуде орамы	Туылған мерзімде	37,3±0,36	39,6±0,41	37,0±0,22	40,2±0,38
	4 - 4,5 ай	76,6±0,97	80,0±1,15	76,8±0,89	80,1±1,21
Сауыр ені	Туылған мерзімде	6,6±0,09	6,7±0,13	6,8±0,11	6,9±0,10
	4 - 4,5 ай	12,4±0,63	13,0±0,78	12,5±0,56	13,1±0,57
Құйымшақ биіктігі	Туылған мерзімде	38,2±0,38	38,5±0,45	38,3±0,42	38,6±0,33
	4 - 4,5 ай	55,2±1,47	58,1±1,22	56,4±1,38	58,3±0,94
Сирақ орамы	Туылған мерзімде	6,1±0,11	6,3±0,13	6,3±0,11	6,3±0,08
	4 - 4,5 ай	8,0±0,37	8,1±0,57	7,8±0,62	8,0±0,58

Қозылардың дене өлшемдерін зерттеуіміз бойынша олардың туылған мерзімдегі биіктік өлшемдерінің жоғары болғандығы анықталды. Ал туылған мерзімдегі және енесінен ажыратылған мерзімдегі салыстырмалы дене өлшемдері бойынша олардың сүт ему мерзімдегі дене өлшемдерінің өсуінің әртүрлі, яғни бірдей емес екені байқалды. Сондықтан дене өсуінің нақты бағытын анықтау мақсатында олардың дене бітімі индексі анықтадық (2-кесте).

2-кесте - Қозылардың дене бітімі индексі

Индекстер	Жасы	Тегі, жынысы			
		Таза тұқымды қозылар		Будан қозылар	
		♀	♂	♀	♂
Сирақтылығы	Туылған мерзімде	64,4	64,7	65,0	64,5
	4 - 4,5 ай	53,2	54,0	53,6	54,5
Созылғыштық	Туылған мерзімде	81,7	82,3	83,8	85,0
	4 - 4,5 ай	107,2	105,8	106,5	104,8
Кеуделілігі	Туылған мерзімде	61,8	68,9	63,0	64,0
	4 - 4,5 ай	64,9	65,3	67,1	66,4
Жұмырлығы	Туылған мерзімде	123,9	128,5	120,5	126,0
	4 - 4,5 ай	132,9	133,7	131,9	132,6
Сүйектілігі	Туылған мерзімде	17,3	16,3	16,9	16,8

	4 - 4,5 ай	14,8	14,3	14,2	13,8
	Туылған мерзімде	6,6±0,09	6,7±0,13	6,8±0,11	6,9±0,10
	4 - 4,5 ай	12,4±0,63	13,0±0,78	12,5±0,56	13,1±0,57
Құйымшақ биіктігі	Туылған мерзімде	38,2±0,38	38,5±0,45	38,3±0,42	38,6±0,33
	4 - 4,5 ай	55,2±1,47	58,1±1,22	56,4±1,38	58,3±0,94
Сирақ орамы	Туылған мерзімде	6,1±0,11	6,3±0,13	6,3±0,11	6,3±0,08
	4 - 4,5 ай	8,0±0,37	8,1±0,57	7,8±0,62	8,0±0,58

Жоғарғы кестеде келтірілген индекстер көрсеткіштеріне назар аударсақ, туылған мерзімнен 4 - 4,5 айға дейінгі уақытта олардың сирақтылық индексінің өсуінің баяулағаны байқалды. Сирақтылық индексінің төмендеуі тәжірибедегі қозылардың аяқтарының түтік сүйектерімен салыстырғанда кеуде тереңдігінің қарқынды өсуіне байланысты болды деп есептеуге болады. Сонымен қатар айтарлықтай өзгеріс қозылардың созылғыштық және жұмырлық индекстерінде де нақты байқалады, яғни дене бітімі индексі 4 - 4,5 айлық тәжірибедегі қозылардың ет өнімділік бағытта өсіп - жетілуі қасиеттерінің жоғары екенін болжауға мүмкіндік береді.

Тәжірибедегі қозылардың өсу және жетілу барысы олардың туылған мерзімінен енесінен айырғанға дейін бақыланды. Сонымен қатар қоңы жақсы, салмағы 30 кг. жоғары. Еркек тоқтылардың сойыс және ет сапасын зерттеу мақсатында оларды 4 ай мерзімінде сойылды. Сойыс көрсеткіштері төмендегі 3 - кестеде келтірілген.

3-кесте - 4 айлық еркек қозылардың сойыс көрсеткіштері

Көрсеткіштер	Таза тұқым қозылары	Будан қозылар
Сойыс алдындағы тірі салмағы, кг	31,5±1,56	34,5±1,71
Ұша салмағы, кг	15,8±0,83	18,0±1,15
Іш май салмағы, кг	0,30±0,12	0,40±0,23
Құйрық салмағы, кг	0,40±0,19	0,20±0,11
Сойыс салмағы, кг	16,5±1,04	18,6±1,20
Сойыс шығымы, %	52,4	53,9

Тәжірибедегі таза тұқымды еркек қозылардың сойыс көрсеткіштерінің будан қатарластарынан кем болғаны байқалды. Нақтырақ айтқанда, екі тәжірибелі топтар арасында олардың сояр алдындағы тірілей салмағы бойынша будан еркек қозылар 3,0 кг. немесе 9,5% таза тұқымды қатарластарынан жоғары болды. Сонымен қатар, сәйкесінше сойыс салмағы мен сойыс шығымы бойынша да будан қозылар 2,1 кг. немесе 12,7 және 1,5% таза қатарластарынан жоғары болды. Сойыс және ұша салмақтарымен қатар тәжірибедегі еркек тоқтылардың іш май және құйрық май салмақтары да анықталды. Яғни, іш май салмағы будан қозыларда, ал құйрық май салмағы таза тұқымды қозыларда жоғарырақ болып, айырмашылығы 0,1 – 0,2 кг төңірегінде болды.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Омарова К.М., Шауенов С.К., Ибраев Д.К., Долдашева Г.К. Нагул молодняка казахских грубошерстных курдючных овец // Вестник науки КазАТУ им. С.Сейфуллина. – 2018. – №2 (97). – С.103-112.

2 Сабденов Қ.С., Ыдырысов Қ.Ж., Садықұлов Т.С. Қой шаруашылығының тиімділігін арттыру жөніндегі ұсыныстар. – Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ баспаханасы. – 2009. – 95 б.

3 Шауенов С.К., Омарова К.М., Ибраев Д.К., Долдашева Г.К., Юлдашбаев Ю.А. Откормочные и убойные показатели баранчиков казахской грубошерстной курдючной породы овец // Теоритический и научно-практический журнал ИЗВЕСТИЯ ОГАУ. – 2019. – №2 (76). – С. 233-235.

4 Shauenov S., Islamov Y., Narbayev S., Ibrayev D. Adaptation of crossbred young sheep of



Kazakh meat-wool half-fine breed to conditions of Chu-Ili's Low mountains and Moin-Kum's sands // Biology and Medicine. – 2015. – Vol 7, Iss. 3. – P. 110-15.

5 Shauyenov S., Islamov Y., Narbayev S., Ibrayev D. Effect of sire breed on the productivity of Kazakh mutton-semifine-wool sheep // Indian Journal of Animal Research, – 2016. – № 50 (3). – P. 418-424.

6 Шауенов С.К., Нарбаев С.Н., Ибраев Д.К. Рекомендации по созданию мясного типа казахских мясошерстных полутонкорунных овец. – Астана: С.Сейфуллин атындағы ҚАТУ баспаханасы, – 2015. – 16 с.

7 Жумадилла К. Казахская курдючная полугрубошерстная порода овец Каргалинской тип. – Алматы: 2015. – 216 с.

## ЕСІЛ ӨЗЕНІНДЕГІ КӘДІМГІ АЛАБҰҒАНЫҢ (PERCA FLUVIATILIS L.) ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

*Асылбекова А.С., а.ш.ғ.к., қауым.профессор м.а.*

*Баринова Г.К., б.ғ.к., аға оқытушы*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті,  
Нұр-Сұлтан қ.*

Есіл өзені Қарағанды облысының Осакаров ауданындағы Нияз тауының батыс етегінен басталады. Есіл өзені Солтүстік және Орталық Қазақстанның бірнеше облыс аймағында өтіп өте маңызды халықшаруашылықтық су айдыны. Оның жағалауында ірі және орта елді мекендер орналасады, оның ішінде Қазақстан Республикасының басты қаласы Нұр-Сұлтан және бірнеше қалалар мен облыстық және аудандық орталықтар орналасқан. Зерттеу жұмыстың мақсаты кәдімгі алабұғаның қазіргі жағдайын анықтау.

Зерттеуге материал 2019 ж далалық шығыстар барысында жиналды. Есіл өзенінің 9 станциясы тексеріліп биоанализге 252 сынама алынды. Кәдімгі алабұғаны зерттеу үшін, 20-дан 70 мм -ге дейінгі торлы желбезекті аулар қолданылды. Барлығы 12 тұрақты қойылды, әр суатқа 2-ден. Материалды өңдеу орнында, сонымен қатар зертханалық жағдайда да жүзеге асырылды. Сызықтық-салмақ көрсеткіштерін анықтау стандартты әдістемелер бойынша жүргізілді. Қондылығы Фультон бойынша есептелді Жасы желбезек қақпақшаларындағы жылдық сақина бойынша анықталды [1-3].


Есіл өзенінде кәдімгі алабұға аборигенді түрге жатады. Бұл түр бүкіл акватория бойы тараған, әртүрлі биотоптарды алып жатады және спорттық-әуесқойлық аулаудың негізгі объектілеріне кіреді [4]. 1 кесте кәдімгі алабұға популяциясының көлемді құрылымы келтірілген.

1- кесте – Есіл өзеніндегі кәдімгі алабұға популяциясының көлемді құрылымы

Жасы	Көлемдік тобы, см													
	9,1-12,0		12,1-15,0		15,1-18,0		18,1-21,0		21,1-24,0		24,1-27		27,1-30	
	экз.	%	экз.	%	экз.	%	экз.	%	экз.	%	экз.	%	экз.	%
1+	34	64,2	19	35,8										
2+			48	78,7	13	21,3								
3+			15	39,5	23	60,5								
4+					24	54,5	20	45,5						
5+							19	95,0	1	5,0				
6+							4	19,0	17	81,0				
7+									6	54,5	5	45,5		

8+											3	75,0	1	25,0
----	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	---	------	---	------

*Кәдімгі алабұға популяциясының жастық құрылымы.* Бүкіл ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында ең жоғары жастағы ауланған балық 9+ болды. Сурет 1 Есіл өзеніндегі кәдімгі алабұға жастық құрамының динамикасы келтірілген.



Сурет 1 – Кәдімгі алабұға жастық құрамы, %

Суретте көрсеткендей 2019 ж. ғылыми аулау кезеңде 2+ жастағы дарақтары басым болды. 2016-2017 жж 3+ жастағы балықтар басым болды. Жастық қатары 2017-2018 жж қысқарса да жастық құрамы жақсарып келе жатқанының белгісі, ал 2019 ж ауламдарда 8+ жастағы дарақтар байқала бастады.

*Табиғи көбеюі.* Кәдімгі алабұғаның уылдырық шашу кезеңі мамырдың басында 8-150С температурда өтеді. Кәдімгі алабұға уылдырық шашуға аса мұқтажсыз, уылдырықты суға батқан өсімдіктеріне, құрайларға, және де құрылып қойған балықшылар ауынада шашады. Уылдырық шашу жолақ түрінде, ұзындығы аналықтың денесіне байланысты болып 2 м дейін жетеді. 2 -ші кестеде кәдімгі алабұғаның жыныстық ара қатынасы көрсетілген.

2- кесте – Кәдімгі алабұғаның жыныстық ара қатынасы, %

Көрсеткіш	Жасы							
	1+	2+	3+	4+	5+	6+	7+	8+
Самки	15,1	45,9	63,2	61,4	75,0	76,2	81,8	75,0
Самцы	9,4	29,5	36,8	38,6	25,0	23,8	18,2	25,0
Ювенальные	75,5	24,6	0	0	0	0	0	0
Всего, экз.	53	61	38	44	20	21	11	4

Біздің зерттеулерімізде көрсетілгендей популяцияда аналықтардың аталықтарға карағанда басым болып тұр – 1:1,94 қатынасында.

*Биологиялық көрсеткіштері.* Өзендегі кәдімгі алабұға өсу қарқыны биік емес. 3-кестеде кәдімгі алабұғаның негізгі биологиялық көрсеткіштері келтірілген.

3 - кесте – Есіл өзеніндегі кәдімгі алабұғаның негізгі биологиялық көрсеткіштері

Жастық қатар	Ұзындығы, см (мин-макс)	Орта ұзындығы, см	Салмағы, г (мин-макс)	Орта салмағы, г	Саны, экз.	%

1+	10,4-13,1	11,4	21-44	29,4	53	21
2+	12,7-15,8	13,5	35-72	49,7	61	24,2
3+	14,9-17,2	15,7	66-104	80,8	38	15,1
4+	16,6-18,9	17,8	92-148	112,3	44	17,5
5+	18,6-21,1	19,5	136-198	159,9	20	7,9
6+	20,7-23,2	21,9	183-260	225,0	21	8,3
7+	23,2-24,7	23,9	242-357	317,0	11	4,4
8+	26,4-27,6	26,8	434-481	457,5	4	1,6

4 кесте кәдімгі алабұғаның негізгі биологиялық көрсеткіштерінің динамикасы келтірілген.

4 - кесте – кәдімгі алабұғаның биологиялық көрсеткіштерінің динамикасы

Жыл	Орта ұзындығы, см	Орта салмағы, г	Фультону бойынша қондылығы	ПП салыстырмалы, тыс.шт	Орта жасы	Саны, экз.
2016	15,95	88,48	1,89	9,97	3,09	225
2017	15,88	86,93	1,88	6,41	3,06	200
2018	15,03	76,7	1,95	6,54	2,76	184
2019	15,98	102,55	2,02	7,08	3,17	252

- 7 Puri, Vikram; Nayyar, Anand; Raja, Linesh. Agriculture drones: A modern breakthrough in precision agriculture // Journal of statistics & Management systems. – 2017. - Т. 20, №4 - P. 507-517.
- 8 Сайтов Р.Н. Цифровая экономика в сельском хозяйстве // Молодежный научный форум: электр. сб. ст. по мат. X междунар. студ. науч. - практ. конф. – 2018. - №9 (10). [https://nauchforum.ru/archive/MNF\\_interdisciplinarity/9](https://nauchforum.ru/archive/MNF_interdisciplinarity/9)

## МАЛ АЗЫҚТАНДЫРУДАҒЫ АЗЫҚ САПАСЫН БАҚЫЛАП, БАҒАЛАУ ЖОЛДАРЫ

*Болекбаев Даурен, 2-курс магистранты*

*Сабитбек Ергулан, 2-курс магистранты*

*Ғылыми жетекшісі – Омарқожаұлы Н., а.ш.ғ.д., профессор*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Энергетиялық, құрылымдық, минералдық және дәрумендік қоректілігімен сипатталатын азық сапасы оның биологиялық құндылығының көрсеткіші болып табылады. Жемшөп қорының кедейлігі мен азық сапасының төмен болуынан малдың ас қорытуы мен зат алмасуы бұзылып, түрлі алиментарлық, яғни ішкі сөл бездерінің қызметінің бұзылуынан туындайтын және эндемиялық, яғни жергілікті жемшөптегі биогенді элементтер жетіспеушілігінен туындайтын ауруларға ұшыратады.

Азықтандыру сапасы нашарлап, бір, жағынан, күндік рацион құрылымында жасұнықты аумақты азықтар азайып, қышқылданған сүрлем мең құнарлы жем үлесі молайса месқарын метаболизмі бұзылушылығынан эндокриндік жүйе, бауыр, жүрек, сүйек, тоқыма мен ұлпа құрылысында дистрофиялық өзгерістер орнап, бүйректе тас байланып, буында ісік пайда болады. Осыдан барып сиырлар кетоз, остео дистрофия мен бұзаулағаннан кейінгі гипокальциемияға, бордақылаудағы төл месқарын ацидозы, алкалозы, гипомagneмия, кариес пен флуорозға және де басқа да көптеген патологиялық өзгерістерге ұшырайды.

Мал өсіру және бордақылау кешендерінде мұны инсоляция мен аэрацияның жетіспеушілігі, гипокинездік секілді өндірістік технологияның салдары ұшықтыра түседі. Кешенде өсірілетін малдың зат алмасу бұзылушылығы мен ауруы алғашқыда сырт көзге білінбейтін, субклиникалық түрде өтеді де, бірінің белгілері біріне қабаттасып, ауруды асқындырып жібереді. Содан мал басның өнімділігінің азаюы мен өнім сапасыздануынан экономикалық шығын өседі.

Етті бағыттағы мүйізді ірі қара мал шаруашылығының жемшөп қоры аумақты және құнарлы азықтардан тұратындықтан, азықтандыру рациондары жазғы тұры көкшөпке, ал қыста ірі азықтар мен жемге негізделеді. Рацион құрылымындағы осы азықтар топтарын ас қорытуға үйлесімді мөлшерде енгізумен қатар экономикалық тұрғыдан, алдымен, құнарлы жемнің, үнемді жұмсалуды қадағалау қажет. Өйткені саланың бірінші мақсаты мол өнім, яғни сапалы сиыр етін өндіру болса, екіншіден, өндірілетін өнім бірлігінің (1 кг салмақ қосуының) өзіндік құнына негізгі әсер етуші – азық шығынының (азық өлшемінің) аз болуы көзделеді.

Өндірістік кешендерде өсірілетін мал басын көп этиологиялық алиментарлық аурулардан сақтандырудың басты шарты болып оларды толық құнды құнарлы азықтандыру табылады. Сонымен қатар мал өнімінің сапасына ластанып бара жатқан сыртқы орта тазалығы да күшті ықпал ететіндіктен, мал түлігінің эндемиялық ауруға шалдығушылығын геохимиялық энзоотия ретінде қарап, олардың алдын алу шараларына антропогендік биогеохимиялық агроэкожүйесін қалыптастырушы геогигиеналық, антропологиялық және медициналық мәселе тұрғысынан шешу қажет. Мұны қамтамасыз ету үшін үнемі мал азығының сапасын бақылап, азықтандыру құнарлылығын кешенді бағалап отыру қажет. Ол үшін азықтың азық өлшемі мен алмасу энергиясымен белгілінген жалпы энергиялық қоректілігін құрғақ заты, «шикі» және қорытылатын протеин мөлшері мен ерігіштігі, ауыспайтын амин- және май қышқылдары, жеңіл ыдырайтын көмірсулары, биогенді минералды элементтері және маңызды дәрумендерімен қоса бақылып, бағалау қажет.

## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Омарқожаұлы Н., Абдрахманов С. Мал азықтандыруды ұйымдастыру және бақылау. – Алматы: Бастау, 2016.
2. Kazhgaliyev N., Shurkin A., Bekkozhin A., Aubakirov Zh., Zumagazieva S. Growth and development of crossbred bulls obtained by breed transformation in the northern region of Kazakhstan // Bioscience Research. – 2019. – V.16 (2). – P. 1412-1422.

## ЭМБРИОНДАРДЫ ТРАНСПЛАНТАЦИЯЛАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

*Қуаныш Ербота, 2-курс магистранты  
С. Амантай, PhD, аға оқытушы*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазіргі уақытта мал тұқымдарын жетілдірудің негізгі биотехникалық әдісі жоғары санаттағы тұқымдық бұқаларды пайдалана отырып қолдан ұрықтандыру болып табылады. Ірі қара мал бір ұрықты жануарларға жататындықтан, бір сиырдан негізінен жылына бір бұзау алынады. Сонымен қатар сиырлардың аналық безінде дамытуға дайын жүздеген, мыңдаған ұрық клеткалары болады. Соңғы отыз жылда жануарлардың көбею биологиясы саласындағы білімнің дамуы жануарларды өсірудің жаңа дәстүрлі емес биотехникалық әдісін – эмбриондарды трансплантациялау әдісін әзірлеуге мүмкіндік берді.

Ірі қара малдардың эмбриондарын ауыстырып отырғызумен айналысқан Еуропадағы бірінші ел- Дания Эмбриондарды трансплантациялау технологиясындағы жоғары жетістікке 1983 жылы Франция жетті. Осы жылдың өзінде 3,3 мың эмбрион ауыстырылып отырызылған. Оның көпшілігі мал шаруашылығы фермалар жағдайында жүргізіліп, мыңнан жоғары эмбриондар мұздатылып, сақтауға дайындалған. Осы кезде бұл елде практикалық жұмыстармен қатар ғылыми зерттеулер өріс алған тоғыз трансплантациялық орталықтар жұмыс істей бастады. Бірқатар жетілдірулердің арқасында, эмбриондарды трансплантациялау қолдан ұрықтандыру әдісі сияқты қарапайым және қолайлы әдіс бола бастады [1].

А.Д. Бугоров және Н.А.Невинный эмбриондарды трансплантациялау АҚШ және Канада да іс жүзінде қарқынды дами бастады, өйткені бұл елдерде жылына 100 мыңнан астам эмбрион ауыстырылып отырылғаны белгілі. 1986 жылдың өзінде-ақ мұзді ірі қараларды қолдан ұрықтандыру орталықтарында мыңнан аса трансплантант бұқалар алынған [2].

Қазақстанда бірінші болып эмбриондарды трансплантациялау бойынша тәжірбиелерді Ф.М. Мухамедғалиев және Р.Т. Абильдиновтар жүргізді [3]. Олар 1964 жылдың күзінде қойлардың эмбриондарын ауыстырып отырғызудың хирургиялық операция тәсілін меңгеру үшін алдын-ала тәжірбие жасаған. Осы мақсатта қазақы биязы жүнді қойлардың 10 эмбрионы қылшық жүнді тұқымды 10 саулыққа ауыстырылып отырызылған, нәтижесінде екеуі буаз болған. Қазақ қаракөл ғылыми зерттеу институтында қаракөл қойларының эмбриондарын трансплантациялау тәсілі 1986 жылы басталып, 1990-1995 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданында «Шу» совхозында селекция және эмбриондарды трансплантациялау әдістемелерін қолдана отырып жаңа елтірі, етті-майлы атырау қой тұқымының шу популяциясын құрды.[4,5,6].

Эмбриондарды трансплантациялау-жоғары құнды мал басын айтарлықтай ұлғайта отырып, генетикалық қасиеттері жақсартылған ұрпақтарды алуға мүмкіндік беретін жануарлардың тұқымдық және өнімділік сапасын жақсартудың прогрессивті әдісі. Ұрықтандырылған аналық жасушаларды (зиготалар, эмбриондар) генетикалық құнды сиырдан, ұрықтандырылғаннан кейінгі жетінші күні эмбрион жатыр қабырғасына бекітілгенге

дейін алады. Эмбрионды «суррогат ене» ретінде қызмет ететін және құнды тұқымдық қасиеттері жоқ сиыр-реципиент жатыр ішіне отырғызады. Егер қайта отырғызу нәтижелі болса және эмбрион тірі болса, онда буаздықтың бірнеше айы өткеннен кейін жарыққа реципиенттен өзінің генетикалық әлеуеті бойынша едәуір асып түсетін жаңа туған мал пайда болады. [7,8].

Эмбриондар тасымалдау (трансплантация) қолдан ұрықтандыру әдістерінің жалпы салынып, оның мал шаруашылығы саласында қолданылуы малдардың генетикасын жақсартуда үлкен мүмкіндіктер берді. Осы әдіс арқылы ұрықты қатырып ұзақ мерзімде сақтау тәсілдерін пайдалану, бір аталықтан жылына он мыңдаған ұрпақ алуға қол жеткізді. Бұл әдіс мал шаруашылығында жақсартушы аталықтарды молынан пайдалануға жағдай туғызады. Ұрғашы малдардың көбею қабілеттіліктеріне тоқталатын болсақ, дәстүрлі жолмен бір аналықтан оның өмір сүру мерзімдері ішінде бірнеше ғана ұрпақ ала алатынымыз белгілі. Ұрғашы малдардың көбею қабілеттіліктерінің төмендігі мен ұрпақтар сабақтастықтары арасының ұзақтығы (ірі қара малында ұрпақтың келесі төлдеуі үшін 6-7 жыл қажет болады), генетикалық үдерістердің мүмкіндіктерін шектейді. Осы мәселені ғалымдар эмбрион тасымалдау (трансплантация) әдісін қолдану арқылы табысты шешуге болады деп есептейді. Бұл әдістің басты мәні – генетикалық тұрғыдан аса бағалы малды буаздық мерзіміне және емізулі кезеңдеріне кететін уақыттардан босату болып табылады. Сонымен бірге, олардан аналық жұмыртқасының көп бөлінуін ынталандырып, ұрықтандырылғаннан кейін ерте дернәсіл (зародыш) кезінде сорып (шайып) алып, генетикалық жағынан құндылығы төмендеу реципиент малдардың жатырына отырғызады. Эмбриондар тасымалдау әдісін қолдану қажеттілігі жануарлардың келесідей биологиялық ерекшеліктерін пайдалануға негізделеді:

1. Ұрғашы малдардың жұмыртқа бездерінде көптеген ооциттердің болуы.
2. Ұрықтанатын орыннан (фаллопий түтігінің ампуласы) имплантацияланатын (жатыр) орынға бекуге дейінгі имплантация алдындық еркін дамуы.
3. Эмбриондарды шайып алуға мүмкіндік беретін көбею мүшелерінің морфологиялық құрылысы.

Эмбриондар тасымалдау технологиясы орындалуы барысында келесі кезеңдерден тұрады: – суперовуляцияны ынталандыру (шақыру); – донор малды қолдан ұрықтандыру; – эмбриондарды шайып алу (хирургиялық және хирургиялық араласусыз әдістер арқылы), – эмбриондардың сапасын *in vitro* жағдайында бағалау; – эмбриондарды қысқа не ұзақ мерзімге сақтау; – эмбриондарды басқа малға (реципиентке) отырғызу

Жалпы трансплантация технологиясының ең басты құрамды бөлігінің бірі донор — аналықтардан толыққанды эмбриондарды алу. Мал шаруашылығындағы эмбриондар трансплантациясы – бұл мал көбейтудің биотехнологиялық әдісі. Мұндайда суперовуляция жасалып донор-аналықтардан максимум тіршілікке қабілетті эмбриондар алынады. Ол эмбриондар реципиент аналықтардың гениталийіне салынады.

Көбейту биотехнологиясында эмбриондарды трансплантация жолымен әдісі бірнеше деңгейге жүргізіледі:

- Іс жүзінде қолдануға тиімді эмбриондарды трансплантациялау әдістерін ойлап табу;
- Мал шаруашылығындағы эмбриодақылдық зерттеулер жүргізу;
- Мал шаруашылығындағы эмбрионженерлік зерттеулер жүргізу.
- Мал шаруашылығындағы эмбриондарды трансплантациялаудың мақсаты – генотипті өте жоғары мал басын жеделдете көбейту.

Трансплантация әдісінің мәнін былай түсінеміз – донор – аналықтарға гормональ әсер етіп суперовуляция жасау, оларды күйге келген кезде ұрықтандыру, ұрықтанған жұмыртқа клеткасын гениталь аппараттарынан алу, эмбриокультураль және эмбрионженерлік зерттеулер жүргізуі (культивациялау, бағалау, селекция және тіршілікке қабілетті сұрыптап теріп алу), одан әрі оларды реципиенттер гениталийіне алмастыру.

Ғасыр жетістегіндегі биотехнологияны қорытындылай келе донор, эмбрион, ре-

ципиент және трансплантаттардың әсерлесуі трансплантаттың тууына байланысты. Биотехнологияының арасында тірі организмнің биохимиялық және генетикалық қасиетін іс жүзінде пайдалануға мүмкіндік туады. Сондықтан да биотехнологиядағы прогрессив идеялар биологиядағы тірі клеткада жүретін механизмдерді түсіну үшін жүргізілетін фундаменталь зерттеулер мен қатар, биологиялық техникалар дамуы мен де тікелей байланысты.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Greve T. Non-surgical egg transfer in the cow. Proc. 27th Ann. Meet. European Assoc. Anim. Prod. Zurich. – 1976. – Ang. 23-26.
- 2 Бугров А.Д., Невинный И.А. Трансплантация эмбрионов на молочном комплексе // Зоотехник - М., 1990. - №5. - С. 67-69.
- 3 Мухамедғалиев Ф.М., Тойшибеков М.М., Абильдинов Р.Б. и др. Трансплантация зигот в племенном овцеводстве. – Алма-Ата: Наука, 1981. – 168 с.
- 4 Укбаев Х.И., Адырбеков И., Алибаев Н., Бекетауов О. Приживляемость эмбрионов-трансплантатов у каракульских овец // Сб. науч. тр. КазНИИК. - Алма-Ата, 1989. - С. 5-9.
- 5 Укбаев Х.И., Алибаев Н., Бекетауов О., Есимбеков А. Эффективный способ гормональной обработки доноров каракульских овец в трансплантации эмбрионов // Сб. науч. тр. КазНИИК. - Алматы, 1993. - Т.1. - С. 90-96.
- 6 Алибаев Н., Бекетауов О. Биотехнологические исследования в каракулеводстве: достижения и перспективы развития // Каракулеводство Казахстана: история и проблемы развития. - Алматы, 2002. - С. 55-59.
- 7 Mu. Yanyun. Li. Qian. Cheng. Jie. Embryo-transplantation in cattle - a new field of activity for large animal practice // Biotechnology & applied microbiology. – 1984. - Т. 65, №11. - P.959-965.
- 8 K.Iori., B.Kouji., A.Daisuke. Rethinking the time interval to embryo transfer after uterus transplantation - DUETS (Dallas UtErus Transplant Study) // Bjog-an international journal of obstetrics and gynaecology. – 2020. - Т. 126, №12. - P. 1508-1509.

## ҚҰЙРЫҚТЫ ҚЫЛШЫҚ ЖҮНДІ ҚОЙ ТҰҚЫМДАРЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Ф. Өмірзақова, 2-курс магистранты  
С. Амантай, PhD, аға оқытушы*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Бүгінгі күнге отандық қой шаруашылығын одан әрі дамытып қалпына келтірудің негізгі стратегиясы жоғары сапалы қой етін өндіру болып отыр. Қой еті одан алынатын ең негізгі өнім, оның оның бұлшық ет тканьдарында құнды белоктар жиынтығы болады. Еділбай қойы тез өсіп жетілетін етті- майлы қой тұқымдары, етінің сапасы жоғары, әсіресеқозы етінің сапасы өте жоғары болады [1,2].

Қой жүнінің бағамы төмендеп ал қой етінің бағасы өсуі бүгінде етті-майлы қой шаруашылығын оның ішінде Еділбай тұқымын дамытуға ықпал етіп отыр. Қой етіне оның ішінде жас малдар етіне деген сұраныс тұрақты түрде өсіп келеді, әйтседе тұтынушылар тауардың сандық жағынан сапалық жағына, өндірілетін өнімнің экологиялық және физико-химиялық көсеткіштеріне көп талап қоя бастады [3,4]. Осыған орай, зерттеу жұмысы Еділбай қойының аз зерттелген критерияларына бағытталды - ол



ет және құйрық май өнімдерінің химиялық құрамы мен физикалық қасиеттеріне талдау жұмыстарын жүргізу.

Зерттеу объектісі ретінде Жамбыл облысы, Тұрар Рысқұлов ауданы, Жарлысу ауылында «Шәушен» шаруа қожалығында өсірілетін Еділбай қой тұқымының қондылығы әр түрлі категорияға жататын 9 айлық ұрғашы тоқтылары алынды. «Шаушен» ШҚ Тянь - Шань жотасының тау бөктерінде, «Жарлы су» ауылында «Сұңғайты» шатқалында, аудан орталығынан 12 км қашықтықта және үш егемен мемлекетті - Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстанды қосатын тас жолында орналасқан. Темір жол орталықтан 70-80 км қашықтықта орналасқан. Бұл ҚР оңтүстік аймағында қолайлы климаттық жағдайларда қой өсірудің жоғары тиімділігімен байланысты, себебі бұл қой жылдың барлық мезгілінде, шұғыл континентальды климатқа қарамастан, көктемгі-жазғы кезеңде де, жылдың күзгі-қысқы кезеңінде де температура ауытқуымен тұрақты.»Шәушен «ШҚ орналасқан топырақтық-климаттық жағдайлар еділбай тұқымдарына қолайлы және Тянь-Шань жотасының тау бөктерінде орналасқан, жылдық шөгіндісі 200 мм-ге дейін тау - дала кара қоңыр топырақты құрайды. Аязсыз кезең 140-190 күн, қар жамылғысы 50-80 күн жатады, бұл қысқы қой жайылымы үшін қолайлы. Температура ауытқиды-қыс мезгілінде 0-ден 21-ге дейін кейде және одан да көп градус нөлден төмен, жаз мезгілінде 20-дан 35-ке дейін және одан да көп градус нөлден жоғары (1-кесте).

1 – кесте - «Шаушен» ШҚ-ның жерді пайдалану көлемі мен құрылымы

Алқаптардың атауы	Көлемі, мың га	Құрылымы, %
Барлық ауыл шаруашылығы алқаптары	13,2	100,0
оның ішінде егістік жер	2,3	17,0
жайылымдар	10,8	82,0
шабындықтар	0,2	1,0

Кестеде келтірілген мәліметтерден, ең үлкен үлес салмағын жайылымдар - 82,0 % алатыны көрініп тұр. Егістік және шабындық үлесіне тиісінше 17,0 және 1,0. Шаруашылықтың негізгі бағыты мал шаруашылығы болып келеді (ет-май қой шаруашылығы, етті мал шаруашылығы, табынды жылқы шаруашылығы).

Зерттеу қой шаруашылығы, қой өнімдерін өндіру технологиясы және өңдеу негізі (қой өнімдері кластері), мемлекеттік стандарт 5111-55, ГОСТ Р 52843 -2007 стандарттарының талаптарын басшылыққа ала отырып жүргізілді. Зерттеу жүргізу үшін қойлардың қондылығынанықтап категорияға бөліп жоғары және орташа қондылықтағы екі топ алынды. Сойылғаннан кейін ГОСТ 52843-2007 стандарт талаптарына сәйкес еті мен майының (құйрық) сапалық көрсеткіштері зерттелді. Осы қой тұқымынан алынатын ет және құйрық майларының сапасына химиялық физикалық зерттеулер жүргізілді (2-кесте).

2-кесте – Еділбай тұқымының 9 айлық тоқтыларының қондылығы (n= 3 бас)

Қондылық категориясы	Қойылатын талаптар (төменгішегі)
Жоғары	Қолмен ұстап қарағанымызда арқасы мен белінің бұлшық еттері жақсы жетілген. Арқа мен бел омыртқа сүйектері аса білінбейді. Беліндегі май қол мен ұстағанда білініп тұр орташа көлемде, құйрығы жақсы толысқан.
Орташа	Арқасы мен белінің бұлшық еттері орташа дамыған, бел омыртқаның сүйектері қолмен ұстағанда білініп тұр, белдеме майы шамалы, құйрық жақсы толысқан

Қоңдылық категориясы Қойылатын талаптар (төменгішегі)

Жоғары Қолмен ұстап қарағанымызда арқасы мен белінің бұлшық еттері жақсы жетілген. Арқа мен бел омыртқа сүйектері аса білінбейді. Беліндегі май қол мен ұстағанда білініп тұр орташа көлемде, құйрығы жақсы толысқан.

Орташа Арқасы мен белінің бұлшық еттері орташа дамыған, бел омыртқаның сүйектері қолмен ұстағанда білініп тұр, белдеме майы шамалы, құйрық жақсы толысқан

Осы екі топтағы қоңдылығы әр түрлі қойлар жайылымда бірге жайылып бірдей жағдайда қораларда ұсталды. Бір ай өткен соң бақылау сойыс жүргізілді. Қоңдылығын анықтау және еттерді категорияға бөлу жоғарыда көрсетілген әдістемелер, стандарттар талаптарына сәйкес жүргізілді. Соиыс кезінде ет және құйрық майдан сынамалар химиялық, физикалық талдау жүргізу үшін алынып зертхана жағдайында талдау жүргізілді (3-кесте).

3 – кесте - Құйрықты қойдың жас тоқты етінің химиялық құрамы

Тобы	Құрамы, %				рН	1 кг еттің каллориясы
	ылғалдылығы	май	ақуыз	күл		
Қоңдылығы жоғары						
1	64,05±0,31	16,11±0,3	19,10±0,23	0,72±0,27	5,88	2281,35
Қоңдылығы орташа						
2	67,49±0,27	11,55±0,3	19,27±0,20	0,76±0,27	6,0	1777,68

3-кестедегі талдау қорытындысы бойынша қоңдылығы жоғары категорияға жататын еттің ылғалдығы екіншісімен салыстырғанда 3,44% кем болса, ал майы 4,56% көп бұл бірінші топтағы еттің энергетикалық құндылығының жоғарылығын көрсетіп тұр. Бұл ретте ақуыз мөлшері екі группада шамалас аздаған айырмашылық көрсетті. Қоңдылығы жоғары категорияға жататын еттің ылғалдылығы төмен, консистенциясы жақсы және ұшаның бұлшық еттерінде майдың мөлшерінің жоғарылығына орай, орташа категориялы етке қарағанда каллориясы жоғары болды.

Қойдың майында сиыр және шошқа майымен салыстырғанда адам организмін ерте қартайтатын холестерин мөлшері 2,5-4,3 есе аз болады. Құйрық майы тағамдық өнімдер дайындауда қолданылады және сары майдан кем емес, дәрілік құрал ретінде де қолданылады. Құйрық май сапасының көрсеткіштерін зерттеу үшін олардан сынамалар алынып, зертханада физикалық- химиялық талдау жүргізілді (4-кесте).

4 – кесте құйрық майдың физикалық-химиялық құрамы

Көрсеткіштер	Жоғары категория	Орташа категория
Құйрығының салмағы кг	2,88± 0,06	2,19± 0,05
Ылғалдылығы,%	9,6± 0,12	9,7± 17
Балку температурасы,С	42,2± 0,29	41,8± 0,31

Талдаудың қорытындысы бойынша қоңдылығы әр түрлі категорияға жататын жас малдың құйрық майларының физикалық-химиялық құрамы бойынша көп айырмашылық байқалмады, тек балку температурасы 0,4 % жоғары екендігі анықталды. Қоңдылығы жоғары мал етінде ылғалдылығы төмен, балку температурасы 0,4% жоғары, алайда құйрық майының салмағы жоғары категориялыда орташа категориялығы қарағанда 31,5% асып отыр, нақтырақ айтсақ  $P \geq 0,999$  айырмашылықпен.

Қорытындылай келе. қоңдылығы жоғары категорияға жататын жас малдардан қоңдылығы орташа категорияға жататын малдарға қарағанда ылғалдылығы төмен, конситсенциясы тығыз, каллориясы жоғары сапалы ет, сонымен қатар, құйрық майын

тамаққа қолданса оның салмағы мен балқу температурасы жоғары болатын сапалы ет және май өнімдеріне мүмкіндігі бар. Осыған орай, қозы тоқтыларды жедел семіртіп өсіру ет өндірісін арттыруға және ет сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

- 1 Абонеев В.В., Квитко Ю.Д., Сельки И.И. және басқалар. Қойлардың ет өнімділігін бағалау әдістемесі // Ставрополь. – 2009. – С. 34.
- 2 Қазиханов Р.К., Қазыханова С.Р., Нам В.Н. Қой шаруашылығы, қой өнімдерін өндіру технологиясы және өңдеу негізі (қой өнімдері кластері): Оқулық – Астана, 2005. – 100 б.
- 3 Бегімбеков Қ.Н., Төреханов А.Ә., Байжұманов Ә.Б. Мал өсіру және селекция: Оқулық – Алматы: Бастау ЖШС, 2006. - 592 б.
- 4 Shauyenov S.K., Islamov Y.I., Narbayev S.N., Ibrayev D.K. Effect of sire breed on the productivity of Kazakh mutton-semifine-wool sheep // Indian Journal of Animal Research. – 2016. – № 50(3).– P. 418-424.

### **ЖЕРГІЛІКТІ ҚҰС ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖАҒДАЙЫНДА БРОЙЛЕР БАЛАПАНДАРЫНЫҢ ЕТ ӨНІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ТӘСІЛІ**

*Расол Ү. 2-курс магистранты,  
Сәденова М.Қ. - а.ш.ғ.к., аға оқытушы,  
Омарова Қ.М. - а.ш.ғ.к., аға оқытушы  
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Құс шаруашылығының әлемдегі және еліміздегі дамуы нарықтық қатынастардың өте күрделі жағдайларына байланысты жүзеге асады. Бүкіл дүниежүзілік сауда ұйымына Қазақстан Республикасы мүше болып кіргенде әлемдік нарықтық бәсекелестігіне төтеп бере алатын өнімнің бірі - құстың еті мен жұмыртқасы. Құстардың бұл өнімдері арзан, бағалы, өте құнды екені мәлім.

Қазақстанда құс етін өндіру және тұтыну шектелмейді. Көптеген елдер адам басына 20-30 кг-ға жуық құс етін жұмсайды, ал АҚШ-та тіптен 50 кг-ға жетеді. Сонымен қатар, құс өнімдері қазіргі уақытта тұтынушылар үшін ең қолжетімді болып табылады [1-3].

Құс шаруашылығындағы негізгі мақсаттың бірі – халықты сапалы өнімдермен қамтамасыз ету. Бұл мақсатқа жету үшін құстардың жоғары деңгейдегі өнімділігі мен олардың сақталуына қол жеткізуді жүзеге асыру маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Құс шаруашылығы әлемнің көптеген елдерінде басқа да ауыл шаруашылық өндірісіне қарағанда жетекші орынды алып, халықты жоғары сапалы диеталық тағам өнімдерімен қамтамасыз етіп отыр. Құс шаруашылығының дамуы көбіне толыққанды және теңдестірілген азықтандырумен байланысты. Құстардың көбінесе толыққанды рацион құрамында болатын негізгі құнарлық заттардан – протеин, кальций, фосфор және каротиннен басқа да, биологиялық активті заттарды тұтынуы маңызды болып табылады.

Осы мақсатта биологиялық активті (белсенді) қоспаны азықтық қоспа ретінде, өнімділікті жоғарылату, бір өнім бірлігіне азық шығынын азайту үшін қолдану өндірістік құс шаруашылығында өзекті мәселе ретінде қарастырылады. Қазіргі таңда құстардың өмір сүру қабілетін және өнімділігін көтеру мақсатында фармакологиялық, экологиялық қауіпсіз препараттар мен биологиялық активті заттарды әзірлеу маңызды ветеринарлық кешенді іс-шара болып табылады [4-6,8].

Зерттеу мақсаты. Жергілікті құс фабрикасы жағдайында бройлер балапандарын өнімділігін арттыру тәсілін зерттеу. Құс шаруашылығы саласында пайдаланылатын жем-азық қорының мәні өте зор. Өйткені, өндірілетін өнімдердің өзіндік құнының 65-70%-ын жем-азықтың бағалары құрайды. Құрама жемнің нәрлі болмауы (әсіресе, ақуыз жетіспеуі), оның амин қышқылдары мен алмасуы бойынша құс шаруашылығына әжептәуір шығын әкеледі. Өйткені, бір кг ет өндіру үшін ондай құрамажем ғылыми дәлелденген мөлшерден 1,5-2,0 есе көп жұмсалады, яғни өнімнің өзіндік құны өсіп, құстың генетикалық әлеуеттілігі толық жүзеге аспайды.

Күнделікті құстардың рационына дән, кебек, құрғақ шөп, шырынды азықтар, сүйек ұны, құрғақ белоктық заттар болуы тиіс. Барлық құрамдас заттар рацион құрамында белгілі мөлшерде болуы қажет. Керекті деңгейдегі теңдестіруге жеткен күннің өзінде, құстарды керекті амин қышқылдар, витамин, минералды заттармен қамтамасыз ету өте қиынға соғады. Әсіресе, бұл мәселе көктем-қыс мезгілдерінде өзекті. Бұдан басқа, рацион құрамына белгілі бір қымбат азықтарды енгізу, құс еті мен жұмыртқасының өзіндік құнын айтарлықтай жоғарылатады. Дәл осы мәселеге байланысты, қазіргі кезде, құс мамандары құстардың күнделікті азық мәзіріне белсенді түрде азықтық қоспаларды қосуды жөн санайды. Қазақстанда өсіріліп отырған құстарды өсіруде өнімдік потенциалын іске асырудың негізгі шарты құнарлы азықтандыру болып табылады. Сондықтан құс шаруашылығының тиімділігін арттыруда оларды толық рационды, қоректілігі құс мұқтажымен жан-жақты теңестірілген, құрама жеммен қамтамасыз ету мәселесін шешудің ғылыми-өндірістік өзектілігі зор. Жемнің өзіндік құнын арзандату үшін оның құрамына арзан жергілікті азықтар енгізілуі керек.

Зерттеу әдістері. Зерттеу жұмыс барысында Франциядан әкелінген «Хаббард F15» кроссының бройлер-балапандарының өнімділік көрсеткіштері зерттелінді. Зерттеуге 600 балапан алынды. Тәжірибені жүргізу үшін 2 топ құрылды. Бірінші топ бақылау тобы, екінші тәжірибе тобы (Biosap fulvic Power 4% фульвиоқышқылы) препаратының әсерін зерттедік.

Зерттелген көрсеткіштер:

- тәуліктік салмағы
- биологиялық көрсеткіштері
- тірілей салмағы (5,10,15,20,25,30,35)
- сойыс алар салмағы
- сойыс шығымы
- конверсия
- сақталуы

Фульвиоқышқылы (Biosap fulvic Power 4%) – топырақ микроорганизмдерімен гуминді заттардың ыдырауынан соңғы кезеңінде пайда болатын табиғи қосылыс. Фульвиоқышқылының құрамында көптеген табиғи биохимиялық заттар, антиоксиданттар, қоректік заттар, ферменттер, гормондар, аминқышқылдары, табиғи антибиотиктер мен фунгицидтер бар. Biosap fulvic Power – жоғары фульвий қышқылымен концентрацияланған, улы емес биоактивті препарат. Жарко көлінің экологиялық таза шикізатына жасалған Biosap fulvic Power сұйықтықтарды тазартудың мембраналық әдістеріне негізделген, Biosap NanoTech инновациялық технологияны қолдана отырып жасалынған [7].

Бұл тәжірибеміздің мақсаты бройлер балапандардың етінің сапасы, сақталуы. Құсханаға 52236 балапан отырғызылды, бақылау топтарына соның ішінен тірілей салмағы 45 г балапандарды өлшеп отырғыздық. Құсханада микроклимат, температура нормативка сәйкес болып келді. Балапандар ата-аналық табыннан бір жаста яғни 44 апталық болып отырғызылды. Фульвиоқышқылын 7 күннен бастап балапандарға берілді. 1-кестеде көрсетілгендей. График бойынша әр 5 күн сайын тірілей салмағын өлшеп отырдық. Тәжірибенің ұзақтығы 37 күн аралығында жалғасты. Нәтижесі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте – Бройлер балапандарының салмағы бойынша бақылау тобының нәтижелері

Көрсеткіштер	Өсу динамикасы, кг		Зерттеу және бақылау тобының айырмашылығы
	Зерттеу тобы	Бақылау тобы	
Жасы, тәулік			
0	45	45	
5	105	105	0
10	235	233	0,85
15	480	477	0,62
20	780	769	1,4
25	1189	1189	0
30	1515	1512	0,19
35	2070	2065	0,24
Сақталғыштығы, %	92,67	92,0	0,67
Сою кезіндегі орташа салмағы, г	2250	2230	0,60
Дененің орташа салмағы, г	1740	1730	0,57
Союдың өнімділігі	78,0%	76,9%	-1,1

Балапандардың сақталуы бақылау тобымызда 92,0% болса, ал зерттеу тобында 92,67% болып, 0,67%- ға жоғары болды.

Өсу динамикасы балапандардың қарқынды болды. Ешқандай ақаулар байқалған жоқ.

«Capital Projects LTD» ЖШС бройлер балапандарын күтіп-бағу және шығару залдары, дезинфекция камерасы, қондырғыларды жуу бөлмесі және т.б бөлмелер бар. Құсханада ауа баптау жүйесі, барлық технологиялық үрдістерді механикаландыру және автоматтандыру қамтамасыз етіледі.

Зерттеу жұмысы кезінде салмағы бойынша балапандарды іріктеу, дезинфекциялау, ақаулы балапандарды зерттеу, балапандардың өсімін зеттеу жұмыстары жүргізілді.

Тәжірибе ретінде алынған бройлер-балапандарының ата-аналық табын жасы 44 апта. Екі тәжірибиелік топтардың өсіру жағдайы мен микроклиматтық параметрлеріне, өсу динамикасына, азықтандыруына үнемі көңіл бөлініп отырды. Балапандарға фульвиоқышқылы мен суды пайдалану нәтижесі 2-кестеде берілген.

2-кесте - Фульвиоқышқылы мен суды пайдалану нәтижесі

Көрсеткіштер	Бақылау батареялар	Тәжірибе батареясы
Суды пайдалану мөлшері	70,9	63,7
Фульвиоқышқылы	-	1,6

Осылайша жүргізілген тәжірибе нәтижелерін 2-кестеден көріп отырғанымыздай бақылау тобы 0,67% - ға жоғары болды, дегенмен де фульвиоқышқылының тірілей салмағының өзгеруіне әсер еткенін көре аламыз.

Өсіру барысында әр бастың сақталуға деген жоғары тенденциялары бақыланды. Балапандардың аман сақталу көрсеткіші 3-кестеде берілген.

3-кесте – Балапандардың аман сақталу көрсеткіші

Зерттеу тобы	Бақылау тобы
7400 бас отырғызылды	7400 бас отырғызылды
470 бас өлді	567 бас өлді



92,67 % сақталуы

92,0 % сақталуы

Бақылау тобының айырмашылығы зерттеу тобынан 0,62-1,42 % ке төмен болды, бұл көрсеткіш өсірудің соңына қарай айырмашылық 0,24 жоғары болды %.

Айта кететін мәселе, ветеринарлық дәрігерлердің балапандардың не себептен қырылғандықтарын анықтау барысында, бақылау тобына қарағанда тәжірибе тобының фульвиоқышқылын пайдаланған нефритты- нефроз синдромы (бүйрек ақауы) 3 есеге көп кездесіп отыр. Толықтай дерлік нақты нәтижелер екі топтың бақылау клеткаларынан алынды, себебі зерттеу жұмыстары осы клеткалардың динамикалық көрсеткіштерін анықтауға бағытталған еді. Жалпы жобаның жоспары бойынша сойыс көрсеткіштерін анықтауға құстардың сойысын қадағалауға бақылау клеткалары және батареялар арқылы жүргізілді.

Бақылау клеткаларындағы құстар кездейсоқ таңдау арқылы таңдалды. Сондықтанда орташа тірілей салмақтары әр түрлі көрсеткіштер алынды. Дегенмен де ет шығымының проценттік қатынасына қарай отырып мынандай қорытындыға келе аламыз, яғни зерттеу тобының ет шығымы бақылау тобының ет шығымына қарағанда 0,24 %- ке жоғары болды. Батарея бойынша барлық сойысқа жіберген тәжірибе тобының тауықтарында қалдықтар көбірек болғандықтан айта кетуіміз қажет.

Патологиялық анықтау барысындағы тәжірибе және бақылау тобының айырмашылығы нефритті- нефроз синдромы болып отыр. Құстардың өлімі барысында бүйрек ақауы бақылау тобына қарағанда тәжірибе тобында 3 есе көп кездесті. Сонымен қатар фульвиоқышқыл препараттын әлсіз пайдалану байқалды, яғни белгіленген 2 тонна препараттың 1,5 тоннасы ішілді. Препарат қосылған суды дұрыс пайдаланудың нәтижесі ретінде фульвиоқышқылының мөлшерін (4%) тауық организміне әсерін тигізді деп есептесе болады.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Таңатаров А. Б., Әлпейісов Ш. Ә., Дабжанова С. Т. Құс шаруашылығы: оқулық. - Алматы: [б. и.], 2005. - 312 б.
- 2 Әлпейісов Ә.Ш., Тәжиев П.Қ. Құс өсіру. – Алматы: 2003. – 345 б.
- 3 Лукашенко В.С., Овсейчик Е.А., Окунева Т.С. Продуктивность и качество мяса цыплят органического производства // Птица и Птицепродукты. – 2019. – № 2. – С.21-24.
- 4 Шацких Е.В., Рогозинникова И.В. Продуктивность цыплят-бройлеров при использовании в предстартовом рационе органических форм микроэлементов // Аграрный вестник Урала. – 2008. – №11(53). - С.83-84.
- 5 Горбунов В. Куры. Разведение, содержание, уход. – Москва: Агга Литагент «АСТ», 2013. – 186с.
- 6 Кочиш И.И., Петраш М.Г., Смирнов С.Б. Птицеводство. – М.: Колос, 2003. – 407 с.
- 7 Alekseev V.A., Nemtseva Yu., Evdokimov N.V., Lavrentiev, V.S. Sherne, N.S. Petrov, Danilova N.V. The effect of the mineral supplement «permaid» and vitamin B13 on the productivity of broiler chickens. – 2020. - Volume 433, Issue 1. - 012020.
- 8 Gonzalez-Rivas PA, Chauhan SS, Ha M, Fegan N, Dunshea FR, Warner RD. Effects of heat stress on animal physiology, metabolism, and meat quality: A review // Meat Science. – 2019. – Т. 162, №108025. DOI: 10.1016/j.meatsci.2019. APR 2020.

## СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЖАҒДАЙЫНДА АБЕРДИН-АНГУС ТҰҚЫМЫ МАЛЫНЫҢ ҮШІНШІ ГЕНЕРАЦИЯСЫНЫҢ ӨНІМДІЛІК САПАСЫ

*Шакенов Нұртай, 2 - курс магистранты,  
Қажғалиев Н.Ж. - доцент, а.ш.ғ.к.*

*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Қазақ жері - мал шаруашылығы қалыптасқан ең көне аймақтардың бірі. Осыған орай елімізде мал шаруашылығы саласын дамытуда алда тұрған басты міндеттердің бірі сапалы өнім көлемін арттыру. Соның ішінде Қазақстанда сүт және ет өндірісін дамыту бүгінгі күннің басты назарында тұр, өйткені мемлекетіміздің индустриалды-инновациялық бағдарламасының ең бір басты мақсаты - бәсекеге қабілетті және экспортқа шығара алатын өнімдерді өндіру [1].

Елімізде бүгінгі күні селекционерлер жұмысының басты бағыттарының бірі отандық етті ірі қара малына әлемнің ең үздік генетикалық қорларын пайдалану арқылы жетілдіру болып отыр. Бұрын бұл жұмыстар импорттық бұқаларды немесе олардың ұрығын пайдалану арқылы шектеліп, он жылдап созылған. Қазіргі таңда ҚР АШМ бұл үдерісті қарқындату және асыл тұқымды малдың үлесін арттыру үшін елімізге АҚШ, Канада, Австралия және Франция елдерінен етті ірі қара малының 65 мың бастан астам абердин-ангус, семминтал, герефорд және обрак малының тұқымдары әкелінді [2,8].

2011-2015 жылдары Қазақстанға 65 мың бастың үстінде (оның ішінде 3633 бас шаруа қожалықтарының жеке қаражаты есебінен) асыл тұқымды ірі қара малдары (абердин-ангус - 26971 бас, обрак - 419 бас, герефорд 13311 бас, симментал 6544 бас, лимузин – 391 бас, калмақ -924 бас, шароле 786 бас, швиц 2 және т.б тұқымдары) келесі шет елдерден әкелінді: АҚШ 41,2%, Канада 17%, Чехия 13,6%, Австрия 9,1%, Ирландия 6,4%, Ресей 6,3%, Дания 3,7%, Украина 1,3% және Франция 2%. Осыған орай асылтұқымды малдың үлесі бүгінгі күні 1,11% дан 10,5% жетіп отыр [1,2,3,8].

Көптеген авторлар, абердин-ангус етті ірі қара малының жоғары жерсіну қаблеттілігімен ерекшеленетінін, бірақ оларды климат жағдайы бөлек басқа елдерге тасымалдау кезінде сыртқы ортаның негативті ықпалына ұшырайтындығын айтады [4,5].

Қазақстанға әлемнің әр елінен әкелінген етті бағыттағы ірі қара малын бағып-күту технологиясын, климаттық жағдайға бейімділік сапасын, тұқым қуалау қасиетін зоотехникалық тұрғыдан сипаттап, зерттеуді қажет етеді [6,7].

Мақалаларда авторлар Солтүстік Қазақстан жағдайында Абердин-Ангус және герефорд тұқымдарының бейімделуге қабілеттілігі айтылса, сиырлардың өнімділігі- әртүрлі табиғи өндірістік жағдайларда тауарлы табындардағы қоршаған ортамен өзара іс-қимыл жасауға тығыз байланысты екендігіне тоқталған [9,10].

Осы бағытта мал шаруашылығының, соның ішінде етті ірі қара шаруашылығын дамытып, ет өнімділігін арттыруда өз үлесін қосып келе жатқан ірі шаруашылықтың бірі Ақмола облысына қарасты «АКА» ЖШС. Шаруашылық бүгінгі күні отандық малдан бөлек шетелден әкелінген абердин-ангус тұқымы малын асылдандырып, бағып- күтуде.

Бүгінгі күні «АКА» ЖШС жағдайында жалпы 484 бас абердин-ангус тұқымы малы репродукторлы мал есебінде өсірілуде. Табындағы барлық мал таза тұқымды. Шаруашылық абердин-ангус малын 2012 жылдан бері бағып-күтуде. Қазіргі таңда үшінші буын ұрпақтары алынып асылдандырылуда.

Шаруашылықтағы етті ірі қара малының кластық көрсеткіштері олардың сапаларының айтарлықтай екенін көрсетеді. Жалпы шаруашылық тағы малдың 35,3%- элита-рекорд, 46,1% - элита, 19,0% - I класс деңгейінде болды. Барлық мал I класс талабына сай.

Етті ірі қара шаруашылығында, сақа малдың тірілей салмағы олардың өсіп-жетілуін және ет өнімділігін сипаттайтын негізге жиынтықты көрсеткіш болып табылады. Осы

тұрғыда, ауыр салмақты малдарға және олардың ұрпақтарына жоғары өсу қарқындылығы мен азықты өніммен өтеу қабілеті тән екені белгілі.

«АКА» ЖШС-дегі аталық бұқалардың 2,3 және 4 жастарында орташа тірілей салмағы бойынша бонитировка класының жоғары талаптарының 68,7-23,0 кг немесе 12,2 – 2,4%-ға жоғары. 2019 жылғы өндірістік мәліметтер бойынша 4 жасар 2 асыл тұқымды бұқалардың орташа тірілей салмағы тиісінше 805,5 кг болды.

Бүгінде «АКА» ЖШС – дегі табыны құндылығы – мол өнімді аналық мал басының болуымен сипатталады. Абердин-ангус тұқымының сиырлары, орта есеппен соңғы жылдың көрсеткіштері бойынша 3 жаста 418,0 кг, 4 жаста 496,5 кг, ал 5 және одан жоғары жаста 588,2 кг тірілей салмақ тартып, тұқым стандартының бірінші класс талаптарынан, 3 жаста - 8,1 кг немесе 2,3%, 4 жаста 26,0 кг немесе 6,0%, ал 5 жаста 78,6 кг немесе 16,2% артып отыр. Бұл, шаруашылық малы табынында құндылығы мол өнімді аналық мал басының болуымен сипатталады.

Төлдің өсімталдылығы малдың ет өнімділігіне үлкен әсерін тигізеді және етті ірі қара шаруашылығында басты селекциялық белгі болып саналады. Шаруашылықтағы абердин-ангус малының төлі ұзақ өсіп жетілгіштігімен, қарқынды өсіп, ауыр салмақ қосуымен ерекшеленеді.

«АКА» ЖШС–де абердин-ангус тұқымының үшінші буын ұрпақтарының төлдері табындағы төлдермен қарағанда бойшандығымен және тұрқының ұзындығымен және қарқынды өсуімен ерекшеленді. Олар тәулігіне орташа алғанда 780-830 г салмақ қосып, жастастарымен салыстырғанда өсу қарқыны біршама жоғары болды. Жаңа туған төлдің салмағы 18-27 кг. Күтімі жақсы болса, күн сайын шамамен 1100-1200 г-ға дейін салмақ қосады. 2019 жылы туылған үшінші генерация бойынша бұқашықтар 6, 12, 15 айлық жасындағы орташа тірілей салмағы сәйкесінше - 192,5; 309,2 және 393,4 кг, ал қашарлардың бұл көрсеткіштері тиісінше – 170,1; 260,2 және 320,5 кг құрайды. Абердин-ангус тұқымының тиісті стандарт талабынан бұқашықтар 15,3-7,7 пайызға, ал қашарлар 14,3-3,5 пайызға басым келеді. Бұл шаруашылықтағы абердин-ангус тұқым малының үшінші буын ұрпақтарының өсу қарқындылығының біршама жоғары екенін көрсетеді.

Бұқашықтардың ет өнімділігі жоғары сақа малдан кем емес. Бұны шаруашылықтағы сойыс қасапханасында 15 айлық бұқашықтарды бақылау сойысының нәтижесі айқындайды. «АКА» ЖШС-де 15 айлық жастағы бұқашықтарды бақылау сойысының көрсеткіштерін анықтау үшін, алдымен олардың сояр алдындағы тірілей салмағы анықталады. Мұнда сояр алдындағы ең жоғары тірілей салмақ абердин-ангуста 405,4 кг. Тана бұқаларды бақылау сойысында сойыс салмағы 212,6-223,2 кг тартып, сойыс шығымының үлесі 55,28-56,81%, оның ішінде ұшаның шығымы 53,5-55,1%-ды құрады. Барлық жас малдардың арқа мен бел бөліктері, сандары бұлшық етке толып болғанын атап өту қажет.

Қорыта келе, «АКА» ЖШС жағдайында өсіріліп жатқан абердин-ангус малының үшінші буын ұрпақтары да жергілікті жағдайға тез бейімделіп қарқынды өсуі мен жоғары ет өнімділігімен байқалды. Осыған орай, етті ірі қара малын одан әрі дамыту және солтүстік аймақтағы шаруашылықтарда сиыр етін өндіруді арттыру мақсатында абердин-ангус тұқымының мамандандырылған ет малын пайдалану ұсынылады.

Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.к., аға оқытушы М.Қ. Сәденова

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1 Қ.Ж.Аманжолов, Е.М.Ахметов. Ет сапасын арттырудың жолдары // Жаршы. – 2012. – №11. – 46-49 б.

2 М.А.Кинеев, Қ.Ж.Аманжолов. Қазақстанда етті ірі қара шаруашылығын дамытудың кейбір мәселелері // Жаршы. – 2011. – №11. – 48-52 б.

3 С.Мелдебеков. Ірі қарадан алынатын өнім бәсекелестігі //Жаршы. – 2011. – №7. – 37-40 б.

- 4 Тәжиев К.П., Өмірзақов Б.Ө. Жас бұзаулардың өсіп-дамуына туған жыл мезгілдерінің әсері // Жаршы. – 2014. – №11. – 37-41 б.
- 5 Аманжолов Қ.Ж., Майлыбаев М.Х., Ахметов Ғ.М. Ет сапасын арттырудың мүмкіндіктері // Жаршы. – 2013. – №12. – 46-51 б.
6. Аманжолов Қ.Ж., Майлыбаев М.Х., Ахметов Ғ.М. Сиыр етіне сұраныс оның сапасына байланысты // Жаршы. – 2013. – №11. – 39-45 б.
- 7 Жұманбай Ә.Қ., Қожемжаров Е.С., Әбу А.Ә. Шетелден әкелінген малдың жерсінуі, бейімделуі және ұдайы өсіру сапасын зерттеудің алғашқы нәтижелері // Жаршы. – 2014. – №4. – 70-73 б.
- 8 Кажгалиев Н.Ж, Титанов Ж.Е. Импортталған етті бағыттағы тұқымы малдарының екінші генерациясының Солтүстік Қазақстан аймағының орта температурасына бейімделуі // INTERNATIONAL SCIENTIFIC JOURNAL «GLOBAL SCIENCE AND INNOVATIONS 2019: CENTRAL ASIA». – 2019. – p. 3.
- 9 Kazhgaliev N. Zh., Shauenov S. K., Omarkozhauy N., Shaikenova K.H., Shurkin A.I. Adaptability and Productive Qualities of Imported Beef Cattle under the Conditions of the Northern Region of Kazakhstan // Biosciences Biotechnology Research Asia. – 2016. - Vol. 13(1). – P. 531-538.
- 10 Wetlesen M.S., Aby B.A., Vangen O., Aass L. Suckler cow efficiency - breed by environment interactions in commercial herds under various natural production conditions // Impact Factor: Journal Citation Reports. ACTA AGRICULTURAE SCANDINAVICA SECTION A-ANIMAL SCIENCE. – 2019. – Volume 68, Issue 4. – P. 161-173. DOI: 10.1080/09064702.2020.1717592. FEB 2020.

## **ОЦЕНКА БЫКОВ-ПРОИЗВОДИТЕЛЕЙ СИММЕНТАЛЬСКОЙ ПОРОДЫ В УСЛОВИЯХ ТОО «УШТЕРЕК И К»**

*Жусупова А.Б., магистрант 2-курса  
Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина, г. Нур-Султан*

*Введение.* Повышение продуктивности скота тесно связано с отбором, оценкой и интенсивным использованием высокоценных быков-производителей, которые в силу широкого применения в скотоводстве искусственного осеменения оказывают значительное влияние на повышение потенциала продуктивности скота. Опыт, проведенный разными учеными в различных хозяйствах, показывает, что быки-производители оказывают неодинаковое влияние на продуктивность дочерей [1,2]. В зависимости от маточного поголовья, где происходит испытание быка, будет изменяться и оценка качества самого испытываемого быка. В силу того, что животные симментальской породы обладают высокими адаптационными качествами, хорошими показателями молочной продуктивности, оптимальными параметрами живой массы и крепкой конституцией, основным направлением в разведении данного скота является сохранение генофонда современной популяции, которая имеет сформировавшуюся основу. В этой связи актуально изучение оценки быков-производителей симментальской породы по качеству потомства.

В АО «Республиканский центр по племенному делу в животноводстве «Асыл тулик»» Акмолинской области имеются быки-производители симментальской породы отечественной и зарубежной селекции. Специалисты Центра накапливают и оценивают спермопродукцию по качеству потомства [3].

На сегодняшний день в нашей стране используется официальная Инструкция по

оценке быков-производителей молочных и молочно-мясных пород, утвержденная МСХ РК [4].

Исходя из вышесказанного, цель данных исследований заключается в оценке быков симментальской породы по молочной продуктивности дочерей с учетом количественных и качественных показателей.

*Материал и методика исследований.* Оценка быков-производителей проведена на основе материалов массового племенного учета в ТОО «Уштерек и К» Павлодарской области путем сравнения продуктивности дочерей оцениваемого быка с показателями их сверстниц и матерей в соответствии с официальной Инструкцией.

ТОО «Уштерек и К» является племенным хозяйством по симментальской породе. Стадо данного хозяйства отличается наивысшей жирномолочностью в сочетании с высокими удоями коров. По данным бонитировки за 2019 год, средний удой за 305 дней лактации составил 6457 кг молока с жирностью 4,22% и содержанием белка 3,26%.

Информационной базой для исследований явились племенные свидетельства и карточки быков, их дочерей, данные из системы ИАС, бонитировочные ведомости. Достаточное для оценки количество дочерей-первотелок имели 3 быка симментальской породы: Сокол и Турк – казахстанской селекции, Willfang – зарубежной селекции.

Подконтрольное поголовье составило 125 дочерей-первотелок с законченными лактациями, из них: 61 голова – дочери быка Сокол, 22 головы – дочери быка Турк, 42 головы – дочери быка Willfang. Исследуемое поголовье содержалось в смешанных группах, коровы лактировали в 2017/2018 и 2018/2019 годах в единых средовых условиях, на комплексе с привязным содержанием и нормированным рационом кормления.

Определение препотентности быков-производителей провели по методу Н.А. Кравченко и Д.Т. Винничук [5] путем отношения процентного соотношения числа дочерей, превышающих показатели их матерей к общему числу дочерей проверяемого быка-производителя. Полученные результаты научных исследований обработаны методом вариационной статистики, с использованием стандартного пакета статистического анализа MicrosoftExcel.

*Результаты исследований.* В молочном скотоводстве особенное значение придается отбору и оценке быков-производителей по качеству потомства [6]. В этой связи нами были рассчитаны родительские индексы быков (табл.1).

Таблица 1 – Родительские индексы быков по молочной продуктивности женских предков

Быки	Количество дочерей	Родительские индексы быков			
		По удою, кг	По МДЖ, %	По МДБ, %	По МЖ+МБ, кг
Сокол	61	8810	4,20	3,33	663,4
Турк	22	11293	4,87	3,27	919,3
Willfang	42	12297	4,31	3,37	944,4

Из данных таблицы следует, что быки имели разный генетический потенциал по удою, содержанию жира и белка в молоке. Более высокая степень реализации генетического потенциала по удою наблюдается у быков Турк и Willfang, по МДЖ – у быка Турк. Потенциал исследуемых быков-производителей по содержанию белка в молоке оказался на одинаковом уровне.

По комплексному показателю молочной продуктивности – суммарному количеству молочного жира и белка в молоке женских предков быков – лучший родительский индекс наблюдался у быка Willfang – 944,4 кг, затем у быка Турк – 919,3 кг, и у быка Сокол был



на уровне 663,4 кг.

Исходя из вышесказанного, было интересно изучение влияния продуктивности дочерей и их матерей (табл.2).

Таблица 2 – Молочная продуктивность дочерей быков и их матерей

Быки отцы	Голов дочерей	Удой, кг		МДЖ,%		МДБ,%		МЖ+МБ, кг
		М±m	Cv%	М±m	Cv%	М±m	Cv%	
Сокол дочери	61	6142 ±145	18,1	5,238 ±0,062	9,05	3,313 ±0,026	6,36	525,2
Матери	61	5752 ±176	23,4	4,980 ±0,057	8,78	3,250 ±0,025	6,03	473,3
± к матерям		+390		+0,258		+0,063		+51,9
Турк дочери	22	6976 ±273	17,9	5,004 ±0,082	7,5	3,054 ±0,078	11,8	562,0
Матери	22	5472 ±268	22,5	4,640 ±0,087	8,6	3,372 ±0,056	7,65	443,4
± к матерям		+1504		+0,364		-0,169		+118,6
Willfang дочери	42	6630 ±178	17,1	4,876 ±0,068	8,95	3,421 ±0,028	5,26	550,1
Матери	42	5190 ±209	25,7	4,757 ±0,076	10,3	3,271 ±0,033	6,45	416,7
± к матерям		+1440		+0,119		+0,150		+133,4

Данные, приведенные в таблице 2, свидетельствуют, что дочери всех трех быков значительно превысили своих матерей по показателям молочной продуктивности. Наибольший улучшающий эффект по удою дочерей у быков Willfang (разность с матерями +1440 кг, или 27,7%) и Турк (+1504 кг, или 27,5%).

Показатели дочерей быка Сокол оказались значительно лучше показателей матерей по всем исследуемым категориям: по жиру + 0,258%, белку – 0,063%, по удою – на 6,8%. У дочерей Турка улучшена жирномолочность (+0,364% к матерям, МДЖ – 5,0%), но снижено содержание белка в молоке: –0,169%, МДБ=3,054%.

Таким образом, из полученных данных следует, что на продуктивность дочерей значительное влияние оказали быки-производители, нежели их матери. В селекционно-племенной работе со стадом племрепродуктора следует использовать быков-производителей существенно повысивших показатели молочной продуктивности коров по сравнению с предыдущим поколением.

Сравнение продуктивности дочерей быков-производителей с продуктивностью их сверстниц – официальный метод оценки по качеству потомства. Преимущество данного метода заключается в том, что не нужно вводить поправок ни на возраст животных, ни на условия кормления и содержания, так как они одинаковые у дочерей производителя и их сверстниц, поскольку животные растут и развиваются в одних и тех же условиях. Поэтому на следующем этапе исследований была произведена оценка быков по качеству потомства (табл.3).

Таблица - 3 – Оценка быков методом сравнения дочерей со сверстницами (по данным ТОО «Уштерек и К»)

Быки-отцы	Группы коров первотелок	Голов	Удой, кг	МДЖ, %	МЖ, кг	МДБ, %	Категории быков
Сокол	дочери	36	5874	4,63	274,6	3,29	А <sub>1</sub>
	сверстницы	92	5999	4,49	271,8	3,25	
	± к сверстницам		-125	+0,14	+2,8	+0,04	
Турк	дочери	27	5376	4,36	235,7	3,17	А <sub>1</sub> Б3
	сверстницы	81	4911	4,35	213,8	3,24	
	± к сверстницам		+465	+0,01	+21,9	-0,07	
Willfang	дочери	38	5849	4,46	261,4	3,10	А <sub>1</sub>
	сверстницы	40	5444	4,53	247,6	3,09	
	± к сверстницам		+405	-0,07	+13,8	+0,01	

Анализ сведений таблицы 3 показал, что показатель удоя дочерей быка Сокол оказался ниже показателя сверстниц на 125 кг, показатели удоя дочерей быков Турк и Willfang оказались выше показателей сверстниц на 465 и 405 кг соответственно. По содержанию жира показатели дочерей быков Сокол и Турк оказались выше показателей сверстниц на 0,14 и 0,01% соответственно, а показатели дочерей быка Willfang были ниже показателей сверстниц на 0,07%.

По содержанию белка наблюдалась немного иная картина. Показатели дочерей быков Сокол и Willfang были выше показателей сверстниц на 0,04 и 0,01% соответственно, показатели дочерей быка Турк оказались ниже показателей сверстниц на 0,07%.

Исходя из вышесказанного, следует: бык производитель Сокол – улучшатель по МДЖ и МДБ, присвоена категория А<sub>1</sub>, разность по удою недостоверна; бык производитель Турк – улучшатель по удою и МДЖ дочерей, присвоена категория А<sub>1</sub>Б3, содержание белка в молоке дочерей ниже, чем у сверстниц и матерей; бык производитель Willfang – улучшатель по удою – А<sub>1</sub>, содержание белка в молоке дочерей выше, чем у сверстниц и матерей, а МДЖ несколько ниже, чем у сверстниц, но выше чем у матерей.

При разведении скота немаловажное значение имеет выявление степени устойчивости, с которой бык-производитель передает свои качества потомству, или степень препотентности быка [7, 14].

Заключение. Таким образом, проведенные исследования свидетельствуют о том, что селекционно-племенная работа в стадах должна вестись целенаправленно с учетом поставленных целей и задач. Расчет родительских индексов показал, что более высокая степень реализации генетического потенциала по удою наблюдается у быков Турк и Willfang, по МДЖ – у быка Турк. По комплексному показателю молочной продуктивности лучший родительский индекс наблюдался у быка Willfang – 944,4 кг. Установлено, что влияние отцов на племенные и продуктивные качества потомства довольно значи-

тельное, нежели их матерей.

### Список использованной литературы

1. Шендаков А.И., Шендакова Т.А., Климова С.П., Сырцева Е.М. Продуктивные качества дочерей чёрно-пёстрых и голштинских быков-производителей в племенных стадах Орловской области // Зоотехния. -2014. -№ 4. - С. 25-27.
2. Белозерцева С.Л., Мирвалиев Ф.С., Петрухина Л.Л. Оценка быков-производителей по качеству потомства // Вестник ИрГСХА. – 2018. – № 89. –С. 126-133.
3. Павлова Е.И., Татаркина Н.И. Оценка быков-производителей по качеству потомства // В сборнике: Актуальные вопросы науки и хозяйства: новые вызовы и решения Сборник материалов ЛП Международной студенческой научно-практической конференции. – 2018. – С. 284-288.
4. Официальная Инструкция по оценке быков-производителей молочных и молочно-мясных пород, утвержденная МСХ РК
5. Эрнст Л.К., Кравченко Н.А., Солдатов А.П. Племенное дело в животноводстве. – М.: Агропромиздат, 1987. – 287 с.
6. Шайдуллин Р.Р., Шарафутдинов Г.С. Родительский индекс быка и его связь с продуктивностью // В сборнике: Инновационные достижения науки и техники АПК Сборник научных трудов Международной научно-практической конференции. – 2018. – С. 171-173.
1. Prevention of Blackleg by an Immunogen of *Clostridium chauvoei* / Hernandez L., Jaime A., Mendez L., Gutierrez V. // *Animal Biodiversity and Emerging Diseases* – 2008. - № 9. – с. 303-305.
2. Blackleg in cattle: current understanding and future research needs / Ziech R., Gressler L., Frey E., Vargas A. // *Ciencia Rural*. – 2018. - №5. – С.2-4.
3. Основы географической эпизоотологии: Учеб.пособие / В.Н. Кисленго, К.А. Шкиль, С.К. Димов, А.А. Колосов, С.А. Юрик. – Новосибирск, 1997. - 84 с.
4. Сайдулдин Т. Индеттану және жануарлардың жұқпалы аурулары / Т. Сайдулдин. – Алматы, 2009. – 518 с.
5. Сосов Р.Ф. Эпизоотология / Р.Ф.Сосов. — М.: Колос, 1969. — 400 с.
6. Учебно-методический комплекс по дисциплине «Эпизоотология и инфекционные болезни» / Р. М Ибрагимов, Б.Г. Щурихин, Е.Е. Муханбеткалиев. – Астана, 2010. – 70 с.

*Научный руководитель Ешимухаметов А.Е. – кандидат ветеринарных наук, заведующий кафедрой «Ветеринарной санитарии» Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина.*

## **МОНИТОРИНГ БЕШЕНСТВА ЖИВОТНЫХ ЗА 2015-2019 ГГ. НА ПРИМЕРЕ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

*Басыкараева Ж.Б – магистрант  
Казахский агротехнический университет им. Сакена Сейфуллина, г. Нур-Султан*

В настоящее время животноводство в республике имеет тенденцию к устойчивому развитию, при этом все больше развитие в этой отрасли находят крупные животноводческие предприятия. Об этом отметил в Послании народу Казахстана, Первый Президент Н. А. Назарбаев, от 2016 года. [1]

Показателем такой тенденции является заметный рост поголовья скота в последние годы. Однако ряд инфекционных болезней и угроза их распространения оказывают существенное тормозящее влияние на данную отрасль животноводства.

Бешенство относится к числу особо опасных инфекций. Во всем мире от бешенства погибает около 50000 человек в год [2].

В последние годы на территории большинства регионов Республики Казахстан сохраняется неблагоприятная эпидемиолого-эпизоотологическая обстановка по бешенству. Ежегодно регистрируются случаи заболеваний среди людей, сохраняется высокий уровень заболеваемости среди животных и высокий показатель обращаемости за антирабической помощью людей, подвергшихся риску заражения рабической инфекцией [4].

Несмотря на то, что проблемой бешенства занимаются многие ученые ветеринарного и медицинского профиля, ситуация остается достаточно сложной [3].

На территории Восточно-Казахстанской области некоторые вопросы развития эпизоотического процесса, причин возникновения болезни, сезонности, эколого-географических, социально-экономических условий изучены недостаточно.

В связи с этим изучение эпизоотической ситуации по бешенству в Восточно-Казахстанской области в период с 2015 по 2019 гг. с оценкой интенсивности эпизоотического процесса по годам и сезонам является одним из наиболее актуальных вопросов эпизоотии в Республике Казахстан.

При этом важно отметить:

1. роль разных видов животных в сохранении и распространении рабического вируса в природе;
2. эффективность профилактических мероприятий клинико-эпизоотологическими и лабораторными методами;
3. систему организационных и специальных мероприятий по борьбе с бешенством в Восточно-Казахстанской области.

### **Список литературы**

1. Ахметов А.А, Послание президента// Ветеринарный консультант. — 2016. — 304с.
1. <https://www.who.int/ru/news-room/fact-sheets/detail/rabies>;
2. Г.С. Скрипченко и соавт., 2003; Н.Д. Ющук и соавт., 2003;
3. В.А. Апалькин и др.2004; В.А. Ведерников и др.2002; З.А. Гольден-штейн и др.2001;
4. URL: <http://privivkinfo.ru/posle-privivki/sostoyanie-sobaki-posle-privivki-ot-beshenstva.html>(дата обращения 13.12.17).

*Научный руководитель Ешимухаметов А.Е. – кандидат ветеринарных наук, заведующий кафедрой «Ветеринарной санитарии» Казахского агротехнического университета имени С.Сейфуллина.*

## ҚАЗАҚСТАН НАРЫҒЫНДАҒЫ ЭКЗОТИКАЛЫҚ ЖЕМІСТЕР

Ә.М. Тұрсын, 1-курс магистранты

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Жеміс-жидектер адам ағзасы үшін өте құнды болып келеді. Біз үшін үйреншікті болып кеткен банан, ананас, киви және құрма осыдан 20 жыл бұрын экзотикалық жемістер болып саналса, ал қазір оларды әрбір қазақстандық біледі. Бірақ заман ағымы бір орында тұрмайды, қазіргі таңда экзотикалық жемістердің сан алуан түрі біздің елге импортталуда. Фейхоа, мушмула, питахайя, маракуйя, авокадо, лонган, мангустин, папайя т.б. сынды экзотикалық жемістер біздің сауда нарығына күн сайын ағылуда. Олардың пайдасы көп болғанымен, зиянды жақтарын да ұмытпаған жөн. Сондықтан да экзотикалық жемістердің санитарлық жағдайын бақылап, олардың халықаралық стандарттарға сай немесе сай еместігін тексеру қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстандағы жеміс-жидектердің асортименті климат жағдайына байланысты жемістерді өсіруге әсер ететін негізгі факторға негізделеді. Қазақстанда ауа райы оңтүстік аймақтарда да тұрақсыз. Отандық жемістер Қазақстан нарығында тек қана жемістердің пісіп-жетілу кезеңінде пайда болады. Табиғи циклге сәйкес піскен жемістер витаминдер мен макроэлементтерге бай, бірақ бұл жасанды жолмен өсірілген жемістер туралы айтуға келмейді. Себебі ұрықтың тез дамуы үшін әртүрлі қоспаларды қолданады, ал олар өз кезегінде адам денсаулығына зиян келтіреді.

Піскен жемістердің жарамдылық мерзімін ұзарту қабілетін және жеуге жарамды қабаттар арқылы жемістің сапасын сақтау бойынша көптеген зерттеулер жүргізілуде. Жемістердің жеуге жарайтын қабаты жемістер бетінде бөгет болып, ішкі газ атмосферасын өзгерту, су шығынын азайту және жемістердің пісуін кідіртуі мүмкін екені дәлелденген. Сонымен қатар, жаңа піскен жемістердің қауіпсіздігі мен сапасын қолдау үшін жаңа табиғи лак-бояу материалдарын енгізуге күш салынауда [1].

Жаңа жемістер адам рационында маңызды орын алады. Жемістер-алмастырылмайтын азық-түлік. Ағзаның өмірлік тонусын, оның физикалық және ақыл-ой жұмысқа қабілеттілігін және әр түрлі ауруларға қарсы тұруын арттыра отырып, адам өмірінде үлкен рөл атқаратын витаминдердің көзі ретінде жемістер ерекше құнды болып табылады. Жемістердегі пектинді заттар қант пен қышқыл болған кезде желе түзе алады. Пектинді заттарға (алма, қарақат, өрік) бай жеміс және жидек пюресі тәтті желімделген және кондитерлік өнімдерді дайындау үшін қолданылады. Жемістердің бояғыш заттары үлкен әр түрлілігімен ерекшеленеді. Оларға антоциан, каротин, ликопин, ксантофилл, хлорофилл жатады. Эфир майлары жемістерге жағымды хош иіс береді. Олардың көбі толық жетілу кезеңінде жиналады. Қазіргі уақытта барлық азық-түлік дүкендері жемістермен жабдықталған.

Марокко, Испания, Бразилия, ОАР, Аргентина, Түркия, Чилиден импортталатын экзотикалық жемістерде нитраттардың ШЖК-дан 0,5-164,3 мг/кг-ға асатыны анықталды. Бұл көрсеткіш өз кезегінде экзотикалық жемістерді азық-түлік нарықтарында бақылау қажеттілігін тудырады. Эквадор, Чили, Коста-Рика, Перу және Бразилиядан импортталатын экзотикалық жемістердегі хлорорганикалық пестицидтер (гексахлорциклогексан (а,р,у-изомерлер), ДДТ және оның метаболиттері, гептахлор, альдрин) қалдық құрамының көрсеткіштері бойынша және цезийдің меншікті белсенділігі-137 және стронций-90 қауіпсіз болып табылады және ЕАЭО қабылдаған нормаларға сәйкес келеді [2].

Қазақстанда жиі тұтынылатын экзотикалық жеміс ананас болып табылады, оның үлесіне экзотикалық жемістер импортының жалпы көлемінің 70% - дан астамы келеді. Сонымен қатар, біртіндеп папайя, манго, маракуйя, авокадо сияқты экзотикалық жемістер де кіреді. Елде ең аз тұтынылатын карамбола, питахайя, личи, рамбутан және дуриан бо-

лып табылады, олардың үлесіне жеміс импорты көлемінің 1% - нан кем келеді. Жемістерді тұтынудың қазіргі деңгейін және халықтың төлем қабілеттілігінің өсу үрдістерін ескере отырып, жеміс нарығында өсудің зор әлеуеті бар деген қорытынды жасауға болады. Халықаралық сауданың асортиментінің кеңеюіне байланысты импортталатын өсімдік өнімдерінің ветеринарлық-санитарлық сараптамасына ерекше назар аударылу керек. Соңғы жылдары Қазақстан нарығына және басқа да сауда кәсіпорындарына тропикалық және субтропикалық климаты бар көптеген елдерден өсімдік өнімдері келіп түседі. Қазақстанда жемістердің жалпы тауар айналымы жүз миллион долларға есептеледі: 2018 жылы импорт 417,432 мың АҚШ долларын, ал экспорт барлығы 9,047 мың АҚШ долларын құраған болатын.

2019 жылғы 7 айдың нәтижесі бойынша Қазақстанға 179 миллион АҚШ доллары сомасына 301 мың тонна жеміс импортталды. 2018 жылдың ұқсас кезеңінде 264 миллион АҚШ доллары сомасына жеміс импортталған болатын. 2019 жылдың 7 айының қорытындысы бойынша экспорт 23 миллион АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда 2 есе көп болып табылады. 2018 жылдың ұқсас кезеңінде Қазақстаннан 3 миллионға жуық жемістер экспортталған.

Адам үшін пайдалы дәрумендер мен микроэлементтер жемістерде көп. Сондықтан, өз денсаулығыңды ойлай отырып, күн сайын түскі асқа, таңғы асқа және кешкі асқа жаңа піскен жемістерді жеу керек.

Ветеринариялық бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында ішкі сауда орталықтарында өсімдік шаруашылығының жеміс- жидектер мен көкөністерді, атап айтқанда, шет елдерден импортталатын экзотикалық жемістерге бірқатар зерттеулер жүргізу мен осы өнімді бақылау әдістерін жетілдіру қажет.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Maringgal, B., Hashim, N., Mohamed Amin Tawakkal, I.S., Muda Mohamed, M.T. Recent advance in edible coating and its effect on fresh/fresh-cut fruits quality. //Trends in Food Science and Technology/. – 2020. -96. - p. 253-267.

2. Ларина Е.В. Исследования по определению содержания нитратов в экзотических фруктах, ягодах и овощах / Ларина Е.В. // «Практик», - 2006 ж.-№5, Б.- 27-31.

*Ғылыми жетекшісі аға оқытушы, в.ғ.к С.С. Есенеева*

#### **«С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» КеАҚ КЛИНИКАСЫНДА ӨСІРІЛЕТІН ҮЙ ҚОЯНДАРЫНА ПРОБИОТИКТІ ҚОЛДАНУ**

*Д.М.Кайыржанова 1 - курс магистранты,  
Б.С. Асанов 5 - курс студенті*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

*Жұмыстың өзектілігі.* Пробиотиктер, ағылшын тілінде Probiotics-тірі микроорганизмдер деген түсінік береді. Басқаша айтқанда бұл терапевтік мақсатта пайдаланылатын микроорганизмдер, сондай-ақ тірі микромәдениеттері бар тағамдық өнімдер мен биологиялық белсенді қоспалар[1,2].

Пробиотиктер басқа микроорганизмдердің өсуін ынталандыратын микробтық факторлар ретінде анықталды. Рой Фуллер қазір қолданылатын пробиотиктерді анықтауды ұсынды:»Тірі микробтық жемдік қоспа, ол жануарға жақсы әсер етеді, оның ішекті микробтық балансын жақсартуға түседі «[3].

Қоян шаруашылығында пробиотиктерді қолданудың өзектілігі олардың ағзаға



зиянсыздығы: жануардың және өнімнің соңғы тұтынушыларының денсаулығы үшін қандай да бір жанама әсерлері байқалмайды. Жануарлардың тіршілік әрекеті барысында пробиотиктер олардың ағзасынан толығымен шығарылады. Зерттеулер жүргізілді-осы салада пробиотиктер иммундық тапшылық себептеріне қарамастан, жануардың иммундық статусына жақсы әсерін көрсеткен.[4].Пробиотиктер шаруашылықта кеңінен қолданылатыны және ішектің бөгде заттармен ластануын төмендететінін дәлелденген. Құс пен жануарлардың өнімділігі 10-20%-ға артады [5. 6, 7.8]. Сонымен қатар, қоянды азықтандыруда пробиотикалық препараттарды пайдаланудың кейбір сұрақтары әліді жеткіліксіз зерттелгенін тәрізді және олардың өнімділікке, сондай-ақ алынатын еттің сапалық көрсеткіштеріне әсерін қосымша зерттеуді талап ететінін атап өткен жөн .

*Жүргізілген зерттеулердің мақсаты* - ЕАЭО нарығындағы OLIN препараты пробиотиктерінің «Советтік шиншила» тұқымды қояндардың өсуі мен дамуына әсерін анықтау.

*Зерттеу нысанасы, материалдары және әдістері.*

Эксперименттік жұмыс С.Сейфуллин атындағы ҚазАТУ «Ветеринариялық санитария» кафедрасында орындалды және «Советтік шиншила» тұқымды қояндарды өсіру жүйесін әзірлеумен байланысты OLIN пробиотикалық препаратты қолдану .

Ғылыми тәжірибелік зерттеулер ҚР АШМ «Ветеринариядағы зертханалық диагностика және әдіснама референсациясының ұлттық мониторинг орталығы» мемлекеттік мекемесінде» жүргізілді.

*Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін келесі міндеттер қойылды:*

-жануарлардың өнімділік қабілетін жоғарлату үшін шаруашылық рациондар құрамына OLIN пробиотикалық препараттын пайдалануды ұсыну;

- қояндардың өсу және даму динамикасы зерттелді.

Қояндар 80, 90 ( 3 айлықтар) жасқа жеткен кезде тірі массаның өзгеруін бағаладық, 100 және 120 тәулікте (4 айлықтар) «ВАГАР VW-LN-20» электронды таразыда жеке өлшеу көмегімен атқарылды. Нәтижесінде120 тәуліктік қоянның ет өнімділігін сою арқылы анықтадық.

Әрбір топтан орташа тірі салмағы бар 3 бас(терісіз, ішкі мүшесіз, басы мен табандары жоқ ұшаның салмағы) және сойылған массаның шығуы бойынша бағаладық.

*Зерттеу нысаны* болып факультет клиникасындағы жасы 40 тәуліктік «Советтік шиншила» тұқымды қояндар таңдалды. Қояндар ұқсас принципі бойынша 7 бастан 2 топқа құрылған. Топтар тірі салмағын, жасы мен жынысын есепке ала отырып құрылды.

OLIN – асқазан-ішек ауруларының алдын алу үшін пробиотикалық азықтық қоспа, дисбактериоздар және ішек инфекциялары кезінде қояндарды емдеу, ағзаның табиғи резистенттілігін арттыру, жануарлардың сақталуын арттыру, сүт өнімділігін арттыру, төлдің өсуі мен дамуын ынталандыру және стресстік реакциялардың алдын алу (вакцинациялау, тасымалдау, қайта топтастыру, рационды ауыстыру және т. б. ) кездерінде кеңінен қолданылады.

*OLIN –мөлшері және қолдану тәсілі.*

Ең алдымен OLIN суда ерітіп оны алынған ерітіндімен құтыда ауыз суға қостық. Күн сайын емдік мақсатта – күніне 2 рет 2 г-нан қосып отырдық.

4 айлық жасында малдардың ет өнімділігін сою арқылы анықтады

Әр топтан орташа тірі салмағы бар 3 бас (салмағы және сойылған массаның шығуы).

Негізгі рацион ретінде келесі құрамдағы түйіршіктелген құрама жем қолданылды:

- шөп ұны-30%;
- сұлы ұнтағы – 20%;
- арпа ұнтағы -20%;
- бидай кебегі-15%;
- күнбағыс шротты-13%;
- ас тұзы-0,5%;

- ет- сүйек ұны-1,5%.

*Алынған нәтижелер.* Тәжірибе жүргізу кезінде әр топтағы орташа тәуліктік өсім көрсеткіші ескеріліп отырды. Бүкіл азықтық пен қоректік заттарды - 1 басқа тұтыну тәжірибеде барлық топтағы қояндармен шамамен бір деңгейде болды. OLIN препараттын пайдаланудағы нәтижелер бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибедегі қояндардың (тірі салмағы 3110 г құрады) яғни 304,07 г артық 10% өсуіне ықпал етті.

Орташа тәуліктік салмақ қосу көрсеткіші, ол тәжірибелік топта 25,7 г құрады, бұл 3,1 г, немесе 13,2%, жоғары. Тәжірибелік және бақылау тобының қоян етінен әзірленген сорпаны 7,8 және 6,3 балл деп бағаладық. Сонымен қатар, тәжірибелі топтағы қоян етінен сорпаның анағұрлым түссіз, жағымды табиғи иісі бар. Ақуыздың ең көп мөлшері 2-ші топтағы қоян етінде белгіленген (тәжірибелік). Тәжірибелік топтағы қоян етінің химиялық құрамына жүргізілген бағалау бұлшық еттінің ақуызының 17,80- дан 19,06г/100 г-ға дейін артуы анықталды, кальций-0,163- тен 0,181 г / 100 г-ға дейін және май мөлшерінің 7,71- ден 6,21 г/100 г-ға дейін азаюы бақылау тобымен салыстырғанда, бұл жоғары диеталық ет қасиеттеріне тән деп білеміз.

### Пайдаланылған әдібиеттер тізімі

1. Зайков, С.В. Нарушения микробиоценоза кишечника: всегда ли необходимы пробиотики? : [арх. 5 июля 2008] // Рациональная фармакотерапия : журн.. — 2008. — № 2. — С. 1–6.

2. Шендеров, Б. А. Медицинская микробная экология и функциональное питание : в 3 т. — М. : ГРАНТЪ, 2001. — Т. 3 : Пробиотики и функциональное питание : Биопленка. Кожа и слизистые. Иммуно. механизмы.. — 287 с. — ББК Р123.0,0. — ISBN 5-89135-177-3 (т. 3).

3. Fuller R (May 1989). «Probiotics in man and animals». The Journal of Applied Bacteriology.

4. Омельченко Н.Н. Влияние пробиотиков на продуктивные качества кроликов первого поколения /Н.Н. Омельченко, Н.А. Омельченко, И.Н. Босых // Сборник научных трудов СКНИИЖ. – Краснодар : Изд-во ФГБНУ «Северо-Кавказский научно-исследовательский институт животноводства». – 2016. – № 5. – С. 90–95

5. Ксенофонтова А.И. Влияние пребиотика на основе лактулозы на зоотехнические и технологические показатели мяса кроликов / А.И. Ксенофонтова, М.М. Борисова // Материалы VII международной за-очной конференции «Человек и животные». – Астрахань: Изд-во Инновационного Естественного института Астраханского государственного университета. – 2014. – С. 79–82.

6. Черненко Е.Н. Качество мяса кроликов при скармливании пробиотика «Биогумител» / Е.Н. Черненко, И.В. Миронова // Вестник Алтайского государственного аграрного университета. – 2015. – № 10(132). – С. 104–108.,

7. Amaravadhi S. Ch. Effect of dietary supplementation of probiotics and enzymes on the haematology of rabbits reared under two housing systems / S.Ch. Amaravadhi, M. Mallam, G.P. Manthani, K.R. Komireddy // Vet. World. – 2012. – Vol. 5 (12). – Pp. 748–753.,

8. Cunha S. Effect of competitive exclusion in rabbits using an autochthonous probiotic / S. Cunha, Â. Mendes, D. Rego, D. Meireles, R. Fernandes et al. // World Rabbit Sci. – 2017. – Vol. 25. – Pp. 123–134

9. www.probiotic-plus.ru «OLIN қояндарға пайдалану, оларды қайта топтастыру, тасымалдауда қолдану әдістері»

*Ғылыми жетекші аға оқытушы, в.з.к Ж.Ө. Кемешов*

## «С.СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТУ» КеАҚ КЛИНИКАСЫНДАҒЫ ҮЙ ҚОЯНДАРЫННЫҢ ЖАҒДАЙЫ

*Д.М.Кайыржанова 1-курс магистранты,  
Сетерхан Нурбол 5-курс студенті*

*С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.*

Үй қояндарының биологиялық ерекшеліктеріне тез жетілгіштігі, өсімталдығы, буаздығының қысқа мерзімі, т.б. жатады. Тез жетілгіштігі. Үй қояндарының жыныс мүшелері 4-5 айлығында жетіледі. Ет бағытындағы үй қояндары (бройлер) үш жарым айлығында 2,8 кг салмақ тартады. Үй қояндары басқа қолда өсірілетін хайуанаттармен салыстырғанда әлдеқайда өсімтал. Ересек ұрғашы қоян әр туғанда 6-9-ға дейін, кейде 14 көжекке дейін, кейде 14 көжекке дейін береді. Бір туғанда 21 көжектеген жағдайда болған. Дегенмен бұндай көрсеткіштерге ие болуға азықтандыруымен гигиенасы тікелей байланысты.

Біз әдебиет көздеріне сүйене отырып пайдаланатын азықтарды бірнеше негізгі топтарға бөлдік: балауса азық-көк шөп, ағаш бұталары; шырынды азықтар-тамыр және түйнекті жемістер, капуста, сүрлем; ірі азықтар – пішен, құрғақ бұтақтар, пішендеме, құнарлы азықтар, астық дәндері, бұршақтар, тамақ өнеркәсібінің қалдықтары, құрама азықтар; жануарлардан алынатын азықтар – сүт, қаймағы алынған сүт, жұлдыз құртының қуыршағы, балық майы, ет-сүйек және балық ұны, минералдық азықтан – ас тұзы, сүйек ұны, бор; витаминнен балық майы, құнарланған витаминдер жатады [1,2,3].

Дәнді азықта қоректік заттардың жиынтығы мол болады, сондықтан да оларды құнарландырған азық деп атаймыз. Құнарландырылған азықтың құрамында 70-80% сұлы, арпа, бидай және жүгері енеді.

Қатты дәндер – бұршақты, жүгеріні азықтандыру алдында 2-3 сағат бұрын суға салып жібітіп қойып жүрдік.

Үй қояндарының ауруларының алдын алу шараларын ұйымдастыру барысында бұл жануарлардың биологиялық ерекшелігін, әсіресе олардың ауа ортасының сапасына сезімталдығын, сескенгіштігін және түнгі уақыттағы белсенділігін ескеру қажет.

Қоянды бағу жүйесі жергілікті жердің климатына тікелей байланысты, себебі бұл жағдай қояндардың денсаулығына, өсімталдығына, ет өніміне әсерін тигізеді [1,3,4,5]. Қазіргі кезде қояндарды бағудың үш жүйесін қолданады: сыртқы торлық, шедтік және микроклиматы қолдан жасалатын жабық қоралар.

Қояндар тұрған орынды суреттеу. Қояндардың торлары тақтайдан жасалаған. Тордың ұзындығы орта есеппен 130 см, ені 75 см, алдыңғы қабырғасының биіктігі 60см, артқы 60 см). Едені 5 см тақтайлардан тұтас шегенген. Тордағы тазалықты сақтау үшін металл тордан жасалған едендер ыңғайластырылған. Алдыңғы қабырғаның ортасында ені 30-40 см және биіктігі 56-60 см торлы есік, ал есіктің оң жағында— ені 34 см бөбекжай, сол жағында-ұяшық бөлімшесі бар. Жалпы тазалығы қанағаттанарлықтай.

Қояндар жақсы көбею үшін дұрыс күтім жасау керектігі ертеден мәлім. Оларға тәжірибеде жақсы көңіл бөлдік. Уақыттылы аңқталмаған аналықтар нашар ұрықтандырылады, қоян аз әкеледі және аз сүтті болады және нашар сұрыпталған еркек аналықтарын қанағаттанғысыз ұрықтандырады. Сол себепті біз жоспарға сай еркектерге шағылыстыруға 15-20 күн қалғанда рационын ынталандардық, яғни оған әртүрлі шөптерден, бұршақтан жақсы жиналған шөп, ал жазда жас шөп, сұлы, кебек, күнжара, ет-сүйек (5-10 г) немесе балық ұнын (5 г) енгіздік. Ұрғашыларға шағылыстыруға дейін 15 күн бұрын шөп немесе құнарлы жем беруді арттырдық.

Қоянның әрбір тобында жынысы, жасы, қоңдылығы және салмағына сай орналастырдық. Суық кезде клеткалар құрғақ сабанмен төсеніш жасадық, ал жазда қояндарды тордың жылы соққысынан қорғау үшін және ашық күркешікте күн сәулесінен

көлеңкеленеді. Клеткалар, астаулар мен суарғыштар күн сайын тазартылып отырды, төсенішті әр бес күн сайын ауыстырады.

Тәжірибедегі 3 айлықтарды 2-3 бастан торға, ал семіртуге қалдырылатын табынды бір — бірден отырғызады. Ұрықтануға әзірленген жас аналықтар мен еркектерді азықтандыруды баланыста ұстадық. Жас аналықтарды шағылыстыруға 4-5 айлық, ал еркектерді-6-7 айлық жаста жібердік. Сумен шектеусіз қамтамсыз етілді.

Ауруларының алдын алу шараларын ұйымдастыру барысында бұл жануарлардың биологиялық ерекшелігін, әсіресе олардың ауа ортасының сапасына сезімталдығын, сескенгіштігін және түнгі уақыттағы белсенділігін ескеру қажеттілігі туындайды.

Қоянды бағу жүйесі жергілікті жердің климатына тікелей байланысты, себебі бұл жағдай қояндардың денсаулығына, өсімталдығына, ет өніміне әсерін тигізеді, бұндай шешім бірқатар қаламгерлердің пікірлерімен сай келеді[1,4,6,7].

### ӘДЕБИЕТТЕР

1. Бұршақбаева Л.М «Солтүстік Қазақстан жағдайында пробиотикті қолдану негізінде акселерат қояндардың өнімділік сапасын арттыру». Дис. 40 шы бет. Астана 2016 жыл.

2. Колосов Ю. А., Богомолов Ю.Г., Братских В.Г. «Советы кролиководам». – И. РосНИИ кадры АПК, 1999. – С. 20.

3. Помытко В.Н., Александров В.Н. «Учебная книга кролиководства». – М.: Агропромиздат, 1985. – С. 256.

4. Бывальцев А.К., Вакульчук С.М. «Промышленное кролиководство». Симферополь: Таврия, 1988. – С. 64 .

5. А.Б.Бегенова, А.Н.Жұмақаева, А.Н.Ахметов, Ж.М.Тлеуметов «Ветеринарлық гигиена». Астана 2007

6. А.Н.Ахметов, Қ.Жетпқанұлы «Ветеринариялық гигиена» пәнінен зертханалық және тәжірибелік сабақтарға арналған практикум, Астана 2015

7. Найденский М.С., Кузнецов А.Ф., Храмов В.В., Виноградов П.Н. «Зоогигиена с основами проектирования животноводческих объектов» Уч. Пособие. – Москва, Колос, 2007.

*Ғылыми жетекші аға оқытушы, в.з.к Ж.Ө. Кемешов*

**ТАМАҚ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ, ҚАЙТА ӨНДЕУ ЖӘНЕ АУЫЛ  
ШАРУАШЫЛЫҒЫ ӨНІМДЕРІН САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ**

**ТЕХНОЛОГИЯ ПРОИЗВОДСТВА ПРОДУКТОВ ПИТАНИЯ, ПЕРЕРАБОТКИ  
И ХРАНЕНИЯ СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННОЙ ПРОДУКЦИИ**

**МАҚСАРЫ ДӘНДЕРІН СЫҒУ АЛДЫНДА ҚЫЗДЫРЫП МАҚСАРЫ МАЙЫН  
ӨНДІРУДІҢ ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ҮДЕРІСТЕРІН ЖЕТІЛДІРУ**

*Алтаев Т. С.<sup>1</sup>*

*Райхан А. студент<sup>2</sup>*

<sup>1</sup>*С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр - Сұлтан қ.*

<sup>2</sup>*Қазақ ұлттық аграрлық университеті, Алматы қ.*

Қазақстан Республикасы өнер кәсібінің тұрақты дамуы аграрлық-өнеркәсіп секторының дамыған салаларының деңгейіне, сондай-ақ импортталатын мақсары мен мақсары майын ұтымды пайдалануға байланысты. Бұл ретте аграрлық-өнеркәсіптік кешен жұмысының тиімділігі оның маусымдылығын ескере отырып, көп жағдайда шикізат пен жартылай фабрикаттарды өңдеу мерзімімен айқындалады. Соңғы уақытта мақсары дәндерінің майларын тамақ өнер кәсібінде пайдалануға байланысты мәселелер ерекше маңызға ие. Өзінің технологиялық өңдеуінде мақсары дәндері да қызу үдерістеріне ұшырайды. Сондықтан ол үшін талап етілетін соңғы технологиялық мақсаттарға ғана емес, сонымен қатар қыздыру үдерістерінде жақсартылған сапалы көрсеткіштері бар мақсары майы мен күнжара өндірісіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін жылу өңдеу әдістерін қолданған жөн. Мақсары дәні сияқты биологиялық объектілерді қыздыру үдерістерін зерттеуге арналған жұмыстар өте аз. Мұндай мәліметтердің болуы технологиялық талаптарды сақтау, шығындарды қысқарту, мақсарының майлы дәндерінің биологиялық белсенді компоненттерін сақтау тұрғысынан қыздырудың ұтымды режимдерін жасауға мүмкіндік береді[2]. Дайын өнімнің сапасын жақсарту кезінде мақсары дәндерін қыздыру үдерісін қарқындатуда белгілі бір перспективалар жоғары жиіліктегі токтардың электромагниттік өрісін қолдану бере алады. Сондықтан жоғары жиіліктегі токтарды қолдана отырып, мақсары дәндерін қыздыру үдерісін жүргізудің ғылыми негіздерін әзірлеу және сығуға дайындау кезінде қыздыру үдерістерінде мақсары майы мен күнжара сапасының көрсеткіштерінің өзгеруін зерттеу өзекті болып табылады.

Мақсары(лат. Carthamnus) астра немесе - күрделі гүлділер тұқымдасына жататын бір жылдық шөптесін өсімдік, майлы дақыл. Негізгі отаны - Эфиопия мен Ауғанстан. Археологиялық қазбалардың және әдебиет көздерінің куәлендірулерінше мақсары өте көне дақылдар қатарына жатады. Себебі, мақсары дақылының гүлінен жасалған бояулармен Мысыр елінде оралатын маталар боялған. 2100 жылданастамтарихыбарм әдениленгендақыл.П.П.Вавиловтың (1979) деректерібойынша, мақсарыдақылыерт еректеҮндістанда, Египетте, Ауғанстанда, ОрталықАзиядажәнеКавказмемлекеттеріндебелгілі.Аталғанелдердемақсарыныбояғышжәнеәсемдікзатретіндепайдаланған. ОныңлатыншаCartamusатауыарабтың carton - бояудегенсөзіненшыққан, өйткенімақсары гүлдеріндекартаминпигментібар.Бұлпигменттіңерекшелігі - судасарытүске, алспиртте - қызылтүскебоялады[1].Орта Азия елдерінде мақсары ертеде белгілі болған. Бұл өңірде мақта шаруашылығына дейін жергілікті тұрғындар мақсары дәнінің майын тағамдық



майға және пілте шамға пайдаланған. Алғашқыда мақсарыны бояғыш зат ретінде қолданған, кейіннен химиялық жолмен арзан және жоғары сапалы бояулардың алынуына орай, дақылдың бояу ретіндегі өндірістік маңызы жойылып, оны өсімдік майын алуға, дәрі - дәрмек жасауға және мал азығына өсірген [3, 4].

Мақсары, осы өсімдіктің дәнінен алынатын тағамдық майды өндіру үшін кеңінен өсіріледі. Онда көп мөлшерде Е дәрумені кездеседі, қанықпаған линолді қышқыл (70 %) және линоленді қышқыл (10 %) құрайды. Мақсары пигменттер (картамон) лигнандар, полисахаридтер, эфир майлары, майлы заттар (арахидон қышқыл, линолді қышқыл, линолендік қышқыл, пальмитиндік қышқыл, стеариндік қышқыл). Шеткі гүлдер картамин, изокартамин, иокартамин және бірнеше флавоноидтың құрамы белгілі: 6-гидроксикемпферол-3-О-глюкозид, 6- гидроксикемпферол-7-О-глюкозид, кемпферол-3-О-рутинозид және кверцетин 3-О-глюкозид кездеседі. Мақсарыдың картамині суда аз ериді және диэтилді эфирде мүлдем ерімейді, бірақ сол уақытта спирт пен сілтіде жеңіл ериді. Сонымен қатар өсімдікте осыған ұқсас түстер диапазонында кездеседі. Жалпы санағандасегіз флаваноид кверцетин-7-О-(6''-О-ацетил)- $\beta$ -D-глюкуронозид және жеті белгілі флаваноид - лютеолин, кверцетин, лютеолин- 7-О- $\beta$ -D- глюкуронозид, лютеолин-7-О-(6''-О-ацетил)- $\beta$ -D- глюкуронозид, кверцетин-7-О- $\beta$ -D глюкуронозид, акацетин-7-О-  $\beta$ -D-глюкуроноид және апигенин-6-С-D-глюкуронозил-8-С- $\beta$ -D глюкуронозид, бұлар мақсары жапырақтарынан шығарылған да спектроскопиялық және химиялық зерттеулердің негізінде теңестіріліп сипатталған [1, 7, 12].

Мақсары тұқымшасындағы жалпы май мөлшері 25-37%, ал ядросына 50-56% дейін ақшыл сары түсті бағалы сұйық майы болады. Өсімдік майының дәмділігі және жұғымдылығы күнбағыс майына пара-пар, ал тек қана ядросынан сығылған майдың сапасы зәйтүн майынан кем түспейді. Тамаққа және маргарин жасау үшін қолданылады. Күнжарасы – құнарлы мал азығы, 10 кг күнжарасында 55 мал азықтық өлшем бар. Ауыл шаруашылығында тыңайтқыш және отын ретінде де қолдануға болады. Мақсары сүрлемге қосылады, дәні құстарға жақсы азық болып табылады. Дәні пісіп жетілгенде комбайнмен жиналады. Қатты әрі көп тікенекті болып келетіндіктен мақсарыны кейде егістік алқапқа мал түспес үшін айналдыра 10 - 15 м жерге қорғаныс алқабы ретінде егіп отырады [3, 8].

Мақсары майының қолданылуы, олеинді қышқыл мен Е дәруменіне бай мақсары дәнінен суықсығу жолымен алынған мақсары майының теріні тыныштандыратын әсерімен белгілі. Гүлдерін жібекке сары-алқызыл түс беру үшін және кондитерлік өнеркәсібінде де қолданады. Мақсары майының басқа майлардан бірнеше айрмашылықтары бар. Олардың ішіндегі ең маңызыдысы жүрек-қантамыр аурулары мен семіздікті және жүйке ауруларын емдеу үшін қолданылатын линолен қышқылдың көптігі. Мақсары гүлдерімен дәндері әлемдік фармацевтикалық практикада қолданылатыны белгілі. Сондай-ақ, шетелдерде мақсары (*Carthamus tinctorius* L.) құрғақ шикізаты мен дән майларынан жасалған тұнбалар қолданылады. Дәрілік өсімдік құралы ретінде мақсары кепкен және жас гүлдері және дәндары қолданылады. Қазіргі кезде мақсары майлы дақыл ретінде Үндістанда, Қытайда, АҚШ, Австралия, Ауғанстан, Иран, Африка, Ирак мемлекеттерінде өсіреді. ТМД мемлекеттерінде Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан республикаларында және Қазақстанның Оңтүстік өңірлерінде өсіріледі. Мақсары экологиялық жағынан далалы және шөлейтай мақтарға бейімделген өсімдік. Егер жауын-шашын ұзақ мерзімде жауса, онда мақсары тұқымша түзбейді. Мақсары ұзақпісетін дақыл болғандықтан оның фотопериодтық реакциясының маңызы зор. Гүлдеу үшін оған күннің ұзақтығы тәулігіне 12-14 сағаттан болып ал температура осы кездері 15-200 С-тан төмен болмауы керек. Осы кездегі жарық мөлшерінің де маңызы зор, ол 1800-2000 люкстен кем соқпауы шарт. Құрамында Е дәруменінің көптігіне байланысты, мақсары майы косметология индустриясында белсенді қоспа ретінде қартаюға қарсы заттардың, құрғақ теріге арналған жақпалардың және шашты күтуге арналған заттардың құрамына кіреді. Мақсары

майы жасушаларды ылғалмен қанықтыратын таптырмас компоненті. Ол эпидермисті жұмсартып, нәрлендіреді, терінің майлы функцияларын жақсартады. Мақсары майы қалпына келтіретін және жараны жазатын қасиеті ие. Капиллярлардың жіңішкеруін алдын-алу және теріні тегістеу үшін қолданады. Оны қолдану барысында тері майының бөлінуі қалпына келеді. Халықтық медицинада мақсары жапырақтары, гүлдері және майынан әр түрлі дәрі дәрімектер жасалады, сонымен қатар, өсімдік майын сыр-бояу, линолеум, сұйық сабын өндірісінде т.б. техникалық мақсаттарда пайдаланады. Мақсары дәні құстардың азығы, әсіресе оны тауыққа берсе, қыс айларында жұмыртқалағыштық мүмкіндігі артады. Дәнін құрама жемге қосып сауын сиырларды азықтандырса, онда сүттің майлылығы жоғарылайды. Қабығы аршылған мақсары дәнінен алынған күнжарасы – бағалы мал азығы. Қабықта және ядросының жұқа пергамент қабықшасында ащы заттардың болуы қабығын аршымай сығылған май күнжарасының сапасын төмендететін ащы дәм береді, бірақта оны басқа азық түрлеріне қосып, малдарды азықтандыруға болады. Мақсары күнжарасы құрамында орта есеппен 20,4% протеин бар, 1 кг күнжарасының қоректілігі 0,75 азықтық өлшемге тең. Мақсары мал азықтық дақыл ретінде қолданады. Себебі, оның көк балаусасының пішенінің және сүрлемінің қоректік қасиеттері жоғары. Мақсарының 100кг жасыл балаусасында 22,7 азықтық өлшем және 2,91 кг қорытылатын протеин болса, осындай мөлшерлі сүрлемінде олар тиісінше 15 а.ө. және 1,3 кг. С.Н. Прянишников (1963) деректері бойынша, мақсары пішенінің құрамында 16,5% шикі протеин және 48-50 азықтық өлшем болады[8].

Мақсарының дүниежүзіндегі егіс көлемі 2,0 млн гектарға жуық. Ең көп егісі Үнді, Мексика, АҚШ, Қытайда. Мақсары дақылы елімізде соңғы жылдары көптеп егіле бастады. Мақсары дақылы негізінен еліміздің оңтүстік өңірінде тәлімі жерлерде (Түркістан, Алматы, Қызылорда және Жамбыл облыстары) өсіріледі. Соңғы жылдары ол Қазақстанның солтүстігінде және батысында да өсіріле бастады. Бұл өсімдікке Ақмола облысының оңтүстігінде және Қостанай облыстарында дақызығушылық танытуда. Мақсары өндіруден Қазақстан 2000 жылдан бастап әлемдік алдыңғы қатарлы бес елдің құрамына кіреді, ал 2010 жылы 122,24 мың тонна астықпен Үндістаннан кейін екінші орынды алады. Ауғанстан, Иран, Түркияда молынан егілетін бұл дақылдың бір қасиеті – топырақ талғамайтындығы. Құрғақшылыққа төзімді мақсары негізінен ыстық әрі кейбір аймақтары шөлейтті келетін оңтүстік өңірлерге жақсы өседі.

Морфологиялық сипаттамасы, биологиялық ерекшеліктері, сорттары. П.М. Жуковскийдің (1964) жүйелеуі бойынша мақсарының 19 түрі белгілі, олардың ішіндегі егіске пайдаланып жүрген мәдени түрі (*Сartamus tinctorius* L.) – астра дәндасына (*Asteraceae*) жататын біржылдық қосжарнақты өсімдік[7]. Ол 6 типті біріктіреді және республикада өсірілетін мақсары сорттары Түркістан типіне жатады. Дақылдың тамыр жүйесі жақсы дамыған. Негізгі кіндік тамыр жүйесінің ұзындығы 2-3 м дейін жетеді және жанама тамырлары негізгі тамырдан 60-90 см дейінгі қашықтықта орналасады. Мақсары тамырының тереңге бойлауы өсу жылдамдығы және топырақ қабатында бөліну сипаты ондағы ылғал мен қоректік заттардың орналасуына тікелей байланысты. Дақыл топырақтың төменгі қабатынан ылғал мен қоректік заттарды сіңіре алады, сондықтан құрғақшылыққа төзімділігімен ерекшеленеді. Мақсары сабағы тік өседі, цилиндр пішінді, сырты жылтыр, әрі түксіз, түсі солғын ақшылт-жасыл. Сабағының биіктігі сортына және климат жағдайына байланысты 50-100 см аралығында ауытқиды. Сабағы төменнен жоғары қарай жіңішкере береді және төменгі бөлігінің диаметрі 3-12 см аралығында. Биіктігі сортына байланысты өзгереді. Мақсары жапырақтары – отырмалы, сағақсыз, жалаңаш, етті, ланцетті пішінді және сабақта бір біріне қарама қарсы орналасады. Жапырағының шеттері тісті, түрлеріне қарай өткір тікенді немесе тікенсіз болады. Сабақтың ортасындағы жапырақтары ірі, ал жоғары жағындағылардың аумағы кішірейіп, гүл шоғыры орамына айналады. Толық жетілген жапырақтарының ұзындығы 9-25 см, ені 3-8 см. Бір өсімдікте 80-200 дана әртүрлі көлемді жапырақтар қалыптасады.

Мақсарының гүл шоғыры – диаметрі 1,5-3,5 см тостағанша. Гүлдері түтікті, бес бөлікті күлтешелерден тұрады, сары немесе қызғылт түсті, оның құрамында бояғыш зат картамин болады, жатыны бір ұялы және бағаналы. Дақыл көбінесе жәндіктер арқылы айқас тозаңданады. Жемісі ақ түсті дәнша, жалаңаш, жылтыр, төрт қырлы. Бір өсімдікте 5-50 тостағанша, оның әрқайсысында 25-60 дана дәнша болады. 1000 дәншаның массасы 25-52 г. аралығында ауытқиды. Қауыздылығы дән массасының 40-60% құрайды, қабығы қатты, панцирлі. Піскен кезде дәны шашылмайды, өйткені орамының ішкі жапырақшалары тығыз қабысып тұрады. Мақсары – жылу сүйгіш, қуаңшылыққа төзімді, қысқа күннің өсімдігі және құрғақ континентальді климатқа жақсы бейімделген. Жылуға талабы ерекше, әсіресе гүлдену және дәнының пісуі кезеңдерінде оны өте қажетсінеді. Құрғақшылыққа қарағанда осы кезеңдердегі жауынды күндерді қаламайды, өйткені жауынды күндері өсімдік нашар тозаңданады және шіру қаупі туындайды. Мақсары дәны +1-2°C өне бастайды, +4-5°C жеткенде толығымен өнеді. Егер топырақтың дән сіңіру қабатындағы температура +5 °C болса, онда өскін – 16 тәулікте, 9°C – 9 тәулікте, ал 15°C – 4 тәулікте пайда болады. Мақсарының өсіп жетілуі үшін қажетті 5°C жоғары температура жиынтығы – 2000-2900°C, ал 15°C жоғары – 1500-2400°C. Мақсары өніп- өсу барысында дән жарнағын жер бетіне шығарады. Өскіні пайда болғаннан кейін 60-70 тәуліктен кейін гүлдейді, гүлдену кезеңі 25-30 күнге созылады. Алдымен негізгі сабақтағы орталық тостағаншалар гүлдей бастайды, содан кейін бұтақтағы тостағаншалар гүлдейді. Гүлдену дәнінің пісуі кезең аралық ұзақтығы 30-40 күндер құрайды. Мақсарының вегетациялық кезеңінің ұзақтығы себу мерзіміне және өсіру жағдайына байланысты кең ауқымда өзгереді. Дақылдың көктемгі егісінде вегетация кезеңі 110-115 күнге созылса, ал күзде себілген мақсары 200 күнде піседі. Қазақстанның оңтүстігінде дақылдың вегетация кезеңінің ұзақтығы 109-116 тәулікке тең[5]. Жарықтың жақсы түсуі дақыл тамырының тереңге бойлауына, жапырағының мол болуына, ерте гүлденуіне септігін тигізеді және тозаңдануы жақсарайды. Мақсары қуаңшылыққа төзімділігі жоғары бола тұра, ылғалды да қажетсінеді. Дақыл дәні топырақтан өз массасынан 30-40%-дан ылғал сіңіргеннен кейін өне бастайды. Ылғалға барынша қажетсіну кезеңі шашақтану гүлдену, осы кезеңде ылғалдың молдығы өсімдік қуаттылығы мен өнімділігін арттырады, ал аз болуы бұтақтануды азайтады, жапырақ көлемін кішірейтеді және өнімділікті төмендетеді. Мақсары топырақ талғамайды, құнарлылығы төмен жерлерде де тәп тәуір өнім қалыптастырады. Мақсары дәні ас тұзының әртүрлі концентрацияларында сыналған (NaCl - 0,25-1,0%) тұз мөлшерінің жоғарлауына қарамастан зертханалық өнгіштік 60-70% - дан төмендемеген. Тұзға төзімділік жергілікті жағдайға бейімделіп өскен дәндерде сырттан әкелінгенге қарағанда 10-15% жоғары болған [6]. Мақсарының жақсы өсіп дамуы үшін топырақ реакциясы рН 5-8 аралығында болғаны дұрыс. Мақсарының топырақтан сіңіретін қоректік заттарының мөлшері дақылдың сортына, вегетация кезеңінің ұзақтығына, жапырағының ассимиляциялық белсенділігіне, топырақ және ауа – райы жағдайына, ылғал қабылдау мүмкіндігіне, топырақ құнарлығына және өсіру технологиясына байланысты өзгереді.

Мақсары майы, жоғары олеикалық мақсары майы негізінен АҚШда Asteraceae тұқымдастарының жылдық шөптері мен мақсары дәндерінен сығу немесе еріткіш қолданып алу арқылы өндіріледі. 1960 жылдардан кейін линол қышқылын тұтыну денсаулыққа пайдалы болды, дәстүрлі мақсары майы кенеттен жоғары профилді жеуге жарамды майға айналды. Дәстүрлі мақсары майының май қышқылдарының ішінде линол қышқылы шамамен 80% құрайды, сондықтан линол қышқылы өсімдік майларында көп кездеседі. Сафлор майынан фосфолипидтер мен лецитин алады, ал ол майсу жүйелерінде тұрақты эмульсияларды алуға мүмкіндік береді [9, 10, 11]. Жапонияда мақсары майының әсерінен бұл жоғары сапалы салат майына жақсы әсер етеді, бірақ жақында линол қышқылын шамадан тыс қабылдау денсаулыққа пайдалы емес екендігі белгілі болды. Нәтижесінде нарықта күнбағыс майы сияқты сұрыпталған жұптау арқылы

өндірілген жоғары-олеикалық мақсары майы пайда болды. Бұл жаңа мақсары майында шамамен 80% олеин қышқылы және шамамен 15% линол қышқылы бар. Сабынға айналдырған кезде олеин қышқылының ылғалдандыратын күші де, линол қышқылының көбіктендіретін және сергітетін сезімі болады. Шетел фармакопояларында мақсары өсімдігінің гүлдері мен жемістерін дәрі ретінде қолданылады [12].

Жұмыстың жаңалығы мақсары майын алу үшін сығу алдында мақсары дәндерін қыздыру үдерісін жоғары жиіліктегі токтардың электромагниттік өрісінің әсерінен жүргізу. Мақсары дәнінің электрофизикалық параметрлерін есептеу әдісін математикалық тұжырымдау. Ұсынылған әдістің тиімділігін эксперименталды негіздеу. Қыздыру үдерісінің кинетикасының заңдылықтарын анықтау. Жоғары жиілікті токтардың электр магнитті өрісінде мақсары дәндерін қыздыру үдерісін жүргізудің тиімді технологиялық режимдерін негіздеу. Мақсары дәндерін қыздыру үдерісінің кинетикасын теориялық және эксперименттік зерттеулер негізінде әзірлеу.

Зерттеудің мақсаты сығуға дайындау кезінде мақсары дәндерінің жоғары жиіліктегі токтардың электромагниттік өрісінде біркелкі алдын ала қызуын қамтамасыз ету жолымен дайын мақсары майының сапасын жақсарту. Заманауи аналитикалық және эксперименттік зерттеулер негізінде мақсары дәндерінің электрофизикалық параметрлерін кешенді зерттеу. Мақсары дәнді қыздыру үдерісінің кинетикасы мен динамикасының зертханалық және өндірістік жағдайларында зерттеу. Дәндерді қыздыру үдерістерінің ұтымды технологиялық режимдерін ғылыми негіздеу және тәжірибелік іске асыру.

Мақсары дәндерінің құрылымдық-механикалық, электрофизикалық қасиеттерін зерттеу; сығу алдында мақсары дәндерін алдын ала тазалау және қыздыру тәсілдерін зерттеу; мақсары дәндерін жоғары жиіліктегі токтардың электр магниттік өрісінде алдын ала қыздыруды зерттеу; мақсары дәндерін қыздырудың оңтайлы режимдік технологиялық параметрлерін табу сығу алдында мақсары дәндерін қыздыру үдерісінің жаңа технологиялық сұлбасын жасау; жоғары жиілікті токтардың электромагниттік өрісінде қыздыру үдерісінде мақсары майы мен күнжара сапасының көрсеткіштерін жақсарту. Мақсары майын алу үшін сығу алдында мақсары дәндерін жоғары жиіліктегі токтармен қыздыру үдерісін жетілдіру. Жүргізілген зерттеулердің нәтижелері мақсары дәндерін қыздыру үдерістерін жүргізу үшін бірқатар технологиялық режимдерді әзірлеу.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1. Вавилов П.П. и др. Растениеводство. Издание: 5-е, перераб. и доп. – М.: Агропромиздат, 1986. - 512 с.
2. Алтайұлы С. Технология холодного прессования семян сафлора для производства водно-масляных пищевых эмульсий. / Новое в технологии и технике функциональных продуктов питания на основе медико-биологических воззрений [Текст]: сборн. статей VII Междунар. науч.-техн. конф., посвященной 90-летию со дня рождения засл. деятеля науки РФ, проф. Зубченко А.В. // Воронеж. гос. Ун-т инж. технол. – Воронеж : ВГУИТ, 2018. – 328 с.
3. Изтаев Ә.І., Ермекбаев С.Б. Өсімдік шаруашылығы негізінде астықтану: Оқулық / Ә.І. Изтаев, С.Б. Ермекбаев. – 2014. – 416 б.
4. Изтаев Ә.І., Отыншиев Б.Б. Астықтану және диханшылық негізіндері, «Қайнар» баспасы, Алматы, 1994 ж. -224 б.
5. Арыстанғұлов С.С. Влияние площади питания сафлора на урожайность семян и сбора масла в условиях пустынной зоны Юго-Востока Казахстана. Наука и Мир. Том 1, № 2(6). Волгоград. 2014. - С. 203-204.
6. С.С. Арыстанғұлов. Мақсары – сидераттық және топырақ құнарлылығын қалпына келтіруші әмбебап дақыл. Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университетінің Хабаршысы. Семей – 2018. 199-204 б.



7. Жуковский П.М. Ботаника. Изд. 4-е, перераб. и доп. - М.: Высшая школа, 1964. - 669 с.
8. Сафлор — ценная кормовая культура. (Рекомендации). [Сост.: С. Н. Прянишников и П. А. Салюков]. А-Ата, Казсель-хозгиз, 1964. 12 с.
9. Алтайұлы С, Әбдез А. Мақсары майлы дақылды өсімдігінен тағамдық өнімдер алу // Биотехнология ХХІ века: сборник материалов международного научного форума. – Астана: ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, 2013. – Б.16.
10. Алтайұлы С., Темирова И.Ж. Получение пищевых лецитинов из сафлоровых масел // Механика и технологии, № 1 (59) Январь-март 2018- С. 65-67.
11. Алтаев Т.С., Изтаев А., Алтайұлы С. Инновационная технология прессования семян сафлора для производства пищевых эмульсий. / Новое в технологии и технике функциональных продуктов питания на основе медико-биологических воззрений [Текст]: сборн. статей Междунар. науч.-техн. конф., посвященной 90-летию технологического факультета ВГУИТ / Воронеж.гос. ун-т инж. технол. – Воронеж: ВГУИТ, 2019. – 577 с. С. 42-48.
12. Растительные ресурсы, Том 3. Академия наук СССР. Издательство «Наука», 1967.- С.121.

## **ИССЛЕДОВАНИЯ МОЛОЧНОЙ МАШИНЫ: ПРОШЛОЕ, НАСТОЯЩЕЕ И БУДУЩЕЕ**

*Сулейменова Р.З., к.т.н., ст. преподаватель*

*Сукут А. Х., докторант*

*г. Нур-Султан, Казахский агротехнический университет им. С.Сейфуллина*

В течение последних 100 лет мы доили коров с помощью одной и той же базовой сборки раковины и вкладыша. Объем опубликованной литературы охватывает весь этот промежуток и многое другое. Кто-то может спросить, почему мы до сих пор проводим исследования машинного доения: есть ли что-то новое под этим солнцем?

Есть несколько заметных публикаций, которые формируют превосходное резюме истории и развития мысли о машинном доении:

- 1987 - Машинное доение и мастит. Бюллетень Международной молочной федерации, № 215.
- 1992 - Машинное доение лактации. InsightBooks. Редакторы Брэмли, Додда, Майна и Брэмли.
- 1994 - Машинные изменения в статусе бычьей соски по отношению к новому риску инфекции. Бюллетень Международной федерации молочной промышленности, № 297.
- 1995 - Влияние машинного доения на мастит: прогресс 1985-1995. M.W. Woolford, Proc. IDF 3-й Международный семинар по маститу.

Более поздняя коллекция исследований по машинному доению и маститу может быть найдена в

- 2001-NMC, Proceedings, AABP-NMC Международный симпозиум по маститу и качеству молока

В настоящее время в мире исследований в области доения доминирует разработка и внедрение автоматических систем доения. В настоящее время в мире насчитывается более 1000 ферм, использующих автоматические доильные системы (AMS). Однако эта технология все еще находится в стадии разработки. Внедрение AMS создало необходи-



мость пересмотреть основные принципы доения для применения в этой новой ситуации. Этот объем исследований обобщен в материалах двух крупных конференций:

- 2000-роботизированное доение. Международный симпозиум, состоявшийся в Лелистаде, Нидерланды,
- 2002 - Первая североамериканская конференция по роботизированному доению, проведенная в Торонто, Онтарио, Канада.

В настоящее время ведется ряд крупных исследовательских работ для решения проблем, связанных с регулированием автоматических систем доения. Новая информация становится доступной в быстром темпе. Самая свежая информация о проекте автоматического доения в Европейском союзе доступна на веб-сайте:

[www.automaticmilking.nl](http://www.automaticmilking.nl)

Результаты этой крупной исследовательской работы были представлены на симпозиуме, запланированном на 2004 год в Лелистаде.

Вулфорд (1995) сообщил, что в результате поиска по ключевым словам CABInternational с 1985 по 1995 год было опубликовано 265 работ, связанных с доильными аппаратами и маститом. Выводы из этого обзора были:

- Ресурсы для адреса доения и мастита сократились.
- Детали взаимодействия ключевого соска и машины оставались неопределенными.
- Важные успехи были достигнуты в динамике кератина канала соска, обратных градиентах давления и реакциях ткани соска.
- Интерес к автоматическому доению может привести к успехам в восприятии молока, связанной с этим обработке данных и лечении мастита.
- Несколько важных достижений в исследованиях в области доения не привели к изменениям в конструкции доильного аппарата (в частности, к методам уменьшения числа случаев заражения до четверти).
- Заключительное заявление в этом обзоре указывает на то, что значительные усилия, затраченные на улучшение вакуумной стабильности в приемниках и молочных линиях с 1985 по 1995 годы, были направлены неверно.

В центре внимания этого обзора литературы 1995 года была роль доильного аппарата при мастите. За последние семь лет в научной литературе о доильных аппаратах были отмечены следующие основные тенденции:

- Озабоченность стабильностью вакуума в приемниках и молочных линиях несколько смягчена. Исследования и практический опыт последних семи лет подчеркивают тот факт, что стабильность вакуума в современных доильных аппаратах является относительно незначительным фактором успеха процесса доения. ИСО и ASAE опубликовали новые стандарты, которые сместили акцент с общих компонентов, таких как насосы и размеры линий, на оценку производительности доильных аппаратов.
- Продолжаются исследования для лучшего понимания влияния доильных аппаратов на динамику тканей кератина и тканей соска.
- Были предприняты значительные международные усилия для разработки и стандартизации методов оценки состояния тканей соска после доения, с учетом того, что защита каналов соска играет важную роль в риске возникновения маститных инфекций.
- В полевых условиях было проведено исследование преимуществ более высоких пороговых значений для автоматического удаления кластера (ACR) для состояния сосков и поведения коровы.
- Значительные усилия были направлены на объединение проверенных и правильных концепций обеспечения адекватной гигиены сосков и вымени при одновременном обеспечении адекватной стимуляции и времени прикрепления кластера (подготовка / отставание) в эффективный режим работы в доильных залах.
- Social concerns over food quality and safety have resulted in resources committed

to milk quality issues, particularly the reduction of bacterial contamination of raw milk and cleaning and sanitation of milk handling equipment.

- Значительные успехи были достигнуты в снижении потребления энергии доильными аппаратами благодаря более разумным руководствам по проектированию и разработке энергосберегающих систем регулирования вакуума и очистки.

- Забота о благополучии животных привела к исследованию поведения молочных коров, которое расширило наше понимание важности позитивных взаимодействий человека и коровы для успеха процесса доения.

- Многочисленные исследования «паразитного напряжения» подтвердили предыдущие результаты о том, что воздействие напряжения в контакте с коровой менее 1 вольта не оказывает никакого вреда коровам и не оказывает отрицательного влияния на эффективность доения.

- Изучение и применение надлежащей практики доения для млекопитающих, помимо высокопродуктивных молочных коров, привело к появлению многочисленных публикаций и стандартов. Был разработан стандарт для доения мелких жвачных животных и изучения морфологии вымени и сосков, а также физиологии доения овец, коз и буйволов, что улучшило наше понимание этих видов, а также улучшило наше понимание физиологии высокопродуктивных коров.

Наибольшее влияние на исследования в области доения за последние семь лет, несомненно, оказало внедрение систем автоматического доения в большом количестве. Появление AMS на фермах потребовало от регулирующих органов принятия мер. Это привело к переосмыслению основы нормативных актов для обеспечения качества и безопасности молока. Некоторые из основных областей исследований, стимулируемых AMS, были: как было предсказано Вулфордом в 1995 году, было приложено больше усилий для оперативного зондирования различных компонентов молока. Их можно разделить на две основные категории:

1. Обнаружение «ненормального» молока во время доения с целью отвода его из резервуара для сыпучих материалов, и,

2. Определение компонентов молока для улучшения управления молочным стадом.

- Были предприняты усилия, чтобы улучшить управление огромным количеством данных, собранных AMS, чтобы повысить эффективность и результативность управления молочным стадом для всех типов систем производства молочной продукции.

- Исследования поведения коровы в ситуациях добровольного доения улучшили наше понимание психологии коровы с соответствующими преимуществами для всех типов систем доения.

- Проблемы автоматической чистки сосков и автоматического применения сосок привели к улучшению понимания физиологии реакции отката молока у молочных коров.

Вот некоторые из основных направлений исследований и практики доильных аппаратов в настоящее время. В довольно большом количестве опубликованной литературы есть еще много интересных потоков и притоков. Полный список ссылок, многие из которых содержат рефераты, и более подробное описание важных достижений в области доильных исследований доступно на веб-сайте доильной лаборатории UW: [www.uwex.edu/uwmr1l](http://www.uwex.edu/uwmr1l)

